

1 «ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ МАШИНАЛАРДЫ МОНТАЖДАУ ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНУ» ПӘННІҢ МАҚСАТЫ МЕН МИНДЕТТЕРИ

«Технологиялық машиналарды монтаждау және пайдалану» пәні студенттердің «Қолданбалы механика», «Металдар технологиясы», «Жылу техникасының негіздері» курстарын оқып-үйренуі және окуендерістік практикалар кезінде алған білімдері негізінде оқытылады.

Монтаждау дег жабдықты жинаудан, оны іргетасқа орнатудан, іске қосудан, реттеуден және қүйге келтіруден тұратын операциялар кешенін айтады. Монтаждау жұмыстарының, бірінші кезекте, технологиялық машиналар мен жабдықтарды, көтеру-тасымалдау механизмдерін және технологиялық күбыржелілерді монтаждау жөніндегі жұмыстардың сапасына жабдықтардың пайдалану сенімділігі едәуір шамада тәуелді болады.

Монтаждау жұмыстарын орындау механикаландырудың, жана техниканы, енбекті үйымдастырудың прогрессивтік технологияларын енгізу негізінде жүргізуі тиіс. Кешенде бригадаларды құру монтаждау жұмыстары кезіндегі енбекті үйымдастырудың прогрессивтік үлгілерінің бірі болып табылады.

Пайдалану барысында жекеленген тетіктердің табиги тозуына байданысты жабдық жұмыскабыллеттілігін төмендеуі байкалады. Оның пайдаланымдық корсеткіштерін калпына келтіру жабдықты мұқият бағтау, жүйслі бақылау, тозған тетіктерді ауыстыра отырып ағымдық және күрделі жөндеу, күйіне келтіру арқылы жүзеге асырылады.

«Технологиялық машиналарды монтаждау және пайдалану» пәнін оқып-үйрену нәтижесінде студенттер кәсіпорын жабдықтарын пайдалану, монтаждау, күйіне келтіру және жондеу жөніндегі жұмыстарды дер кезінде үйымдастыра білуі, өндірістік қуаттардың тиімді колданылуын, жабдықтардың авариясыз жұмысын қамтамасыз студі үйренуі, жабдықтар мен механизмдерді жондеудін графіктерін құра білуі, оларды пайдалану бойынша техникалық құжаттарды толтыра алуы, енбек корғау мен өртке карсы шараларға бақылау жасай алуы тиіс.

Осылың барлығы инженер-механикке жеткілікті білім алуға, сонынан практикада тиісті машинастарды игеруге мүмкіндік береді.

«Технологиялық машиналарды таңдауды және монтаждау» науқаттың күрделіліктеріндең технологиялық сұйбысы



2 МОНТАЖДАУ ЖҮМЫСТАРЫН ИНЖЕНЕРЛІК- ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ ДАЙЫНДАУ

2.1 Монтаждау жұмыстарын ұйымдастырудың жалпы принциптері

Жабдықты консервациядан алу, ревизиялау, агрегаттық жинактау, іргетаска орнату, тенгеру, коммуникацияларға косу, жекелей сынау сияқты дайындық және атқару жұмыстарынан тұратын операциялардың бүкіл жиынтығы **монтаждау** деп аталады.

Монтаждау жұмыстары жаңадан салынып жатқан көсіпорындарда да, сондай-ақ бүріннан істеп келе жатқан мекемелерде де, оларды қосымша жабдықтармен жарактандыру немесе жекеленген цехтарды реконструкциядан өткізу кезінде жүргізілу мүмкін.

Монтаждау жұмыстары монтаждау үйімшінші арнайы жасалған, жобасы бойынша жүргізіледі және жобада томендегідей негізгі мәселелер мен техникалық шешімдер көрсетіледі:

- 1) монтаждаудың жалпы алғандағы, сондай-ақ жекеленген нысандар мен жабдық түрін монтаждау жөніндегі жұмыстардың күнтізбелік жоспарлары;
- 2) монтаждау жұмыстарына ариалған алаң жоспары;
- 3) жұмыстар және оларды механикаландыру әдістері, жұмыстарды қауіпсіз жүргізу жөніндегі шаралар,
- 4) жекеленген нысандар жабдықтарын монтаждау процестерінің жоспарлық және кимадагы технологиялық сұлбалары;
- 5) монтаждау жұмыстарын механикаландыруға арналған көтеру-тасымалдау жабдықтарына, құрылғыларға, тіре құралдары мен саймандарына деген қажеттілік;
- 6) жұмыс күшіне деген қажеттілік, мамандандырылған және монтаждау бригадаларын орналастыру;
- 7) монтаждау жұмыстарын құрылыш және арнайы монтаждау жұмыстарымен сәйкестендіру;
- 8) монтаждау жұмыстарын жүргізу сметасы.

2.2 Жобалық-сметалық және монтаждық технологиялық құжаттама

Құрылышка деген кез келген жоба келесі тараулардан тұрады: жалпы түсіндірмелік жазба, бас жоспар, технологиялық және құрылыштық шешімдер, құрылышты ұйымдастыру, коршаган ортаны қорғау, сметалық құжаттама және жоба құжаты.

Жобаның технологиялық белгі - кәсіпорынды жобалау кезіндегі негізгі тарау.

Күрілістың ұйымдастыру тарауында жабдықтарды монтаждауға байланысты мәселелер карастырылады.

Сметалық құжаттама құрамына, сондай-ақ жабдықты монтаждауға және металдық конструкцияларға деген сметалар да кіреді. Оларды темендеңгейдөй операцияларды карастыратын, жабдықтарды монтаждаудың бағалар жинағын колдана отырып құрастырады:

сорелеу (такелаждық) жұмыстары бойынша - жабдықтарды коймалардан монтаждау аймағына жеткізу, тису-түсіру жұмыстары, жабдықтарды орнату, негізгі жүк көтеру механизмдерін, келік құралдарын, т.б. орналастыру;

монтаждау жұмыстары бойынша жұмысшыларды құжаттамамен таныстыру, жабдықтарды монтаждауға арналған іргетастар мен тіреулердің жобага сәйкестігін тексеру, жабдықтарды қабынан алу, орау материалдарынан тазалау, құрастыру, іргетастарға орнату, коршаулар жасау, монтаждау қосылыстарын бакылау, жабдықты және оның жекеленген тораптарын сынау.

Кәсіпорынды тек алдын ала жасалынған құрылышты ұйымдастыру жобаларында (ҚҰЖ) және жұмыстарды өндіру жобаларында (ЖӘЖ) қабылданған шешімдер бойынша тұрғызады (кайта құрады).

ҚҰЖ-ды салалық жобалау үйімі жұмыстық құжаттама құрамында, ал ЖӘЖ-ны құрылыш-монтаж жұмыстарын атқарушы үйім немесе соның тапсырысы бойынша жобалық-конструкторлық үйім жасайды.

Жұмыстарды өндіру жобасы ҚҰЖ-дың белгі болып табылады және монтаждық-технологиялық құжаттама құрамына кіреді.

ҚҰЖ және ЖӘЖ мыналарды карастырады:

- дайындық және жалпы аландық жұмыстарды алдымен орындау;
- жабдықтарды, металл конструкцияларын, құбырларды жинау алапшасын жасау;
- монтаждық жұмыстар өндірудің ағымдылығы;
- монтаждық жұмыстар жүргізуі ұйымдастыру;
- монтаждық жұмыстар жүргізуі индустримальдық адістермен орындау;
- жабдықтарды монтаждауға арнайы көтеру-тасымалдау құралдарын колдану;
- құрылыш алапшаларын электр энергиясымен, сүмени, сығылған ауамен, канализациямен қамтамасыз ету;
- монтаждау алапын жарықтандыру, жедел байланыс қуралдарын пайдалану;
- жұмыс қауіпсіздігі, санитарлық - тұрмыстық жағдайлар, ерт қауіпсіздігі жөніндегі шаралар жүргізу, т.б.

ЖӘЖ нысаннын қысқаша сипаттамасын береді: монтаждау көлемі, құны, еңбек сыйымдылығы туралы мәліметтер; монтаждау аланының сұлбасы; жұмыстар атқарылатын аймактың бас жоспары; энергиялық ресурстар туралы мәліметтер; монтаждық жабдықтар, құралдар мен материалдар тізімі; монтаждаудың технологиялық картасы, т.б.

Біркетар жағдайларда жекеленген машиналарды монтаждау мен күрделі жұмыстарды технологиялық карталар бойынша жүргізеді.

Технологиялық картада машинаның атавы мен сипаттамасы; жұмыс колемі; монтаждалатын тораптардың массасы мен саны; жұмыстардың сметалық құны және орындалу мерзімдері; жұмыстар тізбектілігі; құрал-сайман, материалдар қажеттілігі; сынау тәртібі; техникалық - экономикалық көрсеткіштер; каяіпсіздік техникасының ережелері, т.б. көрсетіледі.

Жабдықтарды тасымалдау және көтеру жөніндегі күрделі инженерлік шешімдерді қажет етпейтін жұмыстарды құрамы жағынан технологиялық карталарға ұқсас, бірақ көлемі бойынша едәуір тәмен технологиялық сұлбалар (схемалар) бойынша орындауды және оларды типтік бланкілерде расімдей, монтаждау аймағының жоспарын, жүк көтеру мен жылжыту сұлбаларын коса береді.

2.3 Жабдықтардың монтажга жарамдылығы

Монтажга жарамдылық - бұл бұйымның жұмыстарды орындаудың белгілі бір үйымдық-техникалық жағдайларында монтаждауга ен аз еңбек және каржы шығындарымен сипатталатын бейімділігінен тұратын касиеті. Жабдықтардың монтажға жарамдылығын монтаждаудың жиынтық құн көрсеткіші, монтажға жарамдық коэффициенті, жабдықтың монтаждау кезіндегі технологиялық көрсеткіші және жинамдылық коэффициенті бойынша бағалайды.

Жабдықты монтаждаудың жиынтық құны монтаждаудың технологиялық операцияларын орындауга кеткен барлық шығындардан, монтаждау кезінде колданылатын материалдар құнынан және монтаждауга байланысты баска да шығындардан тұрады.

Монтажға жарамдылық коэффициенті

$$K_u = C_0 / (C_0 + C_u) \quad (2.1)$$

мұндағы C_0 - жабдықтың толайым бағасы, тг;

C_u - жабдықты монтаждау құны, тг.

Монтаждау кезіндегі жабдық конструкциясының технологиялық көрсеткішін негізгі операцияларды орындауга кеткен еңбек шығындарының монтаждауга кеткен жалпы еңбек шығындарына қатынасы ретінде анықтайды:

$$T_i = \frac{\sum H_{\text{шв}}}{\sum M_{\text{шв}}} \quad (2.2)$$

мұндағы $H_{\text{шв}}$ - негізгі операциялардың еңбек шығындары;

$M_{\text{шв}}$ - монтаждаудың еңбек шығындары.

Жинамдылық коэффициенті бұл бүйімді дайындаушы кәсіпорында жинауга кететін еңбек шығындарының жинау мен монтаждауга кететін жалпы еңбек шығындарына катынасы:

$$K_w = \frac{\sum J_{\text{шв}}}{\sum MK_{\text{шв}}} \quad (2.3)$$

мұндағы $J_{\text{шв}}$ - жинауга кететін еңбек шығындары;

$MK_{\text{шв}}$ - монтаждау мен жинаудың еңбек шығындары.

Жабдықты монтаждаудың технологиялығына койылатын жалпы талаптар «Технологиялық жабдық Жалпы монтаждық-технологиялық талаптар» МЕСТ-і бойынша реттеледі. Стандарт барлық саладагы кәсіпорындардың монтаждалатын технологиялық жабдықтарына тарапады және жабдықтардың конструктивтік орындалуына, дайындалуы мен сынауына, маркіленуіне, капталуына, тасымалдану және сакталуына жалпы талаптар белгілідей.

Жабдықтарды жобалау кезінде оның өлшемдері Көлік және коммуникация Министрлігі бекіткен жүк габариттерінен аспауы керек.

Габаритсіз жабдықтарды жасау үшін техникалық-экономикалық негіздеу кажет.

Жабдық конструкциясында және оның тасымалданатын әрбір болігінде тасымалдау кезінде байлайтын орындар қарастырылады және корсетіледі. Монтаждау алаңындағы жинау кезінде жабдықтың жекеленген құрама бірліктерінің өзара орналасуының қажетті дәлдігін қамтамасыз ету үшін жалпы іргетастық плита (рама), олардың өзара бекітілуіне арналған штифттер, ойыктар, т.с.с. қарастырылады.

Жабдықты дайындау кезінде оның негізгі өстерінің бағытталуын қамтамасыз ететін монтаждық белгілер салу кажет. Жабдықтардың ажырайтын қосылыштарында дайындаушы-кәсіпорында төсемдер мен нығызыдаушылар орнатады, беріктігі мен қынтаулығын сынайды, ішкі және сыртқы коррозиялардан тазалайды, ішіне ластиң түсіп кетуінен корғайды, құбырлық тораптарды маркілейді. Монтаждау кезінде пісірілетін түйісулер барынша аз болуы керек. Құбыржелілік арматура, дайындаушы зауытта ревизиялануы тиіс.

Жабдықтарды жинауға, ысылтуға және сынайға койылатын талаптар белшектен тасымалданатын жабдықты дайындаушы зауытта бакылаулық жинау мен сынектан өткізуден тұрады, бұл оны монтаждауды қосымша еңбек шығындарынсыз орындауды қамтамасыз етуі тиіс.

Койылатын жабдық жиынтығына мыналар кіруі тиіс: іргетастық болттар мен төсөу тетіктері, контрграйкалар және тірек табақшалы реттеуіш винттер, тасымалданатын бөліктердің ажырайтын жерлерінін нығыздауыш тесемдері; жабдықка жалғанбаған күбір желілері; пісіру материалдары, ариайы жүк қармауыш құрылғылар; монтаждау, синау және пайдалану кезінде қажет т.б. құрал-саймандар.

Дайындаушы-зауыт тиеп жіберетін жабдыққа сүйемелдеу құжаттарын тіркейді: өлшенген шамалардың накты мөндөрі және бакылау жинауының мәліметтер көлтірілген төлкүжат; жинақтау және қаптау ведомостары; жабдықтың құрама сыйбалары; монтаждау сыйбасы; майлау, салыннату, автоматика, басқару сұлбалары; пайдалану құжаттары, т.б.

Маркілеудін, қаптаудың және тасымалдаудың негізгі талаптары жабдықтың тасымалданатын құрауыш бөліктеріне айқын жуып кетпейтін бояулармен жазылады.

Монтаждық-технологиялық талаптар жабдықты дайындау, жинақтау және қоюдың техникалық шарттарын жасау кезінде міндетті турде ескеріледі.

2.4 Нысандарды өндірістік-технологиялық жинақтау

Механомонтаждық баскармада жұмыстар өндірудін инженерлік-экономикалық әзірлігін баскарманың өндірісті дайындау және функционалдық бөлімдері (жоспарлау, материалдық-техникалық қамтамасыздандыру, бас меканик, т.б.) атқарады.

Монтаждық жұмыстарды өндіруді дайындау участкесі (ӨДУ):

- жобалық-сметалық құжаттаманы кабылдауды, оның сапасын инженерлік-техникалық қызметкерлерді, монтаждау бригадаларының бригадирлерін тарта отырып бакылауды;
- монтаждау-технологиялық және жобалық конструкциялық құжаттаманы жасауды, оның сапасын бакылауды;
- койылатын технологиялық жабдықтың техникалық сипатталуын қабылдау мен қарастыруды;
- технологиялық жабдықты, конструкцияларды монтаждауға байланысты құрылыш боліктерін ИТК (инженерлік-техникалық қызметкерлерді) катыстыра отырып қабылдауды;
- нысандарды материалдық-техникалық ресурстармен өндірістік-техникалық жабдықтауды;
- монтаждау жұмыстарын метрологиялық қамтамасыздандыруды;
- монтаждау жұмыстарын жүргізуіді жоспарлау және еңбек пен сибекақыны үйімдастыру белімдерін тарта отырып ұйымдық-жоспарлық әзірлеуді;

- жұмыстар жүргізуге инженерлік-экономикалық дайындаумен айналысытын кадрлар дайындауды және біліктілігін көтеруді қамтамасыз етеді.

ӨДУ құрамына өндірісті инженерлік-экономикалық дайындау мен монтаждау алаңын ұйымдастырудың негізгі мәселелерін шешуге арналған технологиялық, өндірістік-жинақтау, монтаждау жұмыстарын жобалау топтары кіреді. ӨДУ құрамына сондай-ақ технологиялық құбырлар тораптары мен секцияларын, жабдықтардың жинақты блоктарын және стандартталмаған жабдық жасайтын монтаждық бүйім шеберханалары кіреді.

Нысандарды жабдықтармен және материалдармен жинақтау кезінде тапсырыс беруші монтаждау ұйымына келесі құжаттарды көрсетеді:

- жабдықтар мен арматурага – МЕСТ-ке сай сүйемелдеу құжаттамасын;
- құбыр желілерінің қысымы 10МПа артық құрама бірліктеріне құбыр желілерінің тіректері мен аспаларының құрама сызбаларын, сондай-ақ олардың сапасын куәландыратын құжаттарды;
- материалдарға қоюшы кәсіпорындар сертификатарын.

Технологиялық жабдықты тапсырыс беруші жиналған түрде немесе барынша іріледірілген тасымалданымды блоктармен қояды. Жабдық жинақтылығын дайындаушы зауыттың жинақтау және қаптау құжаттары, сондай-ақ жабдық сызбалары бойынша тексереді.

Жабдықты монтаждауға құрылыш-монтаж жұмыстарын жүргізуін кабылданған тізбектілігіне сай мерзімдерде монтаждау ұйымдарының тапсырысы бойынша береді. Беру кезінде жабдықтардың сыртынан байқау жүргізеді және актімен рәсімдейді. Бұл кезде жабдықтың жобага сойкестігін, оның жинақтылығын, ақаулар мен закымданулардың жоқтылығын, пломбалардың сакталуын, монтаждау жұмыстарын жүргізуге кажет техникалық құжаттама болуы мен толықтылығын тексереді.

Тапсырыс беруші жабдықты мердігерге монтаждауға толық жиналған, ақаусыз күйде, бақылау жинауынан және стендтік ысылтудан еткен, болған түрде беруі тиіс. Монтаждауға кабылдау кезінде байкалған ақаулар туралы монтаждаушы ұйым тапсырыс берушіні ескертпі, тиісті актілер құрауға катысуға міндетті. Жабдық ақауларын тапсырыс беруші мен жабдықты дайындаушы зауыт түзетуі тиіс.

ӨДУ өндірістік-технологиялық жабдықтау тобы монтаждау жұмыстарына кажет металдық конструкциялар, құбырлық тораптар жасауға арналған материалдар мен бұйымдарды жинақтауды жүргізеді. Нысандарды жеke монтаждауға болатын учаскермен жинақтайды.

Металдық конструкцияларды, құбырлық тораптарды дайындауға тапсырыс орналастыру кезінде бұйымдардың атаву мен санын, сызба номірін, бұйымның жалпы салмағын көрсетеді. Iрі габаритті конструкциялар

тапсырыстарында габариттерін, тапсырыстың орындалу мерзімі мен тізбектілігін көрсетеді.

Өндірістік-технологиялық жабдықтау тобы монтаждық баскарманың жабдықтау боліміне кажетті материалдарга тапсырыс береді және оның келіп түсуін бақылайды.

Нысандарды, жекеленген монтаждық блоктар бойынша, жұмыстардың технологиялық тізбектілігіне сәйкес жинақтайды. Жинақталмаған блоктар нысанға жіберілмейді. Металдық конструкциялар жиынтығы монтаждалатын блоктар мен негіздердің жинауга кажет барлық маркаларынан тұрады.

Метиздерді, фланецстерді, тіректерді, құбыржелік арматураны нысандарға контейнерлермен жіберіп, осы блокты монтаждайтын бригадага береді. Өндірістік-технологиялық жабдықтау тобы бұйымдарды қабылдап, оларды нысандарға жібереді, сондай-ак жабдықтау бөлімі коймаларындағы материалдардың жинақталуын тексереді. Бұйымдар мен материалдарды лимиттік карталар бойынша жібереді. Лимиттік карталарды әрбір нысанға немесе жеке цехка құрастырады және монтаждық участкеге нысандың ері карайғы жабдықталуын бақылау үшін жібереді. Лимиттік картага нысандарды монтаждау жұмыстарына кажетті барлық материалдарды енгізеді. Лимиттік картаны тапсырыс берушіден алғынан техникалық күжаттаманы өндеу кезінде, сондай-ак ЖӘЖ мен металдық конструкциялардың бөлшектік сыйбалары негізінде құрастырады.

2.5 Жабдықтарды монтажалды ревизиялау

Жабдықтарды ұзак (нормативтен жоғары мерзімде) сактау кезінде монтаждау алдында сакталымдығын және оның белгіленген техникалық шарттарға сәйкестігін арнайы тексеруден откізеді. Мұндай тексеруді **монтажалды ревизия** деп атайды.

Жабдықтарды монтажалды ревизиялауды монтаждау үйімі тапсырыс берушімен жеке келісім шарт бойынша орындаиды. Тапсырыс беруші аткарушыға ревизиядан ететін жабдықтың дефектілік ведомостарын, дайындаушы-зауыт нұсқаулары мен төлкүжаттарын беруге міндетті. Жабдықты ревизиялау алдында жұмыс орындарын мұкият дайындаиды: ыдысын және қорабын шешеді, коррозияға карсы жабынды мен консервациялық майдан толықтай тазартады, тетіктерді жуады, курама бірліктер мен жеке тетіктерге бөлшектейді, коррозия мен закымдануларды жояды, майын, төсемдері мен нығыздаушытарын ауыстырады, жабдықты жинайды. Жабдықтарды монтажалды ревизиялау барысында тетіктер бетінде сынықтар мен шытынаулардың болмауын, подшипниктердің жұмыс беттерінің, бурандалық косылыштардың техникалық күйін, т.б. тексереді. Ревизия кезінде анықталған шамалы ақауларды жояды.

Дайындаушы зауыттар пломбаланған түрде қоятын жабдықтарды монтажалды ревизиядан өткізбейді.

Жабдықтарды монтажалды ревизиялау жөніндегі жұмыстарға ақыны тапсырыс беруші жұмыстарды қабылдау актілері негізінде толейді.

2.6 Машиналар мен жабдықтарды қабылдау және ысылту

Монтажда процесінде аралық (әрбір операциялық) бакыла және монтаж аяқталғаннан кейін түбекейлі бакылау жүргізді.

Машиналар мен аппараттардың тетіктерінің, тораптарының геометриялық орналасуын бакылау кезінде:

- әртүрлі элементтердің жазықтықтарының тұрасызықтылығы мен горизонталділігі;
- өстер мен жазықтықтардың параллелділігі;
- өстер мен жазықтықтардың перпендикулярлығы;
- тетіктер естерінің естік симметриямен сәйкестігі тексеріледі.

Бакылау үшін әртүрлі елшеу және бакылау құралдары, саймандары мен құрылыштары колданылады.

Монтаждаудан кейін тапсырыс беруші технологиялық жабдықка ревизия жүргізді. Ревизия көлемі жабдықтың күрделілігіне, оны сактаудың мерзімдері мен жағдайларына байланысты болады. Жабдықты бөлшектей отырып ревизиялау көзben көрү кезінде анықтау мүмкін емес ақауларды анықтау және жою максатында жүргізіледі.

Ревизиялау кезінде құйылмаған тетіктерде шытынаулардың және құю құмы қалдықтарының болмауына; тетіктер мен тораптардың нығыздалатын, үйкелестін, жана сатын және центрленетін беттері жағдайының жаксы күйде екендігіне; тетіктердің өндөлген беттерінде ойыктардың, корінетін шытынаулар мен тырнаулардың болмауына; шпилькалардың, бұрандалардың, бұрандалықтардың және басқа тетіктердің бұрамаларының закымданбағандығына; сыналардың, сына ойкітариның, нығыздау элементтері мен тығыздамалардың закымданбағандығына; подшипниктердің корпустары мен қыстырмаларында күстарсыз, шытынаулар мен басқа да закымдануласыз, білік мойындары беттерінің тырнаусыз, ойқысыз, сызатсыз және коррозиялық даксызыз екендігіне; майлау санылаулары тазаланғандығына, май өткізгіштердің бостығына көз жеткізу қажет.

Ревизиядан және майда ақауларды жойғаннан кейін машиналарды жинайды, сонаң соң санылауларды техникалық шарттарға және дайындаушы зауыттардың нұскауларына катаң сәйкестікте реттейді. Әрі қарай үйкелістегі боліктер мен подшипниктердің барлығын мұқият майлайды, жакпамайдың майланатын беттерге жету жолдарын, ал қолмен бұрау арқылы машина жүрісін және оның бос жүрістегі ысылтуға дайындығын тексереді.

Тығындау-реттеу арматурасына ревизияны құбыржелілерді жуып (үрлеп) тазалағанин кейін жүргізеді. Алдымен арматураны бөлшектейді, ершік пен клапанның отыру орындарын карайды. Ойыктар мен тыриналуларды шабрлеумен, қажет болса ершіктерді және клапандарды кайрау немесе қайта құю арқылы, ал тығындық крандардағы нығызыздықты корпусты үйкеу немесе қенейті кайрау және тығынды кайрау арқылы жояды. Тығыздамаларды грундурукка керілуін реттей отырып нығызыдау клапан шпинделіне отыргызылған маховиктің еркін (жүктемесіз) айналуын қамтамасыз етуі тиіс.

Арматура ревизиядан кейін синау кезінде тығын, шибер немесе клапан толық жабылған жағдайда сұйықтықты немесе газды жібермеуі, косымша рычагтарды қолданусыз женіл ашылуы және жабылуы, сұйықтықты немесе газды тығыздама арқылы еткізбеуі тиіс.

Машиналарды, механизмдер мен аппараттарды ысылту жобадағы, техникалық шарттардағы нұскауларға немесе Құрылыштық нормалар және ережелердің (КНжЕ – СНиП) тиісті тарауларының нұскауларына сай жүргізіледі.

Бос жүрісте синаудың алдында әрбір машинаны синаамалық іске қосады, бұл кезде оның тораптары мен бөліктерінің бос жүрістегі өзара іс-әрекетін ретке келтіреді. Соナン соң машинаны бірте-бірте жүктемені арттыра отырып сыйайды және бірмезгілде оның нақты сипаттамаларының машина төлкүжатында көрсетілген нормаларға, техникалық шарттарға немесе стандарттарға сәйкестігін тексеріп отырады.

Бос жүрісте жұмыска косу алдында жабдықтың үйкелістегі барлық тетіктерін мұқият майлайды, бодғе заттарды алып тастайды, тісті донғалактардың ілінісуін, белдіктердің шкивтерге және шынжылардың жұлдызышаларға оралуын тексереді, ол үшін машинаны колмен толық айналымға айналдырады. Соナン кейін жетекке келтіру белдіктерінің шешілген күйінде электр моторды косып, мотор білігінің тиісті бағытта айналып тұрғанына коз жеткізеді. Егер электр моторының айналуы дұрыс болмаса, онда фазаларды қайта қосады. Белдіктердің керілуін винттермен немесе кергіш роликтермен (жүктемен) реттейді.

Сонымен қатар, машинаны бос жүрісте іске косу алдында:

1) машина тетіктері мен тораптарының өзара орналасуының және бекітіліуінің, ал автоматтар ушін – жұмыс органдарының циклограммаға сай істеуінің дұрыстығын тексеру;

2) женіл және орта машиналарды іске косу алдында электр моторынан ажыратылған күйде колмен немесе арнайы білікайналдырушы механизммен бір жұмыс цикліне айналдыра отырып, машинаның жылжымалы боліктерінің өзара және ойналасындағы заттармен жанасуы жоқ екендігіне коз жеткізу;

3) барлық коршауларды, сактандыру құрылыштарын, қыздыру приборларын, релелерді, автоматтық ажыратқыштарды, т.с.с. орнату және тексеру;

4) жондеу және монтаждау кызметкерлерін машинаны іске қосу туралы ескертке отырып, ешқандай жүктемесіз, бос жүрісте алғашқы іске қосып көрү;

5) машинаны қыска қосылуар арқылы іске қосып, жондеу мен монтаждау кемшіліктері байкала бірден тоқтату, ал айналу жүлгігі реттелетін жетегі бар машиналарды ең томенгі жиілікten іске косу кажет.

Жабдықты ысылту кезінде электр моторының, редуктордың, үйкеліс беттерінің, подшипниктердің жұмысын бақылайды. Подшипниктердің, бағыттаушылардың және үйкелістегі басқа да тетіктердің қызуын тексереді. Ысылту кезіндегі қызу температурасы дайындаушы зауыттардың техникалық құжаттамаларында көрсетілген шектерден аспауы тиіс. Сонымен катар біліктердің, шкивтердің және тісті донгалактардың ұрылуын, муфталардың, тербеліс подшипниктерінің және басқа тетіктердің білікке отыргызылу дұрыстығын, айналу бағыты мен санының төлкүжаттық мәліметтерге сәйкестігін тексереді.

Әртүрлі типтегі машиналар үшін жалпы болып табылатын бұл негізгі талаптар нақты бір машинага кәткесті және техникалық құжаттамада көрсетілген арнағы техникалық талантармен толықтырылуы мүмкін.

Ысылту аяқталғаннан кейін машинаны тоқтатады, подшипниктерді және үйкелістегі басқа да тораптарды, сондай-ақ қозғалыстағы және козмалмайтын тетіктердің арасында ең аз санылауы бар орындарды ашып көреді және үйкеліс, тырналу іздерінің бар-жоғын тексереді. Анықталған ақауларды жойып, машинаны қайта жинап, реттейді.

Машиналар мен механизмдерді бос жүрісте жекелей сыйнауды арнағы график бойынша, тапсырыс берушінің және мамандандырылған жондеу мен монтаждау үйымының өкілдерінің кәткесумен жүргізеді. Жабдықты сыйнау нәтижелері арнағы актілермен рәсімделеді.

Алғашқы іске қосулар ұзак емес – 5...10 мин. Бос жүрістегі әрі қарай ысылту ұзактығы, алғашқы іске қосудың қалыпты жұмысы кезінде, жабдықтың күрделілігіне байланысты 1 – 8 сағат аралығында болады.

2.7 Аппараттар мен жабдықтарды болшектеу (демонтаж) ерекшеліктері

Жұмыс істеп тұрған қәсіпорындардағы аппараттарды, машиналар мен жабдықтарды болшектеу (демонтаж) қажеттілігі жондеу жұмыстарын жүргізу, жабдықтарды жаңалау немесе жетілдіру (модернизациялау) кезінде туындейды. Болшектеу жұмыстарына еңбек қорғау және өрт қауіпсіздігі

жөнінен нұсқаунаам алған тұлғалар жіберіледі. Өртқауіптілікті жұмыстарды бас инженердің жазбаша рұқсатымен жүргізеді.

Орткесе куаіпті өнімдермен жұмыс істейтін аппараттарды демонтаждау қажет болғанда жұмыстар томендеғідей ретпен орындалады:

- құбыржелілердегі арматураны жабады және аппаратты өнімнен тазартады;
- аппаратты су буымен үрлейді;
- аппаратты салқындау үшін сүмен жуады;
- қакпактарды (люктерді) жогарғысынан бастап ашады;
- құбыржелілерді ажыратады;
- аппаратты демонтаждайды.

Сонымен катар, аппараттағы ауа құрамында жанғыш және уытты заттардың бар-жоғын тексереді. Шілтегі жұмыстарды орындау үшін газқағар және кернеуі 36 В аспайтын жарық беру аспаптары қажет. Бөлшектеу жебелік крандар немесе сөрелуе құралдары көмегімен жүзеге асырылады. Машиналар мен аппараттарды іргетастаң ажырату үшін синалар немесе демократтар қолданады.

2.8 Аппараттар мен машиналарды монтаждаудың келешекті едістері

Монтаждау жұмыстарын жетілдірудін ең келешекті бағыты – бұл күрілісты индустріаландыру, яғни технологиялық жабдықтар мен коммуникацияларды жинақтау және монтаждау агрегаттандырылған блоктар түрінде жүргізіледі.

Технологиялық құбыржелілердің тораптарын жинақтау жабдықты агрегаттандырудың бір мысалы болып табылады. Құбыржелілер тораптарын біртектилеу оларды 17 топқа болуді карастырады, сонғылары Г-тәріздес және Т-тәріздес конструкциялар мен оларды жалғастыратын тұзу ұчаскелер сабактастырымен сипатталады. Блоктар құрамына құбыржелілердің біртектілендірілген тораптары, арматура, технологиялық процестерді басқару мен бақылау құралдары және әртүрлі жанама конструкциялар кіреді.

Әлдекайда күрделі агрегаттандырылған блоктар технологиялық процесті немесе оның құрамадас болігін жүзеге асыруды қамтамасыз ететін жабдықтар, коммуникациялар және басқару құралдары кешеніне қосылады. Мысалы, базалық конструкцияға (рамага) орнатылған араластырыш, сораптар, арматуралы құбыржелілер. Агрегаттандырылған блоктарды өнеркәсіптік шығару алдында біртекті технологиялық процестерді іске асыруға арналған типтік жобалық шешімдер жасалуы тиіс.

Казіргі кезде магистралдік және тарату құбыржелілерінің компрессорлық станцияларына арналған агрегаттандырылған жабдықтардың

блоктарын шығару игерілді. Бұл кезде монтаждау типтік монтаждау негізінде салмағы 60 т дейінгі біртектілендірілген блоктармен жүргізіледі.

Шетелдік практикада бұл әдіс **блок-модуль** әдісі деп аталады. Метанол шығарудың куаты тәулігіне 2 000 тонналық кешенін жапондық фирмалардың біреуі 44 технологиялық, 12 коммуникациялық және 13 энергетикалық блок-модулдер түрінде жеткізеді.

Өнеркәсіптік жабдықтарды монтаждау әдістері әрі қарай да дами беретіні сезсіз.

Бақылау сұрақтары


1. Монтаждау жұмыстарын үйімдастырудың негізгі принциптері кандай?
2. Жобалық және монтаждық-технологиялық құжаттама кандай тараулардан тұрады?
3. Монтажға жарамдылық дегеніміз не?
4. Монтаждық жұмыстар ендіруді дайындау участкесі құрамына кімдер кірелі?
5. Монтажалды ревизия дегене не?
6. Қандай жабдықтар монтажалды ревизиядан еткізілмейді?
7. Ревизиядан откен арматура кандай таланттарға сай болуы тиіс?
8. Машиналарды ысылтуға кандай талаптар койылады?
9. Жабдықты бос жүрісте ысылту ұзактығы кандай?
10. Демонтаж жұмыстары кандай кезде жүргізіледі?
11. Машиналар мен аппараттарды монтаждаудың песспективалық әдістері кандай?

3 ЖАБДЫҚТЫ МОНТАЖДАУДЫҢ МАТЕРИАЛДЫҚ-ТЕХНИКАЛЫҚ ҚУРАЛДАРЫ

3.1 Тарту құрылғылары

Жұк көтеруші машиналарда икемді элементтер, сондай-ақ монтаждық құралдар ретінде арқандар мен шынжырлар колданылады.

Шынжырлар пісірілмелі және табакшалы болады (3.1-сурет)



3.1-сурет. Жұк шынжырлары;
а – пісірілмелі; б, в – табакшалы; т – шынжыр кадамы.

Пісірімді шынжырлар сопакша (овальді) формадагы буындардан тұрады және бір-біріне перпендикуляр жазықтықта орналасқан. Бұл оларға барлық бағытта қозғалуға мүмкіндік береді.

Шынжырлар қыска буынды және ұзын буынды болып екі типке болінеді.

Шынжырларды маркалары $Cm3(\sigma_s = 360 - 460 \text{ MPa})$, $Cm10(\sigma_s = 320 \text{ MPa})$, $Cm2(\sigma_s = 330 - 430 \text{ MPa})$ болаттардан дайындауды. Олар бойынша шынжырларды дайындау:

- № 3 - ұсталық-үрмелі және түйіспелі пісірумен;
- № 2 және № 10 - түйіспелі электрлік пісірумен.

Дайындағанинан кейін пісірімді шынжырларды киратуыш жүктеменің жартысындай күшпен сынайды. Сынақтан кейін калдық деформациялар, яғни майысулар, ұзарулар, т.б. болмауы тиіс.

Дайындалу дәлдігі бойынша пісірілмелі шынжырлар калибрленген және калибрленбеген болып болінеді. Калибрленбеген шынжыр тек тегіс барабандар мен блоктарданға жұмыстарға, калибрленген – арнайы ұялары бар жұлдызышалы блоктардағы жұмысқа арналған.

Шынжыр қамтитын барабан немесе блок диаметрінің D шынжыр дайындалған сым диаметріне d катынасы калдық жұк көтеру механизмдері үшін 20-дан, ал жұк көтеру машиналары үшін 30-дан кем болмауы керек. Пісірілмелі шынжырлар жогары жылдамдықтағы жұмыстар үшін жарамсыз:

шекті жылдамдық тегіс барабандар мен блоктардағы жұмыстар кезінде 1,5 м/с, ал жұлдызшалардағы жұмыста - 0,5 м/с. Жылдамдық осы мәндерден асып кеткен жағдайда буындар жанасатын участекердің тозуы және динамикалық жүктемелер артады, сондай-ақ шынжырлардың үзілігі кеңін де еседі. Пісірілмелі шынжырлар буынының шекті тозуы сым диаметрінің 10 % мәнімен шектеледі.

Табакшалы жүк шынжырлары бір-бірімен білікшелер арқылы жалғасатын болат табакшалардан тұрады. Пластиналар саны көп болған сайын киаратушы жүктеме де үлкен болады. Шынжыр элементтерін (табакшалар мен білікшелерді маркалары 40, 45, 50 болаттардан дайындауды және термиялық өндөуден (жаксарту немесе қалыптандыру) еткізеді. Барлық шынжырларды дайындаушы-зуытта киаратушы жүктеменің 50% болатын күшпен сынаптан еткізеді. Табакшалы шынжырларды пісіруді колданбай дайындауды, сондыктан олар пісірілмелерге караганда әлдекайда сенімді, ейткені оларда пісіруден кейінгі калдық деформациялар жок және буындар деформациясы едәүір төмен. Табакшалы шынжыр бірқалыпты баюу қозғалады, бірақ максималды жұмыстық жылдамдығы табакшалардың инерциялық жүктемелерге сезімталдығына байланысты 0,25 м/с артпауы тиіс. Табакшалы шынжырлар тек кана жұлдызшалармен колданылады.

Тұбіршелік синтетикалық талшықтан және болаттан жасалған арқандар кеңінен колданылады.

1. Тұбіршелік арқандар арнайы өндөуі жок белдік және арнайы ағаш шайыры сінірген болып белінеді. Оларды үш орындауда дайындауды: арнайы, беріктігі арттырылған және карапайым. Арканының шартты белгілеуінде атауын, сыйыктық тығыздығын және тобын, сондай-ақ стандарт белгісін көрсетеді. Мысалы, ПВ120ктекс Сп МЕСТ483 - тұбіршелік белдік аркан, сыйыктық тығыздығы 120 ктекс (1 ктекс -1000 м арканың килограмммен берілген массасы), арнайы (Сп); ПС144 ктекс ПвМЕСТ483 - тұбіршелік шайырланған аркан, сыйыктық тығыздығы 144 ктекс, беріктігі арттырылған (Пв); ППБ 1924 ктекс Об МЕСТ 483 - тұбіршелік белдік келтіру арқаны, сыйыктық тығыздығы 1924ктекс, карапайым (Об).

Тұбіршелік арқандарды үзулік жүктемесі 7,9...537,75 кН, диаметрі 10...112 мм аралықта дайындауды. Үзулік ең үлкен жүктеме арнайы арқандарда, ал ең кішісі карапайымдарда болады. Шайырланған арқандардың беріктігі белдік арқандарға караганда 1..3 % кем.

Белдік арқандар шайырланғандарға караганда жұмыста әлдекайда икемді және қолайлы, бірақ шіруге бейім, әрі дымқылданған өз беріктігінің жартысына дейін жоғалтады.

2. Синтетикалық талшықтардан жасалғар арқандар шіруге, көгеруге және саңырауқұлактық ауруларға берілмейді. Құрғак, әрі таза арқандар қатпайды, олардың дизелектрлік қасиеттері жақсы, бірақ жогары температуралар кезінде балкуға бейім, оларды қатты үйкелісте, сондай-ақ пісіру жұмыстары аймағында колдануға болмайды.

3. Болат арқандарды жүк көтеру машиналарының икемді элементі ретінде кеңінен колданады. Оларды В, I және II маркалы, диаметрі 0,2-ден 0,3 мм дейінгі, созылу кезіндегі беріктік шегі 1600...2000 МПа ашық немесе мырышталған болат сымдардан дайындауды. Арқан қызметтің мерзімі ол оралатын барабан немесе блок конструкциясына, барабан диаметрінің соның диаметріне катынасина байланысты болады. Барабан немесе блок диаметрі арқан диаметрінен 16 еседен артық болуы ұсынылады.

Болат арқандарды келесі белгілер бойынша беледі:

- **конструктивтік** – бір, екі және үш есулі арқандар. Бір есулі арқандарды сымдардан; екі есуліні алдын ала сымдардан оралған өрімдерді оргалық сымды айналдыра; үш есулі бірнеше қосорамды арқандардан орайды;


- **өзек материалы бойынша** органикалық немесе металдық. Металдық өзек ретінде кос орамды арқанды пайдаланады, ал органикалық өзекті жасанды материалдан (нейлон, капрон), асбесттен дайындауды. Органикалық өзегі бар арқандар алдекайда икемді және майлау материалдарын жаксы сініреді;

- **есу тәсілі бойынша** – тарқатылатын және тарқатылмайтын. Тарқатылатын арқандардың сымдары мен өрімдері олардың ұштарын шешкен сон түзелуге тырысады; тарқатылмайтын арқандар, есу алдында олардың арқандагы жағдайына сай форма алатын, деформацияланған сымдар мен өрімдерден есіледі. Бұл арқандардың қызмет мерзімі тарқатылатындарға қарағанда біршама ұзағырақ;

- **есу бағытына қарай** бір бағытта және айқастыра есілген. Бір бағытта есу кезінде өрімдегі сым орамы мен арқандагы өрім орамдарының бағыттар сәйкес келеді, ал айқастыра есүде бұл бағыттар қарама қайшы болады;

- **өрім орамдарының бағытымен** он және сол. Он есу кезінде өрімдер солдан жоғары – онға, сол есүде, керісінше оннан – жоғары солға бағытталады;

- **өрім орамдары типі бойынша** жекеленген сымдардың өрімдер арасында нүктелік жанасауы бар (ТК) (3.2а-сурет), сзыбықтық жанасатын (ЛК). ЛК типтегі арқандар әлде кайда икемді, тозуга берік және инодің көп санына шыдайды. Олардың бірнеше түрі болады: ЛК-О (3.2б-сурет), мұнда өрімнің жекеленген қабаттарының сымдары бірдей диаметрлі; ЛК-Р (3.2в-сурет), бұлардагы өрімнің жоғары қабатының сымдары екі қабатының арасы жінішке диаметрлі сыммен толтырылады; ЛК-РО (3.2г-сурет), өрімде диаметрі бірдей сымдардан құралған қабаттар бар; ТЛК-О (3.2е-сурет) және ТЛК-Р-нүктелік сзыбықтық құрама арканмен. Сзыбықтық жанасуы бар арқандардың кимасы жақсы толтырылған, олар әлде кайда икемді және тозуга шыдамды. Олардың қызмет мерзімі ТК типтес арқандардың қызмет мерзіміне қарағанда 30...100 % артық.



3.2-сурет. Болат аркандар конструкциясы:

a – ТК 6 x 19 + 1 о.с.; *b* – ЛК-О 6 x 19 + 7 x 7; *c* – ЛК-Р 6 x 19 + 1 о.с.;
d – ЛК-РО 6 x 36 + 1 о.с.; *e* – ЛК-З 6 x 25 + 7 x 7; *e* – ТЛК-О 6 x 37 + 1 о.с.

Арканның шартты белгіленуі МЕСТ-пен нормаланады, мысалы конструкциясы $6 \times 19 (1 + 9 + 9) + 1$ о.с. ЛК-О типтегі аркан. ЛК-О әрімдері есү типі бойынша арканды өрімдер арасындағы сымдарды сыйыктық жанасумен өрімдер қабатында сымдар бірдей диаметрлі етіп дайындауды; *b* цифрлі - аркандағы өрімдер саны, 19 - арканның әр өріміндегі сымдар саны, «х» белгісі - өрімнің эскайсысында сымдар саны бірдей, $(1 + 9 + 9)$ - өрім кимасы, мұндағы 1 - өрімнің бірінші қабатындағы саны, 9 - екінші, 9 - үшінші қабаттағы сымдар саны; «+» белгісі - өзектік бар екендігін белдіреді; 1 о.с. - органикалық өзек (м.с. - металдық өзек).

Аркандарға тапсырыс берген кезде олардың диаметрін, мақсатын, сымның маркасын, оның жабынды түрін, сымның бағыты мен тәсілін, аркан өрімдері бағыттарының сабактастығын, марқілену тобын және арқанға деген МЕСТ көрсетіледі. Мысалы, аркан 27,0 – Г – I – Н - 1764 (180) - арканның диаметрі 27мм, жүкке айқара оралған, таркатылмайтын (Н) ашық түсті сымнан, марқілеу тобы 1764МПа (180kg/mm^2).


Крандық және котеру элементі ретінде крандарда аркандардың келесі конструкцияларын кеңінен колдану үсініллады: органикалық өзегі бар ЛК-Р 6 x 19, ЛК-РО 6 x 36 аркандары; металдық өзегі бар ТЛК – РО 6 x 36+7x7 және ЛК-З 6 x 36 + 7 x 7 аркандары.

Аркандарды кескіштер, дискілі үйкеліс арапары, түрпілі дөнгелектер пісіру дөгасы комегімен белгілі бір ұзындықтағы кесінділерге боледі. Арканды белгіленген орынның екі жағынан диаметрі 1...2 мм жұмсақ сыммен алдын ала байлады. Бұл жағдайда байлау бағыты қараша кайшы болуы, ал байлау ұзындығы кем дегендеге арканның 1,5 диаметріндегі болуы тиіс.

Сактау мен пайдалану кезінде аркандардың тозуын азайту және закымданудың алдын алу үшін «Торсиол-35М» немесе «Торсиол-55» корғаныс майымен жабады. Майлаудың алдында аркандарды ескі майдан,

кірден және коррозия іздерінен тазартады, бензинге маңынған сұрту материалымен сұртеді. Тазартылған арқандарды тіректерде орнатылуы мүмкін бір катушкадан екіншісіне орау кезінде, арқанды 60°C-қа дейін қыздырылған майы бар астауга батыра (мала) отырып майлайды.

Пайдалану кезінде арқаның сымдары тозады, үзіледі, беріктігін азайтады. Болат арқандарды орамның бір қадамы ұзындығы үзілген сымдар саны бойынша жарамсыздандырады. Ол үшін орам бетіне белгі салып (А нұктесі, 3.3-сурет), содан аркан есі бойымен оның кимасында қанша өрім болса, соңша өрім санайды. Санаудан кейінгі өрім бетіне екінші белгі (Б нұктесі, 3.3-сурет) салады. Белгіленген қадамда үзіктер санын есептеп, оларды 3.1-кестеде көлтірілген мәліметтермен салыстырыады.



3.3-сурет. Аркан диаметрі мен орам қадамын елшесу сұлбасы.


Орамның бір қадамындағы сым үзіктерінің шекті саны коррозиялық бұзылу дәрежесіне байланысты азаяды. Сыртқы сымдарының диаметрі беттік тозу немесе коррозия нәтижесінде 40 % және одан артықка жіңішкерсе, арқанды жарамсыздандырады.

3.1-кесте. Әртүрлі орамды арқаның бір қадамындағы сым үзіктерінің арқанды жарамсыздандырудың көзбастаптық беріктік коэффициентіне байланысты саны

Әртүрлі орамдагы бір органикалық өзегі бар арқан конструкциясы	D/d катынасының белгіленген ережелері кезіндегі беріктік корының бастапқы коэффициенті		
	6 дейін	6-дан 7-ге дейін	7-ден артық
6 x 9 = 54 айқара (крест)	12	14	16
біржакты	6	7	8
6 x 37 = 222 айқара (крест)	22	26	30
біржакты	11	13	15
6 x 61 = 366 айқара (крест)	36	38	40
біржакты	18	19	20

Ескерткізу: D - құрсау шығының немесе рамкасының диаметрі, мм; d - арқан диаметрі, мм.

Аркан ілгектерін күрт майысудан және тозудан сақтандыру үшін кимасы асташа тәрізді фасонды болат сакинаны білдіретін коуш колданады (3.4-сурет). Асташа формасы аркан диаметріне сәйкес болады. Арқаның ұшын 1 (3.5-сурет) оның негізгі тармактымен арнайы қысқыштар 2 арқылы біріктіреді немесе арқаның тарқатылған сымдарын негізгі тармактарымен еріп, оның сыртынан кем дегенде арқаның 20 диаметрі ұзындығына болат сыммен орап тастайды.




3.4-сурет. Коуш

Мемтехқадағалау нормаларына сай арканды қысқыштармен бекіту кезінде олардың саны үшеуден кем болмауы тиіс, арақашықтығын шамамен арқаның алты диаметріне тең етіп қабылдайды. Қысқыштардың қажетті саны аркан диаметріне және қысқыштар арақашықтығына байланысты болады (3.2-кесте).

3.2-кесте. Аркан диаметріне байланысты қысқыштар саны

Аркан диаметрі, мм	7..13	15	16,5	19,5	22	24	28	34	37..60
Қысқыштардың арақашықтығы, мм	100	100	120	120	140	150	180	230	250
Қысқыштар саны	3	3	4	4	4	4	5	5	5



3.5-сурет. Аркан ұштарын бекіту:

a – винтті қысқыштармен; b – орумен; c – күймалы коушпен; d – престеу (нығыздау арқылы); e – сыналы қысқышпен; f – аркан ұшы; g – қысқыш.

Мүйізше тәріздес қысқыштарды орнату кезінде олардың дөгасын арқан ішегінің қыска конусы жағынан орнатады. Қысқыш бұрандаларын тартылған арканың жалпы ені оларды бастанапты диаметрлері косындысының 0,6 шамасындай болғанға дейін тартады, оны штапенциркульмен тексереді. Пайдалану процесінде арқашаларды тартуды көтерім алдында тексереді. Тарту сәтін динамометрлік кілтпен бақылаған жөн.

Аркандың күймалы коуш (3.5 σ -сурет) комегімен бекіту барынша сенімді. Бұл жерде арканың ұшын құйылған болат коуш-төлкे арқылы откізеді, соナン кейін оны конустың екі ұзындығына тең болатында ұзындықта тарқатады. Органикалық өзекті кесіп алғын тастайды, бензин немесе бензолмен майсыздандырып, тұз қышқылымен дәрілеп, ыстық сұмен жуады. Әр бір сымды екіге бүктеп, аркан ұшын коушка тартып кіргізеді. Соナン соң коушты 100 $^{\circ}$ C дейін қыздырады да, оған балқу температурасы 360 $^{\circ}$ C артық емес женіл балқитын құймамен толтырады. Алынатын қосылых тұтастығымен және жоғары сенімділігімен ерекшелінеді.

Сына тәріздес қысқыш (3.5 δ -сурет) қосылystарды жылдам жинауға және белшектеуге мүмкіндік береді. Олар сенімді әрі жұмыста ынғайлай. Бұрыш көлбеулігі 1:4 және қысқыш элементтері мен аркан арасындағы үйкеліс коеффициенті 0,15 болғанда арканды ұстau беріктігінің коры шамамен ушке тең.

Аркандардың ұшын АДО, АД1, АД31, АМц, т.б. маркалы алюминий коспаларынан дайындалатын телкелерді престеу арқылы бекіту де кеңінен колданылады. Сопақ алюминий төлкені (3.5 ε -сурет) коуш айналасында ішмек жасайтын арканың тазартылған ұшына, аркан тармактары толкеден 2..3 мм шығып тұратындаі етіп кіргізеді. Жинақталған дайындарманы матрицаға орналастырады да, төлкенің көлденең кимасы алынғанға дейін пуансонмен қысады. Престеу қысымы аркан диаметріне байланысты және оны Мемтехқадағалау бекіткен жетекші күжат бойынша кабылдайды. Аркан ұшындағы ілмектерді төлкे комегімен жасау кезіндегі еңбек шығындары оруте қарағанда 5..6 есе төмен.


3.2 Жүк қармауыш құрылғылар және құралдар

Жүктерді қармау және жылжыту үшін ілгектер, ілмектер, саусақты қармауыштар, арқашалар колданады. Илгектер формасы бойынша бір мүйізді (3.6 a, b -сурет) және космүйізді (3.6 b, c -сурет) болып белінеді. Олардың өлшемдері стандартталған: кол және машинаны жетегі бар механизмдер үшін - бір мүйізді, ал машиналы жетегі бар механизмдер үшін - космүйізді ілгектер ұсынылады.

Ілгектерді томенгі коміртекті болаттан 20 (аида-санда болат 20Г) кую немесе штамптау арқылы дайындаиды. Құйғаннан немесе штамптағаннан кейін ішкі кернеулерін алу үшін калыптандыру жүргізеді. Жүк қармауыш

құрылғылардың өздігінен шығып кетуін болдырмау үшін ілгектерді сактаудыру құлыптарымен жабдықтайты (3.7-сурет).


Ілгектерді дайындағаннан кейін оларды номиналды жүк көтерімділігінен 25 % артық жүктемен беріктікке сынайды. Жүктеме астында ұстаса ұзактығы кем деңгендегенде 10 минут. Жүктемені алғаниан кейін ілгекте шытынаулар, кесінділер қалдық деформация іздері болмауы тиіс.



3.6-сурет. Жүк ілгектері: .
a, б – құйылған немесе штампталған; в, г – табакшалы.

Құйылған болат ілгектердің колданылуы құд аз кезінде металда ішкі деформациялар түзілу мүмкіндігіне байланысты шектелген.


Жиналмалы (табакшалы) ілгектер (3.6в, г-сурет) қалыңдығы 20 мм кем емес, беттік 20 болаттан немесе 16 МС болаттан қызып алғынған, бір-бірімен жапсырмамен біріктірілген жекеленген табакшалардан тұрады. Ілгек езулерін жұмысқа болаттан жасалған қыстырмалармен жабдықтайты, бұл жүктеменің табакшалар арасында біркелкі таралуын және арқаншаларды күрт иносіз төсөуді қамтамасыз етеді. Бұл ілгектер құйылғандарға қарағанда жөніл және оларды жүк көтерімділігі үлкен крандарда колданады.




3.7-сурет. Серіппелі бекіту құлыбы бар ілгек:
1 – серіппе; 2 – тырсетпе

Ілгектерді жүк көтеру машинасының икемді жүк элементімен біріктіреді, икемді элементті ілгек құлақшасына (жүкті бір тармақша ілу кезінде) немесе ілгекті аспаларға (жүк икемді ілу элементтің бірнеше тармақтарына ілу кезінде) бекітеді. Ілгекті аспалар қалыпты және қыскартылған болып белгінеді. Қалыпты аспаларда ілгек бекітілген трапересті

арқандық блоктар есімен бетшелермен біріктіреді, ал қыскартылғандарда блоктарды траверстің ұзартылған цапфаларына (3.8-сурет) орналастырады. Қыскартылған аспа жүкті бір шама биігірек көтеруге мүмкіндік береді, бірақ оларды полиспасттың жұп еселігінде гана қолдануға болады.



3.8-сурет. Крандық аспалар:
а – калыпты; б – қыскартылған.



3.9-сурет. Жүк ілмектері:
а – тұтас құйылған; б – құрама


Жүк ілгектерінен басқа тұтас құйылған (3.9a-сурет) және құрама (3.9б-сурет) жүк ілмектері қолданылады. Олар жүк көтерімділігімен ілгектермен салыстырғанда бірдей болаған кезде өлшемдері мен салмағы аз болады. Бірақ пайдалану жағынан ыңғайсыз, өйткені арканшаларды ілмек тесігінен өткізуге тұра келеді.

Белгілі бір формадагы және өлшемдердегі дара жүктерді көтеру үшін жүктерді көтеру үшін жүктерді кармау және босату уақытын қыскартуға және қол енбегі үлесін азайтуға мүмкіндік беретін қыскышты кармауыштар қолданылады.

Қыскышты кармауыштар ыдыстағы немесе орамдагы дара заттарға және ыдыссыз дара заттарға арналған кармауыштар болып болынеді. Жүкті кармау және босату процесін автоматтандыру дәрежесіне карай

кармауыштар жүктің автоматты қармалуын, ал босату қолмен болатын жартылай автоматты және кол енбегінсіз болуды қамтамасыз ететін автоматты болып белгінеді. Қармауыштар қысқыш түріндегі (аталуы осыдан шықкан) рыхлагты жүйеден тұрады, олардың еркін үштари жүк формасы бойыниша іллюи немесе жүктөргө тірелеттің және оларды жүк пен тірек арасындағы үйкеліс күшімен ұстап тұратын арнайы тіректерден немесе колодкалары болуы мүмкін. Қысқышты қармауыштарды әртүрлі пайдалану үлгілері 3.10-суретте көрсетілген.


Арқаншалар – бұл арканнан немесе шыныжырдан дайындалған бір сақинаға біріктірілген немесе жабдықты жүк көтеру машинасының ілгегіне ілуге шешім алынатын құрылғы. Арқанды жүк арқаншаларының келесі типтері шығарылады: УСК-А - әмбебап, 1 аткарым; УСК-2 – әмбебап, 2 аткарым; 1СК – біртартмакты; 2СК – екі тартмакты; 3СК – үштартмакты; 4СК – төрттартмакты. УСК типті бірінші және екінші аткарымды арқаншалар 3.11-суретте көрсетілген.



3.10-сурет. Қысқышты қармауыштар.

Сызбаларда бірінші аткарымдағы арқаншаларды былай белгілейді: УСК-0,32-1/5000, бұл арқанша жүк көтерімділігі 0,32 т, бірінші аткарымдағы, ұзындығы 5000 мм дегенді білдіреді. Егер киғаш сызықтың алдында 2 саны тұрса, онда ол арқаншаның екінші аткарымдағы екенин білдіреді. Климаттық аткарымдағы арқаншаны орындау кезінде белгіленуіне XL таңбасын енгізеді.

Арқаншаларды дайындау кезінде, әдетте, ЛК ($6 \times 19 + 1$ о.с.) немесе ТК ($6 \times 19 + 1$ о.с.) типтегі, үзілуге есептік уақытша кедергісі 1764МПа аркандар колданылады, үзілүү кедергісі кіші басқа арқанмен ауыстырылған жағдайда арқанша диаметрін кайта есептейді. Арқанша дайындау кезінде шалманы мүйізді қысқыштармен ауыстыруға рұксат етіледі.



3.11-сурет. Әмбебап арқаншалар:

a,b – екінші аткарымды; *c,d* – бірінші аткарымды; *e,j* – әмбебап арқаншаларды ілеккек ілу сұлбалары; *I* – шалма; *2* – коуш; *3* – түзак; *4* – қысымы; *5* – жезді сыналы косылым.

Жүктөрді арқаншалап ілу. Арқаншаларды жүктің сенімді бөліктеріне ғана бекітеді. Арқаншалың барлық тармактары біркелкі тартылуы тиіс; арқаншалар керілүнін ортақ асерлі күші жүк салмағының центре арқылы бұзылған жағдайда жүк бойымен тайғамауы тиіс. Арқаншалар мен жабдықтың тік және сүйір бұрыштары арасына төсем койылуы кажет. Арқаншада іилу, катты ширыну болмауы тиіс.

3.3 Домкраттар

Жүк көтеру механизмдері мен машиналары жүктөрді вертикаль бойынша жылжытуға және оларды машина қызмет көрсететін алаңның бір нүктесінен екіншісіне беруге арналған. Оларды конструкциялық белгілері, қызметі, аткаратын жұмыс түрлері бойынша бөлінеді.

Жабдықтарды шамалы биіктікке (1м дейін) көтеру, сондай-ақ оларды горизонталь бойынша жылжыту үшін қарапайым жүк көтеру механизмдері колданылады.


Домкраттар мақсаты бойынша былай бөлінеді:

Шыгару - жабдықты жобалық жағдайға шамалы жылжыту (10...40мм) арқылы шыгаруға арналған, оларды әдетте винттік кей кезде гидравликалық етіп орындаиды;

Жүк көтеру – жабдықтарды едәуір жылжытуға (50...350мм) арналған, олар конструктивті орындалуы жағынан винттік, рейкалық және гидравликалық болады.

Винттік жүк көтеру домкраттары конструкциясы жағынан ең қарапайым болып келеді (3.12а-сурет).


Винттік домкраттардың жүккөтерімділігі 20..200 кН құрайды. Өзін-өзі тежеу бұрамасы бар винттік жұпты қолдану пайдалы әсер коэффициенті 0,3...0,4 болғанда көтерілген жүкті ұстап түруды камтамасыз етеді.



3.12-сурет. Домкраттар:

a – винттік; *b* – гидравликалық; 1,3 – винттер, 2,6 – тұтқалар, 4 – бұрандалық, 5 – тірек бұдырылғас, 7 – корпус, 8,10 – сыйырлауыктар, 9 – бекітептің жұдырықшаса.

Гидравликалық домкраттардың ПЭК-і жоғары ($0,75\ldots0,8$), габариті мен массасы шағын, жүктің бірқалыпты баяу жағдайда дәл ұсталып тұруын камтамасыз етеді. Гидравликалық домкраттардың жүк көтерімділігі 2000 кН дейін жетеді. Оларда жұмыстық сұйықтық ретінде индустріалдық 12 майы колданылады. Олардың кемшіліктері жүк котеру биіктігінің шектеулілігі және жылдамдықтың төменділігі.



3.13-сурет. Рейкалы домкрат:

1 – тұтқа, 2 – рейка, 3 – келтіру білігі, 4 – інгекті дөңгелек, 5 – тілше, 6 – тісті беріліс, 7 – рейканың жоғарғы үшінда.

Рейкалы домкратты (3.13-сурет) жүккөтерімділігін 100 кН дейін, котеру биіктігін 0,3..0,4м, колмен келтіретін жетекті етіп орындауды. Домкрат корпусында болат тісті рейка 2 жылжиды, оның жоғарғы үшінда 7


айналмалы бас – тұтқыш орнатылған, ал төменгі ұшы иіліп, табанша түрінде болады, бұл шамалы биіктіктері жүкті кармауға мүмкіндік береді. Табаншаның жүккөтерімділігі домкраттың негізгі жүккөтерімділігінің жартысына тең болады.

Рейка тісті беріліс 6 рейкасымен байланыстағы тұтқаны 1 айналдыру арқылы көтеріліп-тұсіріледі. Келтіру білігінде 3 ілгекті дөнгелек 4, ал корпуста тілше 5 орналасқан, сонғысы ілгекті дөнгелек тістеріне тіреліп, рейканың түсіп кетуине кедергі келтіреді. Тілшесі кейін кайтарылған рейкалар домкратпен жүк көтеруге тиым салынады. Рейкалар домкраттардың барлығы Мемтехбакылау ережелері бойынша жүктің өздігінен түсіп кетуін болдырмайтын құрылғылармен жабдықталады. Рейкалар домкраттардың ПЭК-і – 0,6...0,8.

3.4 Блоктар мен полиспастилар

Жүк көтерудің қарапайым механизмдері қатарына блоктар мен полиспастиларды жатқызуға болады. Блоктар мачталарды, гидрокөтергіштерді, порталдарды және басқа да текшелеу құралдарын жараптандыру, сондай-ақ жүктөрді шығырлар, крандар мен басқа механизмдер көмегімен көтеру және жылжыту үшін қолданылады. Жүк көтеру үшін колданылатын блоктар жүктік, ал арқан қозғалысы бағытын өзгертуге арналғаны әкетуші деп аталады.

Блок өстегі подшипниктерде айналатын роликтен, екі беттен, тұзак, ілгек немесе жүк ілгуте арналған ілмек бекітілетін құлакшадан тұрады. Роликтің сыртқы параметрі бойынша арқанға арналған ойықтар орналасады. Оның диаметрі арқанның 16...20 диаметрінен кем болмауы тиіс.



3.14-сурет. Әкету блоктары:
a – кайтармалы бетпен, б – шешілтін сырғамен, в – шешілтін ілгекпен


Блоктар роликтер саны мен мақсатына қарай монтаждық блоктар (БМ) және монтаждық блокты окшантайлар (ОБМ) болып бөлінеді. БМ – бір роликті блоктар, оларды женил жүктөр көтеру үшін және арқан қозғалысы бағытын, сонын ішінде полиспаст жүйесін өзгертуге арналған әкетуші

ретінде колданылады. Блоктарды арқанмен жабдықтау үшін оларды кайтармалы бетпен, алынбалы-салмалы сырғамен немесе ілгекпен орындаиды (3.14-сурет). ОБМ – көп роликті блоктар, роликтер саны 13 болуы мүмкін, олар остерде бір-біріне тәуелсіз түрде айналады. Оларды негізінен жұқ көтеру үшін колданылады.

Блоктар мен оқшантайлар былай белгіленеді: БМ 1,6-1 – монтаждық блок, ен жоғарғы тарту күші 16кН, блоктар саны – 1; ОБМ630-13 – монтаждық блоктық оқшантай, ен жоғарғы тарту күші 6300кН, блоктар саны – 13.

Полиспаст – бұл бір-бірімен арқан немесе басқа икемді элементтеп жалғанған жылжымалы (төмөнгі) және жылжымайтын (жоғарғы) блоктық оқшантайлардан тұратын күрүлші (3.15-сурет). Мұндай қосылысты *полиспаст* қоры деп атайды. Мұнда арканиның бір ұшын төмөнгі немесе жоғарғы төмөнгі оқшантайға катты бекітеді, ал екіншісін - әкетуші блок арқылы шығыр барабанына жалгайды. Полиспасттардың күште және жылдамдықта артықшылықтары бар. Монтаждық жұмыстарда негізінен куаттық полиспасттар колданады, оларда жүкті жылжыту жылдамдығын азайту есебінен жұқ көтеру күші артады.

Монтаждық жұмыстар практикасында жалаң полиспасттар (3.15a-сурет) кеңінен колданыс тапты, ал қосарланған полиспасттарды (3.15b-сурет) монтаждық жұмыстар шарты бойынша тенгеру күрүлшісі бар полиспасттық жүйе қажет болғанда және колданыстағы шығырлар мен блокты қосшантайлардың тарту күші жеткіліксіз болғанда колданады.



3.15-сурет. Полиспасттардың сұлбалары:
а – жалаң; б – қосарланған; 1...6 – полиспасттың жұқ тасушы тармактары


Полиспасттардың негізгі сипаттамасы олардың еселігі (m), оны жұқ ілінген тармактар санының шығыр барабанына оралатын тармактар санына қатынасы ретінде анықтайды. Еселігі $m = 2$ және $m = 6$ полиспасттар 3.15a-суретте, ал $m = 4$ полиспаст 3.15b-суретте көрсетілген.

3.5 Тальдар және шығырлар

Жүкті шамалы биіктікке көтеру үшін тальдар колданылады. Жетек түрі бойынша олар колдық және электрлік болып болінеді. Колдық тальдар жүк көтерімділігі $G = 1 \dots 12,5\text{t}$, көтеру биіктігі 3 м дейін иректі (чевякты) және жүккөтерімділігі $G = 0,25 \dots 5\text{t}$, көтеру биіктігі 12 м дейін тегершікті болып келеді. Егер таль монорельспен козгалатын арбашаға орнатылса, онда бұл құрылғы **тельфер** деп аталады.

Колдық чевякты таль (3.16a-сурет) ілгектегі конструкцияға ілінеді. Келтіру донғалағы 4 чевякпен байланыскан, ол өз кезегінде чевякты донғалакпен ілініске кіреді. Жетекші донғалактың айналу бағытына байланысты жүк көтерілді немесе түсіріледі. Тальді жүк салмағына қарай бір немесе екі жұмысшы козгалыска келтіреді. Жүк ілгегі 3 өз осінде айналуы мүмкін.

Жұмыс аймағын көңілді айналып көткендегі тальді мысық деп аталатын арбашаға бекітеді, соңғысының қоставры белдеуімен томенгі белдеуімен козгалуға арналған екі немесе төрт жүріс дөнгелегі болады.



3.16-сурет. Колдық тальдар:


a – иректі (чевякты); б – тегершікті; 1 – табакшалы шынжыр; 2,5 – жұлдызышалар; 3 – ілгек; 4 – келтіру донғалағы; 6 – ілгекті дөңгелек; 7 – шынжыр.

Тегершікті тальді (3.16б-сурет) тірекке ілгек 3 арқылы іледі.

Барабанға жапсарласа орнатылған моторы бар электрлік тальдар (ТЖ сериялы) жүк көтерімділігі 0,5; 1; 2; 3,2; 5; 8; 12,5 және 16 т. Бұл электрлік тальдардың (3.17-сурет) асинхронды моторларының статоры 4 барабанға 5 престелген. Барабанның бір жағында тегершікті 1, 8 және тісті донғалакты 9, 2 катар ести коссатылы редуктор, жүк тірейтін винттік тежеуіш 10 және колодкалы электр-магниттік тежеуіш 11, ал екінші жағында – басқарудың электрлік аппаратуrasesы бар жәшік орналасқан. Момент редуктордан тісті муфта 7 арқылы беріледі. Мотордың статоры барабанмен бірге

айналатындыктан, электр энергиясын статорға жеткізу үшін тальді сакиналы ток қабылдағышпен 6 жабдықтайды.

Қарапайым жүк көтеру механизмдеріне шығырлар жаткызылады. Олар ертүрлі монтаждық жұмыстарды крандар және басқа да жүк көтеру құрылғыларын колдануға болмайтын жағдайларда орындау кезінде жабдықтарды горизонталь немесе көлбей жол бойымен көтеруге, түсірге, орын ауыстыруға арналған.



3.17-сурет. Моторы барабан ішіне орнатылған электрлік таль:


- 1, 8 – шестернілар; 2, 9 – тісті донгалактар; 3 – ротор; 4 – статор; 5 – барабан; 6 – сакиналы ток қабылдағыш; 7 – тісті муфта; 10, 11 – винттік және электр магниттік тежеушіштер.

Орындалуына байланысты шығырларды былайша белуге болады: жетек типі бойынша – колдук және машиналық жетегі бар шығырлар; тарту элементінің типі бойынша – арқандық және шынжырлық; орнату типі бойынша – козгалмайтын (еденге, кабыргаға, тебеге бекітілген) және жылжымалы (еденде немесе аспалы жолдармен козгалатын арбашаларда); барабандар саны бойынша – бір, екі және көпбарабанды шығырлар; барабандар типі бойынша – кесікті, теріс және функциялы.

Колдук барабанды шығыр (3.18а-сурет) станина түзетін, бурандалармен 3 жалғанған еркін айналуына арналған ос бекітілген. Соныңы айналымды тісті донгалак арқылы тұтқадан 1 алады. Көтерілетін жүк белгілі бір жағдайда тілшесі 6 бар қырылды донгалактан тұратын қырылды механизм үстап тұрады. Арқанның бір ұшы барабанға жалғанады, ал екіншісіне ілгек бекітіледі.

Колдук рычагты шығыр (3.18б-сурет) тарту механизмі орналасатын корпустан тұрады. Шығырда екі ілгек бар. Ілгекті 11 жылжытылатын жабдықка, ал басқа ілгек 7 козгалмайтын тірек-зәкірге бекітіледі. Шығырга арқанды 12 бекіту кезінде оны катушкадан 13 шешіп алады. Арқанды шығыр


механизмінің ішінен тұтқаның 10 көмегімен еткізеді, ал орнына келесі тұтқа 8 көмегімен кайтарады.



3.18-сурет. Қолдық шығырлар:

a – барабанды; *b* – рычагты; 1 – тұтқа; 2 – үлкен тісті донгалак; 3 – тарту бұрандасы; 4 – бет; 5 – барабан; 6 – тілшесі бар қырылды донгалак; 7, 11 – ілгектер; 8 – кері жүріс тұтқасы; 10 – тұра жүріс тұтқасы; 12 – арқаи; 13 – катушка


Электрлік шығырларда (3.19-сурет) барабан 5 айналысты редуктор 3 корпусына бескітілген электр моторынан 4 алады. Электр моторы білігінің бос үшінде барабан жағдайын тіркеуге арналған калыпты тежегіштің шкиві 1 орнатылады. Барабан айналысының бағытын электр моторын реферсивтендіру жолымен өзгертерді. Редуктордың жылдам білігінің екінші үшінде жүкті түсіру жылдамдығын бәсек реттеуге арналған электр индукциялық тежеуіш 2 орнатылған.



3.19-сурет. Электрлік жетегі бар барабанды шығырь:

1 – шкив; 2 – тежеуіш; 3 – редуктор корпусы; 4 – электр моторы; 5 – барабан.

Монтаждың жұмыстарды орындау кезінде шығырлар жылжып кеттепейтіндегі етіп бекітілуі тиіс. Бұл үшін құрылым гимараттарының элементтері, яғни ригель колонналары, қабыргалар (3.20-сурет) немесе арнайы анкерлік құрылғы-зәкірлер колданылады.



3.20-сурет. Шығырды колоннаға, қабыргаға және ригельге бекіту:
1 – шығыр; 2 – колонна, 3 – тессем, 4 – қабырга; 5 – ригель; 6 – эксту блогы.

Жұк көтеру крандары


Монтаждау аймағында жабдықтар мен конструкцияларды тиу, түсіру, орнын ауыстыру және монтаждау құралдарына стационарлық және өздігінен крандар, кран-белдемелер, тиуіштер, т.б. кіреді.

Жұк көтеру крандары конструктивтік белгілері бойынша көпірлік типтегі крандар, жебелі крандар, мұнаралық крандар, т.б. болып бөлінеді. Көпірлік крандар цех ішіндегі тиу-түсіру жұмыстарын орындау үшін колданылады. Кран (3.21-сурет) басты екі белдемеден 1 түзілеттің көпірден, үштық екі белдемеден 3, көпір бойымен қозғалатын крандық арбашадан немесе тальдан 7 тұрады. Көпірдің үштық белдемелерінде кранның донғалактары 2 орналасып, олар кранасты белдемелерге 5 бекітілген крандық рельстерде 6 домалайды.

Белдемелерді цех колонналарына немесе эстакадаларға орнатады. Крандық арбашада жұк көтеру және арбашаны қозғалту механизмдері монтаждалады. Көпірге кранны кабинасы 4 бекітіледі.

Ендік бой көпірлік крандардың негізгі сипаттамасы болып табылады – ол крандық рельстер естерінің аракашықтыбы. Тіректі типтегі қосбелдемелі крандарда, жүккөтерімділігі 5....500 т болғанда, ендік бой 10,5....34,5 м құрайды. Жұк көтерімділік 5 т дейін болғанда, көпірдің басты белдемесі қоставрлы белдемеден жасалған бір және қосбелдемелі жөнілдетілген кран-белдемелер қолданылады, ал крандық арбаша орнына электрлік таль

пайданылады. Ендік бой үлкен болғанда көпірдің горизонталь жоғары тұрактылығын қамтамасыз ететін фермамен жабдықталады. Кран-белдемені көбінесе еденде тұрып, аспалы басқару қорапшасы және магниттік косқыштар комегімен басқарады.



3.21-сурет. Көпірлік кран сұлбасы:


1 – басты белдеме; 2 – жүріс доңгалагы; 3 – үштүк белдеме; 4 – краншы кабинасы; 5 – кранастылық белдеме; 6 – крандық рельстер; 7 – крандық арбаша (таль)

Тіректі типтегі крандармен катар аспалы типтегі крандар колданылады, олардың жүрістік доңгалактары цехтың төбелік конструкцияларына ілінген қоставрлы белдемелердің төмөнгі сорелеріне тіреледі. Бұл крандардың басты белдемелері де қоставрлы.

Кран көпірін жер деңгейінде төсөлген рельстер бойымен козгалатын екі биік тіректік тұтыраға орнаткан кезде төрттағанды кран болып шыгады. Монтаждаудың ынғайлылығы үшін оларды көбінесе өзі монтаждалатын етіп дайындаиды (3.22-сурет). Көпірлік құрылымды 1 жер бетінен шағын биіктікте жинаиды. Тіректік аяктарды 2 көпірмен 1 және тенгеру арбашаларына топсалар комегімен жалғайды. Көпірді көтеру үшін аяктарды полиспасттармен жалғайды, олардың арқандары колдық жетегі бар тарту механизмдерінің барабандарына бекітіледі. Көпір жұмыстық жағдайға келгенде, тенгеру арбашаларын 4 белдемемен 3 біркітіреді, ал полиспасттың жүйені болжектен алады.


Eger кранның бір тіреғі іргетасқа төсөлген рельспен, ал екінші тіреғі – үй колонналарының шығындықтарынан жерістеріне бекітілген кранасты белдемелерге немесе эстакадаға орналаскан рельспен козгалғанда жартылай төрттағанды кран (3.23-сурет) болып шығады.

Өнеркәсіп жүккөтерімділігі 200 т және одан жоғары, ендік бойы 100м дейін, көтеру биіктігі 50 м дейін төрттағанды крандар шығарады.



3.22-сурет. Төрттағанды өзі монтаждалатын кран:
1 – копірлік кұрылым; 2 – тірек аяқтары; 3 – бедеме;
4 – тенгеру арбашалары; 5 – барабан.


Жебе типтегі крандар – колонналарға орнатылған, жебенің тұракты немесе өзгерімді шығарымы бар бұрыльсты крандар. Олар стационарлық және стационарлық емес болып бөлінеді.



3.23-сурет. Жартылай төрттағанды кран:
1 – рама; 2 – тасымалданатын жүк; 3 – ілгек.

Кабырғалық жебелік бұрылмалы сыртқы тіректері бар кран сұлбасы 3.24-суретте көрсетілген. Тіректің біреуі 3 горизонталь жүктемені, ал екінші тірек 1 горизонталь және вертикаль жүктемелерді кабылдайды. Краниның Г - тәріздес формадагы конструкциясы 2 бар, онда жүкті котеру,

арбашаны қозғалту және кранды бұру механизмдері орналасқан. Металдық конструкцияның жоғарғы бұрылмалы белдемесі (жебелігі) бойынша жүк кармауыш құрылғы ілінген арбаша 4 қозғалады. Жоғары белдеме ретіндегі монорельстік колданған кезде арбаша орнына электрлік таль колданылады, онда жүк көтеру және электрлік тальді қозғалту механизмдері біркітілген.



3.24-сурет. Қабыргалық жебелік бұрылмалы кран сұлбасы:
1, 3 – тіректер; 2 – металдық конструкция; 4 – арбаша.

Стационарлық емес крандар цех еденімен немесе рельсті жол бойымен жүріс донғалактарымен қозғалуы мүмкін.

Шынжыр табанды және автомобильдік жүрістегі жылжымалы жебелік крандар кең колданыс тапқан. Олар жоғары икемділік пен ерекшенеді және рельстік жолдар төссеуді талаң етпейді.

Шынжыртабанды жүрістегі кран бұрылу платформасына бекітілетін жебеден тұрады. Осы платформаға ішінен жану моторын орналастырады. Жүріс болігі шынжыртабанды арбаша орнатылған, мотор қозғалысқа келтіретін раманы білдіреді. Кранның жүк көтерімділігі жебенің көтеруін өзгерту арқылы шығуына байланысты болады. Крандардың қозғалыс жылдамдығы 6 км/сағ аспайды, сондыктan оларды алыс қашықтықтарға тячаптен сүйрейтін арнайы платформалар жеткізеді. Шынжыртабанды жүрістік болуы топыракта деген қысымды азайтады, бұл осы крандарды әртүрлі тығыздықты топырактардағы жұмыстар үшін колдануга мүмкіндік береді.


Автомобилдік крандарды стандартты немесе күштейтілген (жүк көтерімділігі 7,5 т дейін болғанда) шассиге немесе пневматикалық шиналардағы тіректік рама түріндегі арнайы жүріс боліктеріне орнатады (пневмодонғалакты крандардың жүккөтерімділігі 100 т дейін).

ЗиЛ-130 автомобилінің шанағын өзін түсіруге арналған және кабина мен шанақ арасында орналасқан гидравликалық (яғни механизмдердің гидравликалық жетегі бар) автомобилдік кран 3.25-суретте көрсетілген. Жебе шығуы 4,5 м болғанда кранның жүк көтерімділігі 1,0 т тен, ал шығу 1,8 м болғанда – 2,5 т. Ілгекті көтерудің барынша биіктігі жер бетінен 6,16 м. Бұру механизмі жебенің 200° бұрылуын қамтамасыз етеді. Жебенің бүктелуін гидроцилиндр 7, жүктің орнын ауыстыруды жебенің 1 жоғары буында

орналаскан ортанғы бедемeden 4 ішкі бедемені 3 итеріп шыгаратын гидроцилиндр 2 жүзеге асырады. Жұқ көтеру жылдамдығы 0,2-ден 15 м/мин дейін өзгереді. Гидрожүйедегі жұмыстық қысым 10МПа. Кран тұрктылығын камтамасыз ету және автомобилдің жүріс болігін жүктемеден женилдегу үшін кран гидравликалық жетегі бар шыгарылатын тіректермен 9 жабдықталған. Гидрожүйе сорабының жетегі қуат алу қоралы арқылы аткарылады.

Арнағы шассидегі гидравликалық кран едауір қашыктыктарға жиңірын ауыстыруға байланысты құрылыш, монтаждық және тиесу жұмыстарына арналған. Телескоптық жебе ұзындығы 11-ден 27 м дейін өзгереді. Кранды шыгарылатын тіректерге орнату кезіндегі ең жоғары жұқ көтерімділігі 40 т тен. Жұқ көтеру жылдамдығы 0,1...9 м/мин.

Гидравликалық жетегі бар автомобилдік кранның басқа түрдегі жетегі бар крандардан бірқатар артықшылыктары бар. Гидравликалық жетек ірі берілістерді колданбай-ақ үлкен тарту күшін алуға және механизмдер қозғалысының жылдамдығын көз ауқымды реттеуді жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Гидравликалық жетегі бар крандарды басқару механикалық берілісті крандармен салыстырганда едауір карапайым.



3.25-сурет. Гидравликалық жетегі бар өздігінен жүретін автомобилдік кран:

1 – жебенің жоғары бұмыны; 2, 6 және 7 – гидроцилиндрлер; 3 пен 4 – ішкі және ортанғы бедемелер; 5 – өлтөр; 8 – бұру механизмі; 9 – шыгарылатын тірек.

Жылжымалы крандар көтеретін жұқ массасы жұқ жебенің қандай шығуында (яғни, кранның бұрылатын болігінің айналу осінен қандай қашыктықта) орналасатынына байланысты болады.

Бул мән кранның қажетті тұрктылығын камтамасыз ету шартымен анықталады; ол шығу артқан сайын кемі түседі.


Тиесіштер

Жүктерді цех ішінде және цехтар арасында тасымалдау, сондай-ақ құрылыш-монтаждық аланда тасымалдау үшін, жүктерді кармауга, вертикаль

және горизонталь жылжыту мен оларды көлік құралдарына тиесуге мүмкіндік беретін тиесіштер колданады. Оларды арнайы шассилерде – автотиесіштер мен электрлік тиесіштер түрінде орындаиды.

Автотиесіштер (3.26а-сурет) жетекті іштен жану моторынан алады және пневматикалық шиналары бар. Олардың трансмиссиясы автомобилдердің құрама бірліктері базасында орындалған. Олар тегіс жабындысы жоқ тәжірибелі алаңшалардағы жұмыстарға арналған, жүккөтерімділігі 3 т жоғары.

Электрлік тиесіштерді (3.26б-сурет) аккумуляторлық батареялардан қоректенетін электр моторларынан жетек алатын қозғалу механизмі және массивті пневматикалық шиналары бар. Оларды жабық жайлардағы жұмыстар кезінде пайдаланады, ал олардың жүккөтерімділігі 1,5 т дейін болады.



3.26-сурет. Тиесіштер:

а – ашалы кармауышы бар автотиесіш; б – платформасы бар электрлік тиесіш; 1 – ашалы кармауыш; 2 – пневматикалық шиналар; 3 – платформа; 4 – аккумуляторлық батарея.

Авто- және электрлік тиесіштер біртіпті жұмыстық жабдықпен аудысымды жүк кармауыш құрылғылар жиынтығы бар жүк көтергішпен жабдықталады. Жүк көтергіштің жүк көтеру құрылғысы бар арбаша қозғалатын рамасы бар. Жүк кармаудың, тасымалдаудың ыңғайлы болуы үшін жүк көтергіш рамасы вертикалді жағдайдан алға қарай және артқа қарай аудыкти алады. Жүк көтергіш жетегі гидравликалық немесе механикалық болуы мүмкін.


3.8 Арнайы құрылғылар мен жабдықтар

Ауылшаруашылық өнімдерін ұксату кәсіпорындарындағы монтаждау жұмыстарын жүргізу өзінің ерекшелігіне байланысты (қысындық жағдайлар, жетілген жүк көтеру механизмдерінің болмауы, т.б.)

монтаждаудың арнағы материалдық-техникалық құралдарын пайдалануды талап етеді.

Монтаждау аландарында сондай-ак қатты жабындысы бар жайлардың ішінде жүктерді тасымалдау үшін әртүрлі конструкциялардагы арбашаларды (3.27-сурет) колданады. Ауырсалмақты жабдықты қалындығы 4 мм, ені 500...3500 мм беттік болаттан жасалған сүйретпелер бойымен тягачтар немесе шығырлар (3.28а-сурет) және диаметрі 80...150 мм болат күбырлардан немесе диаметрі 150...250 мм катты ағаштан жасалған катоктар (3.28б-сурет) комегімен қозғалтады.

Женіл жабдықты салмағы (2 т дейін) горизонтальды қозғалту үшін роликті зілтемірлер (3.29-сурет) колданады. Зілтемірдің бір ұшының бетіне жүктің жылжып кетуін болдырмауды қамтамасыз ететін сзықтар салынған күрекше түрінде дайындалады.




3.27-сурет. Жүктер мен монтаждық дайындалымдарды тасымалдауға ариалған арбашалар:

а – жүккөтерімділігі 0,5 т; б – жүккөтерімділігі 3 т.

Салмағы 1,5т дейінгі жабдықтарды және қабырга бойымен күбыржелілерін монтаждау үшін қабырга маңы котергішін, ал үлкен салмақты жүктерді көтеру үшін – Г-тәрізді қабыргалық котергіштерді колданады.

Күбырлар мен бейінді металл прокатын кесу үшін ПМ-500, ПДМ-75, ПМ300/400, ПМС-80, т.б. маятниктік дискілі аралар колданады. Аралардың негізгі кұрама бірліктері мен тетіктері: негіз, маятник, бұйымды бекіту күрылғысы (қысқыштар), түрпілі донгелегі бар шпиндель, электрлік мотор,

бұрау моментін электрмоторынан шпиндельге беруге арналған сигналы белдікті берліс, сактандыру жендері.



3.28-сурет. Жүктерді сұйертулермен
(а) және катоктармен (б) козғалту сұлбасы


Кесілетін бұйымды қысқыштарға бекітеді, электр моторын іске косканнан кейін оператор тұтқа комегімен маятникті томен түсіріп, бұйымды кеседі. Ажарлау дөңгелегінің жұмыстық жылдамдығы 50..80м/с. Диаметрі 8-ден 50 мм дейінгі құбырларды сұык күйінде ішіне құм толтырмай ию үшін ТГР типтес қолдық гидројетегі бар құбырыгіш, ал диаметрі 76-дан 133 мм дейінгі құбырлар үшін электрлік жетегі бар ТГС-127 құбырыгіш станогы (3.30-сурет) колданады. Иілуге тиіс құбырды тіректер мен колодка арасына орнатады. Электромоторды іске коскана сорап майды гидроцилиндрге беріп, оның штотын қозғалтады, сейтіп колодка құбырды иеді. ТГР типтес құбырыгіште бірпленжерлі насос 3.29- сурет. Роликті зілтемір оператордың көлемен іске косылады.



3.29- сурет. Роликті зілтемір


Материалдары мен саймандары бар монтаждаушылар бригадасын котеру, сондай-ақ бінктіктері еңбектің кауіпсіз жағдайларын қамтамасыз ету үшін өздігінен жүретін шығарылымды көпірліктер (3.31-сурет) колданылады. Олар жүрістік арбашаға 1 орналаскан телескоптық көтергішке 2 монтаждалған бұрылмалы аланша 3 түрінде болады. Бұрылмалы аланша көлбеулік-кран 5 және жиналмалы қоршаумен 4 жабдықталған.

Телескоптың көтергіші әртүрлі биіктікке шығырмен 8 әртүрлі арқандық жүйелер арқылы шығарылады. Шынжыр табан жүрісінің екі белек жетегі көпірлікте алдыңға, артқа жылжытуға және естің айналасымен бұрылуға мүмкіндік береді.



3.30-сурет. ТГС-127 күбәрігіш станогы:

1 – сорап; 2 – гидротаратыш; 3 – гидроцилиндр; 4 – пісірілімді корпус; 5 – ілletін күбәрдің ер диаметріне тиісті колодка; 6 – тірек; 7 – тұсіргіш клапан; 8 – гидроқорап; 9 – электр моторы; 10 – түймелі станица; 11 – магниттік іске косыншы; 12 – манометр.



3.31-сурет. Өздігінен жүретін ПВС-8 шыгарымды кепірлік:

1 – шынжыр табанды жүріс арабашалары; 2 – телескоптық көтергіш; 3 – бұрылмалы арабаша; 4 – коршау; 5 – колбеулік-кран; 6 – бензин-электрлік агрегат; 7 – шынжыртабан жүрісінің жетегі; 8 – шығыр.

3.9 Өлшеу және бақылау құралдары

Монтаждау кезінде өлшеу құралдары ретінде штангенциркульдер, микрометрлер, өзеколшеуіштер, бұрышолшеуіштер, нивелирлер, деңгейліктер, теодометрлер, сымдар, т.б. колданады.


Штангенциркульдер сырткы және ішкі диаметрлерді, ұзындықты, калындықты, терендікті, биіктікті елшайді.

Микрометрлер тетіктердің сырткы елшемдерін елшеуге арналған.

Ішкі диаметрлері 12 мм-ден жоғары құбырлар кабыргасының калындығын елшеу үшін құбырлық *микрометрлік өзеколишегіштермен* тетіктердің ішкі елшемдерін елшайді.

Бұрыштарды елшеу үшін әмбебап бұрыш елшеуіштер, оптикалық және маятникті бұрыш елшеуіштер колданылады.

Ампуласының болу бағасы дәртүрлі деңгейліктерді (3.32-сурет) беттердің күйін бағалау үшін, сондай-ақ монтаждау кезінде жабдық орналасуының дәлдігін тексеру үшін колданады. Деңгейліктердің болу бағасы деп негізгі ампуладағы ауа түйіршігінің шкаладағы 1 метрге миллиметрмен берілген бір белгіне сойкес енкеюін айтады, мұнда 0,01мм/м болу бағасына негіз деңгейнің 2° бұрышка енкеюі сәйкес келеді.



3.32-сурет. Деңгейліктер:

а – рамалы; б – таяқ тәріздес; 1 – корпус; 2 мен 3 – негізгі және орнату ампулалары;

в – ампуланы микрометрлік беруі бар: 1 – барабан; 2 – сабак; 3 – микрометрлік винт;

4 – түтікше; 5 – негіз; 6 мен 7 – негізгі және орнату ампулалары

Рамалы деңгейліктердің (3.32а-сурет) квадрат түрдегі корпусы бар, беттердің вертикаль да, горизонталь да орналасуын бақылауға арналған.

Таяқ тәріздес деңгейліктер (3.32б-сурет) жабдық беттерінің горизонтальдықтан шагын ауытқуларын елшеуге арналған.

Ампуланы микрометрлік беруі бар таяқ тәріздес деңгейліктер (3.32в-сурет) колдануға ынғайлыш.

Нивелирлерді геометриялық нивелирлеу кезінде колданады. Олар жоғары дәлдікті (Н-0,5, Н-0,5к), дәл (Н-3, Н-3к), техникалық (Н-10, Н-10к) болып белгінеді. Дөрекі жұмыстар үшін Н-10 нивелирлер колданады.

Жабдықтар мен конструкцияларды монтаждау кезінде, сондай-ақ гимараттар мен монтаждау іргестастарының құрылыштық белгінің геодезиялық негіздерін қабылдау кезінде теодолиттер колданылады.

Оптикалық-механикалық приборларды нүктө үстіне центрлесу, сондай-ақ остерді көшіру нүктесін вертикаль жобалау үшін жүргі бар жіңішке жілтін тұратын салбырама (отвес) колданады. Салбыраманың тербеліс амплитудасы мен жібінің ауа ағыны есерімен иректелуі, жіп диаметріне және жүк салмағына байланысты болады, сондықтан жабдықты монтаждау кезінде жіңішке сымнан жасалынған салбырама пайдаланады. Уш өрімді капрон жіпті құрылыштық болат салбыраманы МЕСТ бойынша жасайды.

Жабдықты монтаждау кезінде остерді бөлу дәлдігін тексеру, жабдық беттері формаларының ауытқуын, оның құрама бірліктері мен тетіктерінің орналасуын бақылау үшін ішектер қолданады. Ишек ретінде болат сым, кейде капрон мен нейлоннан жасалынған жіпті пайдаланады. Ишек ретінде диаметрі 0,2...0,4 мм ОВС болат сымын қолданған жөн.

Ұзындық бірлігін сақтау мен қалпына келтіру, штрихтік өлшеуіштер мен өлшеу приборларын тексеру, реттелетін калибрлерді өлшемге салыстыру әдісі бойынша өлшеу кезінде приборды нөлге қою үшін, сондай-ақ монтаждау кезіндегі айрықша дәлдіктері өлшеу-белгілеу жұмыстары мен күйге келтіру үшін ұштық өлшемдер колданады.

Ұштық өлшемдер үшін ұзындықтардың өлшемдері дәлдігі мен техникалық шарттары МЕСТ-пен реттелген. Ұзындықтың ұштық өлшемдерінің номинальды шамаларының градациясы бар, ал номинальды өлшеулер блогын 0,001 мм дейін қурауга мүмкіндік береді. Ұзындықтың ұштық өлшемдерін дайындаудың дәлдігі 00, 01, 1, 2, 3 дәлдік кластарымен реттеледі. Дәлдік кластары бойынша жіктеуді үйкелетін жұмыс беттерінің ауыткуларына, параллельдігіне және сапасына байланысты жүргізеді.

Бұрыш өлшеу приборларын тексеру және күйге келтіру, салыстыру әдісімен өлшеу үшін бес тиімді шығарылатын призмалық бұрыш өлшеуіштер колданады: біріншісі – ұшы кесілген бір жұмыстық бұрыши бар, екіншісі – ұшы кесілмеген бір жұмыстық бұрыши бар; үшіншісі – төрт жұмыстық бұрыши бар; төртіншісі – қырлар саны әртүрлі көпкірлы призмалар; бесіншісі – үш жұмыстық бұрыши бар. Бұрыш өлшеуіштерді, тегіс параллельді ұштық өлшемдер сияқты блоктарға жинауга болады, сондықтан оларды № 1...7 жыныстықтармен шығарады. № 8 жыныстық өлшеуіштерді жинауга арналған бұйымдар мен арнайы сызығыштан тұрады.

Жазықтықтан ауыткуды тексеру және түрлі жұмыстарды жүргізу үшін келесі дәлдік кластарындағы тексеру мен белгілеу табакшалары колданылады: 00, 1, 2, 3 (3-ші класс тек белгілеу жұмыстарына ғана арналған). Табакшалар өлшемі (ұзындығы х ені), мм: 160x160-тан 2500x1600 дейін.

Форма ауыткулары мен беттердің орналасуын бақылау үшін тексеру сызығыштары комегімен бақылаудың «жарыққа» және «бояуга» деген әдістерін колданады. «Жарыққа» деген бақылау үшін ЛД, ЛТ және тиітес лекалды сызығыштарды, ал «бояуга» деген үшін ШП, ШПУ, ШД, ШМ тиітес тексеру сызығыштарын колданады.

Ойық және дөнес беттердің формаларын бақылау үшін үлгі-калыптар колданылады. Радиусты үлгі-калыптардың үш жиынтығы бар, олардың әркайсысына ішкі және сыртқы өлшемдерді бақылауға арналған табақшалар жинақталған. №1 радиусты үлгі-калыпта 1; 1,2; 1,6; 2; 2,5; 3; 4; 5; 6 мм. №2 - 8, 10, 12, 16, 20, 25 мм; №3 - 7, 8, 9, 10, 11, 12, 14, 16, 18, 20, 22, 25 мм радиустарды бақылауға арналған табақшалар бар.

Бұрамалы үлгі-калыптарды бұраманың номиналды кадам пішінін және діймді бұрамалардың бір діймдегі № 1 метрлік жиынтықты $M60^0$, №2 діймдікті $-D55^0$ деп белгілейді.

Сым-таяқшаны (щуп) жабдықты тенгеру оның тораптарын жинау мен реттеу кезінде саңылау өлшемдерін анықтау үшін колданады. Оларды 1 және 2 дәлдік кластарымен калындығы 0,02...01 мм градациясы 0,55...1,0 мм градациясы 0,05 мм табақшалар, калындығы 0,1..1,0 мм градациясы 0,1 мм табақшалар түрінде шығарады.

Алдын ала жалпы олишеулер үшін монтаждау кезінде металдық және ағаш метрлер көнінен колданылады. Металдық сыйзыштар слесарлық жұмыстарға арналған. Металдық рулеткаларды құбыр прокатын, іргетас өлшемдерін, т.с.с. өлшеу үшін колданады. Олар 2 және 3 дәлдік кластарында дайындалады.

3.10 Жабдықты монтаждау кезінде колданылатын материалдар

Технологиялық құбыржелілерді дайындау мен монтаждау үшін құбырлар, құбыржелі тетіктерін, бекіту құралдары мен құбыржелілік арматура колданады.

Технологиялық құбыржелілерді болат құбырлардан, түсті металдар мен корытпалардан, сондай-ақ металл смес материалдардан (полимерлер, әйнек, т.б.) дайындаиды. Дайындау тәсілі бойынша болат құбырлар жапсарсыз және пісірімді (тура жапсарлы және спиралді) болып бөлінеді, жапсарсыздарды ыстық деформацияланған және салқын деформацияланған түрде шығарады.

Қайта еңдеу кәсіпорындарында төмендегідей құбырлар колданылады: коррозияға тұркты болаттан жасалған ыстықдеформацияланған жапсарсыз және оның корытпаларынан жасалынған жапсарсыз; тегіс конусты әйнекті; полизтиленнен жасалынған (ПВД) қысымды; жапсарсыз мыс құбырлар, т.б.


Бұргыштар, үштіктер, ершіктер, өтпелер, тығындар, фланецтер, т.б. құбыржелілердің тетіктері болып табылады.

Құбыржелілердің зауыттық дайындалымдағы жапсарсыз болат пісірімді тетіктеріне күрт иілген бұргыштар, тенотімді және өтпелі үштіктер, жапсармалы ершіктер, концентрлік және эксцентрлік өтпелер, элипстік тығындар жатқызылады (3.33-сурет).

Кеміртекті болаттан жасалынган $D_y = 500 \dots 1400 \text{мм}$, қысымы $P_y = 2,5 \text{ МПа}$

Кұбыржел тетіктерін пісірімді, бұргыштарын – штампты-пісірімді және секциялы пісірімді, үштіктерді – тенетімді, концентрлік және эксцентрлік етпелерді – пісірімді және штампты-пісірімді етп дайындаиды.


Фланец типтері, олардың косылыштық өлшемдері және беттердің тығызыдауыш өлшемдері шартты етімдердіn D_y және қысымдардың P_y мәндеріне байланысты белгілейді (3.34-сурет). Күйліганды болат, пісірімді жалпақ болат, пісірімді болат фланецтер кеңиен колданылады.



3.33-сурет. Кеміртекті болаттан жасалынган құбыржел тетіктері:

a – күртілген бұргыштар; *b* – үштіктер; *c* – жапсырмалы ернек; *d* – етпелер; *e* – эллипстік тығын.

Құбыржеллердің бекіту күралдарына, құрылыштық конструкцияларына тіректер мен аспалар жатқызылады. Қызметі құрылымы болат құбыржеллерді бекіту үшін жылжымалы және жылжымайтын, ал құбырларға бекіту тәсілі бойынша – пісірілімді және қамытты болып белгінеді. Пластмассалық құбыржеллердің аспалары мен тіректерін конструктивтік аткарымда екі түрде орындаиды: тасымалданатын ортандың немесе коршаған орта ауасының температурасы 30° дейін құбыржелеге арналған тұтас негізі жок және температурасы 30° жоғары тұтас негізді.



3.34-сурет. Технологиялық құбыржел фланецтерінің типтері және нығызыдауыш беттері: *a* – косылым ернегі бар; *b* – ернегулі; *c* – ойыкты; *d* – шинті; *e* – кесік ойынғы бар; *f* – линзалы тессемге; *g* – додал кималы тессемге.

Өнеркәсіптік құбыржелілік арматура - бұл вентилдер, крандар, клапандар, қысымреттеуіштер және конденсатәкетушілер. Оларда төрт сипаттамадан тұратын шартты белгілену бар: бүйым түрі, корпус материалы, арматураның конструктивтік ерекшеліктері (екі немесе үш цифр көрсетіледі, біріншісі жетек түрін белдіреді), нығыздау беттерінің материалы (3.3-кесте).

3.3-кесте. Арматура сипаттамалары және олардың шартты белгіленуі

Сипаттамасы	Атауы	Белгіленуі
Бүйым түрі	Тығынды-өткізгішті кран. Құбыржеліге ариалған кран. Денгей көрсеткіштің тығынды курылғысы. Вентиль. Кері көтерімдік және кабылдау клапандары. Сактандыру клапаны. Қысым реттеуіш. Реттеуіш клапан. Жапыаш. Конденсатәкеткіш.	10 11 тығынды 12 13,14,15 16 17 21 25 30,31 45
Корпус материалы	Болат: көміртекті легирленген тат баспайтын Шойын: сур икемді Латунь, кола Пластмассалар	Л лс иж 4 к4 б п
Жетек түрі	Механикалық, червякті Пневматикалық Электромагниттік Электрлік	3 6 8 9
Нығыздау беттерінің материалы	Қола, латунь Баббит Пластмассалар Коррозияға тұрақты болат (тат баспайтын)	бр бт п иж

Арматурага корпусын қакпактын және тығыздаманың материалын көрсететін бояу жағады. Егер олар көміртекті болаттан жасалса коныр түсті, легирленгенге – көк, коррозияға тұрақтыға – көгілдір, шойынға - кара түсті бояу жағады. Түсті металдан жасалынған арматураны боямайды. Маховиктің, рычагтың және басқа да көлтіру тетіктерінің бояуы нығыздау беттерінің


материалын көрсетеді: кола немесе латунь – қызыл түс, коррозияға тұракты болат – көгілдір; баббит – сары; полиэтилен – периметрі бойынша қызыл жолағы бар сұр түсті.

Монтаждау кезінде колданылатын косалкы материалдарға бұрандалар, тығырықтар, төсемдік және нығыздауыш, сұрту және түрпілі материалдар кіреді.

Статикалық және шағын динамикалық жүктемемен істейтін жабдықты бекіту үшін өзі анкерленетін (керілетін) бірінші және екінші типтегі бұрандалар колданылады (3.35-сурет).

Бірінші типтегі өзіанкерленетін бұранда конустық бөлігі және төмен жағында бойлық төрт кесірі бар цанга түріндегі шпилькадан тұрады. Цанганың жоғары тұтас бөлігі кергіштің шектелуін камтамасыз етеді. Бұранда бұрамаларының диаметрі M8-ден M36 дейін. Екінші типтегі өзі анкерленетін бұранда конустық бөлігі және төмөнгі бөлігінде бойлық үш кесірі бар тұтқышелі цанга түріндегі шпилькадан тұрады. Шпилька бұрамасының диаметрі M12-ден M24 дейін. Бұрандаларды жабдықтар мен металл конструкцияларын таза еденге іргетас жасамай-ақ бекіту үшін колданады. Оларды перфораторлар немесе электрлік бұрғылаушы колмашылалары жасаған тесіктеге орнатады.

Жабдықтар мен металдық конструкцияларды негізгі құрылыштық конструкцияларға бекіту үшін кергіш дюбель-тәлкелер қолданады. Кергіш тәлкені тіліктері бар ұшымен материалда алдын ала дайындалған тесікке орнатып, соナン кейін оған конустық элементті бекітеді, нәтижесінде тәлкениң конустық бөлігі керіліп, негізгі құрылым элементтің кабыргасына жабысады. Жабдықтарды тәлкениң бұралмалы тесігіне болт немесе шпильканы бұрай отырып, соナン кейін оған конустық элементті бекітеді, нәтижесінде тәлкениң конустық бөлігі керіліп, негізгі құрылым элементтің кабыргасына жабысады. Жабдықтарды тәлкениң бұралмалы тесігіне бұранда немесе шпильканы бұрай отырып бекітеді.



3.35-сурет. Өзі анкерленетін бұрандалар мен дюбелдер:
а – I типтегі өзі анкерленетін бұранда; б – II типтегі өзі анкерленетін бұранда;
в – дюбель.

Құбыржелілердің арматураның және аппаратуралың фланецті және муфта-бұрамалы косылыстарын нығыздау үшін, сондай-ақ арматура корпусы мен қакпағы арасына орнату үшін беттік резенкеден (жылу-сүйкекшік) сілтіге тұракты, май-бензинге тұрактылығы жоғары), парониттен, картоннан, асбест қағаздан, т.б. жасалынатын әртүрлі конструкциядағы тәсемдер колданылады.

Құбыржелілік арматураның біліктегі мен штоктарын нығыздау кезінде шаршы және дөнгелек кимадағы сальникті нығыздауыштар колданады, олардың түрлері: құргак макта-мatalы (ХБС), сінірліген мактаматалы (ХБП), сінірімді асбесттілік (АС), асбестті-сымды (АРР), май-бензинге тұракты асбесттік (АМБ), резенкеленген-шрафттеген асбесттік (АРГ), резенкеленген құргак латунды сымы бар асбесттік (АРПЛ). Сальникті нығыздауыштарды максималды шекті параметрлері (температура, қысым, өлшемдері (квадрат жақтары немесе диаметр) нығыздалатын орта (сығылған ауа, бу, агрессивті газ, су, т.с.с.) бойыниша таңдал алады.

Сұрту материалдары ретінде бөзден жасалған сұрткіштер, мактамата, кендір, кенеп, т.б. шүберектер колданады. Сұртетін шүберектің көлемі 400 см², ені 20 см кем болмауы керек. Шүберектің кондициялық ылғалдаудың 12% аспауы тиіс.


Жаттықтыру және келтіру жұмыстарын жүргізу кезінде катты (шындалған болат каттылығынан жоғары) және жұмсақ (шындалған болат каттылығынан темен) түрлілі материалдар колданылады. Каттыларға дәнділігі 12,10,8,6,4 ажарұнтақтар және М63-тен М5 дейінгі корундтан, электрокорундтан (ак, кальцит және легирленген), кремний карбидінен, бор карбиді мен синтетикалық алмастан жасалынған микроұнтақтар; жұмсақтарға – хром тотығынын, темір тотығының, вена әгінің (кальций тотығы мен магний тотығының 1:1 катынастағы коспасы) жатқызылады.

Жұмсақ түрлілік материалдардан ГОИ пастасының үш сұрпы жасалынады, олар түрлілік болшектер өлшемімен және түсімен ерекшелінеді: кою – жасыл (40 мкм), жасыл (15 мкм), ашық – жасыл (7 мкм).

Көміртекті және тәмсін легирленген болаттардан жасалған әртүрлі мақсаттағы $D_y = 100$ мм дейінгі, артық қысым 1МПа дейін және жұмыстық температурасы 60-тан 90°C-ка дейінгі құбыржелілер түйісулерін пісірудің орнына түйісулерді желімдеу колданылады. Желімдік косылыстарды болат құбыржелілерді дайындау және монтаждау кезінде колдану еңбек сыйымдылығы мен энергия шығындарын еki-уш ессе азайтуға мүмкіндік береді. Болат құбыржелілерді желімдеу үшін эпоксидті шайыр негізіндегі арнайы желімдер жасалынған. Колдану мақсатына қарай желімнің кұрамына дигулфлатат, тәмнен молекулялары Л-19, Л-20, ТО-18, ТО-19 маркалы полиамент, алюминий үнтағын, полизтиленполиамин, т.б. колданылады.

Құбыржелілер үшін бандаж түрлегі желіммеханикалық, муфталық және кергіш желімдік косылыстарды (3.36-сурет) конструкциялық Т-13-П

әйнек матаны, маталы конструкциялық ЛПС маркалы әйнек таспаны, БФ-2 немесе БФ-4 желімдерін ацетон немесе бензин көлдана отырып пайдаланады.



3.36-сурет. Құбыржелілердің желімдік косылыштарының сұлбалары:
а – шен темір тиітегі; б – металдық таспадан жасалған шен темір; в – желіммеханикалық тиітегі; г – муфталы және кергіш тиітегі; 1 – желімденстін құбырлар; 2 – желім; 3 – әйнек мата; 4 – металдық таспадан жасалған шен темір; 5 – бұрамалы косылыш; 6 – кыстырма; 7 – кергіш; 8 – муфта.

3.11 Монтаждаудың материалдық-техникалық құралдарын таңдау және есентеу

Тиеу-түсіру және монтаждау операцияларын жүргізу үшін жүк көтеру машинасын, механизм мен құрылғыны қажетті жүккөтерімділіктен, жылжытылатын жүк сипаттамасынан, жұмыс режимінен, машинаны іске косатын энергиядан, т.с.с. тұратын әртүрлі факторларды талдау негізінде таңдаап алады.

Аркан беріктігін мына формуламен есептейді:

$$P/S \geq K \quad (3.1)$$

мұндағы P – арканды үзу күші, Н (МЕСТ немесе сертификат бойынша кабылдайды); S – арканға түсетін күш, Н; K - беріктік кор коэффициенті; түбірліктер үшін 8 кем емес, болат аркандар үшін – аркан массатына және жүк көтеру машинасының сипаттамасына карай кабылдайды: колдық жетегі бар машинадар үшін 4, машиналық жетегі бар және жұмыстың женил (орта) режимдері үшін 5..5,5; жебеліде – 3,5; полиспасттар үшін $K=3,5...5,0$; шешкіштер мен кергіштер үшін 3..5.

Полиспаст, ілгіш аркан (стропа) және шешкіш аркандары үшін

$$S = Q/n \cos \alpha \quad (3.2)$$

мұндағы Q - полиспасттың жылжымалы блогына түсетін есепті жүктеме; n - аркан тармактарының жалпы саны; α - есепті жүктеме асер ету есі мен аркан тармагы арасындағы бұрыш.

Барабан немесе блоктың оралған болат арқаның орташа сыйығы бойынша өлшенетін шекті диаметрі, мм.

$$D \leq dl \quad (3.3)$$

мұндағы d - аркан диаметрі, мм; l - мәні жүк көтеру машинасының типіне және жұмыс режиміне тәуелді болатын коэффициент; электрлік таль үшін $l = 22$; кол шығыры үшін $l = 12$; машиналык шығыр үшін $l = 20$; машиналы жетегі бар және жұмыс режимі ауыр жүк көтеру машиналары үшін $l = 30$.

Бақылау сұрақтары

1. Аркандар мен шынжырлардың кандай түрлерін білесіз?
2. Болат аркандарды кандай белгілері бойынша беледі?
3. Жүк кармауыш құрылыштардың кандай түрлері болады?
4. Аркан үштариның калай бекітеді?
5. Арканшалар не үшін колданылады?
6. Домкраттар колданылуу максатына карай калай болінеді?
7. Блоктар мен поиспасттар не үшін колданылады?
8. Полиспаст қоры деген не?
9. Тельфер деген кандай құрылғы?
10. Шығырлардың кандай түрлері бар?
11. Жүк көтеру крандарының кандай түрлерін білесіз?
12. Тиуіштер кандай максатта колданылады?
13. Монтаждау аланшарында кандай жабдықтар колданылады?
14. Қандай елишев-бақылау құралдарын білесіз?
15. Монтаждау кезінде колданылатын материалдарды атапсыз.
16. Құбыржел арматурасын не себепті бояйды?
17. Шағын динамикалық жүктемемен істейтін жабдықты бекіту үшін не колданады?
18. Құбыржелдерді жалғау үшін кандай материалдарды пайдаланады?

4. ИРГЕТАСТАР

4.1 Иргетастар қызметі және олардың түрлері


Үйлер мен гимараттардың беріктігі және тұрактылығы едәуір мөлшерде іргетастар негізін дұрыс таңдауға және конструктивті шешімге тәуелді болады. Негіздер мен іргетастарды жобалау үшін негіз ретінде қабылданатын топырак кабатының геологиялық құрылымын, көтеру кабілеттілігін, оның кату тереңдігі мен жерасты сулар режимін білу кажет.

Негіз деп іргетастар астында үйлерден болатын жүктемені қабылдайтын топырак немесе жартас кабатын айтады.

Негізге түсетін жүктеме MPa -мен өлшенеді. Негіздің шөгүі тек жүктеме мен сығылу дәрежесіне ғана емес, сондай-ақ іргетас өкшелігінің формасы мен өлшемдеріне де байланысты болады.

Іргетас дегеніміз жүктемені жабдықтан негізге беруге арналған тірек гимаратының конструкциясы.

Іргетастарды (4.1-сурет) бетоннан, буто-бетоннан, табиги тастан және кызыл кірпіштен жасайды. Іргетастардың негізгі геометриялық параметрлері – оның орналасу терендігі және өкшелік ені.



4.1-сурет. Іргетастар курылымының сұлбасы:
1 – негіз; 2 – іргетас; 3 – машина; 4 – іргетас өкшелігі

Іргетас өкшелігі деп оның негіз бетімен жанасатын төмөнгі бетін айтады. Жердің тегістелетін бетінен өкшелікке дейінгі қашықтық іргетасты орнату тереңдігі деп атапады.

Орнату тереңдігі мен топыракқа түсетін қысымды азайту үшін кей жағдайда іргетас өкшелігін ұлғайтады.

Іргетасты тұластай етіп, яғни машинаның бүкіл ауданына немесе бағана түрінде, оның жекеленген беліктеріне арнал жасайды. Цемент, күм, киышық тас немесе уатылған тастан тұратын, тиісті консистенцияга дейін сумен араластырылған бетондық іргетастарды дайындау көнінен колданыс тапты.

Іргетастар беріктік, тұрактылық, аязға төзімділік талаптарына сай болуы, жерасты және агрессивті сулар әсеріне жақсы карсы тұруы, гүмырылығы жонинен үйдің немесе гимараттың қызмет мерзіміне сай келуі, индустріалды және үнемді болуы тиіс. *Материалдар түрі бойынша іргетастар бетондық, темірбетондық, бутобетондық болуы мүмкін.*

Конструктивтің сұлбаларына және жүктемені негізге беру тәсіліне байланысты іргетастарды үйдің негізгі қабырғасының жалғасы болып табылатын таспалық (лентальық), жеке бағаналар немесе бағаналар мен іргетастық белдемелер жүйесі түріндегі бағаналық, өзара ростверка комегімен жалғасқан жекеленген жапсарлар түріндегі тұластай болып болінеді.

Жұмыстарды өндіру тәсілі бойынша іргетастар монолитті және жиналмалы болып болінеді.

Көбірек тарапған іргетастарды, яғни таспалық, бағаналық және тұтастайлықтар ақастырайық (4.2-сурет).

Таспалық іргетастарды (4.2а-сурет) әдетте тұтастай етіп негізгі тұтас қабырганың астына жасайды. Бұл іргетастар үздіксіз және үзікті болуы мүмкін.


Үздіксіз іргетастар тұтастай таспа түрінде жүріп отырады. Олар жүктемені негізге біркелкі береді, бұл сыйылымдылығы (шөгімділігі) әлсіз және біркелкі емес топырактарда аса маңызды.

Үзіктілер – блок жастиқшага орналасатын жекеленген тіректер (4.2б-сурет) түрінде болады.

Құрамалы таспалық іргетастарды зауыттық дайындалымдағы бетон және темір-бетондық блоктардан орындаиды, бұл біршама артықшылықтар береді: еңбек шығындары төмендейді, қыскы уақыттағы жұмыс жөнілдейді.


Монолитті таспалық іргетастар үйді салатын орындарда дайындалады. Бетон, бутоюбетон, темір-бетон, буттық калаулар осындаі іргетас материалы бола алады.

Бағаналық іргетастар. Оларды жүктемесі шамалы негізгі қабыргалар астына, яғни іргетастық топыракқа беретін қысымы шектіден едәуір аз болғанда, сондай-ақ негіз бола алатын топырак үлкен терендікте жаткан кезде жасайды (4.3-сурет). Бағаналық темір-бетон іргетастарға қабыргалардың жүктемесін қабылдайтын темірбетон іргетастық белдемелер койып, оларды өзара байлайды. Бағаналық іргетастарға сатылы форма береді.



4.2-сурет. Таспалық және үзікті іргетастар:

a – подвал жоқ кездегі таспалық құрамалы; *b* – үзікті құрамалы; *c* – буттық тастан жасалған таспалық; *d* – подвал бар көзде және жерасты сулар деңгейі жоғары болғандагы таспалық; *e* – іргетас өкшелігі; *f* – темірбетондық блок-жастықшалар; *g* – іргетастардың темірбетон блоктары; *h* – гидроокшаулагыш; *i* – майлаушы гидроокшаулагыш; *j* – жемілдеуші гидроокшаулагыш; *k* – цоколь; *l* – бетондық дайында; *m* – темірбетон плита; *n* – еден; *o* – жабынды.



4.3-сурет. Бағаналық және тұтастай іргетастар:

a – колонна астына құрамалы темірбетон; *b* – бағана астына буттық тастан; *c* – негізгі кабыргалар астына құрамалы темірбетон; *d* – өзін үстайтын кабыргалар астына құрамалы темірбетон; *e* – кабыргалы плита; *f* – белдемесіз плита; *g* – стакан типтегі құрамалы темірбетон іргетас; *h* – буттық іргетас; *i* – темірбетон жастықша; *j* – кабыргалы плита; *k* – белдемесіз плита; *l* – іргетастық балка; *m* – гидроокшаулагыш; *n* – темірбетон колонка; *o* – кірпіш бағана; *p* – тас кабырга (негізгі); *q* – өзін үсташы тас кабырга; *r* – бетон блоктар; *s* – шлактық үйме; *t* – жабынды.

4.2 Иргетастарды есептеу

Іргетастарды есептеуді қарапайым және кең таралған статикалық едіспен орындайды. Иргетас өкшелігінің негізгі беретін накты қысымын аныктайды және оны нормативтік қысыммен мына формуламен салыстырады:

$$Q = \frac{P_u + P_\phi}{\alpha \cdot F} \leq R_H, \quad (4.1)$$

Мұндагы: *Q* – топыракка түсетін накты қысым, Па; *P_u* – машина массасы, кг; *P_{\phi}* – іргетас массасы, кг; *F* – іргетас өкшелігінің ауданы, м²; *α* – азайту коэффициенті; *R_H* – топыракка түсетін нормативтік қысым, Па.

Статикалық есептеу кезінде машина динамикалығының дәрежесін азайту коэффициентін ($\alpha = 0,3+1,0$) жүйқтап алды. Мысалы, сепараторлар үшін $\alpha = 0,5$, табакшалы жылу алмастыру кондырыгылары үшін $\alpha = 0,9+1,0$. Машина динамикалығының дәрежесі негұрлым жоғары болса, α мәні соғұрлым төмен. Егер есептеу кезінде іргетастың топыракка қысымы нормативтік қысымға тең немесе одан кем болса, онда іргетас шөкпейді. Иргетас өкшелігінің ауданын, раманың габариттік өлшемдеріне карай, әр жағынан 0,1-0,2 м қосымша бере отырып аныктайды. Иргетастың жалпы биіктігі оның жер бетіндегі болігінен тұрады.

$$H = H_1 + H_2, \quad (4.2)$$

Мұндағы: H - іргетастың жалпы биіктігі, м; H_1 - оның жер бетіндегі болігінің биіктігі, м; H_2 - орналасу терендігі, м.

Сонан кейін іргетас көлемін мына формуламен аныктайды

$$V = FH, \text{ м}^3 \quad (4.3)$$

Мұндағы: V - іргетас көлемі, м³.

Іргетас массасын келесі формуламен аныктайды

$$P_{\phi} = V \gamma \quad (4.4)$$

Мұндағы γ - іргетас материалының тығыздығы. Бетон үшін $\gamma = 1200 - 2700 \text{ кг / м}^3$

Машина массасын P_{ϕ} оның техникалық сипаттамасынан алады.

Егер іргетастың топыракка беретін нақты қысымы нормативтікten артық болса, онда өкшелік ауданын үлкейту, кері жағдайда кішірейту кажет. Топыракка түсетін нормативтік қысымды біле отырып және іргетас өкшелігінің белгілі бір ауданын қабылдай келе, оның онтايлы биіктігін есептеуге болады.

Жобалau кезінде машинаның және іргетастың ауырлық центрі бір түзудін бойында орналасатынын (ауытқу 3-5% аспауы керек) ескерген жen, бұл жүйенің (машина мен іргетастың) жаксы тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Жүйе тұрақтылығы іргетастың ауырлық центрінен машинаның ауырлық центріне дейінгі аракашықтық негұрлым үлкен болған сайын азая туследі.

4.3 Иргетастарды жабдық монтаждау үшін қабылдан алу

Иргетастарды қабылдан алу кезінде накты өлшемдер мен бетон улгілерінің беріктігі жоба мәліметтеріне, колданыстағы КНжЕ (СНиП) немесе өндіріс пен жұмыстар қабылдаудың техникалық шарттарына сай екендігі салыстырылады. Қабылданатын іргетаста беттік шытынаулар, қабыршыктар, күстар, шорлар және маймен ластануулар болмауы тиіс.

Қабылдауды құрылыс үйімінің, тапсырыс берушінің және монтаждау үйімінің өкілдері кол қоятын актімен рәсімдейді.

Жабдық монтаждауға берілетін үйлер мен гимараттарда жұмыс аланшаларын, іргетастар мен тірек конструкцияларын құрастыруды, жерасты коммуникацияларын төсөуді, тонырақты жобалық белгілерге дейін үз мен нығызыдауды, кранасты жолдарын монтаждауды аяқтайды.

Жабдықты монтаждауға байланысы бар құрылыстық конструкцияларды құрылыстық нормалар мен ережелерге сәйкес шектеулерді ескере отырып кабылдайды.

Анық аландауда орналасқан монтаждық іргетастарды тапсыру кезінде жақын маңдағы аумакта жерасты коммуникацияларын төсөуді аяқтайды.

Жабдықты соңынан бетон құйып орнататын іргетастарды, сызбаларға сәйкес, жабдықтың тірек беттерінің жобалық белгілері деңгейінен 50....80 мм төмөн етіп бетондалған түрде еткізеді.

Жабдық монтаждауға берілетін жайлар мен іргетастар қалыптан, құрылыс сатыларынан және қоқыстан бос болуы тиіс. Ойыктарды коршайды, каналдарды, астауларды, люктерді жабады.

Үйлер мен гимараттарда болу өстерін, жұмыстық реперлер немесе жұмыстық биіктік белгілерін танбалайды. Іргетастарда өстер жүргізеді.

Іргетастардағы өстер мен реперлерді сонда орналасатын жабдықтың тірек конструкциясының контурынан тыс орналастырады. Өстер болу, реперлер мен биіктік белгілерін кою дәлдігі құрылыс нормалары мен ережелері талаптарына сай болуы тиіс.

Жабдықтарды монтаждауға арналған іргетастарды қабылдау кезінде монтаждау үйімі іргетастардың нақты өлшемдерінің жобалыққа сай болуын, өстер мен биіктік белгілерінің орналасау дәлдігін тексеруге міндettі. Геометриялық өлшемдер мен кою тетіктерінің және тесіктерінің орналасуы жобага толыктай сай келуі тиіс. Ауыткулар келесі мәндерден аспауы керек, мм:

жоспардағы негізгі өлшемдер	± 30;
құдықтардың жоспардағы өлшемдері	± 20;
іргетас бетінің биіктік белгілері, үстен құю биіктігін есептемегендे	± 30;
шегерімнің жоспардағы өлшемдері	- 20;
ойыктар мен аланшалардағы шегерім белгілері	- 20;
анкерлік болттардың жоспардағы өстері	± 5;
төсемдік анкерлік құрылымдардың жоспардағы өстері	± 10;
анкерлік бурандалардың жоғарғы ұштарының белгілері	± 20;
бетондалған анкерлік бурандалардың шығып тұрған белгінің вертикальдан бүкіл биіктігі бойынша	- 1,5.

Іргетас беттері тегіс, кауақшасыз, деңессіз, закымдалған бұрышсыз және майланған орынсыз болуы керек.

Жабдықтарды орнату жұмыстарын үйлер мен ғимараттардың монтажға дайындық және іргетастардың жабдық орнатуға дайындық актілеріне кол койылғаннан кейін жүргізеді.

Жабдықтар орнатылатын іргетастарды кабылдау актілеріне күріліс үйімі дайындаған іргетас жөніндегі атқарушы-техникалық құжаттама қоса беріледі.

Дайындық жұмыстарының маңызды кезеңі – монтаждау алаңын дайындау.

Монтаждау алаңын үйымдастыру жұмыстарының кешеніне мыналар кіреді: жабдықтарды түсіру мен уақытша сактау участекерін болу; технологиялық жабдықтарды ұstemелей жинауға арналған алаңша жасау, шағын механикаландыру құралдарын сактау коймаларын жасау, келу жолдарын қарастыру, су, электр энергиясын берудің уақытша коммуникацияларын төсөу, т.б.

Технологиялық жабдықтар мен конструкцияларды ұstemелей жинау үшін монтаждалатын нысанға жақын жеке алаңша болінеді.


Ол тегістеліп, құммен, қырышық таспен жабылуы және нығыздалуы тиіс. Алаңшаның көтерімділік кабілеті 0,3 МПа кем болмауы, көлбеулігі кран жұмысының шарттарына сай үшін градустан аспауы керек. Батпакты топырактардагы алаңдарды бетон плиталармен жабады.

4.4 Машиналарды іргетастарға орнату және бекіту тәсілдері

Машиналарды іргетастарға орнатудың келесі тәсілдері бар: реттелетін тіректік аяктардағы бекітісіз; іргетастың немесе анкерлік бұрандалар көмегімен катты бекітілетін; резенкелі амортизатордағы жұмсақ бекітулі.

Іргетастың бұрандаларды (4.4а-сурет) болаттан дайындаиды. Оларды шағын және орташа динамикалық жүктемелері бар машиналарды бекіту үшін колданады. Өзектің жоғарғы бұрамалы бөлігін машинаның рамасымен немесе станицасымен жалғайды, ал төмснің бөлігін майыстырады, тармақтайты, жуандатады, бұрайды, т.с.с. жасайды.

Анкерлік бұрандаларды динамикалық жүктемесі жоғары машиналарды бекіту үшін колданады (4.4б-сурет). Бұл үшін іргетаста анкерлік табақшаны жасырады, сонау кейін оған бұрама немесе Т-тәріздес бас көмегімен табақша ойының енгізестің бұранданы бекітеді және 90°-ка бұрайды.



4.4-сурет. Бұрандалар:

а – іргетастық; б – анкерлік; в – іргетастық бұранданың томенгі үшін бекіту варианиттары

Іргетастық және анкерлік бұрандаларды белгілі бір өлшемдерде жоғары сапалы болаттан жасайды да, тапсырыс берушіге жабдықтармен бірге береді. Жабдықтарды бекіту үшін жергілікті дайындаудағы бұрандалар қолдану ұсынылмайды.

Бұрандалар бітей, қыстырмалы және шешілмелі болып бөлінеді. Диаметрлері 12, 20, 24, 30, 36, 42мм бұрандалар қолданылады, олардың ұзындыны бұранданың 20-дан 40-қа дейінгі диаметріндегі болады. Бұрандалар осін жабдықтың негізгі естериңе сәйкестендіреді.

Кобинесе жеңіл және орташа машиналарды бекіту үшін қолданылатын бітей құймалы бұрандаларды диаметрі 42 мм дейін етіп дайындаиды. Оларды іргетасты бетондау процесі кезінде бітей етіп құйып тастайды, сондыктан бетондауға дейін жоғары дәлдікпен орналастырады; диаметрі 24 мм дейінгі бұрандаларды шаблон бойынша, ал диаметрі 24 мм және одан жоғарыларын – бұрандалы жазықтықтағы да, биіктікте де жағдайын бекітетін арнайы болат кондукторлар бойынша орнатады. Кондукторлар тіректерден, горизонталь элементтерден (швеллер кесінділерінен немесе тесіктер бұргыланған болат беттерден) және байланыстардан тұрады. Бұрандаларды кондукторларға бұрандалықтар және тығырықтар көмегімен іледі, сыйбалар бойынша тексеріп, бекітеді және бұрандалардың жағдайын екінші рет тексереді.

Кондукторлар сыйбасы іргетастардың жұмыстық сыйбаларының құрамына кіреді. Оларды цехты жобалау жүргізетін жобалау үйымы жасайды. Кондукторлар мен іргетастық бұрандаларды монтаждау үйымының катысуымен орнатады.


Қыстырмалы бұрандаларды іргетас деңесінде арнайы қалдырылатын құдықшаларға орнатады. Сонаң кейін құдықшаларды маркасы 150-ден кем емес бетонмен құяды.

Ауыр жабдықтарды бекіту ушин қолданылатын шешілімді іргетастық бұрандаларды жабдықты монтаждау процесінде солар ушин арнайы қарастырылған құдықшаларға орнатып, анкерлік табақшаларға бекітеді. Құдықшаларды бұрандалар бекітілгеннен кейін какпактармен жабады. Бұл бұрандалардың күймалылармен салыстыргандағы артықшылықтары: оларды машинаны орнату кезінде жылжытуға болады, яғни машина станинасындағы тесіктеге қатысты бағдарлауға, сондай-ақ монтаждау және белшектеу процесінде машинаны іргетас бойымен жылжыту кезінде төмөн түсіруге болады; олар соккылар мен ығыстыруларды жаксы қабылдайды, оларды шамалы әлсіретеді және оларды әлсіреген түрде іргетаска береді.

Балға тәріздес немесе кесінді басы бар іргетастық бұрандаларды жиі қолданады. Бұранданы басымен табақша ойынына снгізіп, табақшадағы арнайы сайларға түскенге дейін бұрайды.

Машиналарды бос және жұмыстық сынау кезінде босаған бұрандаларды катайтады.

Жабдықтарды іргетастарға бекіту сұлбалары 4.5-суретте көрсетілген.



4.5-сурет. Жабдықты іргетастарға бекітуге арналған анкерлік бұрандалар:
а – дара іргетастарды колдану кезінде; б – цехтың жалпы іргетастық табақшасы
болған кезде.

Цех еденіне салмағы 10 т дейін калыпты және жоғары дәлдіктері, катты станинасы бар, ұзындығының кіма биіктігіне катынасы 10-нан кем жабдықты орнатады.

Салмағы 2 т дейін, динамикалық жүктемесі жоғары емес жеңіл жабдықты бетон еденнің ұштық жабындысына тікелей орнатуға болады.

Тасалық іргетастарға салмағы 30 т дейін жабдықтарды орнатады.

Еден мен жабындыларға түсетін өндірістік жабдық жүктемесі туралы мәселе құрылыштық жобалау мен корпусты эрі қарай пайдалану үшін аса маңыздылардың бірі болып табылады. Бұл жүктемелерді ведомостарда

жайдың атаянын, фермаларға негізгі және қосалқы жабдықтан түсетең жүктемелерді көрсете отырып келтіреді.

Жабдықтарды дірілдікоқшаулау. Жобаланатын іргетас дірілін және олардың корші гимараттар мен кондыргыларға әсерін азайту үшін машинадарды дұрыс таңдаң, оларды жайларға тиімді орналастырады. Қажет жағдайларда тербелістер мен олардың амортизациясын басу үшін әртүрлі құралдар колданады.

Машинаның іргетасқа беретін динамикалық әсерін азайту үшін амортизаторлар колданып, оларды динамикалық есептеулермен негіздейді. Бұл кезде жабдық пен оның іргетасы тербелістерінің минималды жиілігі мен амплитудасын қамтамасыз ететін режим шарттарын анықтайды. Егер бұл шарттар бұзылатын болса, онда амортизатор тербелісінен басуышыдан резонаторга айналады және іргетас тербелістері едәүір артады.

Технологиялық жабдықты іргетассыз орнату және арнайы серпімді тіректер комегімен цементтеп қюо орнатудың прогрессивтік тәсілі болып табылады. Мұндай тәсілдің бірқатар артықшылықтары бар: машинадарды монтаждау ұзактығы 80% дейін қыскарады; технологиялық процестердің кайта құру кезінде жабдықтардың орнын ауыстыруды женилдетеді, ері жеделдетеді; цехтарға шу мен ауаның шандануын едәүір төмendetеді.

Дірілтіректерді серпімді элемент типі бойынша резенке, резенкеметалдық, тұтас металдық, фетрден және тығыннан жасалған виброоқшаулагыш тіректерге жістейді. Оларды жеке-жеке қарастырайық.

Резенке тіректер. Дірілокшаулагыш тіректер ушін табиги және синтетикалық резенке колданады. Табиги резенкенін теменгі температуралық қасиеттері жаксы, бірақ температура 65°C -тан асқанда беріктігін жылдам жогалтады, майдың әсерінен бұзылады, құн саулесінің әсерінен беріктігін жогалтады. Сондыктан синтетикалық, әсіресе силикондық резенкелер кең колданыс тапты (олар -55° -тен 200°C -ка дейін температурага шыдайды).

Резенкенің картао және жылжу қасиеті бар. Қартаоның мәні дайын резенкелік бүйімда вулканизациялық процестердің жалғасуынан корінеді, соган байланысты резенке каттылығы бірте-бірте артады. Резенкенің жылжулығы оған статикалық жүктеменің ұзак үақыт әсер ету інтижесінде деформацияның үздіксіз артуынан болады, яғни резенке «жылжиды».

Демпферлену дірілокшаулагыштың маңызды қасиеттерінің бірі болып табылады. Ол резенке каттылығына, серпімді элемент формасына және деформация түріне байланысты болады. Мысалы, горизонталь бағыттардағы дірілокшаулау резенке блоктар ушін алдекайда тиімді, ейткені резенкенің жылжуға деген серпімділік модулі сығуға деген модулден 3-6 есе кем (резенке блок конфигурациясына байланысты).

Тосемдер мен кілемшелер резенкесі сығылуға жұмыс істейтін тіректердің ең қарапайым түрлері болып табылады. Олардың артықшылығы жабдық астына сәйкес ауданды табақшаны жедел қоюға болатындығында, бұл дірілтіректердің басқа түрлерімен салыстырғанда алдекайда арзан. Бірақ

тәсемдер мен кілемшелерді колдану кезінде еден сапасына мұндай орнату кезінде жабдықты биіктігі бойынша тенгеру киындалады.

Дірілокшаулаушы ретінде тәсемдердін келесі типтері колданылады: *тегіс тұтас резенкелік, беті бұдырыланған, маталы негізделген, арнайы синтетикалық резенкелер сіңірліген.*

Тегіс тұтас резенке тәсемдер карапайым болып табылады. Жоғары қаттылығына байланысты оларды тек шуды және жоғары жиіліктері тербелістерді оқшаулау үшін фана колданады. Ауыр жабдықтар үшін беті бұдырыланған тұтас резенкелік тәсемдер мен кілемшелер колданады. Өте жоғары сокқылы жүктемелерді, жоғары жиіліктері дірілдер мен шуларды дірілокшаулау үшін арнайы синтетикалық резенке сіңірліген маталы тәсемдер колданылады.

Резенке-металдық тіректер. Резенке тәсемдер мен кілемшелерден баска резенке-металдық тіректер тіректер жиі колданылады, онда резенкелі серпімді элемент металдық арматурага бекітілген. Мұндай тіректердің артықшылықтары: оларды қатты сокқылар мен дірілдер кезінде машинаның жылжып кетуін болдырмау үшін машинаға да, тірек бетіне сенімді бекітуге болады; арматура көмегімен резенке элементті май, еріткіштер, агресивті сұйықтықтар, күн сәулесі түсіден коргауға болады, бұл олардың қызмет мерзімін ұзартады; орналатылатын машинаны биіктік бойынша реттеу мүмкіндігі.

Резенке-металдық тіректер сығымды жұмыс істейді, ейткені керілу кезінде бекітудің сенімді жағдайларын камтамасыз ету, шағын фана беттік закымдану болуынан резенкенін жыртылу қаупіне байланысты киын болады.

Тұтасметалдық тіректер. Тұтасметалдық тіректердің резенке-металдықтарға қарағанда бірқатар артықшылықтары бар: ете үлкен деформация алуға болады, демек, өзінің тербелістер жиілігі темен; температуралардың кең диапазонында (сипаттамалары еш өзгеріссіз) жұмыс істей алады; олардың деформация номиналды жүктеме тұракты болған кезде уақыт откен сайын шамалы артады; олардың серпімді сипаттамаларын дәл есептеуге болады; олардың күны резенке-металдықтарға қарағанда темен.

Тұтасметалдық дірілтіректердің жоғары жиілікті тербелістерді (дыбысты) жаксы беретіні және бірқатар жағдайларда қандай-да бір қосымша дыбысокшаулағыш элемент енгізуі талап ететін оның ең үлкен кемшілігі болып табылады.

Тұтасметалдық өрілген серпімді элементтер баска материалдарға қарағанда бірқатар артықшылықтарға ие: дірілокшаулауды барлық үш бағытта да бірдей тиімділікте жүзеге асыра алады, олар үшін динамикалық жүктемелер шекті статикалықтардан 8-10 есе артық болуы мүмкін, құрама өрілген элементтердің дыбысокшаулау сапалары жаксы.

Фетрден және тығыннан жасалынған дірілокшаулау тіректері. Фетрлік матыларды сығу жүктемесі кезінде 6-10мм калыңдықта жүндік фетрдің әртүрлі сұрыптарынан жасайды. Фетр майлардың, консистенттік

майлағыштардын, органикалық еріткіштердің, сұыктын, ылғалдың, озонның, күн және ультракүлгін жарық асөрлеріне сезімтал емес.

Фетр дайындалатын жүнде майлы зат (ланолин) болады. Соңдыктан талшықтардың салыстырмалы көзғалысы кезінде тербелістер болғанда едауір демпферлену жүреді. Фетрлік матыларды көбінесе шағын және орташа машиналарды виброокшаулау үшін пайдаланады. Сонымен катар, фетрді, тығын сияқты, бетонды блоктармен жіне колданады. Тығының ұялы құрылымы жоғары жайліктері діріл мен шуды басу кезінде ете жоғары демпферленуді камтамасыз етеді.

Бақылау сұрақтары

1. Іргетастардың негізгі геометриялық параметрлерін атаңыз.
2. Іргетастардың қандай түрлері болады?
3. Жабдықтарды іргетастарға қалай bekite?
4. Жабдықтарды дірілокшаулау үшін не колданылады?
5. Монтаждау аланың үйымдастыру жұмыстарына не кіреді?

5 МОНТАЖДАУ ЖҰМЫСТАРЫН ЖУРГІЗУДІН ҮЙЫМДЫҚ-ТЕХНИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

5.1 Жабдықтарды, конструкцияларды және құбыржелілерді монтаждау әдістері мен технологиясы

Жабдықтарды, конструкцияларды және құбыржелілерді монтаждау әдістері құрылыш-монтаж жұмыстарын жүргізу тізбектілігіне қарай ағымды сәйкестендірілген және тізбекті, ал монтаждау жұмыстарын үйымдастыруға байланысты – жиынтық блоктық, ірі блоктық, ағынды-тораптық және тессемсіз болып белінеді.

Өндірістің ағымды сәйкестендірілген әдісі (АСӘ) – ен үнемдісі. Ол мұкият инженерлік-экономикалық әзірлікке байланысты және нысандарды салу ұзактығын қыскартуды камтамасыз етеді. Жұмыстарды катан түрде, нысан құрылышына катысушы барлық құрылыш монтаж үйымдарымен, сондай-ақ жабдықтар мен материалдардың дер кезінде жеткізілуін камтамасыз ететін тапсырыс берушімен келісіп жасалынған график бойынша орындаиды. Жұмыстарды орындау тізбектілігі: жабдық монтаждауға арналған іргетастар мен алансалар жасау; ауырсалмақты жабдықтар мен цехішілік құбыржелілер тораптарын көтеру және жобалық жағдайға орнату, т.с.с. Бұл әдіс кезінде жұмыстарды механикаландыру деңгейі және көтеру-тасымалдау машиналарын пайдалану коэффициенті артады, монтаждау өтпелері мен шығарымды алансалар жасау құралдары үнемделеді, сибек өндірімділігі артады. Әдістің кемшілігі – орнатылған жабдықты әрі карайы

құрылғыс және әрлеу жұмыстары барысында закымданудан қорғау үшін косымша шығындар шығады.

Тізбектік әдісті техникалық шарттар бойынша тек тұрғызылған үйлерде гана орнатылуы мүмкін жабдыктарды монтаждау кезінде, сондай-ақ монтаждау жұмыстарының көлемі аз болғанда қолданады.

Жабдықты монтаждаудың жиынтықтық-блоктық әдісі жұмыстарды өнеркәсіптік өндіріс жағдайларында монтаждау алдынан (жабдық беруші кәспорындарға немесе монтаждау үйымдарының өндірістік базаларына) барынша алып кетуге байланысты. Бұл – жабдықты монтаждауға тірек және басқа конструкциялардан орамдық технологиялық құбыржелілерден, электртехникалық және автоматтандырылған жүйслер элементтерінен тұратын блокты құрылғылар жиынтығы.

Ірі блоктық әдіс монтаждаудың ең аз мерзімін, дайындаушы зауыттардың жабдықты ірі тасымалды жиынтықты блоктар түрінде жеткізіп беруі есебінен немесе жабдықтар мен коммуникациялар орнату жөніндегі жұмыс көлемін бергенте дейін монтаждау алдында ірілендірілген жинақтау есебінен камтамасыз етеді.

Ағынды-тораптық әдісті зауыттық дайындық дәрежесі төмен (белшектенген турде) келетін жабдықты монтаждау кезінде қолданады. Жұмыстарды үздіксіз және біркелкі жүргізу осы әдістің негізгі принципі болып табылады, ол төмөнделгідей үйымдық-техникалық шаралармен камтамасыз етіледі: монтаждаудың технологиялық процесін операцияларға болу; өндіріске ырғак беру; еңбекті аткаруышылар арасында болу; ірілендіре жинақтау мен монтаждау операцияларын уақыт бойынша сәйкестендіру.

Төсемсіз әдіс жабдықты төсем қолданбай-ақ, оның негізіне бекітілген сығымды реттеуіші құрылғылар, инвентарлық реттелімді төсемдер және арнайы құралдар қолдану есебінен монтаждауды қарастырады.

Дайындаушы зауыттардан жиналған турде келетін жабдық оны монтаждау кезінде жинақтау операцияларын қажет етпейді. Мұндай жағдайда жабдықты жобалық жағдайға монтаждау, негізінен оны нысан маңындағы қоймадан монтаждау аймагына тасымалдаудан; монтаждау аймагы ішіндегі серслеу жұмыстарынан; қабынан шығару мен консервациядан алудан; іргетаска немесе басқа да тірек конструкциясына орнатудан; горизонталь және вертикаль жазықтарда тенгеруден, іргетастық (анкерлік) немесе өзі анкерленетін бурандалармен (дюбеллермен) бекітуден; бос жүрісте сынаудан көрінеді.

Жабдықтардың бір белгігі габариттері мен массаларының үлкендігінс байланысты монтаждауға жекеленген блоктар, тораптар және құрама бірліктер түрінде жеткізіледі. Мұндай жабдықты монтаждау технологиясы келесі операциялардан турады: нысан маңындағы қоймадан ірілендіре жинақтауга арналған аланса тасымалдау; қабынан шығару және консервациядан алу; монтаждау алдындағы серслеу жұмыстары; жабдықты жобалық жағдайға келтіру және орнату; горизонталь және вертикаль

жазыктыкарда тұзу сызыктылығы мен тегістілігін, өстерінің сәйкестілігін, параллелдігі мен перпендикулярлылығын тенгеру; жабдықты бекіту; бос жүрісте синау.

5.2 Монтаждық белгілеулер

Монтаждық белгілеудің мәні монтаждау өстері мен қосалкы белгілеудің жағдайын анықтаудан көрінеді, ол: жабдықтарды құрылым конструкцияларына қатысты бағдарлау мен орналастыру сәйкестігін; монтаждалатын жабдықтардың өзара орналасуының берілген дәлдігін; жабдықтарды тенгеру кезіндегі өлшеу операцияларын орындауда кететін уақыт шығынын қысқартуды қамтамасыз етеді.

Монтаждалатын жабдықты бағдарлау мен орналастыру жобалық құжаттамада реттелген және жұмыстық сыйбаларда негізгі және қосалкы өлшемдер жүйесімен беріледі. Олар аракашықтыларды және құрылымстық конструкциялардың басты өстері және монтаждау мен сабактас өстері арасындағы шекті ауыткуларын, жабдықтардың жоспардағы габариттік өлшемдерін және бекіту элементтерінің жалғасатын жабдықтың жалғау элементтерінің координаттарын көрсетеді.

Монтаждық белгілеу кезінде:

- құрылымстық конструкциялар өстерінің орналасу дұрыстығы мен олардың сыйбаларға сәйкестігін тексеру;
- монтаждық өстерді кеңістікте орналасуын белгілеу;
- жұмыстық сыйбалар бойынша төсем элементтерінің, монтаждық тесіктердің, жабдық астындағы тірек аландары мен іргетастар орналасуын тексеруді жүргізеді.

Монтаждау өстерінің координаттарын құрылым өстерін горизонталь және вертикаль бағыттарда тегіспаралель алып жүзу, оларды берілген бұрышқа қисайту немесе бұру арқылы табады. Негізгі және қосалкы монтаждау өстерінің өзара орналасу дәлдігін қамтамасыз етуге нивелирлеу арқылы қол жеткізеді. Монтаждау өстерінің нақты аналогтарын жасау (әдетте 2...2,2 м білдірілген) бір ұшы құрылым конструкцияларына катты бекітілген сым пернені керу арқылы жасалады. Керіш жүк ілінген екінші ұшы ролик арқылы етеді. Керілген жағдайда сым-перне монтаждау осімен дәл келуі тиіс. Бұл мақсаттау капрон, жібек, нейлон жіптер немесе диаметрі 0,3...0,5 мм болат сым, сым-перненің ұзғу жүктемесінің 2/3 белгігін дейін керілуін қамтамасыз ететін, тиісінше 7...20 кг салмақтағы керу жүктері колданылады. Диаметрі 0,5 мм сым-перненің 5, 10 немесе 15 м ұзындықтағы салбырауы 24, 86 немесе 160 мкм аспауы тиіс, бұл монтаждалатын жабдықтың орналасуындағы шекті ауыткулармен келісілген.

Сым-перне жағдайының монтаждау осіне сәйкестігі өзара перпендикуляр орналаскан екі микрометрлік винті бар кронштейн түрінде


орындалатын екі бекіту жүктемесінің біреуін горизонталь және вертикаль жылжыту арқылы қамтамасыз етіледі.

Бірнеше сым-перне орнату кезінде олардың параллелділігін олардың немесе осы сым-пернелерден түсірілген ілмелер арасындағы қашыктықты елшеумен, ал перпендикулярының - бұрыштық көмегімен анықтайды.

Белдемелер өстерін, бойлық және көлденен монтаждау өстерін ілмежүк көмегімен жабындыға проекциялайды. Бор немесе көк ұштақ жағылған жілті белгіленген нүктелерге қыса отырып, монтаждау осінін проекциясын жабынды еденіне шертпіл салады.


Монтаждауды геодезиялық негіздеу үшін өстердің параллель және перпендикуляр орын ауыстыруларын амбебап құрылғылар (5.1-сурет) қолдана немесе бор, сызыыш және бұрыштық бекітілген жіп көмегімен геометриялық сыйбалар (5.2-сурет) жүргізе отырып орындайды.

Монтаждық өсті параллель ауыстыру үшін сым-перненем екі ілмежүктің жіпптерін жанастырады; ілме-жүктөрдің жанасу нүктесі арқылы ос проекциясын шертпіл салады: ері карай бұрыштық қолдана отырып, берілген елшемдегі екі перпендикуляр сыйзық жасап, жана монтаждық ос проекциясын шертпіл салады, оны ілме-жүктөр көмегімен қажетті білктікке көтереді, сонаң кейін сым-пернені бекітеді. Өстерді үй кабаттарына тербелісті болдырмау үшін созылмалы сүйкіткікка (май, мұнай, мазут) аздап матырылған ілме-жүктөр көмегімен ауыстырады.



5.1-сурет. Берілген немесе соган параллель сыйкытарды белгілеуге арналған амбебап құрылғылар:

a – бұрылыштық: 1, 2 – негіз; 3 – тұтқа; 4 – кронштейн; 5 – төлкс; 6 – бекіту винті; 7 – ұштік; 8 – штанга; 9 – белгі салу инесі; 10 – бас; 11 – жіппегі ілме-жүк; 12 – құбыр;
b, *a* – перпендикуляр сыйкытар жүргізуге арналған: 1 – жіппегі ілме-жүк; 2 – ұшаяқ;
3 – сызыыш; *x* – көрілмелі.




5.2-сурет. Жабындыға АВ сызығына катысты бағдарланған монтаждау осін тұрғызу:

а – еркін СЕ-DF аракашықтығында орналаскан; б – С нүктесін арқылы отетін; в – L кашыктықта орналаскан.

Монтаждық өстерді көрші жағдайларға аудыстыруды кабырғаларда бар жобалық (есік ойығы, желдету саңылауы, т.с.с.) немесе ариайы дайындалған тесіктерді қолдана отырып жүргізеді, олар арқылы көрші жайлардағы монтаждық өстерді белгілеу үшін база қызметтін аткаратын құрылыш осіне параллель сым-перне өткізеді. Монтаждық өстерді жоғары немесе төмен орналаскан кабаттарға аудыстыруда да тесіктер арқылы ілмемжүктегі комегімен орындаиды.

Жабындыларда белгіленген проекцияларды жабдық орнатуға арналған тірек беттерін, сондай-ак оны бекітуге арналған тесіктер координаталарын және материал өткізгіштерді, берілістер мен басқа элементтерді белгілеу кезінде колданады. Біртаптес жабдықты топтап монтаждау кезінде тірек беттіне белгі салу үшін беттік материалдан немесе рамадан жасалынған *улғи-қалып* (*шаблон*) колданған жөн, бұл белгі салуға кететін уақыт шынынын біршама азайтады және оның дәлдігін едәуір арттырады.

Жайларды жабдық монтаждау үшін белгілеу кезінде кабырғаларда таза еден деңгейін белгілейтін сызықтар салу маңызды болып табылады. Биіктік бойынша елшемдерді нивелир комегімен, биіктігі алды ала белгілі, тұракты нүктеден тексереді. Мұндай нүктені *репер*, ал биіктіктің сандық мәнін – белгі деп атайды. Иргетас арматурасына немесе цементтік балшықпен құйылған табакшага пісіріп бекітілген, диаметрі 25...30 мм қайтарма түйме (*заклепка*) биіктік репер (5.3-сурет) қызметтін аткара алады.




5.3-сурет. Бакылаулык естік плашталар мен биіктік реперлерін орнату сұлбалары

Репердің доңгелектенген үстінгі беті барлық биіктік белгілеудердің есебінің бастамасы қызметін атқарады.

Биіктік белгілерді дәлдігі $\pm 1\ldots 2$ мм гидростатикалық деңгейліктер бойынша салады. Гидростатикалық деңгейлік резенке түтікпен жалғанған және сүмен толтырылған, белгі салынған мөлдір түтікшелерден (5.4-сурет) тұрады.

Түтікшелерді бір біріне тиісті қашыктықта орналасырганда байланыстағы ыдыстар заны бойынша олардагы су деңгейі бірдей болады, ал түтікшелердегі сүйкіткіш менискілерін жалғастыратын сызық горизонталь күйге келеді (5.4-суреттегі АБ үзікті сызығы). Түтіктердің біреуін репер маңына, ал екіншісін белгін ауыстыруға қажет орын жанына орнатып, есептеуді бағтайтын. Менискілер арасындағы жобалық көлбесуді біле отырып, түтікшелер деңгейлеріндегі айырманы білуге болады.



6.4-сурет. Гидростатикалық деңгейлерді колдану сұлбасы:
а – әдеттегі; б – косымша ыдысы бар; 1 – түтікше; 2 – шланг; 3 – ыдыс

Әлдекайда жоғары дәлдіктері (0,5 мм) жабдықтың орнатылуын геодезиялық құрал – нивелирмен тексереді. Монтаждау кезіндегі геодезиялық тексеруді жабдықтың ұзындығы едәуір болған жағдайда (таспалы тасымалдағыштар, қалакшалы конвейерлер) орындаған жән.

5.3 Жабдықтарды орнату, төңгеру және бекіту

Жабдықтарды іргетастарға, металдық конструкцияларға (рамалар, кронштейндер, аспалар), темірбетондық және болат аланшаларға, жабындылар мен едениге орнатады. Жабдықты іргетасқа орнату жұмыстарына оның дайындығы туралы актілерге қол қойылғаннан кейін кіріседі.


Жабдықты іргетасқа жобалық жағдайда орнату машинаны немесе оның тіректік элементтерін іргетасқа орналастырудан; тіректік элементтерге базалық тетіктін (станинаның, раманың, негіздің) тесіктері мен іргетастық бүрандаларды сыйкестендіре алдын ала орнатудан; жабдықты жобалық жағдайға орнатудан және оны нақты жағдайын бақылай отырып, кажетті реттеулік жылжытуларды орындау жолымен төңгеруден және қю (бекіту) алдындағы алдын ала тіркеуден; «жабдық-іргетас» санылауын қюдан тұрады.

Төңгеру кезіндегі реттеулік жылжытуларды жүк көтеру механизмдерінің домкраттар мен монтаждау күршылыларының көмегімен жабдықтың базалық тетігінің тесіктері, кабыргасы мен алдын ала орнатылған іргетастық болттар өзектері арасындағы санылау шегінде немесе жабдықты бекітуге арналған іргетастық бүрандалар шегінде жүзеге асырады.

Жабдықты реттеу винттерінің, уакытша тірек элементтерінің, орнату бүрандалықтарының, төсемдер жиынтығының көмегімен төңгереді (5.5-сурет).

Жабдықты реттеу винттерінің көмегімен төңгеру кезінде бастапқы жағдайда олар жабдық бетінен төмен бірдей түсіп тұруы (20 мм дейін) керек. Жабдықтың білктік бойынша және горизонталь жазықтықтағы жағдайын барлық винттермен, төңгеру кезінде оның горизонтальдан ауытқуын 1 метрде 10 мм-ден артық болмайтындар етіп реттейді. Төңгеруді аяқтағаннан кейін жабдықты іргетастық бүранадалар көмегімен, берілген күшпен тарта отырып бекітеді.

Жабдықты тығырығы бар орнату бүраналықтары көмегімен төңгере отырып орнату кезінде оларды білктік бойынша табақшалы тығырықтың үсті жабдықтың тіректік бетінің жобалық белгісінен 2..3 мм жоғары болатындағы етіп реттейді; жабдықты тірек элементтеріне түсіріп, оның жағдайын бекіту бүраналықтарын тарта отырып реттейді.



5.5-сурет. Жабдықты іргетастар мен негіздерге бекіту сұлбалары:

- a* – инвентарлық сыналы төсемдер көмегімен; *b* – сыналы төсемдермен; *c* – жалпақ металл төсемдермен; *d* – төсемсіз монтажға арналған күршылыштармен; *e* – орнату бұрандалықтармен; *e* – өзі анкерленетін бұрандалармен; 1 – машина негізі; 2 – инвентарлық сыналы төсем (домкрат); 3 – сыналы төсемдер; 4 – жалпақ металдық төсемдер; 5 – іргетас; 6, 8 – бұрандалар (винттер); 7 – струбцина; 9 – бетондық құйма; 10 – тығырык; 11 – бекіту бұрандалығы; 12 – тіректік бекіту бұрандалығы; 13 – мұрындық; 14 – цангa.

Тенгеру кезінде қолданылатын металдық төсемдер іргетас бетіне тығыз беттелуі, ал олардың жиынтықтағы саны барынша аз және бесеуден аспауы керек. Жиынтықты қалындығы 5 мм және одан жоғары болат немесе шойын төсемдер мен қалындығы 0,5...5 мм реттеу төсемдерінен жинаиды. Жиынтыктарды жалпақ және сыналы төсемдерден тұратын пирамидалы және сыналы деп бөледі.

Металдық төсемдер жиынтықтарын іргетас бұрандаларына барынша жакын орнатып, бір бірінен әр 300...800 мм сайын орналастырады. Жабдықты түбекейлі тенгергеннен кейін жиынтықтағы төсемдерді электрлік пісірмемен ұстадады.

Теңгеру кезіндегі жабдық өстерінің жағдайын жоспарда сым-пернелік, сым-пернелік-оптикалық әдіс көмегімен, теодолитпен бүйрілік нивелирлеумен, сызықты өлшемдерді тікелей бақылаумен тексереді. Жабдық өстерінің биіктік бойынша жағдайын жұмыстық реперлерге қатысты геометриялық немесе тригонометриялық нивелирмен, гидростатикалық әдіспен немесе аралық базадан реперге дейінгі өлшемдерді өлшеумен бақылайды. Жабдық өстерінің горизонталь бойынша жағдайын бақылау үшін деңгейлер, нивелирлер, ілме-жүктер және теодолиттер колданады.

Жабдықтарды тәнгергеннен кейін алдын ал бекітеді, тек тірек элементтеріне жақын орналаскан бұрандаларды ғана тартады. Соナン кейін жабдық өстерінің жағдайын тағы да бақылайды және жабдықтан болатын жүктемені қабылдайтын бетонды үстемелеп құяды (іргетасты осіру). Устеп құйылатын бетонның іргетас және монтаждалатын жабдық бетімен сапалы ілінісуі үшін бұл беттерді бөгде заттардан, шаңнан тазалайды, майсыздандыра және ойыктар мен шұңқырларда судын жинақталуына жол бермей таза сүмен жуады. Устеп құюға арналған бетон маркасын іргетас бетонның маркасынан томен болмайтындей етіп колданады, ал толықтырыш фракциясы элементтерінің (жырынтас, құмтас) *олшемдері* 5...20 мм құрайды. Устеп құю қабатының қалындығы 50 мм кем болмауы тиіс. Жабдықтың барлық төтігі тірек белгінің ені 2 м артық болғанда устеп құю қабатының қалындығын 80..100 мм тең етіп қабылдайды.

Бетон коспасын *dirilдеткіштер* колдана отырып, тірек белгіндеңегі тесіктер арқылы немесе құйылатын тетіктің бір жағынан қоспа карсы беттен устеп құюдың негізгі белгінің бінкітгінен 20..30 мм артканға дейін береді. Жабдықтың тірек белгінен устеп құю қабатының шетіне дейінгі аракашықтық 100..200 мм қурауы тиіс. Жабдықтың негізгі белгіне жанасатын устеп құю беті жабдықтан сыртқа караі 1:50 еңістікте болуы керек.

Устеп құю материалы жобалық беріктікін 70% жеткен соң бұрандаларды динамометрлік және шекті тырылдақ кілттер, кілт-мультиплікаторлар, сондай-ақ электрлік бұрандалық бұрағыштар мен пневмобұрандалықбұрағыштар көмегімен түбегейлі тартады. Иргетастық бұрандалардың бұрандалықтарын тарту кезінде барлық бұрандалардың біркелкі тартылуын және машина негізінің іргетасқа нығыз беттелуін қамтамасыз етеді.

Дайындаушы-қасіпорындар, әдетте іргетастық бұрандаларды жабдықпен бірге жынтықта береді және олардың тарту моменттерін корсетеді. Мұндай сілтіме болмаган жағдайда бұрандаларды түбегейлі тарту кезіндегі момент бұранда бұрамасының диаметрі 12 мм болғанда 12...24 Нм; ал 30..60 – 16 мм; 130..250 – 24 мм; 300..350 – 30 мм; 600..950 – 36 мм; 1000..1500 – 42 мм; 1100..2300 – 48 мм.

Бұрамалар өзектері бұрандалық (контрбұрандалық) бетінен бұраманың 1,5...2 орамындашығып тұруы тиіс. Жақсы тартылған бұрандамалық қосылыста бұрандалық, тығырық пен машина корпусының негізі арасындағы санылау 0,03 мм аспауы керек. Керіш тиітегі бекітілелер (диаметрі) 8..48 мм өзі анкерленетін бұрандалар мен дюбелдер колдану да тиімді. Құрылыштық конструкцияларда тесік тесу үшін әртурлі электрлік және пневматикалық перфораторлар колданады. Өзі анкерленетін бұранданы (дюбелді) тазаланған тесікке қойып, соңынан ариайы түзетпе бойынша конусқа балғамен ұрып отырызылады. Бұрандалықты тарту кезінде конус сакинаға (цангага) тартылып санылауды сыйналай келе, оны кенейтеді.

5.4 Жабдықтың типтік құрама бірліктерін монтаждау

Типтік құрама бірліктерді (рамалар, редукторлар, бүраламы, шлицалы және сыналы косылыстар, белдікті және шынжырылыш берілістер, подшипниктер, реттеуші және тығындаушы аппаратура, санитарлық аспаптар) монтаждауға қойылатын талаптар жалпы болып табылады.

Рама – машинаның немесе жабдықтың төтіктерді, құрама бірліктер мен механизмдерді орнатуға арналған базалық негізгі боллігі. Пісірілімді конструкция түрінде болады. Монтаждау кезінде оның орнатылу жағдайы дұрыс болмағанда машина мерзімінен бұрын істен шыгуы мүмкін. Сондықтан раманы жобалық жағдайға орнату алдында оның тұтастығын, каттылығын, деформациясы болмауын тексереді. Раманы іргетасқа орнатады және оның жағдайын горизонталь мен вертикаль жазықтықтарда тенгереді, қажет болса негіз астына қабаттап жинақталатын металдық тессемдер кояды.

Раманы тессемдерге орнатқаннан кейін іргетастық бұрандаларды шамалы тартады, соナン соң оның жағдайын бақылайды. Қажет болғанда раманы сол көтеріп, жиынтыққа жұка бетті тессемдер косады немесе алдын ала дайындалған басқа кальцыктағы тессеммен ауыстырады. Соナン соң іргетастық бұрандаларды қайта тартып, рама жағдайын бақылайды. Бұрандаларды бетон толық қатқаннан кейін бұрандамалық кілт көмегімен белгілі бір күшпен тартады, оның бұрау моментін шектік және динамометрлік кілттер көмегімен елшайді.

Жекеленген жағдайларда рама астына сұйық цементтік балшық күйіп, оны резенке тессемдерге немесе бекітпесі жок тегіс катты аланшага орнатады.

Сыналы косылыстарды біліктерді айналыс төтіктерінің (маховиктер, жұлдызышалар, шкивтер, т.б.) күшшектерімен (ступица) косу үшін колданады. Косылыстарды жинау кезінде сынаның формасы мен елшемдерін, білік пен күшшек ойыктарын тексеру, ойыктануды бұдырлар мен үштануларды алып тастау керек. Сынаны арнағы күрүлгилар немесе мыс әлде корғасын басы бар балға көмегімен престейді. Престеудін алдында сына тәріздес сынаны және ойықты машина майымен майлайды. Косылыстың жиналу сапасын бүйірлік санылаудың болуымен тексереді, ол үштүк сынаның ені 13...18мм және биіктігі 5...11мм болғанда 0,35мм, сына ені 20...28мм және биіктігі 8...16 мм болғанда 0,4мм аспауы және призмалық сыналы косылыстарда мүлде болмауы тиіс. Санылауды шуппен елшайді.

Белдікті беріліс – механикалық берілістердің кең тараған типі, оның мынадай артықшылықтары бар: жүрістің икемділігі мен шусыздығы, жылдамдықтың жогарылығы және құрылғының қарапайымдылығы, бураушы моменттерді үлкен кашақтықтарға беру мүмкіндігі.

Белдікті берілісті монтаждау реті: шкивтердің формадан ауытқуын, есепті (жобалық) жағдайдан ауытқуын тексеру; шкивтерге тенгеру

(балансировка) жасау; шкивтерді біліктеге орнату және оларды бекіту; шкивтердің параллелдігін тексеру; белдікті (белдіктерді) орнату және керу.

Масса центрін айналу осімен сәйкестендіру үшін статикалық тенгеру жүргізеді.

Белдікті орнатар және керу кезінде оны алдымен кіші шкивке, сонаң соң үлкен шкивке кигіздеді. Белдіктің қызмет мерзіміне оны алдын ала керу күші ықпал етеді. Керу алсіз болғанда белдік тайғанайды, қызады, оның тармактарында резонанс болуы мүмкін. Қатты керу тез созылуға, икемділіктің жоғалуына білік тіректеріне артық жүктеменін түсүіне, белдік пен шкивтердің тозуына соқтырады.

Белдікті берілістердегі алдын ала шекі (қалыпты) кернеу: жалпақ белдіктер үшін $\delta_0 = 1,8 \text{ MPa}$; сұнара тәріздес белдіктер үшін $\delta_0 = 1,2 \dots 1,5 \text{ MPa}$.

Алдын ала керу күші:


$$F_0 = \delta_0 A, \text{ Н} \quad (5.1)$$

мұндағы: A - белдіктің көлденен кимасының ауданы, мм^2

Белдіктің керілу дұрыстығын белгілі бір күштен F болатын оның илү олшемі f бойынша бақылайды (5.6-сурет):

$$f = \frac{Fa}{4F_0}, \quad (5.2)$$

мұндағы: a - осаралық қашықтық, мм



5.6-сурет. А, Б, В, Г, Д типтес белдіктердің осаралық қашықтыкка байланысты илүі:

D_1, D_2 – жетекші және жетекстегі шкивтердің диаметрлері; n_1, n_2 – жетекші және жетекші шкивтердің айналу жиіліктері.

Шынжырлы берілісті монтаждауды шынжырдың, жұлдызышалардың, біліктеге отырғызу орындарын байқаудан бастайды.

Шынжыр мен жұлдызшалардың сәйкестігін тексергенде оларды бір-біріне койып аныктайды.

Жұлдызшаларды білікке балға көмегімен отыргызыды және индикатор колдана отырып радиалдық және ұштық ұрылударды тексеріп, оларды бекіткіш және контрабрандалықпен бекітеді. Шынжырдың жұлдызышаға орнатып, оның ұштарын арнайы құрылғы көмегімен жалғайды.

Телkelік-роликтік шынжыр құлпысының бітеуші белігін оның қозғалатын жағына карай бағыттайды.

Жұлдызшалар орнатылған біліктердің остері өзара параллель болуы тиіс. Бір берілістің жұлдызшаларын бір жазықтықта орналастырады (жұлдызшалардың бойлық жазықтықтарының шекті ығысуы әрбір 1000 мм үшін 1...2мм). Шынжыр табакшалары өзара параллель болуы тиіс. Горизонталь берілістер мен көлбеулік бұрышы 45° дейінгі берілістерде шынжырдың салбырауы 0,005...0,02 A, ал көлбеулік бұрышы 45° үлкен және вертикаль берілістер үшін 0,002 A болуына рұксат етіледі. Шынжырдың керілудің жұлдызшалар, роликтер білігі тіректерін жылжытумен реттейді, егер шынжырды колмен басқанда жұлдызшаны қамту бұрышы 5% аспаса, онда ол қалыпты болып есептелінеді.

Жинау аяқталғаннан кейін колмен немесе рычаг көмегімен сынамалық айналым жасайды. Бұл кезде жұлдызна тістерінен шығып кетпеуі керек, әрбір буын кез келген тіске еркін отыруы және шығуы тиіс. Беріліс жұмысқа, роликтерді тістерге ұрмай жұмыс істеуі керек.

Біліктердің өстік сәйкестігіне косылатын құрама бірліктер рамасы астына тесем кою және оларды горизонталь жазықтықта бұру арқылы кол жеткізеді.

Редукторлар мен жылдамдық вариаторларын жабдық механизмдері жетегінің айналу жиілігін өзгерту үшін колданады. Ең көп таралғандары цилиндрлік және червякті редукторлар. Монтаждауға койылатын редукторлар оларды жобалық жағдайға орнатқанға дейін электр моторларымен агрегатталады. Редуктор мен электрмоторды жобада қарастырылған металл рамага немесе конструкцияға монтаждайды. Рамага орнатқанға дейін редукторға ревизия жүргізеді. Редуктор мен электрмоторды монтаждау кезінде олардың біліктерінің қажетті дәлдіктері өс сәйкестігі және горизонтальдылығы қамтамасыз етілуі тиіс. Өс сәйкестігін біліктерде біркітіретін жартылай муфталардың өзара орналасуындағы жағдайының, екі біліктегі 360° бұрылғандығы өзгеруі бойынша тексереді. Редуктор мен электрмотордың горизонталь жағдайына кол жеткізу үшін, қажет болса, редуктор мен электр-моторының астына металл төсемдер кояды. Түбебейлі тенгергеннен кейін редуктор мен электр моторды рамага бекіту болттарын тартады, агрегатты колмен бурайды, ал сонаң кейін оны электр моторы қосылған кезде сыйнайды. Жиналған және ысылтудан өткен агрегатты монтаждау алаңына жеткізеді, сонда серелеу қуралдарының көмегімен

іргетаска немесе металдық тірек конструкциясына жабдық механизмімен кәжетті қосылуды қамтамасыз ете отырып орнатады.

Монтаждауға койылатын жылдамдық вариаторын тірек конструкциясына редуктормен және электр моторларымен (жетекшімен және көрсеткіштермен) агрегаттайтының мүмкіншілігін сипаттауда.

Біліктеге жалғастыруыш жартылай муфталар орнатады. Осыдан кейін электр моторлары мен жылдамдықтар вариаторының центрленетін біліктерінін горизонталдығы және өс сыйектігі тенгерледі. Жылдамдықтар вариаторын бос жүрісте сынай алдында оның конустық дисқілерін вариатор жұмысы кезінде белдіктің тайғанауын болдырмау үшін тазалайды.

Жылдамдықтар вариаторының жұмысын тексеру үшін оны жетекші электрмотор білгіндегі муфтадан бірнеше рет қолмен айналдырады., соナン соң электрмотор қосылған кезде сынайды.

Кұбыржелілерді, олардың барлық қосылыстарын қабырғадан тыс және одан 15...30 мм қашыктықта болатынай етіп монтаждайды. Монтаждау алдында құбыржелілердің кеңістікте жағдайын аныктайтын естер мен жекеленген нүктелерді белгілейді, оларды жоспардағы торларға және үйлердің немесе гимараттардың кималарындағы биіктік белгілерге салады.

Жоғары қысымды коммуникациялардың құбыржелілерін монтаждауды келесі тізбекте жүргізілді. Алғашында тіректік металл конструкцияларды ірілendірілген блоктар түрінде эстакадаларға, туннелдерге және цехтар ішіне монтаждайды. Соナン кейін орнатылған және биіктік бойынша тексерілген тіректерге құбырларды, фасонды тетіктерді және линзальы нығыздауышы бар фланецтерде жалғанатын арматураларды тесейді.

Құбыржелілерді монтаждау алдында тіректерді нивелирлеумен тексереді, алынган нотижелерді сұлбамен рәсімдейді, онда жобалық және нақты белгілерді көрсетеді.

Иілімі бар құбыржелі участекелерінде арматура мен фланецтік қосылыстар маңында тіректерді келесідей негізгі талаптар орындалған жағдайдаған орнатуға болады:

- тірек қамыттарын құбыржелінің иілген участекелерінде орнатуға болмайды;

- құбыржелілерде вертикаль участекелер болғанда тіректердің орналасуы осы участекелердің жылулық ұзаруына кедегі болмауы тиіс және құбыржелі массасының жақын тіректер бойынша таралу біркелкісіздігін болдырмауы керек;

- тіректерді компенсатордың екі жағынан орнатқан кезде, оларды компенсатор құбыржелінің түйісетін участекелері массасымен қосымша жүктелмей үшін, оған барынша жақын орналастырған жән;

- тіректерді мүмкіндігінше арматурага және едәуір салмагы бар фланецтік қосылыстарға жақын орнату қажет, бірақ $D_{\text{ш}} \leq 60$ мм дейін құбырлар тірегінен 0,3 м-ден, ал үлкен өтпелер кезінде 0,5 м-ден жақын болмауы тиіс.

Линзалар қолданылатын фланецтік қосылыштарды жинау кезінде сонғыларын орнатқанға дейін ақаусыздығына көз жеткізе тексереді. Линзалық қосылымдың тұғыздығы ен алдымен нығызыдау беттерінің геометриялық дұрыстығына және ондеу тазалығына, сондай-ақ оларды орнатудың төмөндегідей ережелерінің орындалуына байланысты болады.

- линза беттерінің адасқан токтан закымдануын болдырмау үшін оларды май мен ылғалдан тазарту және құргақтай орнату қажет;
- линзанды орнына орнатқанға дейін фланецтерге алдын ала екі-үш мұрындық салып, оны орналастырган сон күбырларды жакындау және линзанды құбыржелі тетіктерінің ұштары арасына фланецке толық қыстырылған мұрындықтармен (шипилька) қысу керек;
- фланецтік қосылыштардың мұрындықтарын алдын ала сүграфиттік эмульсиямен немесе пастамен өндөу қажет;
- фланецтік қосылышты жинау үшін қырлары жанышылудан, тырналудан таза бұрандалықтар қолдану керек;
- бұрандалықтарды тарту біркелкі, белгілі бір ретпен (айқастыра, яғни фланецтік қосылышта диаметр бойында карама-карсы орналасқан бұрандалықтарды кезекпен) жүргізілуі тиіс. тарту кезінде фланецтердің орналасу параллельдігін үнемі тексеру қажет. Бұрандалықтардың тірек беттерінің фланец жазықтығына жатуын шуппен бақылайды;
- фланецтік қосылыштың бұрандалықтарын ауа температурасы - 15⁰C төмөн смес жағдайда түбекейлі тартады;
- фланецтік қосылыштардың бұрандалықтарын тарту кезіндегі онтайлы бұрау моментін туғызу үшін, иін ұзындығы 5.1-кесте мәліметтеріне сәй келетін бұрандалық кілттерді қолдану, сондай-ақ реттелетін бұраушы моменті бар динамометрлік кілттер қолдану қажет;
- гидравликалық сынақ барысында фланецті қосылыштың тұғыздығы байқалғанда линзанды ауыстырган жән; тұғыздықты әрі қарай бұрандалықтарды тарту арқылы жоюға тиім салынады;
- жұмсақ тұғыздашы металл төсеммен жабдықталған фланецтік қосылышты жинау кезінде фланецтерде концентрациялық белгілердің болуын тексеру қажет; фланецтердің ұштық беттерінде түрлілер болмауы тиіс.

Жоғары қысымды құбыржелілерге арналған компенсаторларды құбырларды ($D_{\text{в}} \leq 90$ мм болғанда) ию арқылы дайындауды немесе фланецтерде құбырлардың түзу участкелері мен фасондық тетіктерден жинайды. П-тәріздес компенсаторларды дайындау кезінде олардың ортасында фланецтерді пісіруге немесе орнатуға рұқсат етілмейді.

5.1-кесте. Коммуникациялардың жұмыстық қысымы 32 және 70 МПа құбыржелілерінің фланецтік косылыштарын жинауга арналған кілттердің техникалық сипаттамасы

Бұранда бурамасының номиналды елшемі, мм	Жұмыстық қысым, Мпа	Шартты өтпес Д, мм	Кілт індерінің ұзындығы, мм	
			монтаждау үшін	косымша тарту кезінде
M 16	32 70	10, 15, 25, 6, 10, 15	250	320
M18	32 70	32 25	400	550
M22	32 70	40 32	500	650
M24	32 70	60 40	850	1150
M27	32 70	70 60	1400	1850

П-тәріздес компенсаторды үш жерден бекітеді: фланецтер маңында құбырдың екі-үш сыртқы диаметргіне тен кашыктықта (фланецтік косылыштың ортасынан есептегендеге) екі қозғалмалы тіректе және компенсатор шығымының ортасында қозғалмалы тіректе. П-тәріздес компенсаторды монтаждау кезінде оның органды белгі, онда конденсаттың жиналып қалуын болдырмау үшін, құбырдың сыртқы диаметрінің жартысынан жоғары болуы тиіс, ал компенсаторға жақын маңға магистралдің өз өсінен көлденең бағытқа ауытқуын болдырмау үшін қосымша жылжымалы тіректер орнатады.

Компенсаторы бар құбыржеліде оның еске 90° бұрылған жерінен кейін жылжымайтын тірек қоюға тыйым салынады. Тіректерді компенсатордан кейін түзу участеклерде орнатады.

Құбыржелілердің горизонталь участеклерінде тығындық арматураны шинделельді жоғары қаратып немесе вертикальға 90° бұрышпен орнату керек. Серіппелі сақтандыру клапандарын қатаң түрде вертикаль орнатады: олардың жағдайын деңгейлік бойынша тексереді.

Жылжытпа жапқыштардың барлық типтерін ластанған немесе жылдам қататын өнімдерді тасымалдау кезінде, сондай-ақ колмен басқарылатын және шартты өтпесі (D) 600 мм жоғары жылжытпаларды маховигін тек жоғары қаратып қана орнату кажет.

Үлкен массалы арматураны монтаждау кезінде жүк котеру құрылғыларын (рычагты қол шығырларын, тальдар, т.б.) колданады. Арматураны котеру кезінде аркандауды тек корпустаған орындайды.

Арматураны құрылғы штурвалына, шпинделіне, рычагтарына және басқа тетіктеріне арқандауга рұқсат етілмейді.

Егер құбыржеліні төсөу кезінде қабырғалар, бөлү қабырғалары мен жабындылар кездесетін болса, онда оны ішкі диаметрі құбыржелінің сыртқы диаметрінен 10...20 мм артық арнайы гильзалар арқылы өткізеді. Құбырлардағы бұрамалар (резьба) арматурадағы бұрамадан ұзындығы бойынша жарты орамға кем салынуы және таза болуы тиіс.

Бұрамалы құбырларды жинау кезінде муфталар мен контргүрнапталыктар колданады. Бұрамалы қосылыштарды тығыздау үшін кендір шуда немесе асбест жіп пен қорғасын суректен (2/3) және табиги олифадан (1/3) дайындалған суректік жақпа пайдаланады. Жіпті (ерімдерді) бұрама бағыты бойынша және біркелкі қабатпен орайды.

Жабдықтардың типтік құрама бірліктерін монтаждауды білген соң, кен тараған конвейерлерді, яғни винттік (шнектер), таспалы және шынжырлы тасымалдағыштарды (транспортерларды) қарастырамыз.

Винттік конвейерлер (шнектер). Сусымалы өнімдерді бос күйінде горизонталь бағытта немесе 30° дейін көтере жылжыту үшін винттік конвейерлер колданады. Біліктегі орамдардың орналасуына қарай оғ және сол шнектер шығарылады. Оғ шнек деп өнім бакылаушыга қарай винт сағат тілі бағытымен, сол шнек деп винт сағат тіліне қарсы айналғанда жылжитын шнекті айтады.

Ұзындығы шамалы шнектер монтаждауға жиналған жекеленген тораптармен келетін шнектерді жабдықты ірілendіре жинауга арналған аланшада алдын ала жинайды. Монтаждаудың алдында шнек тораптарының күйін тексереді. Астаудагы ойылулар мен винттің майысуларын түзетеді.

Шнекті монтаждауды басты бойлық есті белгілеуден және астау секциясын жетек жағынан орнатудан бастайды. Шнек астауының төсемі бар жекеленген буындарының фланецтерін бурандалармен жалгайды, тұрасызықтылығын горизонталь жазықтықта сым-пернемен, ал вертикаль жазықтықта деңгейлікпен тенгереді. Орнатылған шнек астауын тенгергеннен кейін аспалы подшипниктер мен жетек жағындағы білік буындарын монтаждауға кіріседі. Білік секцияларын бұрандалармен біріктіреді.

Монтаждау кезінде шнек білігінің бағдарлануын деңгейлікпен немесе үлгі қалыптен тексереді, бұл кезде төсемдер көмегімен шығарымды подшипниктер орналасу биіктігі мен горизонтальдылығын реттейді. Астаудың ішкі беті мен винт арасындағы радиалды саңулау шнек диаметрі 250 мм дейін болса - 10 мм, диаметрі 250 мм артық болғанда - 15 мм.

Винт есінің ауытқуын 1 метрге 0,2 мм, ал 10 м ұзындыққа 1мм; астау секциясы естерінің ығысуы 0,5 мм дейін және подшипниктер

центрлерінің ығысуы 0,3 мм дейін; винт білігінің радиалды соғуы 0,2 мм, ал винттің сыртық ернеуінікі 1,5 мм болуы тиіс.

Сонан кейін шнекті айналдыру жетегі монтаждалады және оны колмен айналдырып көреді. Сынау басталғанға дейін редукторға май құяды, шығарымды подшипниктерді майлайды, шнек пен жетекті бекіту сенімділігін тексереді. Егер шнекті қолмен айналдыру кезінде калақшаның астауға тиоу байкалмаса, ал радиалдық және өстік ұрулар тиісінше 0,3 мм және шнек ұзындығының 0,0001 бөлігінен аспайтын болса, онда шнекті электрмотордан келетін жетекпен айналдыра кіріседі. Шнекті бос жүрісте, жетек қоршаулары және үстінгі қақпақтар орнатылған кезде 2 сағат бойы сынайды.

Таспалы және шынжырлы тасымалдағыштар. Тиеуші калақшалары бар таспалы және шынжырлы тасымалдағыштарды сусындалы материалдарды бос күйінде жылжыту үшін колданады.

Сусындалы материалдарды капталған күйде тасымалдау үшін таспалы тасымалдағыштар, ал ыдысты және дара материалдар үшін шынжырлы және табакшалы тасымалдағыштар колданылады.

Ұзындығы 5 м дейінгі таспалы тасымалдағыштарды әдетте монтаждауға толық жиналған турде, одан ұзындары құрама бірліктер түрінде келіп түседі. Таспалы тасымалдағыштарды стандартты емес жабдықтарға жатқызады, сондыктan оларды монтаждау ұйымы әзірлей алады.

Таспалы тасымалдағышты келесі тізбекте монтаждайды:

Жана таспаны, егер ол кері температурада сакталса, тәулік бойы 5°C-тан төмен емес температурада үстайды. Сонан соң оны 2...3 тәулік бойы алдын ала кереді, бұл кезде таспа кимасындағы керілу 3...3,5 МПа болуы тиіс. Бұл үшін таспаны қажетті биіктікте орнатылған барабанмен тартып, таспа үштарына тиісті жүк іледі. Керу кезінде ернеулердің параллелділігін тексереді. Тұындаудың кисауды таспаның созылған жағындағы жүкті ортага жылжыту арқылы түзейді. Кергеннен кейін таспаны орама түрінде немесе арнайы барабанға орайды және монтаждау орнына жеткізеді.

Тасымалдағыш рамасының секциясын жинауды тік бұрыштықты, тұрасызықтылықты камтамасыз ету, бұралып кетуді болдырмау үшін арнайы дайындалған кондуктор орындаиды. Егер секциялар жинақталған турде жеткізілетін болса, онда осы кондукторда олардың формадан ауытқуын тексереді.

Тасымалдағыштың бойлық өсін белгілеу жүргізеді.


Жетек станциясын орнату. Жетек барабанының өсінің горизонталділігін, оның конвейер осіне перпендикулярлығын тенгереді. Горизонталділікten шекті ауытқу барабан ұзындығының 1 метріне 0,2 мм. Жетек станциясын іргетасқа бекітеді.

Тасымалдағыш рамасының секцияларын тізбектей орнатады. Төсемдер көмегімен оларды жобалық жағдайға қояды және өзара болттармен уакытша бекітеді.

Керу станциясының монтажедалуы. Кергіш барабан осінің горизонталділігін және оның келтіру барабаны осіне параллелдігін тексереді.

Бұкіл конструкцияның жағдайын тенгереді. Таспалы тасымалдағыштың бойлық осінің жобалық жағдайдан шекті ауыткуы тасымалдағыштың 10 м ұзындығына 1 мм. Осыдан кейін керу станциясы секциясының рамасын іргетасқа бекітеді де, секцияларды өзара бір-біріне пісіріп жалғайды.

Роликтік тіректерді орнату (5.7-сурет). Роликтік тірек ортасының тасымалдағыштың бойлық осінен ауыткуы 1 мм-ден аспауы, ал роликтік тіректер осінің ауыткуы 1 мм-ден аспауы, ал роликтік тіректер білктігі ± 1 мм болуы тиіс. Роликтік тіректер осінің горизонтальдығын және оның бойлық өске перпендикулярлығын тексереді. Таспаның центрленуін жақсарту үшін әрбір бесінші – алтыншы роликтік тіректі таспа жүрісінің бағыты бойынша 2...3 градус қысықта орналастырады (5.8а-сурет). Дәл осындай максатта, қалғандарының сәл біктеу монтаждалатын, езі орнайтын роликтік тіректер (5.8б-сурет) колдануга болады.




5.7-сурет. Роликтік тіректердің жағдайын монтаждау кезінде тенгеру сұлбасы: *a* – ені бойынша; *b* – білктігі бойынша; *c* – тасымалдағыштың бойлық еси.

Таспаны монтаждау. Таспаны орамды тірекке орнатады. Бұл кезде таспаның калың резенке ернеуі сыртқа қарап тұруын тексереді. Таспаны шығыр көмегімен тартады. Кергіш барабанды жетек барабаны жағына карай тірелгенге дейін ығыстырады және таспаның ұштарын кажетті ұзындықка айқасқанға дейін тартады. Таспаны ұштастырады.

Таспаны керу станциясының барабаны көмегімен тартады. Жетекті қолмен, соナン кейін 2...3 рет электрмоторымен бұрайды. Егер бұл


кезде таспа барабан ортасынан 25 мм артық ығысатын болса, онда барабандар өстерінің горизонталдік пен параллелдіктен ауыткуын, сондай-ак барабандардың білік бойынша ықтимал өстік ығысуын, таспалық әркелкі тартылуын, роликтік тіректер кисаюын жояды.



5.8-сурет. Таспа тірегінің өздігінен центрленуші жағдайы:
а – кисайған роликтік тірек; б – өзі орнайтын роликтік тірек.

Тиеу құрылғысын монтаждау. Тиеу астауын бойлық еске көткесті симметриялы монтаждайды, өйткені таспаның бір жақты жүктелуі оны шетке шығып кетуіне соктырады. Астаудың металдық болігі таспаға жанаспауы керек. Жүк сусын төгілуін болдырмау үшін астаудың төменгі болігіне резенклі төсемдер бекітеді.

Таспалы конвейерлерді колдана отырып кисық сзықты тасымалдау қажеттігі жи туындаиды. Бұл жүктің конвейерден кейін жоғарғы горизонталь участкеде қабылданатынымен (5.9-сурет) түсіндіріледі.




5.9-сурет. Таспалы конвейер:
1, 3 – жетек және бағыттауыш барабандар; 2 – таспа; 4 – тасымалданатын жүк.

Таспа мен жүктің ауырлық қүштері әсерінен түзілестін таспа салбырауынын кисық сзығы парабола болып табылады. Сондыктан роликтік тіректерді салбырау сзығын камтамасыз етуге қатаң бағдарлана

орнатқан жән. Егер тіректік роликтер жоғары немесе төмен орнатылса, онда жүк шашылып қалады (5.10-сурет).

Таспа тіректерінің орналасуына байланысты оның тұракты жүктелу кезінде тірек параболада орналасатын және оның төменгі нүктесімен дәл келді немесе оның жоғары жағынан – оциан немесе солынан орналасатын жағдайлар болуы мүмкін.

Тірек төменгі нүктесінен солға карай орналасуы келесі роликтік тіректердің орналасу биіктігін біршама төмендетуді кажет етеді.



5.10-сурет. Төменгі тірек жағдайын тандау.

Бұл конструктивтік тұрғыдан жарамайды. Тіректің төменгі нүктеден оңға карай орналасқанда O_2 тірегінің алдындағы траекторияның болігі (O_2 тірегінен келесі роликтік тіреккке дейнінгі) параболалық қисық сзызық бойына орналасуға ұмтылады, сейтіп таспа салбырайтын болады.

Осыны ескере келгенде тіректің параболадағы ең төменгі нүктеде орналасқаны жән болады. Бұл жағдайда тіректердің орналасу биіктіктерінің айырмасына тең салбырау желісі,

$$h = \frac{gqL^2}{2F}, \text{ м} \quad (5.3)$$

мұндағы: g - еркін тұсу үдеуі, m/s^2 ; q – таспа мен жүктің сзызытық тығыздығы (кума бойлық массасы), kg/m ; L - тіректердің аракашытығы, m ; F - таспаның көлтірілуі, Н .

Таспаның көрілуін H , контр бойынша немесе таспаның шыдамдық қабілеті бойынша айналу әдісі негізінде анықтайды.

$$F = [K_p]B \cdot \lambda \frac{1}{[S]}, \quad (5.4)$$

мұндағы: $[K_p]$ - таспаның бір төсемінің жыртылууга деген шекті сзызытық беріктігі, $\text{Н}/\text{м}$; B - таспа ені, м ; $\lambda = 9 \dots 10$, - таспа төсемдерінің саны; $[S]$ - таспаның беріктік коры

$$\text{Сызықтық тығыздығы } q = q_x + q_y, \text{ кг/м} \quad (5.5)$$

мұндағы: q_x - таспаның кума бойлық массасы, кг/м; q_y - жүктің кума бойлық массасы; $g_r = \Pi / v$, кг/м,

мұндағы: Π - тасымалдағыш өндірімділігі, кг/с; v -тасымалдағыш жылдамдығы, м/с.

Таспа ені 400...1200 мм кезінде роликтік тіректер арақашықтығын $L_p = 1...1,5$ м етіп қабылдау ұсынылады.

Конвейердің көлбеу кисық сызықты участекінің бұрышының шамалы екенін ескере отырып, монтаждау ынғайлылығы үшін роликтік тіректер арақашықтығының проекциясын оларды арасындағы қашықтықта тен дең алуға болады.

Сонымен, L_p - мәнін анықтаған соң, қажетті h мәнін есептейді.

Тиегіш қалақшалары бар шынжырлы тасымалдағыш монтаждауга жекеленген құрама бірліктермен келеді: жетек станциясы; шығару үнғысы және деңгейлік көрсеткіші бар керу станциясы; шынжыр тармактарына ариалған бағыттаушы бар отпелік және түсіру (ұзындығы 2,1 м дейін) секциялар, дөңгелек карау терезелері, тазалағыш қалақшалары бар түсіру секциялары; тартқыш қалақшалы шынжырлардың 3 м дейін буындары.

Шынжырды жинау кезінде білікше мен толке арасындағы топсалардың саңылаулары 0,25 мм-ден, толке ролик арасында - 1мм-ден аспауын қадағалайды. Шынжырдың топсалы косылыстарының козғалымдылығын буындардың колмен бүрдай отырып тексереді, бұл жerde табакшалы шынжырдың білікшелері мен толкелері табакшалар тесігіне цилиндрлік беттер бойынша кепілді тартылыспен престелу тиіс.

Жұлдызшалар біліктері горизонталь өзара параллель және бойлық еске перпендикуляр, ал жұлдызшалардың орташа жазықтығы – бір вертикаль жазықтықта орналасуы тиіс. Жетек және керу станциялары жұлдызшаларының қадамы тарту шынжырының қадамына сәйкес болуы қажет.

Тасымалдағышты бос сынау кезінде 2...3 сағат бойы ол бірқалыпты бәсек, тықылсыз және дірлісіз жұмыс істейі тиіс. Тарту шынжыры кабыргаларға жана аспау керек. Жетек редукторы 60°C -тан жогары қызыбауы қажет. Жұктелген тасымалдағыш жұмысы кезінде калыпты тартылған шынжыр соккысыз және тербеліссіз козғалуы ажыратқыштан жоғарғы бірінші бағыттауышка илген ұшқа жана аспау кезеңде 20...30 мм салыбырай ауысуы тиіс.

5.5 Іске қосу-күйге келтіру жұмыстарының технологиясы

Іске қосу-күйге келтіру жұмыстарын жүргізуідің екі тәсілі бар: мердігерлік және шаруашылықтық. Мердігерлік тәсіл кезінде жұмысты мамандандырылған мердігерлік іске қосу-күйге келтіру үйимы, шаруашылықтық кезінде – кәсіпорынның нысанды әрі қарай пайдаланатын болімшесі аткарады. Мердігерлік тәсіл прогресивті және тиімді болып есептелінеді.

Іске қосу-күйге келтіру жұмыстарының технологиясы келесі кезеңдерден тұрады:

- технологиялық жабдықты тексеру (ревизия);
- бос жүрісте сынау;
- жүктемемен сынау және күйге келтіру;
- жабдықты жүктемемен кешенді сынау;
- жобалық құатты игеру.

Технологиялық жабдықты тексеруді (ревизиялауды) тапсырыс беруші ақауларды анықтау және жою мақсатында жүргізеді. Оның көлемі жабдық күрделілігіне, оның сактау мерзімімен шарттарына байланысты болады.

Бос жүрістегі сынау басталғанга дейін келесі жүйелер монтаждалып бітуі тиіс: майлау, гидравлика, пневматика, салқындану, басқару мен бакылау, электр жабдықтары, корғаныстық жерге откізу, ертке карсы корғаныс, автоматика, сондай-ак су, газ, сығылған ауа жеткізу коммуникациялары т.с.с.

Сынауга дайындық кезінде монтаждау жұмыстарының орындау сапасын тексереді: жабдықтарды орнату дәлдігі; қауісіз жұмысты қамтамасыз ететін коршаулардың болуы; редукторлар мен басқа да құрама бірліктер майлау материалдары; бұрамалы қосылыстардың тартылуы, т.т. Электр моторды қыска мерзімде іске қосып, оның білігінің айналу бағытын анықтайды, қажет болғанда электр моторды іске қосудың екі фазасының орнын ауыстыра отырып бағытын өзгертеді. Белдіктердің керілүін винттер немесе кергіш роликтермен реттейді.

Жабдықтарды жекелей сыйнуды бос және жүктемемен жүргізеді. Сынау кезіндегі машинаны бос ысылтуды біліктердің айналу жиілігі томен кезінен бастап, бірте-бірте қалыптыға дейін жеткізеді. Бұл кезде жабдық тықылсыз, артық шусызы және дірілсіз, барлық жүйелер – узіліссіз, әрі сенімді жұмыс істейі тиіс. Подшипниктер корпусының дайындаушы зауыт берген техникалық шарттарында қарастырылғаннан басқа 70⁰C-тан жоғары қызбаны рұқсат етіледі. Сынау кезінде байқалған ақауларды электр моторлар токтағаннан кейін жондейді, соңан соң қайтадан сыйнайды.

Алғашқы іске қосулар ұзак емес, 5...10 минут. Алғашқы қосудың калыпты жұмысы кезіндегі бос жүрісті әрі қарайғы ысылту ұзактығы жабдық күрделілігіне байланысты 1....8 сағатты құрайды.

Жұктемемен синау кезінде жабдықты жекеленген іске қосуларын орындауды, соның процесі барысында өндірімділікті, қуатты, қысымды, т.с.с. бірте бірте арттырады және бос синау кезіндегідей параметрлерді бақылайды; мұның сыртында жекеленген құрама бірліктердің және тұтастай машинаның дірілін анықтайды. Жұктемемен синаудан кейін іргетастық бұрандалықтардың тартылуын тексереді.

Синау процесіне монтаждау ұйымы мен тапсырыс берушінің өкілдері катысады, олар синау аяқталғаннан кейін жабдықты кешенді синауға қабылдау актісіне қол қояды. Актіге қол қойылғаннан кейін жабдықтың сақталуына тапсырыс беруші жауапты болады.

Кешенді синауды да алдымен бос жүрісте жүргізеді, соナン кейін бүкіл технологиялық желіні жұктемемен жұмыс істеуге ауыстырады, әрі қарай жобада қарастырылған және өнімнің белгіленген көлемде шығарылуын қамтамасыз ететін тұрқаты технологиялық режимге шығарады.

Жабдықты жобалық технологиялық режимдерге жеткізгеннен, сұрыптылығы және сапасы бойынша стандартты өнім алғаннан, ақауларды жойғаннан және қызмет көрсетушілер қажетті өндірістік машиналар алғаннан кейін жекеленген агрегаттар мен желілерді бойынша өндірімдікке синайды. Нәтижелерін тиісті актілермен рәсімдейді, ал жабдықты тапсырыс берушіге өндірістік пайдалануға откізеді.

Технологиялық есеп беру түрінде рәсімделген есептік технологиялық күжаттаманы және жабдықтың ұздықсız жұмыс істеуін қамтамасыз ету мен оны пайдаланудың онтайтын режимдеріне жету жөнінде жасалынған ұсыныстарды тапсырыс иесіне беру, іске қосу-күйлеу жұмыстарының аяқталуы болып табылады.

Бақылау сұрақтары

1. Монтаждаудың кандай әдістері бар?
2. Монтаждың белгілеудің мөні неде?
3. Репер деп неңін айтады?
4. Жабдықтарды тенгеру не үшін жүргізіледі?
5. Берілістердің кандай түрлері бар және оларды монтаждаудың ерекшеліктері?
6. Редукторлар мен вариаторларды монтаждау қалай жүргізіледі?
7. Құбыржелілерді монтаждау ерекшеліктерін атапсыз.
8. Винттік, таспалы және шынжырлы тасымалдағыштарды қалай монтаждайды?
9. Иске қосу-күйлеу жұмыстарының технологиясы қандай кезеңдерден тұрады?
10. Жабдықтарды синау қалай жүргізіледі?

6 ЖАБДЫҚТАРДЫ МОНТАЖДАУ КЕЗІНДЕГІ СӨРЕЛЕУ ЖҰМЫСТАРЫ

6.1 Сөрелеу жұмыстары және оларды жүргізу кезінде көйылатын талаптар

Сөрелеу жұмыстары – бұл жабдықтарды, аппараттарды, т.с.с. көлбеу, горизонталь жылжыту және вертикаль көтеру. Сөрелеудің үлесіне монтаждау жұмыстарының едәуір болігі тиеді. Онын мәні әсіресе монтаждың жекеленуіне, яғни монтаждалатан жабдықтың жинақылық дәрежесінің осуіне байланысты артып отыр.

Сөрелеу жұмыстары барынша алуан түрлі, оларды орындау тәжірибелі, машиқтар мен білімді, сондай-ақ қауіпсіздік пен авариясыздықты қамтамасыз ететін негізгі қағидаларды мүлтікіз қадағалауды талап етеді. Дайындық жұмыстары сөрелеу жұмыстарының уақыт бойынша ен ұзак болған табылады. Оның құрамына сөрелеу жараптарын, құрылғылар мен саймандарды тандау және монтаждау алғанына жеткізу, көтеру мачталарын, механизмдерді, арқандарды, т.б. жұмыстық жағдайға орнату, т.с.с. кіреді.

Сөрелеу жұмыстарын орындау кезінде бірқатар ерекшеліктерді ескеру кажет.

1. Сөрелеу жұмыстары, әдетте күндіз жүргізіледі.
2. Сырттағы кондырыларда сөрелеуді желдің жылдамдығы алты балдан жоғары болғанда, коктайғак, жанбыр және кар жауып тұрған кездерде жүргізуге болмайды.
3. Жүкті көтеру ол басталған күні аяқталуы тиіс. Егер бұл мүмкін болмаса, онда жүк жерге немесе арнайы орынға түсірілуі керек.
4. Көтеру механизмінің ілгегіне ілінген жүк берік, әрі сенімді арқаншалануы тиіс, бұл кезде:
 - арқаншалар жүкке біркелкі, түйінсіз және бұралусыз жатуы тиіс;
 - арқаншаларды, олардың тармактары арасындағы бүрыш 90° аспайтындағы ұзындықта таңдаган жen;
 - арқаншалар жүкті көтеру және орын ауыстыру кезінде оның тұрақтылығын қамтамасыз етуі керек;
 - арқаншадағы күш рым-буранда осі бойынша бағытталуы тиіс;
 - көтерілетін жүктің қырларына арқанша астына агаш немесе металл тессемдер кою керек;
 - жүкті орнына толық орнатып, сенімді бекіткеннен кейін ғана арқаншалардан босатады.


Сөрелеу және монтаждау нәтижесінде беттері закымдануы мүмкін жүктерді төсемсіз арқаншалауға тиым салынады.

6.2 Технологиялық жабдықты нысанға тасымалдау

Сорелеу жұмыстары жабдықты жылжыту және оны монтаждау белгісіне орнату жондегі түргі операциялардан тұрады. Олар барлық монтаждық жұмыстар колемінің 50...80% құрайды.

Технологиялық жабдықты дайындаушы-кәсіпорыннан нысанға көбінесе теміржол немесе автомобиль көлігімен жеткізеді.

Теміржол көлігін колдану кезінде тасымалданатын жабдық тиедің калыпты габаритінен сай келуін ескерген жөн (6.1-сурет).



6.1-сурет. Жүктерді теміржол көлігіне тиедің калыпты габариті:
I-теміржол рельстері

Тиедің қалыпты габариттінің шегінен асып кететін жүктөр габаритсіз дең аталады және оларды теміржол экімшілгінің арналы келісімі бойынша тасымалдайды.

Жылжымалы құрамға тиелген жүктердің бүйірлік, жогарғы немесе томенгі габаритсіздіктері (вертикаль жазықтықтағы тиев габариттінен шығып кетуіне байланысты) болады.

Бүйірлік габаритсіздігі бойынша жүктерге биіктігі жөнінен рельстен 1230...4000 мм асып кететіндерді жатқызады. Томенгі габаритсіздік тиев габариттінен рельс басынан 1230 мм дейінгі биіктік шенберінен асып кеткен жүктерде болады.

Жүктердің габаритсіздігі олардың тиев габариттінен шығу қашықтығына байланысты бүйірлікті бес дәрежеге (0, I, II, III, IV), ал жогарғыны - уш дәрежеге (0, II, III) боледі.

Томенгі габаритсіздіктердің дәрежесі болмайды және шекті жағдайларда Көлік және коммуникациялар министрлігінің темір жол басқармасының рұқсатымен ғана мүмкіндік беріледі.

Жүктің барынша шекті ені платформа едені бойынша 4450 мм, 3600 мм биіктікте – 3800 мм, толық 5300 мм биіктікте 2000 мм құрайды. Жүктің рельс басынан биіктігі габаритсіздіктің кез келген дәрежесінде 5300 мм аспауы тиіс.

Iрі габаритті жабдықты, соның ішінде монтаждау крандарын да, тису кезінде темір жол әкімшілігімен тиесінде жабдықты платформаға бекіту сұлбасын көлістіреді.

Теміржол колігімен тасымалдау кезінде жабдықтын масса центрінің платформаға қатысты орналасу талаптары сакталуы керек. Оның барынша биіктігі төрт есті платформаға қатысты жүк массасы 35 т дейін болса – 1,8 м; жүк массасы 35...40 т болғанда – 1,7 м және жүк массасы 40 т асқанда – 1,5 м болады. Масса центрінің платформаның бойлық өсі бойынша ауыткы 0,1 м аспауы керек.

Жабдықты теміржол платформаларына бекіту үшін көргіштер колданады, ал машиналардың донгалактары мен шынжыр табандары астына тіреу тәсемдерін орнатады.

Қазіргі жағдайларда технологиялық жабдықты отандық және шетелдік өндірістегі автомобилдермен тасымалдайды. Олардың жүккөтерімділігі, жүк платформаларының өлшемдері, етпелілігі, т.б. әртүрлі болып келеді.

Технологиялық жабдықты тасымалдау үшін автокөлікті оның техникалық мүмкіндіктеріне және әрбір нақты жағдай үшін экономикалық тиімділігіне байланысты таңдалады.

Наашар жолдармен шағын қашықтыктарға қозғалу, соның ішінде, жабдықты коймадан монтаждау орнына жеткізу кезінде тракторлар мен етпелілігі жоғары тіркемесі бар автотягачтар колданады.

Монтаждық шынжыртабан крандарды трейлермен тасымалдайды. Кранды тіркемеде бекіту, оның трейлер қозғалысы кезінде платформада жылжып кетуін болдырмауы тиіс.

6.3 Жабдықты монтаждалатын нысан шенберінде жылжыту

Жабдық пен конструкцияларды монтаждалатын нысан шенберінде автокөлікті, тиесіштер мен тракторларды, сондай-ақ штатты көпірлік крандар мен электрлік тельферлерді, өздігінен жүретін жебелік және муйізде крандарды колдана отырып, механикаландырылған тәсілмен жылжытқан жөн. Жүктерді шығырлар көмегімен де жиі орын ауыстырады.

Жабдықты ірілендіре жинау аланына және монтаждау орнына автокөлікпен немесе ариайы шаналармен, анда-санда трактор немесе басқа бір тарту құралының көмегімен болат бетпен жеткізеді. Жайдаң ішінде жабдықты жүккөтерімділігі 0,5...3,0 т арбалармен жылжытады. Арбаны колмен, ал үлкен жүктеме кезінде тиесіштермен немесе шығырлармен қозғалтады. Жабдықты коймадан немесе ірілендіре жинау алаңынан жобалық жағдайға орнату орнына да монтаждық крандармен немесе шығырлармен және серелеу жараптарымен жеткізеді.

Ауырсалмақты жабдықты горизонталь бетпен жылжытуға қажетті тарту күші

$$P = Qf, \text{Н} \quad (6.1)$$

мұндағы Q – жүктің, оны таситын шана немесе бетті қоса алғандағы салмағы, Н;

f - жүктің тіректік коэффициенті

Жүкті 15° артық келбеулікпен жылжыту кезінде арқанда болатын күш

$$P = Q(\sin \alpha + f \cos \alpha), \text{Н} \quad (6.2)$$

мұндағы α – көтеру бұрышы, град.

Көтеру бұрышы 15° аз болғанда $\cos \alpha$ мәні 1-ге жақын, сондыктан арқандағы күшті қарапайым формуламен анықтауга болады:

$$P = Q(\sin \alpha + f) \quad (6.3)$$

f - коэффициентінің мәні өзара зертлесетін беттердің материалына байланысты болады. Мысалы, болат беттің бетонмен жылжуы кезінде $f = 0,45$, ал болатпен жылжығанда $f = 0,15$

Тыныштықтың үйкеліс коэффициенті орташа алғанда қозғалыстың үйкеліс коэффициентінен 1,5 есе үлкен екендігіне байланысты жүкті орындан жылжыту кезіндегі есептік тарту күшін 1,5 есеге арттыру қажет:

$$P_{\text{к.о.}} = 1,5 P \quad (6.4)$$

Жабдықты құбырдан жасалған катоктармен жылжыту кезінде қажетті тарту күшін келесі формулармен анықтайды:

-горизонталь бет бойымен:

$$P = Q(K_k + K_r)/d, \quad (6.5)$$

мұндағы: K_k және K_r - тиісінше тербеліс беті мен катоктар және катоктар мен жүк арасындағы тербеліс үйкелісінің коэффициенттері (болаттың бетонмен болғанында - 0,06, болаттың болатпен болғанында - 0,05); d - катоктар диаметри; см,

- колбеу бет бойымен:

$$\alpha > 15^{\circ}$$

$$P = Q(\sin \alpha + \cos \alpha (K_k + K_r)/d); \quad (6.6)$$

$$\alpha < 15^{\circ}$$

$$P = Q(\sin \alpha + (K_k + K_r)/d) \quad (6.7)$$

Табылған тарту күштері (Р) бойынша сорелеу жарактарын есептейді және тарту механизмін таңдайды.

Үйдін ішінде жабдықты электрлік және көлдик рычагты шығырларды жиі колдана отырып жылжытады. Жұмыс барысында шығырлардың жылжып кетуін болдырмау үшін оларды балластпен жүктейді немесе құрылыштық конструкцияларға бекітеді (6.2-сурет).

Шығырларды құрылыш конструкцияларына бекіту кезінде конструкцияның көтеру кабелетін үстеме жүк түсіруді ескере отырып тексеруіл есептеу жүргізу және шығырды бекітудің ұсынылатын вариантын жобалау үйимымен немесе тапсырыс берушімен келістіру кажет.

Шығырдың горизонталь жылжуына кедергі күш:

$$P_{ch} = S - T_c, \text{Н} \quad (6.8)$$

мұндағы: S - шығыр барабанына баратын арқандагы күш, Н;

T_c - шығыр рамасының тірек бетіне үйкелу күші, Н:

$$T_c = (Q_s + Q_a) - f \quad (6.9)$$

мұндағы: Q_s - шығыр салмағы, Н; Q_a - балласт салмағы (егер ол болған жағдайда), Н.

Тарту арқанының қозғалыс бағытын өзгерту үшін бұру блоктарын орнатады, оларды тарту шығырының арқаны соларға горизонталь немесе горизонтальға жақын келетіндегі бекітеді. Бұру блоктары шығырдан оның барабанының жиырма еселік ұзындығындағы қашықтықта орналасуы тиіс. Арқаның шығырдан кету бұрыши 6° кем болмауы керек, бұл арқаның барабанаға қалыпты жиналудың қамтамасыз етеді.


Құрылыштық конструкциялардың бұру блоктары бекітілген нүктеде кабылдайтын күш шығырдың тарту күшінен көп:

$$P_{c,e} = 2S_e \cos b / 2, \text{Н} \quad (6.10)$$

мұндағы: S_e - арқаның керілуі, Н; b - аркан тармақтары арасындағы бұрыш, град (rad).

Жүккөтерімділігі шағын барабанды шығырларды колдану кезінде, оларды құрылыштық конструкцияларға бекіту мүмкіндігі болмаған жағдайда, олардың аударылып кетуін болдырмау үшін, шығыр рамасына коятын балласт қолданады.

Шығырдың (барабанды немесе рычагты) массасы тарту күшінен артық жүктердің күштен үту үшін полиспасттар көмегімен котереді.



6.2-сурет. Шығырларды күрүлес конструкцияларына бекіту сұлбалары:

a – электрлік инвентарлық күрүлес комегімен; 1 – шығыр рамасы; 2 – колонна;
3 – инвентарлық күрүлес; б – электрлік болат аркан көмегімен; 6 – колдық рычагтыны
және бүру блогын колданып: 1 – полиспасттың кетегін жібі; 2 – шығыр рамасы; 3 – болат
аркан; 4 – колонна; 5 – төсемдер; 6 – бүру блогы; 7 – рычагты шығыр.

Болат аркандардың беріктігін беріктік кор коэффициентін ескере отырып есептейді: аркан тармақтарындағы максималды есептік күштерді нормативтік жүктемелер бойынша (динамикалық және артық жүктелу коэффициенттерін ескерусыз) аныктайды, беріктік кор коэффициентінебейтеді және арканның үзілу күшімен тұтастай салыстырады.

Болат аркандарды беріктікке есептеу кезінде келесі катынасты колданады.

$$P_k / S = K_3 \quad (6.11)$$

мұндағы P_k – арканның тұтастай үзілу күші, сертификат немесе МЕСТ бойынша кабылданады; S – аркан тармагының ең үлкен тартауды (динамикалық жүктемені ескермейді); K_3 – беріктік кор коэффициенті (кол жетегі бар жүк аркандары үшін 4; машиналы жетекпен 5...6; полиспасттар үшін 3,5...5; кергіштер үшін 3...5; арканшалар үшін 5...6).

Тиуіштерді пайдалану кезінде массалары тең, бірақ габариттері әртүрлі жүктер үшін олардың жүккөтерімділігі бірдей емес екендігін

ескерген жөн, ейткені ол жүктің массалар центрінің тиуіштің алдыңғы белдігіне катасты орналасуына байланысты болады. Тиуіш жүккөтерімділігінің бұл тәуелділігі оның техникалық төлкүжатында график түрінде, сондай-ақ кабинада немесе жебелікте көрсетіледі.

Сондыктан сорелеу және тиу-түсіру жұмыстарын жүргізу үшін тиуішті жылжытылатын жүктердің габариттері мен массасына байланысты тандайды.

6.4 Жабдықты жобалық жағдайға орнату

Технологиялық жабдықты, металдық конструкцияларды және құбыржелілерді жобалық жағдайға өздігінен жүретін жебелік крандар, көтергіштер және баска да құралдар көмегімен көтереді және орнатады.

Өздігінен жүретін жебелік крандарды технологиялық жабдық пен конструкцияларды монтаждау үшін, кранның жүккөтерімділігі жебе шығуы мен ілгектің көтерілу биктігіне тәуелділігін билдіретін жүк-біліктік сипаттамалары бойынша тандайды.

Монтаждық кранды тандау кезінде жүктің өз габариттік өшлемдері бойынша кранасты көңістікке орналасу мүмкіндігін тексереді. Крандардың техникалық сипаттамаларында жебенің әрбір жағдайы үшін жебестілік еркін көңістік жөнінде мәліметтер болмайды, сондыктан ірі габаритті жабдықты көтеру кезінде оны графикалық түрде тексеру ұсынылады.

Накты нысанның технологиялық жабдықтары мен конструкцияларын монтаждауга ариалған жүк көтеру құралдарын тандау кезінде экономикалық мақсатты да ескереді. Жапы алғанда қандай-да бір жүккөтеру құрылғыларын қолдануды сипаттайтын шығындарды салыстырайды.

Ерекше жағдайларда жұмыс істең түрган қасіпорындарда механикалық-монтаждық жұмыстарды орындау кезінде жүк көтеру құралдарын қолдану мүмкіндігі, әдетте шектеулі болады. Сондыктан жұмыс істең түрган қасіпорындарды қайта қалпына келтіру мен техникалық қайта жараптандыру жөніндегі тар жағдайлардагы жұмыстар үшін крандарды тандау мен тиімді пайдалануды камтамасыз ету маңызды бола түседі.

Тар жерлік фактор нысан құрылышы мен механизмдер жұмысының әртүрлі кезеңдерінде әртүрлі есеп етеді.

Бірінші кезең - крандарды жұмыс орнына тасымалдау. Бұл кезеңдегі тарлық көрсеткіштері: тұра қозғалыс кезіндегі білікті габариттері мен ету болігінің шектелуі; крандар бұрылуының минималды радиусы; қозғалыс кезінде кисық сзыяққа сай келу. Бұл көрсеткіштерді анықтау қажеттілігі қасіпорындардагы жұмыс істеуші коммуникациялар мен құрылыштың ығызылдығының болуына байланысты туындаиды.

Екінші кезең - кранды жұмысқа дайындау. Төмендегідей шектеулер осы кезеңнің тарлық көрсеткіштері болып табылады: кранның жұмыстық

жабдығын жеткізуге және орнатуға арналған алаң өлшемдері; негізгі кранды жинау кезінде қажет болатын косымша кранды орнату аланшасы; жұмыс органдарын жинау және орнату кезіндегі биіктік габариттері.


Шайни кезең - кранды монтаждау, монтаждан босату немесе тиектіру сіру жұмыстары кранның жұмыс аймагымен, оның икемділігімен шектеледі.

Тортинши кезең - кранды бөлшектеу және тасымалдауға дайындау.

Тар жерде жұмыс істеу ерекшеліктері аудыымдық жабдықты бөлшектеуге және қосалқы кранды орнатуға арналған алаңның болуында немесе шектелуінде түр. Мұндай жағдай үйлер немесе ғимараттардың монтаждалған элементтері осының алдындағы аланшада орын алған жағдайында туындейді.

Мұндай жағдайлардағы болжамдық шешімдер: жебелік жабдықты кран орнату орынына жақын жағына қарай бірмезгілде жылжыта отырып түсіру; бөлшектенетін жабдық аймагында орналасатын басқа да жұқ көтеру крандарын пайдалану, т.с.с.

Кисық сызықпен козгалатын өздігінен жүретін крандардың жылжуында өзгеше ерекшеліктер бар; сондыктan крандардың кисық сызыққа козгалыс кезінде сай келуін тексеру қажет. Есептеу үшін бастапқы маліметтер: кранның козгалыс кезіндегі минималді радиусы R_{min} ; кранның коліктік жағдайдагы максималды ені, В (кранның техникалық сипаттамасынан алады); кранның бүрүлу центрінен ең жақын орналасқан нүктесінің координаттары (6.3-сурет).



6.3-сурет. Кранның кисық сызық бойымен қозгалу сұлбасы

Кисық сызық бойымен қозгалу кезіндегі дәліздін ең аз енімен анықталатын сай келу түрі:

$$S = R_{top} - R_{min} + (1-2), \quad (6.12)$$

мұндағы R_{top} - бүрүлу центрінен ең алыс орналасқан нүктесінің сызытын сыртқы максималды радиус, м:

$$R_{top} = \sqrt{(R_{min} + AD)^2 + CD^2}, \quad (6.13)$$

мұндағы AD - кранның а-а' бойлық осіне катысты С нүктесінің (6.3-сурет) координаттары; CD - кранның (в-в') көлденең осіне катысты С нүктесінің координаттары; R_{eu} - кранның ең алшак нүктесі сыйзатын ішкі радиусы, м;

$$R_{\text{eu}} = R_{\text{min}} - B/2 \quad (6.14)$$

Кранның жұмысына арналған алаңының ең кіші олшемдері кранның сыртқы шығып тұрған тетіктері мен қарсы салмақтың бұрылу белгігі көрсететін радиус алаңына тең болады.

Жүктерді немесе монтаждық өтпелер сыртына алдын ала монтаждалған шығарымды алаңшаларға көтереді, соナン соң шығылар және бұру блоктары көмегімен қабат ішінде қозғалтады.

Жайлардың ішіндегі жұмыстарды алдын ала монтаждалған конструкциялар, өндірістік өткізбелер, т.с.с. астынан жүргізу қажет болғанда, жұмыстық аймакты биіктігі бойынша шектейді. Егер сериялы өндірістегі крандарды бұл жағдай үшін қолдану мүмкін болмаса, онда оларды жұмыс органдарының ұзындығын қыскарту арқылы жетілдіреді.


Вертикалді және горизонталді агрегаттар мен аппараттарды, сондай-ақ цехішілік аспалы конвейерлік жолдар блоктарын монтаждау кезінде, нысанда қажетті жүккөтерімділіктең кран немесе габариттері кранастылық көністікке сай келмейтін жабдықтар мен конструкциялар болмағанда жұпталған крандар колданады.

Жұпталған жебелік крандардың жұмысын орнату жобалық-конструкторлық үйім жасаған технологиялық картага сай жүргізеді. Жобада жүкті арқандаудың және орын ауыстырудың сұлбаларын операциялардың орындауда тізбектілігін, жүк арқандарының жағдайын, жүкті кауіпсіз көтеру мен жылжыту сілтемелерін көрсете отырып көлтіреді. Жүкті көтеру кезінде, әрбір кранға келетін жүктеме, олардың белгіленген жүккөтерімділігінің 90% аспауы керек. Вертикаль аппараттарды жұпталған крандар көмегімен монтаждау кезінде, әдетте бір-екі маневрді, ал горизонталь аппараттарды монтаждауда - маневрдің үш-төрт түрін (көтеру, жебені бұру, жебе шығуын өзгерту және орын ауыстыру) қарастырады. Жабдықты екі кранмен көтеру кезінде тенгерулік траверс колданады.

Көтерілетін жабдықтың массасы, габариттері мен орналасу жағдайлары кранның төлкүжаттағы жүкбіліктік сипаттамаларының шегінен шығатын болса, жабдықты және конструкцияны жебесі таралымды, А-тәріздес шеврлерге сүйенетін крандармен, сондай-ақ ригелмен жалғаскан жұптастықтағы крандармен көтеру және орнату тиімді болады. Бұл тәсілдер оздігінен жүретін крандардың колдану сапасының кеңеюін камтамасыз етеді.

Бұл кезде крандар элементтеріне келетін жүктемелер әдеттегі режим кезіндегі шектеулілерден аспауы тиіс және крандар көмегімен жүкті көтеруге әрі түсіруге болады.

Технологиялық жабдықты едәүір биіктікте монтаждау және жебеасты үлкен көпістікті талап ететін жұмыстарды орындау кезінде, монтаждауды мұнаралық-жебелік жабдығы бар жұптаскан крандарды ілгекті козғалысыз және платформаны бұрылышсыз көтеру, түсіру және шығуын өзгертусіз жұмыстық операцияларды орындау кезінде қолдануға болады.



6.4-сурет. Маневрлі шалқайған жебесі бар өздігінен жүретін жебелік кран сұлбасы: 1 – жербетілік зәкірлер; 2 – реттеу шығырлары; 3 – шайқама тармактары; 4 – жалғастыру траверсі; 5 – шайқама полиспасты.

Бұл жабдықты қолдана отырып монтаждау технологиясы жебелікпен жабдықталған крандардың технологиясына ұксас.

Жебесі шалқайған өздігінен жүретін маневрлі жебелік кранмен жүкті көтеру мен түсіруді, ілгек шығуының өзгеруін және ілгекте жүті бар платформаның қызмет ету секторында бұрылуын (6.4-сурет) орындауға болады.

Маневрлік шайкамалы кран жебесіне бекіту жүйесі жебедегі косымша иш моменттерін туғызыбауы керек. Міндетті түрде орындалатындар: біріктіру траверсінің кранды бұру платформасының айналу осінің жалғасуына; шайкаманың кран жебесінің осы түндайтын жүктемеге шыдайтын элементтеріне бекітілуі (есептеумен тексеріледі); шайкама полиспастының жебе ілінуі жазықтығында орналасуы; шайкама тармағы ретінде диаметрін беріктік кор коэффициенті 3,5 кем емес етіп есептейтін арканды қолдану.

Шайкама полиспасттың жүрістік тармағының жұмыстық керілуі кранның косымша көтеру шығырының тарту күшінен аспауы тиіс.


Массасы қолданыстағы крандардың жүккөтерімділігінен едәүір жоғары жабдықтарды тар жағдайларды монтаждау кезінде, көтеруді крандардың А-тәріздес шеврлеріне тірелетін жебелерін қолдана отырып, тайғанау әдісімен жүргізуге болады.

Жебелері рельспен жалғанған жұптақсан крандармен жабдықты көтеруді, көтерілетін жабдық массасы екі кранның жалпы жүккөтерімділігінен асып кеткен жағдайда колданады. Мұндай кезде жүкті тенгерімдік күрылғы колдана отырып көтереді.

Шағын жабдықты қабырға бойына монтаждау қажет болғанда жүккөтерімділігі 1,5 т, көтеру биіктігі 4 мм қабыргалық көтеріш (6.5-сурет), ауыр жүктерді (20...30 т) көтеру үшін Г-тәріздес қабыргалық көтеріштер (6.5б-сурет) колданады.

Жабдық пен конструкцияларды сорелеу жараптарымен көтеруді және орнатуды, алдекайда үнемді жүккөтеру машиналары мен механизмдерді колдану мүмкін болмaganда жүргізеді.

Реконструкцияға немесе техникалық қайта жараптандыруға байланысты жұмыстардың қолемі шағын болғанда, көп кабатты үйлерде жабдықтар мен конструкцияларды көтеру үшін алып жүретін монтаждық жебелер колданады. Оны горизонталь жазықтықта 180° дейін бүрышка қолмен бұруға болады. Жебелік полиспаст көмегімен жебе шыгуын езгертуге болады.



6.5-сурет. Қабыргалық көтеріштер:
а – карапайым; б – Г-тәріздес; 1 – тірек табагы; 2 – әкету блогы; 4 – арканша;
5, 9 – болат аркандар; 6 – көргіш; 7, 8 – полиспасттар; 10 – тарту электр шығыры.

Мұндай жебелерді, олардың жұмысы кезінде туындастын жүктемелерге монтаждық жебе мен жебелік полиспасттың горизонталь жазықтыққа катасты орналасуына байланысты тексеру қажет.

Жабдық пен конструкцияларды монтаждық мачталармен көтеру кезінде еселік сұлбаның дұрыс құрылуын және жараптығы күштің анықталуын камтамасыз ету; көтерілетін жук пен мачта арасындағы, жүктің жоғары орналасу кезінде санылауды камтамасыз ететін мачта сіңкеюі мен биіктігін таңдау; жүктік полиспасттың жоғарғы және төменгі блоктарын,

сондай-ақ жүк көтеру кезінде туындайтын максималді жүктемедегі ақету блоктарын тандау; арқандардың параметрлерін тандай және тандап алу; арқандарды өстер мен құлакшаларға бекітуді тандау; шығырды тандау және оның орналасуын анықтау; жұмыстарды жабдық көтерудің ұсынылатын сұлбасына байланысты орындалу тәртібі туралы ұсыныстары жасау қажет.

Жүктерді вертикаль түрган мачталармен көтеру кезінде көтерілетін жүктін массалар центрін дұрыс анықтау мачтаның өзін жұмыстық жағдайға көтеруде туындайтын жүктемелерді зәкір тандау кезінде ескеру қажет.

Бақылау сұрақтары

1. Технологиялық жабдықтарды тасымалдауға көліктің кандай түрлері колданылады?
2. Жабдықты жобалық жағдайға орнату кашша кезенесін тұрады?
3. Жабдықты монтаждау кезінде кандай құралдар колданылады?
4. Шағын жабдықтарды кабыргаға монтаждау үшін колданылатын құралдар кандай?

7 ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰБЫРЖЕЛІЛЕРДІ МОНТАЖДАУ

7.1 Құбыржелілердің қызметі және жіктелуі

Құбыржелі – бұл бір-бірімен тығыз жалғасқан құбырлардан, құбыржелі тетіктерінен, реттеуіш аппаратурадан, автоматика құралдарынан, елшеу-бакылау приборларынан, тіректер мен аспалардан, бекіті тетіктерінен, тесемдерден, жылулық және коррозияға қарсы оқшаулагыш материалдар мен тетіктерден тұратын және газ тәріздес, сұйық, қатты заттарды тасымалдауға арналған жүйе.

Технологиялық құбыржелілерге кәсіпорын шенберінде болатын, соның бойымен әртүрлі заттар, соның ішінде шикізат, жартылай өнімдер, технологиялық процесті жүргізуге немесе жабдықты пайдалануға арналған өндіріс калдықтары тасымалданатын құбыржелілер кіреді.

Технологиялық құбыржелілердің дайындау және монтаждау шарттары технологиялық жабдықты байлау конфигурациясының айырмашылығымен; қолданылатын материалдардың, құбыр тиістерінің, олардың диаметрі мен кабыргалары қалындықтарының алуан түрлілігімен; тасымалданатын құралдар мен коршаган ортандық сипатымен; төсөу тәсілінің әртүрлілігімен (орларда, орсыз ариаларда, тоннелдерде, тіректерде, екі және көпқабатты эстакадаларда, технологиялық жабдықтарда, сондай-ақ әртүрлі биіктіктерде) соның ішінде көбінесе жұмыс жүргізуге ынғайсыз биіктіктерде); құбыржелілердің ажырайтын және ажырамайтын косылыштарының тетіктерінің, арматураның компенсаторлардың, елшеу-бакылау приборларының және тірек конструкцияларының санымен аныкталады.

7.1-кесте. 1 т болат технологиялық құбыржелі монтаждау кезіндегі материалдар мен бұйымдар шығыны

Атауы	Материалдар мен бұйымдардың монтаждау кезіндегі құбыржел типіне байланысты шығыны			
	Цехішілік		Цехаралық	
	кг	дана	кг	дана
Құбырлар	810		68	-
Бұрыштар	97	6,5	0,7	1,65
Үштіктер	5	0,8	0,5	0,05
Өтпелер	5,5	0,1	0,5	0,2
Тығындар	2,3	0,5	0,2	0,15
Фланцетер	48	0,5	0,8	0,55
Бұрандалар, бұрандалықтар, мұрындықтар, тығырықтар	12		0,2	-
Тесемдер	1,5		0,2	-
Тіректер, аспалар	18		5	7,5
Арматура	178	0,5	7,8	0,35

Бір тонна болат технологиялық құбыржелі монтаждау үшін, құбырлардан басқа орташа алғанда салмағы құбыржелі массасының 22% дейін құрайтын әртүрлі тетіктер мен арматура жұмсау қажет (7.1-кесте).

Технологиялық құбыржелілерді дайындау және монтаждау кезінде төменде көлтірілген терминдер колданылады.


Желі - құбыржелінің тұракты жұмыстық параметрлері бар зат тасымалданатын учаскесі.

Торап - бұл құбыржелі желісінің (сызығының) көліктік габаритімен шектелген бөлігі (7.1-сурет). Құбыржелі торабы (құрама бірлік) ажырайтын және ажырамайтын косылыстар көмегімен жиналған бір немесе бірнеше элементтер мен арматурадан тұрады.



7.1-сурет. Құбыржелі торабы

Элемент - құбыржелі торабының бөлігі (құрама бірлік), бір-бірімен пісірілп бекітілген құбырлар кесіндісінен және тетікten немесе бірнеше тетіктерден тұрады (7.2-сурет).



7.2-сурет. Құбыржелі элементтері:

- a* - құбыр және бұргыш; *b* - бұргыш, құбыр және бұргыш; *c* - құбыр және фланец; *d* - фланец және бұргыш; *e* - құбыр және тығын; *ж* - құбыр және үштік; *з* - құбыр және концентрлік етпі; *и* - үштік, құбыр және эксцентрлік етпі; *к* - үштік, құбыр және фланец; *л* - үштік, құбыр және бұргыш; *м* - құбыр мен үштік; *о* - фланец, құбыр және фланец.

Кұбыржелілік блок - кұбыржелінің ажырайтын және ажырамайтын косылыстар көмегімен жалғаскан бір немесе бірнеше тораптардан, арматурадан, кұбырлар кесінділерінен тұратын желісі немесе желі болігі (болшегі).

Секция - кұбыржелі желісінің болігі (құрама бірлік), ол өзара пісірілп бекітілген бір диаметрдегі бірнеше кұбырлардан тұрады және олардың өстері бір түзу сызықты құрайды, ал жалпы ұзындығы көлік габариті шенберінде болады.

Өрім - кұбыржелінің өзара пісірілп бекітілген бірнеше секциядан тұратын желісі немесе желісінің болігі. Өрімді әдette кұбыржелі төсөлетін орында жинаиды және пісіріп бекітеді.

Кұбыржелінің негізгі сипаттамасы - оның өту қимасын аныктайтын, пайдаланудың жұмыстық параметрлері (қысым, температура, жылдамдық) кезінде заттың берілген мөлшерінің өтүне кажет ішкі диаметрі. Кұбыржелілерді салу кезінде оның құрамына кіртін жалғастыру тетіктер мен арматура түрлерін және типтік ешкемдер санын азайту үшін шартты өтпелердің бірінғай жинақы катарын қолданады.

Шартты отпе D_{sh} – жалғастырылатын кұбыржелінің номиналды ішкі диаметрі. Сыртқы диаметрі бірдей кұбырлардың ішкі номиналды диаметрі әртүрлі болуы мүмкін. Технологиялық кұбыржелілер үшін шартты өтпелердің келесідей біртекестілікті катарын жиі қолданады, мм: 10; 15; 20; 25; 32; 40; 50; 65; 80; 100; 125; 150; 200; 250; 300; 350; 400; 500; 600; 800; 1000; 1200; 1400; 1600.

Кұбыржелі үшін кұбыр тандау кезінде шартты өтпе деп оның есептік донгелектенген ішкі диаметрін айтады. Мысалы, сыртқы диаметрі 219 мм, қабырга қалындықтары 6 және 16 мм, ішкі диаметрі тиісінше 207 және 187 мм тең кұбырлар үшін, екі жағдайда да шартты өтпе ретінде унификациялық катардан ең жакын D_{sh} , яғни 200 мм қабылдайды.

Кұбырлардың, косу тетіктері мен арматураның механикалық беріктігі кұбыр бойынша тасымалданатын заттың немесе коршаған ортандың белгілі бір температурасы кезінде томендейді. «Шартты қысым» ұғымы кұбыржелілердің косу тетіктері мен арматурасының беріктігінің тасымалданатын материал немесе коршаған ортандың артық қысымы мен температурасының асерінен өзгеруін есепке алу үшін енгізілген.

Шартты қысым P_{sh} – заттың немесе коршаған ортандың температурасы 20°C болған кездеңі ең артық қысым.

Жұмыстық қысым P_{sh} – кұбыржелі арматурасы мен тетіктерінің берілген пайдалану режимі қамтамасыз етілетін ең үлкен қысым.

Сынама қысым P_c – су температурасы 5°C - тан төмен емес және 70°C -тан артық емес кезде кұбыржелі арматурасы мен тетіктері беріктік пен тығыздыққа гидравликалық сынаптан өтуі тиіс артық қысым.

Технологиялық құбыржелілерді тасымалданатын зат түрі, құбыр материалы, жұмыстық параметрлер, ортаның жемірлік дәрежесі, орналасу орны, категориялар мен топтар бойынша жіктейді.

Тасымалданатын зат тегі (түрі) бойынша технологиялық құбыржелілерді мұнай құбырлары, газ құбырлары, бу құбырлары, су құбырлары, мазут құбырлары, май құбырлары, бензин құбырлары, қышыл құбырлары, сілті құбырлары, сондай-ақ арнайы максаттағы (кою және сұйық майлау материалдарының құбырлары, жылтылатын құбыржелілер, вакуум-өткізгіштер), т.б. деп болуге болады.

Құбырлардың дайындаған материалы бойынша болаттан, түсті металдар мен олардың қорытпаларынан, шоыйнан жасалынған, металдық емес, фурерленген (резенкемен, полизтиленмен, фторопластпен), эмалданған, биметалдық, т.б. түрлері болады.

Тасымалданатын заттың шартты қысымы бойынша құбыржелілер қысым 0,1 МПа томен кезде жұмыс істейтін вакуумдық, 10 МПа дейін қысымда жұмыс істейтін төмөнгі қысымдық, жогары қысымдық (10 МПа-дан артық) және артық қысымсыз жұмыс істейтін қысымсыз болып болінеді.

Тасымалданатын материал температурасы бойынша құбыржелілерді сұық (температура 0⁰С төмен), қалыпты (1...45⁰С) және ыстық (46⁰С және одан жогары) деп белдеуді.

Орналасуы бойынша құбыржелілер бір технологиялық қондырығы немесе цех аумағындағы жекеленген аппараттар мен машиналарды жалғастыратын және ғимарат ішінде немесе ашық аланда орналасатын цехішілік және әртүрлі цехтарда орналаскан технологиялық қондырығыларды, аппараттарды, ыдыстарды жалғастыратын цехаралық болады.

Конструктивтік ерекшеліктері бойынша цехішілік құбыржелілер орамдық (цехішілік құбыржелінің жалпы көлемінің 70% жуығы) және таратқыш (30% жуығы) болуы мүмкін. Цехішілік құбыржелінің конфигурациясы тетіктердің, арматураның және пісірімді қосылыстар санының көптігіне байланысты күрделі болып келеді. Мұндай құбыржелілердегі тетіктердің, арматураны қоса алғандағы салмағы құбыржелінің жалпы салмағының 41% дейін жетеді.

Цехаралық құбыржелілер тетіктердің, арматураның және пісірімді қосылыстардың саны аз, түзу участкерлінің едәүір ұзындығымен «бірнеше жүз метрге дейін» сипатталады. Цехаралық құбыржелілердегі тетіктер салмағы (арматураны қоса алғанда) шамамен 3...4%, ал П-тәріздес компенсаторлар массасы шамамен 7% болады.

Пластмассадан (полизтиленнен, полипропиленнен, поливинилхлоридтен) жасалынған құбырлары бар құбыржелілерді құбыр материалдары оларға химиялық тұракты немесе салыстырмалы тұракты материалдар тасымалдау үшін белгіленген категориялар мен топтар бойынша жіктейді.

Құбыржелі категориясы жобамен белгіленеді, бұл кезде құбыржелінің оның ең жоғары категориясына жаткызылуын талап ететін параметрі айқындаушы болып табылады.

7.2 Құбыржелі тіректері мен аспалары

Құбыржелілерді монтаждау кезінде жұмыстар жүргізудің техникалық шарттарын және ережелерін катаң сактау, монтаждауға түсетін құбырлардың, тетіктердің және құбыржелі торантарының, арматура мен басқа материалдардың сапасын мүкшіл бақылау кажет.

Құбыржелілерді монтаждауға кірісудің алдында оларды орындарымен және нысанын монтаждау жұмыстарына құрылыштық дайындығымен танысу керек. Құбыржелі төсөлеттін немесе бекітілеттін құрылымың конструкцияларының дайындығын тексеру кезінде жобада қарастырылған төсемдік белгілердің болуын қадағалайды.

Құрылымың конструкцияларының монтажға дайындығы кабылдау актісімен рәсімделеді.

Тесеу орнымен танысканнан кейін құбыржелі монтаждау кезінде қандай сатылар мен баскыштар қажет екендігін белгілейді және құбыржелінің желілері бойынша қажетті бұйымдар мен материалдардың барлығымен толық жабдықтауды камтамасыз етеді.


Құбыр дайындауши кәсіпорындардан монтаждау участкесіне арнағы контейнерлермен құбыржелінің тіректері, аспалары мен тірек конструкциялары, тетіктері мен торантары, арматура, бекіту тетіктері, құбыржелінің тұра участкерлінің секциялары жеткізіледі. Қабылдау кезінде барлық бұйымдардың сызбаларға сәйкестігін және маркалануының болуын тексереді.

Монтаждаудың алдында монтаждау механизмдерін, құралдар мен саймандарды таңдал алады, қауіпсіздік техникасы бойынша нұськаунама еткізеді.

Тіректер вертикаль және горизонталь құбыржелілерді үйлерге, гимараттарға және жабдықтарға бекітуге арналған. Қызметі және құрылымы бойынша олар козгалатын немесе козгалмайтын, құбырга бекіту тәсілі бойынша *пісірімді* және қамытты болып болінеді.

Козгалмайтын тіректер (7.3-1-сурет) құбыржелі участкесін катты үстап тұруға және оның колдауши конструкцияларға қатысты жылжып кетуіне жол бермеуі тиіс. Мұндай тіректер құбыржелінің және тасымалданатын заттың салмағынан болатын вертикаль жүктемелерді, құбыржелілердің жылулық деформациялары мен жылжымалы тіректердің үйкеліс күшінен болатын естік жүктемелерді, сондай-ақ гидравликалық сокқылардан, дірілден және пульсациядан болатын жүктемелерді қабылдайды. Козгалмайтын тіректердің корпустары құбыржелінің негізгі

конструкцияларына пісіріледі немесе бұрандалармен бекітіледі. Қамытты козғалмайтын тіректерді колданған кезде, құбырың тіректе тайғанауын болдырмау үшін құбырға арнағы тіреулерді пісіріп бекітеді. Тірек қабылдайтын естік күштерге байланысты тіреулер бір немесе екі қамытты болып орындалуы мүмкін.




7.3-сурет. Құбыржелілердің тіректері.

I - козғалмайтын; *II* - козғалатын; *a* - пісірілмелі; *b, e*-біркамытты; *c* - екі камытты; *d, k* - корпуссыз; *e* - сырғымалы пісірілімді; *ж* - сырғымалы камытты; *и* - салкынагентті құбыржелілерге арналған сырғымалы; *и* - катокты камытты.

Козғалатын тіректер (7.3.II-сурет) құбыржелін ұстап тұруы және оның жылулық деформациялар әсерінен болатын еркін жылжыун камтамасыз етуі тиіс. Козғалатын тіректер сырғымалы, катокты, бағыттаушы, серіппелі, шарикті, т.б. болып болінеді. Құбыржелінің негізгі конструкциялары беттеріндегі құбырмен бірге жылжитын сырғымалы тіректер көнінен колданылады. Тірек екшелігі мен тірек беті арасындағы үйкелісті азайту үшін, сырғымалыдан катоктың болуымен ерекшеленетін роликті (катокты) тіректер пайдаланылады.


Аспалар құбыржелілердің горизонталь (7.4a,b-сурет) және вертикаль (7.4e-сурет) желілерін үйлердің, ғимараттардың және жабдықтардың конструкцияларына немесе арнағы конструкцияларға бекіту қызметін аткарады. Бұрандалықтар немесе муфталармен реттелетін тартқыш 4 ұзындығы жобада карастырылған, бул кезде оны кадамы 50 мм 150...2000 мм ұзындықта қабылдау үсінілады.



7.4-сурет. Аспалар:

a - горизонталь күбіржелілерге ариалған бір тартқышты катты; *b* - горизонталь күбіржелілерге ариалған бір тартқышты серіппелі; *c*-вертикаль күбіржелілерге ариалған серіппелі; 1 - камыт; 2 - смыга; 3 - кұлакша; 4 - тартқыш; 5 - серіппелер блогы; 6 - дискилер; 7 - серіппе; 8 - тіреу.

Күбіржелілер тіректерін үйледін, ішкі бөлулердің қабырғалары мен колонналарға бекіту үшін колданылатын тірек конструкциялары консольдар және кронштейндер түрінде (7.5 a, b, c -сурет) орындайды. Колонналарға орнатылатын күбіржелілерді бекіту үшін кергіш планкалардан 1 және бұрандалыктары бар бұрандалардан 2 тұратын кронштейндер (7.5-сурет) колданады. Кергіш планкалардың біреуі тірек орнатуға ариалған кронштейн рөлін аткарады.



7.5-сурет. Тірек конструкциялары:

a - жеке дара; *b* - топтық вертикаль; *c* - топтық горизонталь; *d* - колоннадагы кронштейн; 1 - кергіш планкалар; 2 - бұрандалыктары бар бұрандалар.

7.3 Құбыржелілер элементтерінің қосылыштары


Құбырлардың өзара, арматурамен, технологиялық жабдықпен, бақылау-олшеу приборларымен және автоматика құралдарымен қосылыштары ажырамайтын және ажырамайтын болып болінеді.

Ажырамайтын қосылыштарға пісіру, дәнекерлеу немесе желімдеу жолымен алынатындар, ал ажырайтындарға - фланецтік, бұрамалық, дюориттік, бүгелдік, т.б. жатады.

Құбыржелілер қосылыштарын тандау қосылатын тетіктердің материалына, тасымалданатын заттың қысымы мен температурасына, пайдалану шарттарына (қымтаулылық, жиі бөлшектеу қажеттігі, өндірістің ерт және жарылыс қауіпсіздігі) байланысты.

Технологиялық құбыржелілердің ажырамайтын қосылыштарын доказалық пісіру жолымен алу тәсілі кең таралған, онда қосылыштың жоғары сенимділігі, беріктілігі және тығыздығы қамтамасыз етіледі.

Пісрілімдік қосылыштардың (7.6-сурет) түрлері: түйіспелі, кермелі, кей жағдайларда бұрыштық (штуцерлерді, жалпақ фланецтерді пісіріп бекіту).




7.6-сурет. Құбырлардың және құбыржелі тетіктерінің ажырамайтын пісрілімдік қосылыштарының түрлері:

a - біржакты тігісі бар бойлық түйіспелі; *b* - косжакты тігісі бар бойлық түйіспелі; *c* - ернеуі қылмаган біржакты тігісі бар көлденен түйіспелі; *g* - ернеуі қылған біржакты тігісі бар көлденен түйіспелі; *d* - стелметен төсемдік сакинасы бар көлденен түйіспелі; *e* - ішкіегелген төсемдік сакинасы бар көлденен түйіспелік; *h* - түйіспелі жанасулы; *z*, *u* - ернеуі қылмаган біржакты бұрыштық; *k* - ернеуі қылған біржакты бұрыштық; *l* - кергіш; *m* - муфтасы бар кергіш.

Құбыржелілердегі түйіспелі қосылыштардың тігістері бойлық (7.6а, б-сурет) және көлденең (7.6в, ж-сурет) орналасу мүмкін. Пісрілімдік қосылыштың орындалу сипаттына караі тігістерді біржакты (7.6а, б, г-сурет), қосжакты (7.6б-сурет) және төсемдік сакинасы бар біржакты (7.6д, е-сурет) деп болуға болады. Шартты отпесі 500 мм дейін құбыржелілерді тек біржакты тігіспен пісіріп бекітеді. Косжакты тігісті, яғни тігіс түбірін қосылыс беріктігін арттыру үшін ішкі жағынан одан жоғары құбыржелілер үшін колданады.

Фланецті қосылыштар (7.7-а-сурет) екі фланецтен 3 және 4, төсемнен 5 немесе нығызыдаушы сакинадан, бұрандалыктары бар қосқыш бұрандалардан 2 (немесе мұрындықтардан) түрады. Қосылыштың кымтаулылығына фланецтердің ұштық беттері арасына орнатылатын, серпімді материалдан жасалынған төсемдер арқылы қол жеткізуге болады.



7.7-сурет. Кұбыржелілердің фланецті (a) және муфталық (б) қосылыштары:
1, 6 - кұбырлар; 2 - бұрандалықтар; 3, 4 - фланцлер; 5 - төсем,
7 - муфта; 8 - контргұрандалық.

Фланецті қосылыштарды фланецтік арматурага, жабдық штуктерлеріне кұбырларды жалғау үшін, октын-октын бөлшектеуді, тасымалданатын заттың шеғінділерін тазалауды немесе участеклерді жогары коррозияға байланысты ауыстыруды, сондай-ак уакытша, мерзімді демонтаждауды қажет етегін кұбыржелілерді жалғау үшін колданады.


Фланецті қосылыштардың негізгі кемшіліктері: металдың үлкен шығыны; дайындау құнының жоғары болуы; сондай-ак пайдалану кезінде ажырамайтын пісрімді қосылыштармен салыстырғанда сенімділігінң төмендеуі - тасымалданатын заттың температурасы немесе қысымы жіе озгерген кезде қосылыс олареуі мүмкін, иттихесінде ағу-таму болады. Осылан байланысты технологиялық кұбыржелілерді, әдетте пісріп жалғайды.

Бұрамалық (резьба) қосылыштар технологиялық кұбыржелілерде шектеулі түрде колданады: ең бастысы кою және сүйік майлау материалдары жүйелерін, жогары қысымды коммуникацияларды, су-газ тасымалдау құбырларының желілерінде тессеу кезінде, сондай-ак бұрамалы құбыржелі арматурасы мен бақылау-өлшеу приборларды және автоматиканы жалғау үшін колданылады. Бұрама көмегімен, сондай-ак шойыннан және футерленген болат кұбырлардан жасалған желілерді жалғайды. Кұбыржелілердің бұрамалы қосылыштарының муфталық және штуцерлік түрлері кең таралған.

Негізінен су-газ жүретін құбырларда колданылатын муфталық қосылыста (7.7б-сурет) бір құбырдың ұшына ұзартылған бұрама (сгон) салынады, соған муфта 7 мен контрбұрандалық 8 толыктай орналасады, екінші құбырдың ұшына ұзындығы муфтадың жарты ұзындығындағы бұрама жасайды. Құбырларды муфтаны соннан құбырдың екінші ұшына карай бұраманың сонына дейін бұрау арқылы жалғастырады. Бұрамадағы қажетті нығыздауды қамтамасыз ету үшін полимерлік материалдардан жасалған таспаны, шуда жіп немесе сурек алде герметиктегі кендір колданып, контрграйкамен қысады.


Штуцерлік қосылыстар пісірілімді (7.8а,б-сурет) және пісірілімсіз (7.8в,г-сурет) болып болінеді. Штуцерлік қосылыстардың кымтаулығына тікелей түйсіү арқылы қол жеткізуге болады.

Майлай жүйелерінің құбыржелілерде, сондай-ақ бақылау-өлишеу приборлары мен автоматикада кескішті сақинасы бар қосылыстар (7.8-сурет) кеңінен қолданылады. Жалғанатын құбырлар 1 сыртқы беті жағынан сакинамен б қамтылады, бұл кезде ол құбырга кессе жабысады және қажетті тығыздық пен беріктікті қамтамасыз етеді.




7.8-сурет. Құбыржелілердің штуцерлік қосылыстары:
а - ұштары пісірілген; б - көңеітте пісірілген; в - кайрылған құбырлардагы;
г - конусстық бұрамада; д - кескіш сакиналы; 1 - жалғанатын құбырлар;
2 - ниппель; 3 - бұрандалық; 4 - штуцер; 5 - төсем; 6 - кескіш сакина.

Дюриттік қосылыштар (7.9-сурет) негізінен кұбыржелілерді дірілге үшірайтын механизмдерге, ерттік кұбыржелілерге және желдету жүйелеріне жалғау үшін қолданалады. Матаның бірнеше резенкеленген кабаттарынан тұратын цилиндрлік муфталар 2 дюриттер деп аталады. Муфтаның нығыз жабысуын және олардың кұбыр ұштарында ұсталып тұруын камтамсыз ету үшін кұбырлар ұшын биіктігі 1,5...2 мм ернеу жасайды немесе сым сақиналар пісіріп bekitedi. Температура 240⁰C және қысым 1 МПа дейін болғанда пайдаланылатын кұбыржелілер үшін асбест маталы резенке муфта түріндегі дюриттер қолданады.



7.9-сурет. Кұбыржеліңің дюриттік қосылышы:
1 - қамыт; 2 - муфта; 3 - сақиналы ернеуі бар кұбыр.



7.10-сурет. Кұбыржелілердің бугелдік қосылыштары:
а - ернеуі бар кұбырларды эксцентрикті қысқышпен; б - оймагы бар; в - ернеуі кайтарылған кұбырларды бұрандалық қысқышпен; 1 - қамыт; 2 - резенке нығыздызуыш; 3 - эксцентрикті қысқыш; 4 - бұрандалыкты бұранда; 5 - ішкі қыстырма.

Дюримтік қосылыштардың кемшіліктегі - қызмет мерзімінде қыскалылығының (2-3 жыл), мұфталардың өртке тұрақтылығының төмендігі, жұмыстық параметрлерінің төмендігі (қысым 1,2 МПа, температура 240⁰С дейін), қосылыштың пісірілімді немесе фланецтіге қараганда қымбат болуы.

Бугелдік қосылыштарды құбыржелілердің жиे бөлшектеуді талап ететін участекелері үшін, сондай-ақ арнайы максаттағы құбыржелілер үшін колданған тиімді. Олар жылдам ажырайды, бірақ салыстырмалы түрде қымбат.

Бугелдік қосылыштардың әртүрлі конструкцияларын қолданады. Ернеуі бар құбырлардың қосылышы (7.10a-сурет) жалпы топсамен байланысан және эксцентрикті қысқышпен 3 тартылатын екі қамыттан 1 тұрады. Ұштарында ойыны бар құбырлар қосылышын (7.10b-сурет) гайкасы бар бұрандалармен 4 тартады. Көрсетілген қосылыштың (7.10в-сурет) өзіндік ерекшелігі құбыр ұштарын қайыруда және ішкі қыстырманың 5 болуында түр.

7.4 Құбыржелілердің жұмысына ықпал етуші факторлар

Технологиялық құбыржелілер пайдалану процесінде едәүір жүктемелерге ұшырайды: тасымалданатын заттың қысымы, температурасы; құбырдың, тетіктердің, арматураның, тасымалданатын заттың өзіндік салмағы, жылуоқшаулау, жылулық ұзару; дірілдік және желдік жүктемелер; топырак қысымы. Мұның сыртында, құбыржелілердің жекеленген участекелерінде әркелкі козудан, жылжымалы тіректердің тіреліп қалуынан және олардағы жоғары үйкелістен оқтын-оқтын жүктемес туындауы мүмкін.

Жылулық ұзарудан болатын жүктемелер құбыржелілердің тармактары мен тіректерінде туындаиды және кашанда шоғырланған сипатта болады. Тасымалданатын заттың қысымынан болатын жүктемелер ішкі жүктемелерге жатады, ал салмактан, жылулық ұзарудан, дірілден, құбыржелі керілүінен, құбыржелігі жалғасқан компенсаторларды керуден, сондай-ақ желден, топырак қысымынан (желі жерге төсеген кезде) болатын жүктемелер – сыртқы жүктемелерге жаткызылады.

Кұбыржелінің келтірілген жүктемелерге қарсы тұру қабілеті құбыржелінің беріктігі дең аталағы. Құбыржелі беріктігі оның қуралатын тетіктерінің беріктігіне байланысты болады.

Технологиялық құбыржелілер сенімділігі оларды пайдаланудың аса маңызды шарты болып табылады, ейткені құбыржелінің қаңдай-да бір болігінің ақауы, әдette резервті желі болмаған кезде, аварияға және ондірістің немесе бүкіл өнеркәсіптік нысанның толық тоқтауына соктыруы мүмкін.

Құбыржелілердің сенімді жұмысын камтамасыз ету үшін төмендегідей талаптар орындалуы кажет:

- күбіржелінің жобалау кезінде оның жұмысы мен беріктігіне ықпал ететін барлық жағдайларды ескерген, оның барлық боліктері үшін кажетті материалды таңдаған жөн;
- күбіржелінің барлық тетіктерін, тораптары мен секцияларын жобада қарастырылған материалдардан сапалы дайындау;
- монтаждық жұмыстарды берілген технология мен техникалық шарттарды сактай отырып сапалы орындау;
- күбіржелі жұмысына тұракты және жүйелі түрде бакылауды қамтамасыз ету.

Бакылау сұрақтары


1. Күбіржелі дегеніміз не?
2. Тасымалданатын зат түрі бойынша күбіржелілер қалай аталады?
3. Конструктивтік ерекшеліктері бойынша күбіржелілер қалай болінеді?
4. Күбіржелі тіректері мен аспаларының түрлерін атаңыз.
5. Күбіржелі элементтері косыльыстарының қандай түрлері бар?
6. Дөрійттік косыльыстар деген не?
7. Күбіржелілердің жұмысына қандай факторлар әсер етеді?

8 ЭЛЕКТРЛІК МОНТАЖДАУ ЖУМЫСТАРЫ КЕЗІНДЕГІ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ОПЕРАЦИЯЛАР

8.1 Электрлік монтаждау бұйымдары

Бекіту бұйымдары. Жабдықтарды, аппараттар мен приборларды тірек конструкцияларына бекіту үшін стандартты метиздер – алтықырыл басы бар бұрандалар, алтықырыл бұрандалыктар, карапайым және серіппел тығырыктар, жартылай деңгелек, жасырынды және цилиндрлік бастиры бар бұрандалар, бұрама шегелер мен тығындауыштар қолданылады. Электрлік қондыргыларда жекеленген жеңіл төтіктерді де, қомақты конструкцияларды аппараттар мен машиналарды да қабыргаларға, тобе жасындыларына және басқа да құрылым конструкцияларына бекіту үшін ылғал процестер қолдануды талап еттейтін бекіту бұйымдары мен бекіту тасілдері қолданылады. Бұл монтаждауды, есірессе қыс жағдайларында, сәуір женілдетеді, ері карапайымданырады және конструкциялар мен жабдықтарды бекіткеннен кейін бірден жүктеуге мүмкіндік береді. Осы мақсаттар үшін өнеркәсіп алуан түрдегі және түрлі қолданыстагы дюбелдер, любель-шегелер, любель-бұрандалар шығарады.


Монтаждық бейіндер мен жолақтар. Электрлік монтаждау жұмыстары (ЭМЖ) практикасында кабелдер, сымдар, құбырлар, приборлар мен аппараттар тобын бекіту үшін перфорандырылған монтаждық бейіндер мен жолақтар (8.1-сурет) кеңінен қолданылады. Бейіндер мен жолақтарды үлкен ассортиментпен калындығы 0,8-4 мм болаттан дайындалап, 1 және 2 м ұзындықтарда шығарады.



8.1-сурет. Монтаждық бейіндер мен жолақтар:
a - С-түрдегі бейін; б - монтаждық жолақ


Перфорандырылған бейіндер мен жолақтарға электрлік қондыргылардың түрлі элементтерін әртүрлі сабактастықта женіл бекітуге

болады. Оқшауланған бірнеше сымдарды бір бумага тарту үшін алуан түрлі жіптер, жолактар, таспалар колданылады (8.2-сурет). 8.2-суретте ЛМ монтаждық таспасы көрсетілген. Таспа ені 10 және 15 мм етіп дайындалады.



8.2-сурет. Сымдарды, кабелдерді және кұбырларды бекітуге ариалған тетіктер:
а - кабелдер мен кұбырларды перфорандырылған конструкцияларға
метизсіз бекітуге ариалған алюминий жолак; б - сымдарды шын темірлеуге ариалған
полиэтилен тісті жолак-байлам; в - сымдарды шын темірлеуге ариалған және
полиэтилен түйме мен поливинилхлорид пластиктен жасалған таспа.

Тарту таспаларының көмегімен сыртқы диаметрі 3-тен 70 мм дейін сымдар мен кабелдердің бумаларын, калкан панелдерінің ішінде де, сыртында да монтаждау кезінде, шын темірлеуді жүзеге асыруға болады. 8.3-суретте бумалар шын темірлеу, маркілеу үлгілері көлтірілген.




8.3-сурет. Тарту таспаларын колдану үлгілері:
а - бума калыптастыру (шын темірлеу); б - буманы маркілеу.

Сымдарды, кабелдер мен кұбырларды күрүліс конструкцияларына, сондай-ақ электрлік конструкцияларға тікелей бекітуді жақшалар, қамыттар мен тесемдер көмегімен аткарады, оларды үлкен ассортиментте болат пен пластмассадан түрлі диаметрлердегі сымдар мен кабелдерге арнал дайындауды.

Практикада қатты бесітілген құбырларда жүргізілген сымдарды машинаның, аппараттың немесе электр қондырысының корпусына икемді әкелуді жи орындауға тұра келеді.

Бұл мақсат үшін сырты ПХВ пластигімен қапталған металдық жән 2 кесіндісінен тұратын жиынтықты икемді енгізбелер қолданады (8.4-сурет), оның бір ұшына аппарат немесе машинаның қантамасымен жалғауға арналған муфта, ал екінші ұшына - құбырмен 4 жалғастыруға арналған құбырлық муфта 3 бекітіледі.



8.4-сурет. Икемді енгізбе: *a* - колдану үлгісі; *b* - жалпы түрі.

Электрлік монтаждау жұмыстарын (ЭМЖ) монтаждау нысанында орындаудың негізгі ұйымдық принциптерін екі кезеңде қарастырамыз.

Бірінші кезеңде барлық әзірлік және дайындаған жұмыстары орындалуы тиіс. Үйлер мен ғимараттар ішінде электр жабдықтарын, шина өткізгіштерді, кабелдер мен сымдардың төсемдерін орнатуға арналған тірек конструкцияларын монтаждау жөніндегі электрлік көпірлік крандар үшін троллейлерді монтаждау жөніндегі, электр сымдарына арналған болат және пластмасса құбырларды монтаждау бойынша, жабық жәлі сымдарын сылау және әрлеу жұмыстарына дейін төсеу жөніндегі жұмыстар, ал үйлер мен ғимараттар сыртында – кабелдік желілер мен жерге еткізу желілерін монтаждау жөніндегі жұмыстар жүргізіледі. Бірінші кезең жұмыстарын үйлер мен ғимараттарда сәйкестендірілген график бойынша негізгі құрылымы жұмыстарын орындаумен бір мезгілде аткарады, бұл кезде орнатылған конструкциялар мен төсептеген құбырларды синудан және ластанудан корғау шарапалары колданылады.

Осы кезеңде монтаждау аймагынан тыс электрлік дайындаған шеберханасында қуаттық және жарықтандыру электр сымдарының тораптары мен бумаларын алдын ала дайындау, электр жабдықтарының ірілendірілген тораптары мен блоктарын жинау, аппаратуралар мен машиналардың электр жабдықтарын алдын ала реттеу, тексеру және стендтерде синау, т.с.с. жүргізіледі.

Екінші кезеңде электр жабдықтарын монтаждау, кабелдер мен сымдарды төсеу, кабелдер мен сымдарды электр жабдықтардың шығулашына косу жөніндегі жұмыстарды аткарады. Электр техникалық жайларда екінші кезең жұмыстарын жалпы құрылыштық және әрлеу

жұмыстары кешені аяқталғаннан кейін және сантехникалық құрылғыларды монтаждау жұмыстары мен басқа да арнайы жұмыстар аяқталған соң орындаиды.

Басқа (электртехникалық емес өндірістік) жайлар мен аймактарда, соның ішінде цех өтпелерінде, екінші кезеңнің электрлік монтаждау жұмыстарын технологиялық санитарлық-техникалық құбыржелілер мен желдегу кораптарын монтаждағаннан кейін орындаиды.

Монтаждалған электр жабдықтарын жекелей сынаудын аяқталуы және жұмыстық комиссияның электр жабдықтарын жекелей сынаудан кейін қабылдау туралы актіге кол қоюы электртехникалық құрылғыларды монтаждаудың аяқталуы болып табылады. Тапсырыс берушінің іске келтіру және электрлік монтаждау үйімінің хабарламасы негізінде жариялайтын, электрқондырғысындағы пайдалану режимін енгізу сәті жекелей сынаудын басталуы болып табылады.

Электртехникалық құрылғыларды монтаждау процесінде құрылыштың әрбір нысанында электрлік монтаждау жұмыстарын орындаудың арнайы журналдары жүргізіледі. Жұмыстар аяқталған соң электрлік монтаждау үйімі бас мердігерге құжаттаманы откізіп береді.

8.2 Электр сымдарын монтаждау

Монтаждау жұмыстарын орындау кезінде механикаландыру құралдарына, сондай-ақ кол саймандарына маңызды орын беріледі.

Механикаландыру құралдары монтаждау жұмыстарын орындауды, сондай-ақ ірі электр жабдығын, оның жекеленген беліктерін өздігінен жүретін монтаждық крандар, гидравликалық көтерігіштер, тальдар, электрлік автотиеуштер және басқа машиналар көмегімен тиесінен түсіруді карастырады.

Монтаждау жұмыстарын тиімді жүргізу үшін шағын механикаландыру құралдары (шегебұрағыштар, балгалар, т.б.), арнайы монтаждық сайман, слесарлық сайман (тістесуіштер, отверткалар, т.б.), өлшеу саймандары мен приборлары (саңылауөлшеуіштер, индикаторлар, мегометрлер, вольтметрлер, тахометрлер, термометрлер) және электр тогы соғуынан корғайтын басқа да құралдар жиынтығы (резенке аяқкім, қолган) қолданылады.

Әрбір қасіпорын үшін жобалық-сметалық құжаттаманы электрмен жабдықтау, қуаттық және жарықтандыру, автоматика мен байланыс желілерін коса дайындаиды. Жобаның электртехникалық бөлімі ішкі және сыртқы электр желілерін, подстанцияларды және электрмен жабдықтаудың басқа да құрылғыларын монтаждауга ариалған жұмыстық сыйбалар жиынтығын карастырады.

Электр желілерін төсөу трассалары мен электр жабдығын орнату орындарын басқа технологиялық және инженерлік желілер төсөу трассаларымен, басқа жабдықты орнатумен байланыстырады.

Куаттық электр жабдығын монтаждау үшін жобалау ұйымдары үйлердің қабат сайынғы жоспарларын, оларды коректендіру және таратудың куаттық желілерін төсөудің трассаларын және куаттық коректендіру пульттері мен шкафтарын, электр кабылдағыштар мен іске косу-реттеу аппараттарын орналастыруды көрсете отырып дайындайды. Электрлік жарықтандыруды монтаждау үшін үйлер мен цехтардың қабат сайынғы жоспарларын жарықтандырудың коректендіру және тоитық желілерін, жарықшамдарды, пульттар мен қалқаншаларды көрсете отырып жасайды.

Техникалық құжаттама электр өткізбесінің сұлбалық бейнесін көрсетеді.

Электроткізбесі деп майда кималы (16 mm^2 дейінгі) резенке оқшаулагышы бар брондалмаган кабелдер мен оқшауланған сымдардың жиынтығын, соларға қатысты ұстап тұрушы және корғаныш конструкцияларын айтады. Орындалу тәсілі бойынша электр өткізбесі жабық (үйлердің кабыргасы едені және басқа да конструктивтік элементтерінің ішінде жүргізілген) және ашық (кабыргалар мен төбе бетінде, фермалар бойымен жүргізілген) болып белінеді.


Ашық электр өткізбелері *стационарлық*, *жылжымалы* және *алып жүретін*, сондай-ақ *ішкі* және *сыртқы* болуы мүмкін. Соңғыларын үйлер мен гимараттардың сыртқы кабыргаларында, олардың арасында, жаппалар астында, сондай-ақ аракашықтығы 25 м дейін 3-4 өтпесі бар тіректерде орналастырады.

Кабелді желі деп мұфтасы және ұштық аткарымы бар бір немесе бірнеше кабелден тұратын, электр энергиясын немесе жекеленген импульстарды беруге арналған желіні айтады.

Ашық құбырызыз өткізбелердің еңбек сыйымдылығы аз, ері жабық электр өткізбелері және құбырылардағы өткізбелермен салыстырганда құны жағынан әлдекайда унемді. Олар корғалған және оқшауланған сымдар мен резенкелі және поливинилхлоридті оқшаулагышы бар брондалмаган кабелдер түрінде болады. Өткізбелерді оқшаулагыш тіректерге (рамкаларға, қысыштарға және оқшаулагыштарға) төсөу казіргі кезде сирек колданылады, ейткені оның бірқатар кемпіліктері бар: еңбек сымдылығы жоғары, ғұмырлылығы қыска, оны монтаждау индустримальдық едіске аз беріледі.

Ашық құбырызыз төсемді әртүрлі тәсілдермен орындауга болады: күрілістық негіздерге металдық немесе пластмассалық жакшалармен тіkelей бекіту; күрілістық негіздер бойынша жүргізілген металдық жолактарға, таспаларға және жакшаларға бекіту; құрілістық негіздерге желімденген тұтқыштарға, астаушалар мен кораптарға бекіту. Бірінші

тәсілдің еңбек сыйымдылығы жоғары, ейткені бекітпелерді құрылыштық негіздерге орнату үлкен шығындарды қажет етеді. Сымдар мен кабелдерді дайын трассага төсөу кезінде оларды жолактарға, таспалар мен құбырларға баулары бар шын темірлік жолактармен (8.5-сурет) немесе баулықтары бар пластмассалық жолактармен және түймелері алдын ала орнатылған бекіткіштерге (8.5г-сурет), сондай-ақ шын темірлік жолактармен құрылыштық негіздерге бекітілген тұтқыштарға бекітеді. Металл жолактар мен жақшалар астына эластикалық тесемдерді олардың екі жағынан кем дегенде 1 мм шығып тұратындағы етіп төсейді. Ашық сымдарды дайындау трассасы бойынша тарқатады, тұзетеді, кораптар мен орнататын бұйымдарға шығару үшін қажетті ұзындықтағы кесінділерге қияды. Кабель сымдарын және бекіткеннен кейін трассада тиісті жұмыстар мен электр қабылдағыштарға жалғау жүргізеді.



8.5-сурет. Коргалған сымдар мен кабельдерді бетон және кірпіш негіздерге бекіту: *a* - болат жақшамен; *b* - жолак баумен; *c* - пластмасса жақшамен; *d* - екі кабелді бекіткішке жолак-баумен

Бір бағытта тартылатын сымдар мен кабелдер саны көп болғанда астауга бекіту жүргізіледі. Вертикаль орнату кезінде оларды астауларға бүкіл трасса бойында 500-700 мм сайын қатты бекітеді. Егер астауларды горизонталь орналастыrsa, онда оларды астаулардың бұрыштары мен жалғау орындарындаған бекітеді. Бекіту үшін жақшалар, шын темірлер және оқшантайлар колданады.

Қазіргі кезде өндірістік жайларда жасырын еткізбе қолдану көң колданыс тапты, ол үшін полихлорвинилдік, полизтиленнен және жабындының баска түрінен жасалған оқшаулағышы бар сымдар колданылады. Роликтердегі еткізбелерге қарағанда жасырын откізбенің бірқатар артыкшылықтары бар: роликтерді, планкаларды орнату жөніндегі еңбек сыйымдылығы жоғары жұмыстарды орындау қажеттігі болмайды; сымдарды закымдану мен картаудан корғау камтамасыз етіледі. Өндірістік жайларда механикалық закымданулардан корғау және сымдарды белсенді ортанды (булардың, қышқылдардың) эсерінен оқшаулау үшін жарықтандыру жөлілерін жұқа қабыргалы болат немесе оқшаулағыш (қатты резенкеден, полихлорвинилден немесе әйнектен жасалынған) құбырларға орналастырады. Құбырларға төсөу үшін әдетте

АПР, ПР, ПРТО, ПРГ сымдары колданылады. Сымдарды төссеу алдында құбырларды таттан тазартып, соңан кейін оларды беттерін лак немесе бояумен жабады. Тартар алдында сымдарды көнтіреді және ұнтақпен сүртеді. Құбырга алдын ала енгізілген сымтемірдің комегімен қолмен (сымның диаметрі кіші болғанда) немесе шығыр комегімен (сымның диаметрі үлкен болғанда) сымды тартып еткізеді. Болат сымы бар желілер әртүрлі тәсілдермен жалғанады. Бұл жағдайда сымдар закымданбас үшін құбырдың ұштарына шеттері дөнгелектенген пластмасса төлкелер кигізіледі.

Жасырын еткізбе кезінде құбырларды төтесінен (ең қысқа қашыктықпен) орналастырады. Ашық еткізбе кезінде оларды 2,5-3,5 м аралықта металл жақшалармен бекітеді. Сымдарды түрлі токқабылдағыштарға экелу және сымды құбырга енгізуіді жөнілдете үшін арнайы кораптар колданады. Құбырларды, түзілетін ылғал ағып кететіндей етіп, кораптар жаққа сәл қисайта орналастырады. Оқшаулағыш құбырларды карықшаларға алебастр балшығымен кабыргалар мен төбені сылағанға дейін бескітеді. Сымдарды құбырга сылақтан 7-10 күн еткен соң тартып енгізеді. Оларды ұнтақ себілген материал арқылы тарта отырып, алдын ала түзетеді.

Соңғы жылдары ондірістік жайларда жарыктандыру желісін тікелей сылақ кабаты астына, еденге және құрылыштық конструкциялардың күйстарына орналастырады. Сымдарды кірпіш кабыргаларға сылаудың алдында токқабылдағыштарға экелу үшін пластмассалық және металл кораптар колданады. Розеткаларды, ажыратқыштарды орнату үшін металл кораптар пайдаланады. Жасырын еткізбелер үшін арнайы шығарылатын ажыратқыштар мен штепседі розеткаларды осы кораптарға әрлеу алдында монтаждайды. Мұндай тәсіл розетка немесе ажыратқыш істен шыққанда сылақты бұзу қажеттілігін бодырмайды. Металл кораптарды ағаш розеткаларға немесе кабыргаларға орнатады.

8.3 Электрлік жабдықтарды монтаждау

Электрлік жабдық деп электр техникалық құрылғылардың немесе бүйімдердің жыныстығын айтады.

Электр техникалық құрылғы дегеніміз оның жұмысы кезінде электрлік энергия түрленетін, берілетін, таратылатын немесе тұтынналатын құрылғы.

Жалын мақсаттагы электрлік жабдық деп халық шаруашылығының белгілі бір саласына немесе белгілі бір қызметке тән айрықша талантарды есепке алмай жасалынған жабдықты айтады.

Арнайы электрлік жабдық дегеніміз халық шаруашылығының белгілі бір саласына немесе белгілі бір қызметке тән ерекшеліктерді ескере отырып жасалынған жабдық.

Сыртта орнатылатын электрлік жабдық деп жабық жайлар мен гимараттардың сыртындағы жұмыстарға арналған электрлік жабдықтың айтады.

Іште орнатылатын электрлік жабдық деп жабық жайлар мен гимараттардағы жұмыстарға арналған электрлік жабдықтың айтады.

Ашиқ электрлік жабдық дегеніміз оның қозгалатын және ток өткізетін боліктерине жанасудан, сондай-ақ оның ішіне бөгде заттардың түсінен қорғалмаған электрлік жабдық.

Қорғанысты электрлік жабдық деп оның қозгалатын және ток өткізетін болігіне оқыс жанасудан немесе ішіне бөгде заттардың, шаңының және сұйықтық енүінен қорғау үшін арнайы құрылғымен жабдықталған электрлік жабдықтың айтады.

Стационарлық электр жабдығы дегеніміз қызмет көрсететін нысандарға катысты жылжытусыз пайдалану үшін қолданылатын электрлік жабдық.

Жылжымалы электрлік жабдық деп қызмет көрсететін нысандарға катысты жылжымалы пайдалану үшін қолданылатын электрлік жабдықтың айтады.

Алып жүретін электрлік жабдық деп оны пайдалану кезінде алып жүруге арналған электрлік жабдықтың айтады.

Куаттық электр тізбегі деп қызметті электр энергиясын өндіруден, оны беруден таратудан, оны энергияның басқа түріне түрлендіруден тұратын құрылғылары бар электрлік тізбектің айтады.

Басқарудың электр тізбегі деп қызметті электрлік жабдықтың және жекеленген электр техникалық құрылғыларды іске косудан немесе олардың параметрлерінің мәндерін өзгертуден тұратын құрылғылары бар электрлік тізбектің айтады.

Тарату құрылғыларын, подстанцияларды және ток откізгіштерді мамандандырылған мердігерлік үйімдерды монтаждайды.

Тарату құрылғылары мен подстанциялар мынадай электрлік жабдықтар кешенінен тұрады: куаттық трансформаторлар, оқшаулагыштар, ақыратқыштар, сактандырығыштар, вентилдік разрядтағыштар, олшеву трансформаторлар, конденсаторлар.

Куаттық трансформаторлар айнымалы ток көрнеуін арттыруға және төмендетуге арналған. Маймен салынадайтын, үшфазалы екіорамды, көрнеуді 10 немесе 6 кВ-дан 0,38 кВ-ға дейін төмендететін трансформаторлар көңілденең табуда.

Оқшаулагыштар ток өткізетін боліктерді бекіту және оларды кондырығының жерге өткізілген элементтерінен оқшаулау қызметтің аткарады.

Ажыратқыштар 1000 В жоғары куаттық электр тізбегінде үзік жасау үшін қолданылады. Ажыратқыштармен трансформаторлардың тек бос жүрісін ғана ажыратып-косады.

Жұктемені ажыратқыштар 1000 В жоғары электр тізбектерін, жүктеме тогы болса да, болмаса да ажыратуға және қосуға арналған.

Сактандыргыштар шағын куатты айнымалы токты электр кондырылғыларын қыска тұйықталу тоқтарынан корғау қызметін аткарады.

Вентилдік разрядтагыштар электрлік машиналар мен электрлік жабдықтарды атмосфералық разрядтардан және пайдаланудың қыска мерзімді артық жүктелуінен корғау үшін қолданылады.

Өлшеу трансформаторларын өлшеу және корғау приборларын косу үшін қолданылады.

Тарату құрылғыларын монтаждау жиынтықты камераларды немесе бірнеше камералардан тұратын блокты жобаға сай жинаудан көрінеді. Монтаждық жұмыстарды ҚНжЕ (СНиП) сәйкес екі кезеңде жүргізеді.

Бірінші кезең – құрылстық конструкцияларға электр жабдықтарын бекітуге арналған салымдық болшектерді орнату, сыртқы электрлік еткізбелерге арналған трассаларды дайындау және жерге еткізу еткізбелерін тессеу жөніндегі дайындық жұмыстарын аткарудан тұрады.

Бірінші кезеңнің монтаждау жұмыстарын құрылстық жұмыстармен бір мезгілде орындаиды. Бірінші кезеңнің монтаждау жұмыстарын жүргізгендегі кейін құрылстық үйім жайлардағы тарату құрылғыларына арналған құрылстық жұмыстарды, таза еден тессеу мен жайларды агартуды коса аяқтайды.

Екінші кезең – бұл жинақтау жұмыстарын орындау: тарату құрылғыларының жекеленген камераларын немесе бірнеше камерадан тұратын блоктарын орнату; шиналық байланыстарды, сыртқы электр сымдары мен кабелдерін монтаждау.

Электрлік жабдықтар ревизиясын дайындаушы зауыттардың нұсқауларына сай мамандандырылған үйімдардың стенділеріне оларды монтаждау орнына жібергенге дейін жүргізеді.

Iрі блокты жиынтықты жабдықтау кезінде тасымалдау-серслеу жұмыстарын автомашиналар немесе трейлердің және крандардың көмегімен аткарады.

Орнату орнына тарату құрылғыларының камераларын бірге жиналған, 3-5 камерадан тұратын іріленген блоктар түрінде жеткізіледі. Егер жиынтықты камераларды көтеру және түсіру қаптамамен жүргізілсе, кранмен көтеру кезінде арканшалауды дайындаушы зауыт көрсеткен тәсілмен жүргізеді.

Қаптамасы жок камераларды арканшалау тиісті ілгектермен орындалады. Жиынтықты камераларды қашанда «Үсті» және «Асты» деген жазуларға сай вертикалді жағдайда көтереді және жылжытады. Тарату құрылғыларының камералары мен электрлік жабдықтары жұмыс

орнындағы алдын ала дайындалған, деңгейлері бойынша жобалық белгіге тенгерілген негіздерге, салымдық беліктеге, тірек рамаларына орнатады.

Электрлік жабдықты монтаждау жөніндегі жұмыстар кешеніне электр моторлары мен іске косу-реттеу аппаратурасын монтаждау жұмыстары да кіреді. Қантамадан босатылған электр моторларын қозғалту кезінде крандар, тельферлер, электрлік карлар, тисуіштер қолданылады, оларды электр моторларын іргетаска орнату кезінде де пайдаланады. Егер электр моторында сыртқы закымдану болмаса, оның ішкі беліктегін сыйылған ауамен тазартады. Үрлеу кезінде роторды колмен айналдырып, беліктің подшипниктердегі еркін айналуын тексереді.

Электр мотордың сыртын керосинге аздаған малынған шүберекпен сұртеді.

Машиналарды тербеліс подшипниктеріне (шарикті және роликті) орнаткан кезде майын ауыстырмайды.

Электр моторларын орнату және бекіту кезінде олардың оқшаулағыштарының кедергісін тексереді. Оқшаулағышын қалыпты жиіліктегі (50Гц) айнымалы токтың күштейтілген кернеуімен болған сынақтан өткен машиналарды жұмысқа косуға рұқсат береді. Орамдардың артық ылғалдануы электр моторының оқшаулағыштары кедергісінің темендеуінін негізгі себептерінің бірі болып табылады.

Электр моторларын көптіру ауыр, қымбат және курделі операция болып табылады, сондыктан оны тәжірибелі мамандардың нұсқауымен және қадағалауымен орындаиды. Көптірудің кез келген тәсілінде (ыстық ауамен немесе электр тогымен) электр моторының көптірілетін орамдары мен боліктегі машинаның әртүрлі боліктегі ариналып белгіленген нормадагы шекті температурадан (65° - 70°C) артық қызып кетпеуін қадағалайды. Бұл жерде қызу температурасын терможүйттар көмегімен бақылайды.

Жартылай муфта бекітілген электр моторды орнатканнан кейін оны жоба бойынша білікке тенгереді.

Электрлік машиналар жұмысын басқару үшін іске косу-реттеу аппараттары ретінде электрлік шапталарды және қайта қысқыштарды сақтандырыштармен сабактастыра, құрама аппараттарды (рубильник-сақтандырыш), магниттік қысқыштарды, автоматтық ажыратқыштарды, жинақты басқару станцияларын қолданады. Оларда электрлік машиналарды қажетті түйіспелер, реле, кедергілер, магниттік және жартылай өткізгіштік қүштейткіштер колдана отырып, қолмен және электрлік іске косу сұлбалары жинақталған.

Рубильниктерді, қайта қосқыштарды сақтандырыштарды және рубильник-сақтандырышты тарату кораптары мен қуаттық пункттерге (шкафттарға) монтаждайды. Бұл аппараттарды деңгейлік және еңкею бойынша орнатып, сонынан бұрандалықтар және бұрандалар көмегімен бекітеді.

Магниттік қосқыштарды қуаттық тарату жинамасына, тарату кораптарына немесе кабырғаларға, колонналарға бекітілетін жекеленген конструкцияларға, т.б. вертикаль орнатады.


Іске косу-реттеу аппаратураларын орнату кезінде, оларды мүмкіндігінше электр моторын іске қосу мен ажырату оператордың көз алдында отетіндегі стіп орналастырады.

Жоғары электрлік қауіптілік электр моторлар санының көптігімен және талай цехтардағы колайсыз өндірістік ортаның (жоғары ылғалдылық, ток өткізетін еден, шаң, т.с.с.) болуымен шартталады. Ток согу келесі себептерден болуы мүмкін: ток өткізетін бөліктермен жанасу кезінде (ток өткізетін зат арқылы және тікелей жанасқанда); жұмыстың авариялық режимі кезінде кездейсоқ кернеуге ұшыраған жабдықтың металл конструкцияларымен жанасу кезінде; адымдық кернеуге түсіп калғанда; статикалық электрлікпен закымдану кезінде.

Ток өткізетін беліктермен жанасу кезінде ток согудың алдын алу үшін электр сымдарын бійкке орнатады және оқшаулайды, ал электр кондыргыларының жанасуға кол жетімді ток өткізетін бөліктерін коршайды, адамның электр сымымен жанасу мүмкіндігін бодырмайтын механикалық және электрлік құрсаулау жүйесін жасайды.

8.4 Жерге өткізу құралдарын монтаждау

Кернеудін металдық конструкцияларға отуі кезінде электр тогынын согуынан корғау үшін корғаныстық жерге өткізу, нөлдеу және ажырату (8.6-сурет) қолданылады.



8.6-сурет. Сұлбалар: а - корғаныстық жерге өткізу; б-корғаныстық нөлдеу; в - корғаныстық ажырату; I, II, III - фазалық сымдар; O - нөлдік сым; 1 - ток кабылдаушы; 2 - ажыраткыш; 3 - сактандыргыштар; 4 - жер.

Корғаныстық жерге өткізу – бұл жерге терең кағылатын металл жолак (немесе жуан сым) және өзек комегімен машинадардың, механизмдердің және басқа конструкциялардың ток өткізетін боліктер оқшаулагышы бұзылған кезде кернеуге ұшырауы мүмкін барлық бөліктерін жермен жалғастыру. Электр мотордан жұмыс істейтін жабдық корпустары,

трансформаторлардын, генераторлардын, электр моторларының, электрлік саймандарының корпустары жерге откізіледі.

Окшаулағыш бұзылған жағдайда жасалатын корганистық жерге откізу ток откізетін боліктерге жанасу оқигасынан корганиш бола алмайды. Керісінше, адамның бір мезгілде жабдықтың ток откізуши боліктеріне жанасуы кезінде айрықша қауіпті жағдайлар туындаиды, ейткені бұл жағдайда жерге откізу құрылғысы мен адам кедергісі ете төмен тізбекті құрайды.

Нәлдік сыммен жерге откізу бар желілерде корганистық жерге откізуін орнына, жерге откізілетін металл боліктерді бірнеше мөрте жерге жалғастыруды білдіретін нәлдеу қолданылады. Нәлдеудің корганистық қызметі жабдықты оның металл боліктеріндегі кернеу көздейсок туындаған жағдайда автоматты түрде тоқсыздандырумен қамтамасыз етіледі.

Корганистық ажырату – адамдарды қоргаудың ең жетілген тәсілі. Оған автоматты ажыратқыштар немесе арины релелер орнатумен қол жеткізуге болады. Реле электромагниттік катушка қысқыштарында кернеу пайда болғанда іске қосылады, ал окшаулағыш тесілгенде ол бірден ажыратады.

Дизлектриктер бетіндегі пайда болатын және оларда ұзак уақыт бойы сакталатын электрлік зарядтар *статикалық электрлік* атауын алды. Қасіпорындарда статикалық электрлік зарядтары кебінесе белдіктердің шкивтер бойымен, талшықты материалдардың машинаның металл белшектері бойымен қозгалысы, кейбір сұйыктарды құбырлармен айдау, газдардың құбыр бойымен жылжуы, кейбір қатты заттарды дірменде, үнтақтагышта, дезинтеграторларда ұсату, шаңыны ауа откізгіштерде (құбырларда) қозгалуы кезінде түзіледі. Статикалық электрліктиң туындауы мен жинақталуы жарылыстың, өрттердің немесе жазатайым оқигалардың себебі болып шығуы мүмкін. Статикалық электрліктиң зарядтарын жабдықтардың, аппараттардың, құбыржелілердің және басқа конструкциялардың металл боліктерінен жерге откізу құрылғыларының комегімен алып кетеді. Белдікті берілістерді металл сыммен тігеді, ал шкивтерін жерге откізеді. Мата жәндірі бар сілкімелі сұзгіштерді майда металдық, жерге жақсы откізілген торлармен қоқтейді.

8.5 Электр моторлары мен кабелдерге техникалық қызмет корсету

Технологиялық машиналардың электр жабдықтарына техникалық қызмет корсету (ТҚК) жоніндегі жұмыстар электр кондырғыларын, электр тұтынушыларды техникалық пайдалану ережелерін, электржабдықтарын ревизиялау, құйға келтіру мен сыйнау жөніндегі жетекшілікті және басқа да нормативтік күжаттарды ескере отырып орындалады. Қауіпсіздік ережелері

электр жабдықтарына ауысым сайынғы, апта сайынғы байқаулар, тоқсан сайынғы ревизиялар еткізуді қарастырады.

Электр жабдықтарын пайдалану мерзімдерінің уақыт бойынша интервалдарда әртүрлі болады.

Электр жабдықтарын пайдалану және техникалық қызмет көрсету кезінде ревизияға, күйге келтіруге және сынауға айрықша назар аудару кажет.

Бұл жұмыстың үш кезеңі болады: іске косу-пайдаланудың басталуы; периодтық – пайдалану уақытында және кезектен тыс – электр жабдығының авариялық жағдайы кезінде. Бірқатар жағдайларда іске косу алдындағы ревизия-күйге келтіру және сынау (РКС), яғни монтаж алдындағы техникалық қызмет көрсету қолданылады.

РКС периодтылығы төрт кезеңнен тұрады:

1) кернеу бар кезде электр жабдығының қантамасын ашпай, сырттай байқау және тексеру: монтаждау дұрыстығын, жерге еткізу құрылғыларын, корпустардың күй мен олардың енгізу құрылғыларын электр жабдықтарын орындау түрінің марқіленуін, пломбаларды, т.б. тексеру;

2) технологиялық үзілістер кезінде кернеуді алып тастағанда және қантамасын ашқанда байқау, тексеру мен ревизиялау. Бұл кезеңнің басында бірінші кезеңнің операцияларын, сондай-ақ корғаныс құралдарын ревизиялауды, жерге еткізу құрылғыларының кедегісін өлшеуді; қажетті электрлік параметрлерді өлшеуді; электрлік тізбектердің монтаждалуын тексеруді, түйістіргіштерді, кашыктан басқару элементтерін ревизиялау мен байқауды, оқшаулағышты сынау мен тексеруді; электр жабдығының жұмыс кабілеттілігін тексеруді орындауды;

3) кернеуді толық ажыратып тастаған кезде корпустарды ашып және тораптарды белшектеп байқау, тексеру, ревизиялау, күйге келтіру, сынау. Екінші кезеңде келтірілген операциялардан басқа осы құрылғы үшін қажетті электрлік, жылдамдықтық, уақыттық және басқа да параметрлердің барлығын өлшеуді; барлық тораптардың және тетіктердің алдын ала күйге келтірілуі мен реттеулерін; қозғалыс тораптарын толықтай тексеру мен сынауды жүргізеді;

4) электр жабдықты күйге келтіру, реттеу, сынау мен жұмыс кабілеттілігін тексеру жөніндегі едәуір мәнді операциялар, сондай-ақ оны жұмыстың пайдалану режиміне енгізу орындалады.

Технологиялық машиналардың электр жабдықтарын пайдалану кезінде, әдетте үш техникалық қызмет көрсету, яғни 1-ТҚҚ, 2-ТҚҚ, 3-ТҚҚ орындалады.

1-ТҚҚ участкениң кезекші слесарлары және машиналар мен механизмдердің операторлары ауысым бойында, ауысымдар арасындағы үзілістерде және технологиялық тоқтаулар кезінде жүргізеді.

2-ТҚҚ жөндеу бригадаларының электр слесарлары осы машиналарға қызмет көрсетуші тұлғалармен бірге участке механигінің басшылығымен өткізеді.

3-ТҚҚ жондеулік аудысымдарда жондеу жоніндегі электр слесарлары мен кәсіпорынның электр-механикалық қызметінің қызметкерлері бас энергетиктің жетекшілігімен жүргізіледі.

ТҚҚ кезінде қауіпсіздік техникасының, сондай-ак басқа да нормативтік құжаттардың талаптары сакталуы тиіс.

ТҚҚ өткізу мерзімдерінің катаң сакталуы, сондай-ак олардың сапалы орындалуын электр жабдығының жақын жұмыстық қүйін қамтамасыз етуге, уақытынан бұрын тозған тетіктерді және тораптарды дер кезінде байқау мен аудыстыруға, жондеулер арасындағы интервалды ұзартуға мүмкіндік береді. Электр жабдықтарына ТҚҚ сапасы кәсіпорынның электр-техникалық қызметі жұмысшыларының біліктілігіне байланысты болады.

Электр моторларына техникалық қызмет көрсету. Технологиялық машиналарда асинхрондық қыскатыйқтаған және фазалы роторы бар айнымалы ток моторлары, сондай-ак үшфазалы токтың синхрондық моторларынан жетек алуы кен колданыс тапты.

Технологиялық машиналардың электр моторларында ақау пайда болған кезде технологиялық процессті бұзылады, машиналардың және тұтастай кәсіпорынның өндірімділігі төмендейді, ал кейір сәттерде авариялық жағдайлар мен қызмет көрсетушілердің жаракаттануы болуы мүмкін. Сондыктan ТҚҚ дер кезінде және сапалы өткізу мен мүмкін ақауларды жою аса манызды.

Асинхрондық машиналардың ақауларына статордың белсенді болатын номиналды жүктемесі бар кезде кернеудің номиналдық мәннен асып кеткен жағдайдагы рұқсат етілмейтін қызын жатқызуға болады. Белсенді болатын шағын (ошакты) қызып кетулер болат табақ беттері, олардың ұштанулары арасындағы оқшаулағыштың бұзылуы кезінде болуы мүмкін, соның інтижесінде қыска түйікталу жүреді. Мұндай ақауларды, әдетте, зауытта немесе арнайы шеберханаларда жөндейді.

Түйіспелік сакиналардың шаң немесе маймен ластануы інтижесінде және щеткалық аппараттардың электр дөғасымен қайта жабылуы мүмкін. Түйіспелік сакиналар мен щеткалық аппараттың едәуір закымдануы кезінде оларды аудыстыру, ал шамалы болғанда – жондеу қажет.

Фазалық роторы бар асинхрондық электр моторларын пайдалану кезінде түйіспелік сакиналарды кір мен майдан үнемі тазарту, щеткалық ұнтақтарды сығылған ауамен үрлеп тазарту, түйіспелік сакиналары ұштарын электрлік эмальмен жабу қажет.

Электрлік машиналарға (айнымалы және тұрақты токтагы) тән ақаулардың қатарына кіретіндер:

- машинаның енгізу қысқыштарындағы түйіспелердің алсіз түйісу нәтижесінде едәуір қызып кетуі, оны болдырмау үшін бұрандалардағы бұрандалықтарды тарту қажет;

- подшипниктердің кисаоюна байланысты қызып кетуі, оны болдырмау үшін машинаны бөлшектеу, майды тазарту, қайта жинау, подшипниктерді тиісті мөлшерде маймен толттыру қажет;

- машина орамдарының қыска түйікталудан немесе оның ұзак жұмысынан артық жүктелу нәтижесінде қызып кетуі.

Электрлік машина мен атқарушы орган (жұмыстық машина) арасындағы центрлеуге айрықша назар аудару қажет.

Біліктердің центрленуі рейсмустармен (арнайы жақшалармен) тексеріледі. Машина мен атқарушы органды жалгайтын әрбір жартымуфтаға рейсмустар бекітіледі. Рейсмустың горизонталь және вертикаль ұштары бір-біріне қарама қарсы түруы тиіс. Біліктердің айналуы кезінде рейсмус ұштары арасындағы арақашылық өлшеше радиусы 250-300 мм кезінде, әрбір білікті 0, 90, 180, 270° бұрганда 0,03 мм-ден артық болмауы керек.

Электрлік машиналардың барлық түрдегі жалпы ақауларымен қатар, машиналардың накты типіне тән ақаулар болуы мүмкін.

Тұракты ток машиналарында щеткалардың мерзімінен бұрын тозуы жи кездеседі, ол коллекторлардың артық ұшқындануы мен күйінін өзгеруіне сәктирады. Мұны щеткалардың дұрыс орнатылмауымен, олардың коллекторларға біркелкі қосылмауымен түсіндіріледі. Щеткатұтқыш оқшантайы мен коллектор арасындағы санылау 2-2,5 мм болуы тиіс. Щеткалар өзінін бүкіл ауданымен коллектор бетіне үйкеледі. Коллектор победит немесе басқа бір катты балқымды кескішпен ажарланып, сонан соң әйнек қағаздың айналуымен әрленеді.

Щеткалар ұшқындануының екінші бір себебі олардың шенбер және нейтраль бойымен дұрыс орналаспау немесе тұракты ток машиналарының басты және қосымша полюстарының дұрыс орналаспауы болуы мүмкін. Мұндай жағдай машина жұмыс істемей турғанда индуктивтік әдіспен тексеріледі. Бұл кезде қоздыру орамындағы ток номиналдық мәннен 5-10% аспауы тиіс.

Кабелдерді тосеу және оларға техникалық қызмет корсету. Кабелдер электр энергиясын тоptық немесе жекелей электр кабылдағыштарға жеткізуге ариалған. Кабель бір немесе бірнеше өзектен (өткізгіштерден) тұрады, олар қымтаулы металл немесе резенке, пластика, т.б. қантамаларға орнатылады. Қантама материалы бойынша кабелдер брондалған және икемді болып болінеді.

Кабелдерді байқау және жөндеу техникалық пайдалану ережелеріне сай жүргізіледі. Байқау кезінде оның қантамасының тұтастығы, тесілуйінің, кесілуйінің басқа да закымдануының болмауына көз жеткізу қажет.

Кабелдерді белуге айрықша назар аударылады. Экрандалған кабелдерді белу кезінде экран қабатын шлангалық қантама кескенге дейін

алып тастайды. Жалаңданған өзектен экранның ток өткізуші кабатына дейінгі аракашыктық 50 мм-ден кем болмауы тиіс.

Кабель ұшын енгізу құрылғысына кіргізу кезінде оқшаулағыш электрлік аппарат мұрындықтарына жанаспауы керек. Жерге откізу озегі сингізу корабына кіргізіледі және корпусқа ариайы бұрандаменен бекітіледі.

Бақылау сұраптары

1. Электрлік монтаждау жұмыстары кезінде кандай бекіту құралдары колданылады?
2. Электрлік монтаждау жұмыстары каша кезеңде орындалады?
3. Электрлік монтаждау жұмыстары кезіндегі қауіпсіздік шаралары.
4. Статикалық электрлік деген не?
5. Электрлік машиналарға техникалық қызмет корсетудін ерекшеліктері.
6. Электр тогы соғуынан қорғаудың кандай түрлері бар?

9 ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ МАШИНАЛАР МЕН ЖАБДЫҚТАРДЫ ПАЙДАЛАНУ

9.1 Технологиялық машиналарды пайдалануға дайындау

Пайдалану технологиялық машиналар мен электр-механикалық жабдықты пайдалануға дайындаудан, оларды мақсаты бойынша колданудан, тасымалдаудан, техникалық қызмет көрсетуден, жөндеуден, сактаудан, есепке алушадан түрады. Пайдаланудың тасымалдау, техникалық қызмет көрсету, жөндеу және сактау құрайтын белгіті машиналарды техникалық пайдалану деп аталады.

Пайдалануға дайындау технологиялық машинаны дайындаушы зауыттан немесе зауыттың аймақтық екілінен (дилерден) алушадан және оны соңынан пайдалануға енгізуден түрады.

Өздерінің габариттері мен массаларына байланысты технологиялық машиналар касіпорынға жиналған түрде немесе тиесуге, тасымалдауга және сактауга қолайлы жекеленген тораптар күйінде жеткізіледі. Технологиялық машиналарды тасымалдауды жүк автомобилдерімен, автомобилдік тіркемелермен, теміржол вагондарымен, сондай-ақ жекеленген оқигаларды су және әуе жолдарымен жүргізуге болады.

Машинаны алу кезінде дайындаушы зауыт (дилер) болашақ иессіне берілетін моделдің төлкүжатындағы тізімге сәйкес пайдалану-техникалық күжаттаманы беруге және алушымен бірге, берілетін машинаның төлкүжаттагы зауыттық немірі мен фирмалық кестедегі сәйкестігін күжат бойынша тексеруге; алушымен бірге құрама бірліктердің тұтастығын және пломбаның болуын, закымданудың болмауын, орау қағазына сай жыныстықтылышын байқап тексеруге; машинаны пайдалану бойынша нұсқаунаманың алушыға «Назар аударының» тарауы бойынша қыскаша нұсқаунама откізуге; ұсынылатын үлгінің бос жүрістегі барлық операциялар бойынша жүктемесіз жұмысын және қауіпсіздік, белгі беру, күрсаулау приборларының жұмысын көрсетуге; алушымен бірге машинага коса берілетін косалкы болшектердің, саймандардың және бұйымдардың орау парағына сәйкестігін тексеруге міндettі. Сондай-ақ пайдалану күжаттарын – техникалық сипаттау мен пайдалану жоніндегі нұсқаунаманы, төлкүжатты тексереді.

Техникалық сипаттау мен пайдалану жоніндегі нұсқаунамада машинаның пайдалану сапалары жоніндегі мәліметтер, құрамдас беліктер мен құрама бірліктер құрылышының сипаттамасы, техникалық қызмет көрсету, монтаждау және тасымал жоніндегі құрам кіретін бір күжатқа біркітілген.

Төлкүжатта машинаның дайындалуы туралы мәліметтер, оның техникалық сипаттамасы, негізгі өлшемдер көрсетілген сыйба,

механизмдердің кинематикалық сұлбалары, электрлік және гидравликалық сұлбалар, «ТМ-ды орналастыру және қауіпсіздік пайдалану ережелерінің» талаптарына сай келетін басқа да мәліметтер көрастырылады.

Кәсіпорынга немесе сактау мен техникалық қызмет көрсету орнына жеткізілген технологиялық машинадар (ТМ) кәсіпорын жетекшісінің бұйрығымен бекітілген техникалық комиссияның қабылдаудына түседі. Қабылдау процесінде комиссия мүшелері машинаның жыныстықтылығын, олардың құрамдас боліктері мен құрауышы бірліктерінің техникалық күйин тексереді. Машинаны кәсіпорын балансына, оған мүліктік нөмір беру үшін қабылдау актісін рөсімдейді. Жүк көтеру машинадары, мұның сыртында ШУС органдарында тіркеуден өтіп, тіркеу нөмірін және жұмыска рұқсат алады.

МЕСТ 2.601-98 «Пайдалану күжаттары» стандартына сай жабдықпен бірге төмөндегідей техникалық күжаттама берілуі тиіс:

- жабдық конструкциясы және жұмыс принципінің сипатталуы;
- жабдықты пайдалану жөніндегі нұсқаунама;
- жөндеуаралық техникалық қызмет көрсету бойынша министерстве (мотористтерге), кезекші электрслесарларға, жөндеу электр слесарлары бригадасына арналған жеке-жеке нұсқаунама;
- жабдықты қолдану орнында монтаждау, іске косу, реттеу мен ысылту жөніндегі нұсқаунама;
- жабдыққа арналған формулалар және жекеленген тетіктер мен тораптарға төлкүжат;
- косалы бөлшектер (КБ), саймандар (С), бұйымдар (Б), жыныстығымен және жабдықты пайдалану орнында қолданылатын материалдар мен бірге койылатын жабдыққа деген КБСБ ведомостары;
- каталогтар (мысалы, сыйбалар мен сұлбалар каталогтары) және арнайы мақсаттарға спецификациялар.

Егер жабдықты қабылдау кезінде жекеленген тетіктерді сапасыз дайындаудың иттихесі болып табылатын ақаулар байқалса, онда кәсіпорын акт-рекламация жасайды және оны дайындаушы зауытқа береді. Акт-рекламация, сондай-ак машинада дайындаушы зауыт берген кепілдік мерзімде ақаулар байқалған кезде де құрастырылады. Акт-рекламацияда көрсетілтіндер: оны жасаудың уақыты мен орны; машинаны, оның моделін және зауыттық нөмірді алу күні; ол алынған күжаттың нөмірі; аткарылған сағаттар саны; пайдалану шарттары; ақаулы тетіктердің атаулары, олардың ақаулы болу себептері мен сипаттартары.

Акт ушкундік мерзімде жасалады және дайындаушы зауытка он күн ішінде жіберіледі. Бұл кезде зауыт барлық ақауларды өз есебінен жөндейді. Сонымен катар, дайындаушы-зауыт машина жұмысына, ол тек техникалық пайдалану ережелерінсөңгілес пайдаланылған кездеған кепілдік береді.

Қызметі бойынша колдану машина пайдалану түрін білдіреді, ол кезде колдану нысанында пайдалануға арналған ТМ-ды таңдау, оны әр ауысымда пайдалануға дайындау, машинаны басқару, машинаны колдану нысанына орнату, жұмыстық қозғалыстар мен операциялар, сондай-ақ ауысымды жұмыстық жабдықты монтаждау мен бөлшектеуді орындау жүргізіледі.

Колдануды дұрыс ұйымдастыру дегеніміз: жабдықты тікелей мақсаты бойынша оны колдану саласына сәйкес пайдалану; жабдықты оны пайдалану жүргізлетін накты тұлғаларға бекітіп беру; жабдықта дұрыс күтімді ұйымдастыру; жабдық жұмысын дұрыс есепке алуды ұйымдастыру.

Технологиялық машиналар мен жабдықтардың үлкен белгілі бір функцияларды орындауға арналған, сондыктан осы немесе басқа бір өндірістік процесті атқаруға арналған машиналар типтің таңдауда киындықтар туындармайды. Тек машинаның типтік өншемдерін (моделін), пайдаланудың осы накты жағдайларында оны колданудың максималды тиімділігін алуға болатындей дұрыс таңдаған жөн.

Жабдықты сақтау орнына технологиялық кешенге орнату орнынан тасымалдау еңбек сиындылығы жогары және барынша жауапты операция болып табылады. Дұрыс тасымалдау жабдық закымдануы мен жөндеу қызметкерлерінде болатын жазатайым оқиғалардың алдын алуға ықпал етеді, монтаждық жұмыстар ұзактығы мен құнын азайтады.

Жабдықты монтаждау орнына тасымалдау монтаждық жұмыстар кешенінде дайындық операциясы болып табылады, жобалық-конструкторлық және гылыми-зерттеу ұйымдары жасайтын нұсқаунамаларға сай жүзеге асырылуы тиіс.

Тасымалдау алдында ірі габаритті машиналарды жекеленген тораптарға бөлшектейді. Жабдықты немесе оның құраушы бөліктерін жеткізуіді жүк платформаларымен және арнайы дайындалған көлік қуралдарымен жүргізеді. Бұл кезде тасымалданатын тораптар жылжымалы құрамынң қалыпты габариттеріне үйлесуі және сым, шынжыры, басқа құрылыштар көмегімен сенімді бекітілуі қажет.

Жабдықтың тораптарын тасымалдау осы жабдықты монтаждау тізбектілігіне сай ұйымдастырылуы тиіс. Жұмыстар басында монтаждалатын тораптар бірінші кезекте, ал монтаждау аяқталатын кезде қажет тетіктер мен тораптар ең соңынан тасымалданады. Иргетастық болттарды және машиналар мен жабдықтар тораптарын бекіту тетіктерін тасымалдау құралдарына, олардың тасымалдау кезінде механикалық закымдануын болдырмайтындей етіп салады. Мысалы, мұндай тетіктердің бұрамалы ұштарын, оларға бурандалықтар бұрау арқылы коргайды.

9.2 Технологиялық машиналарды пайдалану жағдайлары

АӨК-де технологиялық машиналарды пайдалану жағдайлары ауырлар катарына жатады және жұмыстың спецификалық шарттарымен, яғни жоғары шаңданумен, температуралар ауытқуымен, т.с.с. сипатталады.

Бұл факторлардың әсерінен машиналардың жекеленген тетіктері мен тораптарының интенсивті тозуы және олардың істен шығуы жүреді.

Пайдаланудың қарастырылған спецификалық жағдайлары машиналарды жасауға, техникалық қызмет көрсету мен жөндеуге жоғары талаптар қояды:

- технологиялық машиналарды пайдалану жағдайларымен де, технологиялық процесс сипатымен де шартталатын жоғары сенимділігі, ол кезде технологиялық тізбектегі бір машинаның катардан шығуы дұрыс күйдегі біркөтөрмө машиналардың бос тұрып қалуына соқтырады;

- жоғары сенимділікті қамтамасыз ету үшін технологиялық машиналардың тетіктері сапалы конструкциялық легирленген болаттан дайындалуы, химиялық-термиялық және деформациялық катайтуға ұшырауы, гидравликалық механизмдер тетіктері үшін маңызды болатын жоғары дәлдікте болуы тиіс;


- технологиялық машиналар конструкциялық пайдалану жағдайындағы техникалық қызмет көрсетуге бейімділігі, ал ауыстырымды тораптар тетіктерге кол жетімділікпен, оларды машиналардан шешіп алу және орнату жөнделілігімен, тетіктердің калыптануымен шартталады.

9.3 Технологиялық машиналарды пайдалану тиімділігі

Технологиялық машиналарды пайдалану машиналарды пайдалануға әзірліктен, машиналарды қызметі бойынша колданудан, монтаждаудан, тасымалдаудан, техникалық қызмет көрсетуден, жөндеуден, сактаудан, есепке алушан тұрады. Пайдаланудың тасымалдау, техникалық қызмет көрсету, жөндеу және сактау күрайтын белгі *технологиялық машиналарды техникалық пайдалану* деп аталады. Технологиялық машиналарды пайдалану процесінің иерархиясы 9.1-суретте көрсетілген.

Технологиялық машиналарды ойластыру жиынтығымен сипатталатын, жасау және пайдалану кезінде олардың қасиеттер сапалары байкалады, олар осы машина жарамдылығының белгілі бір қажеттіліктері оның қызметтіне сай қанағаттаандырыуын шарттаңдырады. Сапа көрсеткіштерін келесідей негізгі тоңтарға шартты түрде белуге болады:

- қызмет ету көрсеткіштері (жұмыстық жабдықтың тарту және жылдамдық, үнемділік, икемділік параметрлері);
- технологиялық (материал сиымдылығы, дайындау еңбек сыйымдылығы, технологиялық деңгей);
- эргономикалық (физиологиялық, психологиялық, антропометрлік, гигиеналық);
- сенімділік (кайтарымсыздық, ғұмырлылық, жөндеуге жарамдылық, сакталымдылық);
- эстетикалық (айқындылық, айрықшалық, ортага сай болу);
- патенттік-құқылық;
- стандарттау.



9.1-сурет. ТМ-ды пайдалану процесстерінің иерархиясы

Технологиялық машиналарды пайдалану түрғысынан алғанда сапаны сипаттайтын касиеттер болігімен шектелуге болады, олар пайдалану касиеттері деп аталады.

Пайдалану қасиеттерінің кешені - бұл пайдалану кезеңінде технологиялық машиналарды колдану тиімділігін жан-жақты бағалауға арналған касиеттер мен олардың көрсеткіштерінің кажетті және жеткілікті саны. Жүйелі келіс факторларды анықтауға және олардың жүйе қызметтінің тиімділігіне ықпал ету дәрежесін бағалауға мүмкіндік береді. Жекеленген пайдалану касиеттері бірлікті көрсеткіштермен сипатталады, соңылары жүйенін, бұл жағдайда – технологиялық машиналардың кешенді

көрсеткіштеріне бірге. Кешенді көрсеткіштер машинаны пайдалану тиімділігінің интегралды көрсеткішіне тікелей ықпал етеді.

Технологиялық машиналарды пайдалану тиімділігінің барлық көрсеткіштерін негізгі үш топ бойынша (9.1-кесте) жүйелеуге болады:

- машиналар мен кешендерді жасау кезінде сенімділік пен тиімділікті қамтамасыз ету;

- қызметі бойынша пайдалану кезінде техникалық қызмет көрсету мен жөндеу (ТҚҚЖ) және монтаждау жүйесінің сапасын қамтамасыз ету;

- жасау мен пайдалану кезендерінде еңбектің қаріпсіз және санитарлық-гигиеналық жағдайларын қамтамасыз ету.

Талантардың әр тобы бойынша көрсеткіштер саны, технологиялық машиналардың белгілі түрлінің қызмет спецификасы өзгеретін сөзсіз. Бұл көрсеткіштердің барлығы, сондай-ақ пайдалану қаріпсіздігі мен тиімділігіне де едәуір ықпал етеді, бірақ олардың барлығы жаңама түрде технологиялық машиналар өндірімділігі, кайтарымсыз жұмыс ықтималдығы, т.б. сияқты жалпылама көрсеткіштермен ескеріледі.

9.1-кестеде көлтірілген көрсеткіштердің барлығы интегралды болып табылады және олардың әрқайсысы өздерінің курделі функционалдық тәуелділігіне байланысты факторлардың үлкен санымен аныкталады.

9.1-кесте. Технологиялық машиналарды пайдалану тиімділігінің интегралдық көрсеткіштері.

Талантар тобы	Талантардың сапалық шарттары	Негізгі көрсеткіштер	Қамтамасыз ету әдістері мен күралдары
1	2	3	4
Технологиялық машиналарды жасау кезенінде сенімділік пен тиімділікті қамтамасыз ету	Сенімділік негізі	Қайтарымсыз жұмыс ықтималдығы	Пайдалану тәжірибелін талдау
	Пайдалану шарттарының диапазоны	Дайындық коэффициенті	Ғылыми және конструкторлық шешімдер деңгейі
	Жұмыс сұлбасын жетілдіру	Жұмыс сұлбасын жетілдіру коэффициенті	Дайындық сапасы
	Техникалық-экономикалық көрсеткіштер деңгейі	Процессердің энергиясының дыбысы	Қызмет көрсетушілердің біліктілігі
	Жондеуге және монтаждауга жарамдылық деңгейі	Пайдаланудың үлестік шығындары	Пайдалану, техникалық қызмет көрсету және жондеу жүйесінін, ТҚҚЖ бойынша жұмыстарды механикаландыру күралдарының сапасы

9.1-кестенің жалғасы

1	2	3	4
Техникалық қызметтөрсетеу, жондеу (ТҚҚЖ) және монтаждау жүйесінің қызметі бойынша пайдалану кезеңіндегі сапасын камтамасыз ету	Кайтарымның (акаудың) алдын алу ТҚҚЖ мерзімдерін оңтайландыру	ТҚҚЖ-нің мақсатты функциясы Жабдықты техникалық пайдалану коэффициенті	ТҚҚЖ-нің мақсатты функциясының негізгі көрсеткіштерін талдау Жабдық жүйесі элементтерін ауыстыру стратегиясын таңдау, косалық белшектермен камтамасыз ету
	ТҚҚЖ, монтаждау және бөлшектеу процесстерінің еңбек сыйымдылығын темендегу	Акаулық атқарымының уақыты	Жабдықтын техникалық күйін диагностикалау жүйелері мен күралдарын колдану
		ТҚҚЖ, монтаждау және дөлшектеу жұмыстарының еңбек сыйымдылығы	Қызмет көрсетушілердің біліктілігі
		ТҚҚЖ және монтаждаудың үлестік пайдалану коэффициенті	ТҚҚЖ бойынша жұмыстарды фирмалық немесе орталықтандыра орындау
Жасау және пайдалану кезеңдерінде ешбеттің кауіпсіздігін және санитарлық-гигиеналық жағдайларын камтамасыз ету	Жабдықтын кауіпсіздік ережелері мен техникалық пайдалану ережелері талаптарын сактау	Кауіпсіз жұмыс ықтималдығы Жаракаттану жілілігінің коэффициенті Шаидану, жарықтандыру, діріл, шу, т.б. бойынша ешбеттің санитарлық-гигиеналық жағдайларының көрсеткіштері	Жобалау кезінде берілген барлық көрсеткіштерді камтамасыз ету Пайдалану шарттары мен кауіпсіз пайдалану ережелерін сактау Қызмет көрсетушілер біліктілігі

Технологиялық машинадардың нақты түрін тиімді және кауіпсіз пайдалану көрсеткіштерін таңдау кезінде әрбір көрсеткіштің қажетті және жеткілікті деңгейдегі олардың санын минимумдеуге ұмтылу қажет. Қызметі бойынша пайдалану процесіндегі жабдықтың сенімді, тиімді және кауіпсіз жұмысын камтамасыз ету мөселесі басты екі міндетті шешуді талап етеді:

- пайдаланудың нақты жағдайларында тиімді режимдік параметрлерді таңдау;

- пайдалану процесінің берілген деңгейінде негізгі көрсеткіштерді колдауды қамтамасыз ететін техникалық қызмет көрсету мен жөндеу жүйесінің онтайлы стратегиясын жасау.

Технологиялық машиналарды пайдалану тиімділігі, кобінесе пайдаланудың технологиялық процесіне, технологиялық машиналарға өз кезегінде олардың конструкциясының технологиялылығына тәуелді, техникалық қызмет көрсету мен жөндеуді ұйымдастыруға байланысты болады.

Бакылау сұраптары

1. Машиналарды техникалық пайдалану деген не?
2. Машина толкұжатында нелер көрсетіледі?
3. Сапа көрсеткіштерін кандай негізгі топтарға болуге болады?

10 ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ МАШИНАЛАР ЖУМЫСЫНЫҢ ТИІМДІЛІК ПЕН САПА КӨРСЕТКІШТЕРІ

10.1 Агроенеркесін кешеніндегі өндірістік процестер және механикаландыру құралдары

Ауыл шаруашылығында өндірістік операциялар мен процестер кысқа мерзіммен шектелетін, олардың бұзылуы үлкен шығындарға соктыратыны белгілі. Сондыктан, ауылшаруашылық дақылдарын ондіру, жинау, берілген қасиеттегі және сападағы түпкілікті онім алу үшін әрі қарайғы өндідеу біркатаар процестер мен операциялардың орындалуын талап етеді.

Өндірістік процесс - бұл өзара байланыстағы өндірістік операциялардың тізбектеле ауысы, олар арқылы еңбектің бастапқы заты түпкілікті немесе аралық күйге ауысады.

Өндірістік процестер *технологиялық, тасымалдық және қосалқы* болып белінеді.

Технологиялықтар - бұл өнделетін материалдардың қасиеті мен күйі мақсатты түрде өзгеруі қандай-да бір құралдар арқылы жүзеге асырылатын процестер.

Тасымалдық процестер материалдың орнын ауыстыру, техникалық құралдарды, ауылшаруашылық өнімдерін, сондай-ақ адамдарды алғын жүргізу үшін орындалады.

Қосалқы процестер технологиялық және тасымалдық операциялармен катар немесе солардың алдында жүреді. Мұндай процестерге машинадарга техникалық қызмет көрсету, тиек-түсіру жұмыстары т.б. кіреді.

Технологиялық процестер (ТП) тобы ең ауқымды. Біздің еліміздегі түрлі ауылшаруашылық дақылдары әртүрлі топырақ-климаттық аймактарда өндірілетін егін шаруашылығында мыннаң астам технологиялық процестер орындалады.

ТП-ін келесідей негізгі топтарға болуғе болады:

- топырақ өндіре (аңызды сыйырлылау, жер жырту, тырмалау, культивациялау, т.б.) процестері;

- тұқым себу, отырғызу, тынайтын енгізу;
- осімдіктер жетілуіне күтім жасау;
- ауылшаруашылық дақылдарының өнімін жинау;
- өнімді алғашқы өндіре (тазалау, келтіру, сұрынтау, т.б.);
- жерлерді мелиорациялау және дақыл-техникалық жұмыстар.

Орындалу тәсіліне қарай *стационарлық және қуаттық процес* түрлері болады.

Колданылатын энергия және техникалық құралдар деңгейіне байланысты өндірістік процестер келесі топтарға болінеді: *механикаландырылмаган* (қолмен орындалатын); *механикаландырылған*;

электрлендірілген және автоматтандырылған (автоматты құрылғылар қолданылатын).

Машиналық агрегаттар туралы мүсінік және олардың жекітелуі. Ауылшаруашылық ондірістегі механикаландырылған процестер машинады агрегаттармен орындалады.

Машиналық (машина-тракторлық) агрегат (МТА) энергетикалық белгіктің, берілсі маханизмінің және жұмыстық машина-жабдықтардың сабактастығын білдіреді.

Ауылшаруашылық ондірісте қуаттық та, стационарлық та машинады агрегаттар қолданылады.

Қуаттық (мобилді) агрегаттар козғалыстағы технологиялық операцияларды орындауды.

Стационарлық агрегаттар белгілі бір орында жұмыс істейді.

Қаралайымдар – бір типтегі машинадардан (жабдықтардан) құралған, бір операцияны орындауда арналған агрегаттар.

Кешендерілдер - ертүрлі машинадарды (жабдықтарды) біріктіретін және бірмезгілде бірнеше түрдегі операцияларды (мысалы, себу алдындағы культивация, тынайткыш енгізе отырып себу, нығыздау) орындаудың агрегаттар.


Машинадар – жабдықтарды энергия көзімен косу тасілі бойынша агрегаттар тіркемелі, аспалы, жартылай аспалы, тарту-жетекті және өздігінен жүретін болып белінеді.

Агрегат жұмысының тиімділігі оның құрамына кіретін трактор мен ауылшаруашылық машинадардың агротехникалық және пайдаланымдық сапаларымен, оларды таңдау және қосудың дұрыстығымен, тиімді жұмыс режимін таңдаумен анықталады.

Агрегатты үйлестіру үшін энергетикалық құралдардың да және орындалытын жұмыс сапасын арттыру максатында агрегатка қосуға ұсынылатын машина-жабдықтың да барлық бастапқы мәліметтерін алдын ала анықтау керек.

Жұмыс сапасы – аса маңызды көрсеткіш. 10.1-суретте жұмыс сапасының жұмыс ондіру кезіндегі құралдар шығынына және ақынай түрдегі шығындарга (соңғыларына астықтың толық жиналмауы, жинау кезіндегі шығындар кіреді) жәсірі көрсетілген. Көрнекілік үшін A және B аймактары көрсетілген. A аймагында шығындар басым, ал B аймагындағы берілген сапа кезіндегі жұмыстар ондіру шығындары келтірілген.

Жұмыстар сапасы топырактың физикалық-механикалық, дәлірек айтқанда технологиялық касиеттеріне; машинадар мен агрегаттардың күйіне; белгіленген жұмыс режимдеріне және бірінші кезекте жылдамдық режимдеріне; онделетін егістік күйіне; машинадардың күйге мүкият келтірілуіне; машинадар конструкциясына байланысты болады.



10.1-сурет. Қаржы шығындарының жұмыс сапасына байланысты өзгеруі:
I - ойм шығыны; II - жұмыстарды өндіру шығындары.

Көрсетілген факторлардың әркайсысы бірқатар басқаларына да байланысты болады.

10.2 Функционалдық машиналардың теориялық және пайдаланымдық өндірімділіктері

Өндірімділіктің негізгі түсінігі. Агрегат өндірімділігі – бұл белгілі бір уақыт кезеңінде орындаітын жұмысның көлемі (саны). Технологиялық операцияға және машиналар типіне байланысты агрегат өндірімділігі ондөлеттін аудан гектарымен (жер жыртуда, тұқым себуде, культивациялауда, жинауда), алынған онім тоннасымен (дән тазалауда, сүрлемдеуде), тонна-километрмен (тасымалдау кезінде), текше метрмен немесе тоннамен (тиеу-түсіру және басқа жұмыстарда) олшемеді.

Сонымен катар агрегаттар өндірімділігін шартты бірліктермен де көрсетуге болады. Шартты бірліктердегі жұмыстар көлемі бойынша жанаармай шығынның жондеу мән техникалық қызмет көрсету жарналарын жоспарлайды, жондеуаралық мерзімдерді белгілейді және жұмыстың шартты бірлігінің озіндік күны бағалайды.

Агрегаттың жынытық өндірімін есепке алу бірлігіне «шартты эталон гектарды» яғни ескі айдамдық жерлерді шартты жағдайларда жырту гектарын алады: агрегаттың қозгалыс жылдамдығы 5 км/сағ кезіндегі үлестік кедерігі $5,0 \text{ Н}/\text{см}^2$; өндөу терендігі 20...22 см (орташа 21 см); агрофон - орта беріктікте топырактың ылғалдылығы 20...22% дейінгі негізгі бетіндегі дәнді дакылдар азыздыны; бедері-тегіс, конфигурациясы – дұрыс (тікбұрышты), айдам ұзындығы 200 м; теніз деңгейінен биіктігі 200 м; тастылық және кедергілер жок.

Машиналардың сағаттық, ауысымдық және жылдық (маусымдық) өндірімділіктері болады. Кейбір жағдайларда жұмыс күніндегі (кундик) өндірімділігін аныктайды.

Сагаттық өндірімділік агрегаттың (машинаның) 1 сағаттағы өндірімін сипаттайтын. Бұл көрсеткіш техниканы пайдалануды нормалау, жоспарлау және талдау кезінде қажет. Сагаттық өндірімділік техника мүмкіндіктерін аныктайды, бірақ осы машина орындастын жұмыстың жалпы колемі туралы түсінік бермейді.

Ауысымдық өндірімділік сағаттық өндірімділікке, ауысым ұзактығына және жұмыс уақытын пайдалану дәрежесіне байланысты болады.

Жылдық өндірімділік (атқарым) агрегаттың бір жылда немесе маусымда (жинау, себу, т.б.) орындаған жұмыстар колемін билдіреді. Бұл көрсеткіш машиналардың жыл бойындағы жүктелу дәрежесін сипаттайтын және техникага қажеттілікті анықтау мен басқа да техникалық-экономикалық есептеулер кезінде қолданылады.

Жылдық атқарым ауысымдық өндірімділікке және агрегаттың жыл бойындағы жұмыс ауысымдық санына байланысты болады. Ауысымдық өндірімділік негұрлым жогары және техниканы пайдалану негұрлым жақсы үйімдестерілген болса, жылдық атқарым көрсеткіші де соғұрлым жогары болады.

Машина-тракторлық агрегаттардың өндірімділігі накты орындалған жұмыстар негізінде де (накты өндірімділік), есепті жолмен де (есептік өндірімділік) анықталуы мүмкін.

Теориялық өндірімділікті агрегаттың конструктивтік алым енінің (зауыттық сілтеме бойынша), қозғалыстың теориялық жылдамдығының (тайғанаусызы) негізінде және өндірімсіз жұмыс (бұрылыштар, бос жүріс уақыты мен агрегаттың әртүрлі себептермен бос тұрып калуын ескермей есептейді.

Теориялық ауысымдық өндірімділікті мына формуламен анықтайтын:

$$W_T = 0.1B \cdot v_T \cdot t_{av}, \quad (10.1)$$

мұндағы B - агрегаттың конструктивтік алым ені, м;

v_T - теориялық қозғалыс жылдамдығы, км/сағ;

t_{av} - ауысым ұзактығы, сағ.

Теориялық өндірімділік жұмыс процесінде B, v_T және t_{av} шамаларының өзгеруін көрсетпейді. Мысалы, агрегаттың жұмыстық алым ені көп жағдайда конструктивтікten айырмашылықта болады. Тырмалау, жаппай культивациялау, астық жинау, т.с.с. жұмыстарда ол конструктивтікten кіші, өйткені сәйкес етпелер арасындағы калдықтарды болдырмау максатында жауып отыру қажет. Жер жырту кезінде накты алым ені көп жағдайда бірінші корпустың алым енінің ұлғаюы иттихесінде конструктивтікten үлкен болады.

Алым енін пайдалану коеффициенті (дөрежесі) β конструктивтік алымды пайдалану көрсеткіші кызметтің аткарады:

$$\beta = B_{\infty} / B \quad (10.2)$$

Козгалыстың жұмыстық жылдамдығы да v_{∞} теориялық жылдамдықтан v_T - трактордың жетекші аппаратының тайғанауына, трактор моторының інді білгі айналу жиілігінің төмендеуіне және берілістерді ауыстыру кезіндегі тоқтауға кететін уақыт шығындарына байланысты айырмашылықта болады.

Жылдамдықты пайдалану коеффициенті K_v аталған факторлардың ықпалын бағалайды:

$$k_v = v_{\infty} / v_T \quad (10.3)$$

Еістік жұмыстарды механикаландыра жүргізу кезіндегі ауысым уақыты да өндірімді жұмыс үшін толық пайданылмайды. Жұмыс процесінде бос бұрыльстар, енулер және әртүрлі себептермен тоқтаулар байқалады.

Уақытты пайдалану коеффициенті τ ауысым уақытын пайдалануды бағалау үшін колданылады. Ол таза жұмыс уақытының t_{∞} ауысым уақытына t_{av} қатынасын білдіреді:

$$\tau = t_{\infty} / t_{av}, \quad (10.4)$$

Агрегаттың ауысымдағы пайдаланымдық өндірімділігі оның құрамына кіретін машиналардың техникалық мүмкіндіктерін және жұмыстың өндірістік шарттарын ескере отырып, төмендегідей анықталуы мүмкін:

$$W_{\infty} = 0,1 B_{\infty} v_{\infty} t_{\infty} = 0,1 \beta \cdot B k_v \cdot v_T \pi_{av} \quad (10.5)$$

Машина-трактор агрегаттарының өндірімділігіне ықпал ететін факторларды шартты түрде үш топқа болуға болады.

Бірінші топ тракторлар мен агрегаттар құрамына кіретін машиналардың техникалық-экономикалық және басқа да пайдаланымдық көрсеткіштеріне тәуелді факторлардан тұрады. Олардың катарына кіретіндер: агрегаттың козгалыс жылдамдығы, жұмыстық алым ені, мотор куаты, трактордың тарту куаты және әртүрлі берілістердегі тарту күші, техникалық кызмет көрсетуді өткізуға кететін уақыт шығыны, машиналардың сенімділігі мен ақаусыздық көрсеткіштері, т.б. Келтірілген факторлар агрегаттың техникалық мүмкіндіктерін анықтайады.

Екінші топ жұмыс шарттарына, ең алдымен агрегаттар өндістін жер телімдерінің ерекшеліктеріне, яғни топырактың механикалық құрамына, телім өлшемдері мен формасына, егістік бедеріне, топырак ылғалдылығына, егістік ластануына, т.с.с байланысты факторлардың камтиды. Бұл факторлар агрегаттардың қозғалыс тәсілдерін, машиналардың менишікті кедергілерін, айдан өлшемдерін анықтайды.

Үшінші топқа машина пайдалануды үйымдастыру деңгейіне, айдамдағы агрегаттар жұмысының технологиясына (операциялық технология), тракторшы-машинистер біліктілігіне, үйымдастыру формасына, сәбекақыга, т.б. байланысты факторлар кіреді.

Факторлардың барлық осы топтары езара байланыста болады.

Өндірісте жиі кездесетін жекеленген машиналардың өндірімділігі.

Шнектер. Кез келген тасымалдаушы құрылғының теориялық беруін Q_T мына формуламен анықтауга болады:

$$Q_T = v_0 F \rho \varphi, \quad (10.6)$$

мұндағы: v_0 - азық массасы қозғалысының естік жылдамдығы, м/с;

F - шнектің көлденең кимасының ауданы, м²;

ρ - тығыздық, кг/м³;

φ - шнек кимасының тасымалданатын массамен толтырылу коэффициенті (горизонталь шнектер үшін $\varphi = 0.3 - 0.4$, вертикальдектар үшін $\varphi = 0.7 - 0.8$).

Үздіксіз істейтін горизонталь шнек үшін бұл формуланың түрі:

$$Q = \pi (D^2 - d^2) s n_c \rho \varphi / 4, \quad (10.7)$$

мұндағы D және d - шнек пен оның білігінің диаметрлері, м;

s - винт кадамы, м;

n_c - айналу жиілігі ($n_c = c \delta / 2\pi$), с⁻¹

n_c оның мәнімен ауыстыра келе алатынымыз

$$Q = \pi (D^2 - d^2) s \pi_c \rho \varphi / 8$$

Престеуші шнек жетегінің қуаты:

$$N_a = A_a Q_n, \text{ кВт} \quad (10.8)$$

мұндағы: A_w - массаны экелуге және нығыздауға кететін энергияның үлестік шығыны (сүрлем үшін $A_w = 14-15 \text{ кДж/кг}$).

N_w - қуатының шамасы шиектің торға беретін қысымының Р шамасына байланысты екендігін атап откен жөн ($P = 0,15-0,28 MN/m^2$).

Бос жүріс қуаты пайдалы кедергіге кететін қуат шығынының 10-15% күрайды, яғни

$$N_{\text{ак}} = 1,10-1,15(N_{\mu\nu} + N_w), \text{ кВт} \quad (10.9)$$

Таспалы конвейердің пайдаланымдық өндірімділігі

$$W = k_n \nu \rho (B - 0,055)^2 \cdot k_\beta / 1,21, \text{ т/сағ}, \quad (10.10)$$

мұндағы: k_n - таспалы конвейердің өндірімділік коэффициенті ($R_n 250 - 700$);

ν - таспа жылдамдығы, м/с;

B - таспа ені, м;

ρ - жүктің үйінділік тығыздығы, т/м³;

$k_\beta = 0,8-1,0$ - таспалы конвейердің жүкті көлбесу жазықтыкпен тасымалдауы кезінде көлбесулік бұрышка ($\alpha = 5-25^\circ$) байланысты өндірімділігінің озгеруін ескеретін коэффициент.

Бақылау сұрақтары

1. Өндірістік процесс деген не?
2. Технологиялық процесстерді қарнша топка беледі?
3. Агрегат өндірімділігі деген не және оның қандай түрлері болады?

11 ЖАБДЫҚТАРДЫ ДИАГНОСТИКАЛАУ

11.1 Диагностиканың рөлі мен мәні

Техникалық диагностика – ғылыми-техникалық білімдердің саласы, оның мәнін техникалық табигаты бар нысандардың (машиналаның, жабдықтың) ақауларын байқау мен іздеудін теориясы, әдістері және күралдарды құрайды. *Ақау деп нысан қасиеттерінің берілген, талап етілетін немесе күтілетін қасиеттеріне сай келмеуін айтады.*

Ақауларды байқау және іздеу – бұл нысандардың техникалық күйін «диагностикалау» деген жалпы терминімен біркіткіш анықтау процесі. Ол машиналарға қызмет көрсетудің еңбек сыймдылығын, пайдалану шығындарын төмendetуге және жұмыстар сапасын арттыруға бағытталған. Оған кайтарымдарды дер кезінде байқау мен алдын алу, онтайлы реттеулерді сактау, машиналар мен жабдықтардың техникалық ақауларға байланысты бос тұрып қалуарын қыскарту арқылы кол жеткізіледі. Бұл жерде машиналар мен жабдықтардың күйін болшектеусіз бағалау жүргізіледі, ол белгілі бір жондеу-техникалық әсерлер орындау немесе кұрама бірліктер мен тетіктерді ауыстыру жөнінен ұсыныстар беріледі.

Механизмдерді реттеу және жондеу жөніндегі қажетті операцияларды ғана орындау косалқы белшектердің шығынның азайтады.

Диагностикалауды машиналар мен жабдықтарды жондеу және техникалық қызмет көрсетудің барлық түрінде дерлік колданады. Соңғы кезде диагностикалау машиналарды сату алдындағы қызмет көрсету процесінде толыктыра жинау, сервистік жұмыстарды сертификаттау, техникалық байқау, сатып алу және тұтынылған машиналар мен агрегаттарды сату барысындағы құнын анықтау кезінде де колданыла бастады.

Машиналардың конструктивтік күрделілігінің артуына байланысты диагностикалауды колдану саласы параметрлерді технологиялық реттеу (күйге келтіру) кезінде бақылау, сондай-ақ әртүрлі технологиялық процестерді автоматтандыру есебінен едәүр кеңеіс түсті.

Диагностикалаудың негізгі міндеттері:

- машиналардың (жабдықтардың) немесе олардың құрауышы боліктерінің ақаусыздығын (жұмыс қабілеттілігін) тексеру;
- ақауларды іздеу;
- құрауышы боліктердің қалдық ресурстарын болжамдауга арналған бастапқы мәліметтерді жинау;
- диагностикалау нәтижелері бойынша жондеу-қызмет көрсету жұмыстарының түрі, колемі, орны мен мерзімдері туралы ұсыныстар беру.

Диагностикаланатын әрбір машина үшін пайдалану, техникалық қызмет көрсету және жондеу кезінде ақаусыздығын (жұмыс қабілеттіліктиң) нормативтік көрсеткіштері белгіленген.

11.2 Техникалық қызмет көрсетеу мен жөндеу жүйесі

Техникалық қызмет көрсетеу мен жөндеу құралдарының, құжаттаманың, атқарушылардың және қызмет көрсетілетін машиналардың (жабдықтардың) жиынтығы техникалық қызмет көрсетеу мен жөндеу жүйесін (ТҚҚЖ жүйесін) құрайды.

ТҚҚЖ жүйесі – АӨК инженерлік жүйесінің ұқсату (кайта өндөу) салалары қызметін қамтамасыз етуші аса маңызды құрамдас белгі.

ТҚҚЖ жүйесінде міндетті түрдегі алдын алу шарасы болып табылатын техникалық қызмет көрсетеу операциялары маңызды орын алады. Бұларға машиналар мен жабдықтар тораптарының уакытынан бүрүн тозуының, ақаулардың пайда болуының алдын алатын және бұйымның жұмыс қабілеттілік жағдайын қамтамасыз ететін мерзімді тексеру, тазалау, майлау, қатайту мен реттеу жөніндегі жұмыстар кіреді.

Техникалық қызмет көрсетеу түрлерін, оларды откізу кезеңділігін машиналар мен жабдықтар дайындауды белгілейді; сонын езі техникалық қызмет көрсетеудің әдісін, өнім өндіруді токтатусыз немесе токтату арқылы жүргізуіді аныктайды.

Техникалық қызмет көрсетеудің осы немесе басқа нақты операциясының қажеттілігін бұйымның техникалық күйіне диагностика әдістерімен тиісті бақылау жүргізгеннен кейін гана белгілейді.

Техникалық қызмет көрсетеу - технологиялық машиналардың жұмыс қабілеттілігін немесе пайдалану, сондай-ақ тасымалдау, сактау, монтаждау және күту процестерінде сактау жөніндегі операциялар кешенін білдіреді. Техникалық қызмет көрсетеуте, сондай-ақ жуу, технологиялық машиналар мен электрлік жетектердің техникалық күйін бақылау, тазарту, майлау, кейбір құраушы белгілерді ауыстыру, т.с.с операциялар кіреді.

Технологиялық машиналарды пайдалану процесінде тетіктердің тозуына байланысты жөндеу қажеттілігі туындаиды. Техникалық қызмет көрсетеу мен жөндеу өзара тығыз байланыста болады және жүйеге, яғни жабдықтарга пайдаланудың берілген шарттары ушін техникалық қызмет көрсетеу мен жөндеу жұмыстарын, нормативтік құжаттамада қарастырылған сапа көрсеткіштерін қамтамасыз ету мақсатында үйімдастыру және жүргізу тәртібін анықтайтын, өзара байланыстағы ережелер мен нормалар жиынтығына бірігеді.

Техникалық қызмет көрсетеу мен жөндеудің келесідей жүйелері болады:

- байқаудан кейінгі;
- кезеңді;
- стандартты;
- жоспарлық-ескертулік

Техникалық қызмет көрсетеу мен жөндеудің байқаудан кейінгі жүйесі жабдықтарға катаң белгіленген мерзімдерде емес міндепті мерзімдік байқаулардың жүргізілуін қарастырады. Солардың нәтижелері бойынша жабдықтардың күйін аныктайды және жондеудің түрлері мен мерзімдерін белгілейді.

Кезеңді техникалық қызмет көрсетеу мен жөндеу байқаулардың және жондеулердің, жабдық жұмысы мен оның күйін ескере отырып, алдын ала белгіленген мерзімдерде, белгілі бір уақыт аралығында жүргізуі қарастырады. Бірақ, бұл жағдайда жұмыс колемін жоспарламайды, оны байқау немесе жондеу процесінде жабдықтың техникалық күйіне байланысты аныктайды.

Техникалық қызмет көрсетеудің стандартты жүйесі жабдықтарды тетіктер мен құрама бірліктердің бір болігін бір мезгілде ауыстыру жолымен кезеңді түрде жаңартуды қарастырады. Жондеудің әр түрі үшін жұмыс колемін, ауыстырылатын тетіктер мен құрама бірліктер тізімін, олардың күйіне қарамастан белгілейді.

Жоспарлық-ескертулік жүйенің негізгі шаралары болып табылатындар:

- жөндеуаралық техникалық қызмет көрсетеу
- а) ауысым сайынғы;
- ә) тәүлік сайынғы;
- б) ай сайынғы;
- в) маусымдық;
- жоспарлық жондеу:
- а) ағымдық (A);
- ә) күрделі (K).

Ауысым сайынғы техникалық қызмет көрсете жабдықтың бүкіл жұмыс ауысымы бойындағы жұмыс қабілеттілігін қамтамасыз етуі және жұмыс ауысымы басталар алдында, соның ішінде немесе аяқталғаннан кейін орындалуы тиіс.

Техникалық қызмет көрсетеуді пайдалану құжаттамасында белгіленген аткарым немесе уақыт аралығынан кейін жүргізді. Қызмет көрсетеудің бұл түрі жабдықтардың қосылыстағы тетіктерінің тозу интенсивтілігін техникалық қызмет көрсете жөніндегі шаралар еткізу есебінен томендетуге арналған. Кезеңді техникалық қызмет көрсете құрамына кіретіндер: сыртқы байқау, диагностикалау, бекіту және реттеу жұмыстары, сондай-ақ жабдықтарды байлау.

Маусымдық техникалық қызмет көрсетеуді жабдықтарды күз-кыс және көктем-жаз маусымдарына дайындау үшін, сондай-ақ сақтауға қоюдың алдында орындаиды. Бұл кезде пайдаланудың тиісті кезеңіне ауысу барысында майды, салқыннату сұйықтығын жаңармайды ауыстырады.

Технологиялық машиналар мен жабдықтардың әрбір түріне техникалық қызмет көрсете мен жондеудің өзіндік шаралары, яғни

операциялардың тізімі мен орындалу кезеңділігінен тұратын өзіндік режимдері тән.

Жөндеу мен техникалық қызмет көрсету белгілі бір тізбектілікте және белгілі бір уақыт аралығы немесе аткарым колемі арқылы кезектестіру жөндеу циклінің құрылымын білдіреді. Жөндеу циклі машина-сағатпен, текше метрмен, тоннамен, кума метрмен, т.б. жоспарлануы мүмкін.

Жабдықтарға техникалық қызмет көрсету мен жөндеуді жұмыстар көлемі, жөндеуаралық интервал, техникалық кезектесу сипатты жабдықты пайдалану шарттарымен, типімен және конструкциясымен анықталатын графиқтер бойынша жүргізеді. Жөндеулік-ескертулік жүйе шаралары кезінде әрбір келесі жоғары шарада, жүйсінің алдынғы төмөн шараларының барлығының жұмыстар көлемі мен атаулары қайталанып, оларға жаңалары косылады.

Тетіктердің тозу жылдамдығы әсер етуші жүктемеге, тайганau жылдамдығына тәуелді болатындықтан және жабдықтың жұмыс режимімен анықталатындықтан, жөндеу графиқтері жабдықты пайдалану жағдайларының өзгеруі кезінде тұракты болып кала алмайды.

Оның әртүрлі бір кезектілігін білдіретін негізі (құрылымы) ғана өзгеріссіз болуы тиіс, ал жөндеуаралық кезеңдер жабдықты пайдалану шарттарына сай өзгеруі керек. Жөндеу графигінің негізіне жұмыс ұзактығын смес, өндөлген материал санымен елшінген, жабдық орындаған жұмыс көлемін жаткызған жөн. Бұл жағдайда өндөлеттін материал сапасы ескерілмейді. Әртүрлі жағдайларда жұмыс істейтін екі машинаның тозуы, орындалған өнімнің бірдей көлемінде айырмашылықта болатынына дау жок.

11.3 Диагностикалау әдістерін жіктеу, оның мерзімділігі және мазмұны

Диагностиканың келесі түрлері болады:

функционалдық – жабдықтың техникалық күйін оның тиімділігі бойынша бағалау үшін;

құрылымдық – жабдықтың ақаулы элементтерін анықтау және ақаулар түрін немесе себептерін айқындау үшін;

себептік (генетикалық) – туындаған қайтарымға немесе байқалған ақауга байланысты;

болжамдық – жабдықтың белгілі бір уақыт кезеңіндең мүмкін күйін немесе ақаусызы жұмыс ресурсын шамалап болжауға арналған;

әдістемелік – жабдық элементтері ақауларын жоюдың тиімді тәсілдерін белгілеу үшін.

Жұмыстардың түріне, көлеміне және орындалу кезеңділігіне байланысты диагностикалау үздіксіз (немесе күнделікті), жалпы және элементтік (немесе терендетілген) болып болінеді. Үздіксіз

диагностикалауды машиналар мен жабдықтарды пайдалану басында және сонын барысында жapsыра бекітілген бакылау құралдарының (турлі приборлар, көрсеткіштер, т.б.) көмегімен жүзеге асырады.

Диагностикалаудың тапсырыстық және ресурстық түрлері болады.

Тапсырыстық диагностикалау кезінде оның орнын, қажет болса машинаның және жабдықтың тұтастай күйін, ақау себебі мен түрін аныктайды.

Ресурстық диагностикалауды машиналарды пайдалану кезеңінде жүргізеді және інтижелері бойынша құраушы болшектердің калдық ресурсын аныктайды. Егер ол жеткілікті болса, онда техникалық қызмет көрсету түрлерінің кезектесуіне есептік болуы тиіс атқарымды ұзартады. Машиналарды әрі қарай пайдалану мүмкін болмғанды жөндеу түрін белгілейді. Әдетте ресурстық диагностикалауды машиналар мен жабдықтарға техникалық қызмет көрсету және жөндеу алдында жүргізеді.

Диагностикалауды технологиялық карталар негізінде жүргізеді, соларда оның мақсатты қызметі мен сіндек сыймдылығы, құралдар мен жабдықтардың тізімі, операциялардың орындалу тәртібі, тексеру процесіндегі машина жұмысының режимі, бакыланатын параметрлердің мәндері көрсетіледі.

Жабдықтардың құрама бірліктерін диагностикалау үшін кезеңнен тұрады: *дайындық*, *негізгі* және *қортынды*. *Дайындық* кезеңінде тазалау, сыртын байкау, техникалық қызмет көрсетудің жекеленген операциялары жүргізіледі, бергістер мен өлшеу приборлары орнатылады, *негізгіде* – жабдық жұмысының тиісті режимі белгіленеді және оның тұтастай немесе құраушы боліктерінің техникалық күйінін параметрлері өлшенеді, *қортынды* кезеңде – параметрлерді шекті мүмкіндімен салыстырады, жұмыстар жүргізу қажеттілігі олардың жабдықты жұмыскабилетті күйде ұстаң тұруға қажетті көлемі туралы тұжырым жасалады, элементтер мен құраушы бірліктердің калдық ресурсы болжанады, бергістер мен приборларды шешіп алады.

Ақауларды іздеудің оңтайлы тізбектілігін тандау кезіндегі негізгі критерий – бұл бакылау-диагностикалау операциялардың минималды құны.

11.4 Жабдықтардың техникалық күйін бағалау әдістері

Жабдықтардың техникалық күйін бағалау (диагностикалау) үшін органолептикалық және *саймандық* әдістер колданады. *Органолептикалық* әдіс аткарушының сезім органдарының көмегімен жанама белгілер бойынша немесе жабдық күйін тек сала жағынан және болжамды түрде ғана бағалауга мүмкіндік беретін қарапайым техникалық құралдарды пайдалану немесе саралтық бағалар негізінде жүргізілетін әдістерге жатады.

Саймандық әдіс бақылау-өлшеу құралдары аркылы жүзеге асырылады. Оларды диагностикалық параметрлерді өлшеу үшін қолданады. Диагностикалық параметрлер келесі топтарға болінеді: кинематикалық, геометриялық, статикалық, динамикалық, жылулық, акустикалық, электрлік және магниттік, механикалық, молекулярлық, т.б.

Машиналар мен жабдықтар тетіктерінің *геометриялық параметрлері* сыйыктық өлшемдерден баскаша орналасуы мен формасының, толқындылығының, бет бұйрылышының, т.б. ауытқуларынан тұрады.

Нысандардың өлшемдері мен орналасуын өлшеу әдістері түйіспелі (механикалық), түйіспесіз (пневматикалық, оптикалық, радиометрлік, ультрадыбыстық, электр-магниттік), сондай-ақ аралас, яғни түйіспесіз әдісті түйіспелімен сәйкестендіретін (оптикалық-механикалық) болып белгінеді.

Ең көп таралғаны – геометриялық параметрлерді калибрлер, ұштық және штрихтік өлшеуіштер, микрометрлік сайдандар, т.б. көмегімен бақылаудың механикалық әдісі. Калибрлердің комегімен өлшемдердің және форманың калибр беретін шекараларда (шекті калибрлер) ауытқулары болуын аныктайды. Біліктер мен тесіктерге арналған калибрлер кен қолданыс тапты. Олар өлшемдер мен форманы сипаттайды. Калибрлер бұйымдардың ішкі және сыртқы өлшемдерін, сондай-ақ беттер арасындағы аракашықтықты бақылау қызметін аткарады. Оларға саңылау енін, таспалар қалындығын, сым диаметрін бақылауга арналған өлшеуіштерді де жатқызуға болады. Фасонды калибрлермен (улғи калыптармен) нысан формасын (радиустар, нысан беттеріндегі дөңестер мен ойықтар формасы, бұрыштар мен бұрамалар) бақылайды. Бұрамалық немесе басқа косылыстарды бақылауга арналған калибрлер де бар.

Iрі габаритті кайта ендеу жабдықтарын диагностикалау кезінде жазықтықтардың турасызықтылығын, параллелділігін және перпендикулярлығын жиңі тексереді.

Тетіктердің жазықтықтары турасызықтылығын әртүрлі әдістермен тексереді.

1. *Түйісу дақтары* әдісі – тексеру плиталары мен сыйғыштар комегімен тетіктердің жұмыстық беттерінің турасызықтылығын тексереді. Сығыштың немесе плитаның жұмыстық беттерін «көкшілдік» кабатымен жауып, тексерілетін тетікке қояды. Бояудың тетік бетіне біркелкі орналасуы, оның турасызықтылығын көрсетеді.

2. *Жарық саңылауы* (сәулелік) әдісі – локалдік сыйғыш көмегімен тетіктердің шағын беттерінің турасызықтылығын тексереді.

Үлкен өлшемді тетіктер беттерінің турасызықтылығын, жұмыстық бетті үлкен сыйғышпен тексереді. Бұрыштық сыйғыштарды бірмезгілде жазықтықты және күйлісатын еki бет арасындағы бұрышты тексеру үшін қолданады.

3. *Іздік әдіс* – мұнда жоғары дәлдіктең жазықтықты тексереді. Ол үшін сыйғышты қырымен тексерілетін бетке із қалдыра отырып жургізеді.

Егер із үздіксіз және тегі болса, онда жазықтық тұрасызыбы. Сызғыш және тексерілетін жазықтық арасындағы санылауды шыбыкпен (шуппен) өлшейді. Санылаудың шамасы аз болғанда шыбық орнына папирос қағазын қолдануға болады. Бұл әдіс кезінде 1 м ұзындықта 0,01 мм дейін далдікке рұқсат етіледі.

4. *Бұрыштық ауытқулар әдісі* – слесарлық деңгейлік көмегімен тетіктердің жұмыстық беттерінің тұрасызыбының тексереді. Бакылау деңгейлікті беттің бүкіл ұзындығы бойынша бір участкеден екіншісіне бірте-бірте жылжыту арқылы жүргізіледі. Деңгейлік ауытқуларын оның шкаласы бойынша есептейді. Алынған мәліметтер бойынша тиісті участкердің бұрыштық ауытқуларының кисық сыйығын тұргызыады. Осы кисық сыйық бойынша сыйықтық ауытқулардың мәндерін табады. Бұл әдіспен кез келген ұзындықтағы, тек горизонталь жазықтықта орналаскан беттердің тұрасызыбының анықтайды.

5. *Гидростатикалық әдіс* – гидростатикалық деңгейлік көмегімен ұзындығы 5 м артық беттердің тұрасызыбының тексереді. Бұл әдіс жөндеуден еткен ірі габаритті технологиялық жабдықты монтаждау кезінде кеңінен колданылады.

6. *Керілген сым-перне* (диаметрі 0,3...0,5 мм болат сым) әдісі – керілген перне көмегімен ұзындығы 10 м және одан артық жазықтықтардың тұрасызыбының тексеріледі. Пернеден жазықтыққа дейінгі өлшемді штихмаспен өлшейді. Ұзын жазықтықтардың тұрасызыбының бакылау кезінде сым-перне салбырауды ескереді.

7. *Оптикалық әдіс* – көру түтікшесі және өлшемдік белгі көмегімен үлкен ұзындықтағы жазықтықтардың тұрасызыбының анықтайды.

Жазықтықтардың параллелділігін әмбебап өлшеуіш құралдармен (штангенциркульмен, штихмаспен, масштабтық сыйышпен, үлті-калышпен) тікелей өлшеу арқылы, сондай-ак әмбебап өлшеу приборларымен (деңгейлермен, индикатормен) жанама және құрама әдістермен сыйыштарды және плиталарды колдана отырып тексереді.

Жазықтықтардың перпендикулярылығын әртүрлі саймандар және приборлармен (шыбықтың бұрыштықтармен, тірері және штихмасы бар индикатормен) тексереді.

Тесіктердің өз сәйкестілігін бакылау сыйышының, шыбықтың, әртүрлі калибрлердің, оқтаулардың және арнайы бакылау құрылғыларының көмегімен тексереді. Бір-бірінен үлкен қашықтықта орналаскан ірі подшипниктердегі немесе корпустық тетіктердегі тесіктердің өз сәйкестілігін сым-пернемен (диаметрі 0,25...0,5 мм болат сым) және штихмаспен тексереді.

Температуралық өлиеу әдістерін, әдетте екі үлкен топқа боледі – түйіспелі және түйіспесіз, оларды өз кезегінде өздерінің іс-кимыл принципіне жатқызылған физикалық эффектілер бойынша боледі. Температуралық өлиеудің негізгі әдістері мен құралдары 11.1-кестеде көлтірілген.

АӨК-дегі ұқсату салаларының жабдықтарын диагностикалау кезінде температураны анықтау үшін термоиндикаторлар кеңінен колданылады, оларға термокарындаштар мен термобояулар жатқызылады.

Термокарындаштар диаметрі 8..10 мм, ұзындығы 100..120 мм цилиндрилік балауыз өзектер түрінде болады. Температураны өлшеу үшін металл бетіне термокарындашпен штрих-белгілер салады. Температура туралы салынған белгілер түсінің өзгеруі бойынша айтады. Бір термокарындашпен 2000-ға жуық штрих-белгілер салуға болады. Тетіктердің қызу температурасы туралы шамамен қактану және ағып кетулер түсі бойынша айтуға болады.

11.1-кесте. Температураны өлшеудің адістері мен күралдары

Олшеу күралдары	Шектік сезімталдық, °C	Температуралық диапазон, °C	
			1
Түйіспелік адіс			
Кенейту термометрлері:			
сүйкіткіштік	0,01	-100...+600	
манометрлік	0,01	-100...+700	
дилатометрлік	0,1	-50...+200	
биметалдық	0,1	-50...+600	
Электрлік термометрлер:			
термоэлектрлік	0,01	-260...+2000	
терморезистивтік	0,001	-270...+1600	
термошульк	0,01	-270...+3000	
термомагниттік	0,01	-250...+270	
терможильтіктік	0,0001	-40...+200	
термоснимдылықтық	0,01	-40...+300	
термотранзисторлық	0,01	-70...+200	
Талшыкты-оптикалық термометрлер	0,1	-10...+150	
Термоиндикаторлар:			
термохромдық	0,5	20...150	
сүйкік кристалдық	0,2	18...120	
балқымалы	1	20...300	
люминофорлық	0,5	20...200	
изотоптық	0,5	-20...+150	

11.1-кестенің жалғасы

1	2	3
Түйіспесіз әдіс		
Сәулелеу пиromетрлері:		
жарықтық	1...10	100...3000
түстік	1...5	200...3500
радиациялық	0,1...1	-100...+2000
Теледидарлар:		
оптикалық-механикалық	0,01	-20...+1500
пироридикондық	0,1	20...8000
лазерлік пиromетрлер	1...10	40...3000
спектр.фотометрлік пиromетрлер	1...5	600...6000
акустикалық пиromетрлер	1...10	50...600

Массаны олшеудің ең көп тараган әдісі – *гравитациялық*, оз кезегінде оны *массаларды салыстыру* (гравитациялық тенгеру) әдісіне және дененін *Жерге гравитациялық тарташылу күшін олшеу* әдісіне беледі.

Массаларды салыстыра олшеу әдісін колданатын *олшеу приборларын гирлік* (тиръ кою), *иіндік* (жүкті ін бойымен жылжытатын) және *маятниктік* немесе *квадраттық* (маятник бұрылышы) деп беледі.

Гравитациялық тенгеру бар приборлардың айрықша ерекшелігі – олардың көрсеткіштерінің орналасу нүктесіндегі, яғни таразының жер бетіндегі орналасу орнындағы еркін түсү үдеуіне тәуелсіздігі. Қарапайым болғаныммен жоғары дәлдікке ие, салыстыру әдісін колданатын приборлар кең колданыс тапты.

Маятниктік тенгеру механизмі бар таразылар әлдекайда өнімді. Өлшеу нәтижелерін циферблат шкаласы бойынша есептейді. Маятниктік тенгеру механизмі бар таразыларда өлшеу диапазонын көзінде үстемелі кір тастарын, сондай-ақ көпайналымды тілшесі бар және диапазондары автоматты ауыстыратын көрсеткіштер колданады. Кір тасын колдану кезінде өлшеу нәтижесін циферблат шкаласы бойынша анықталған масса мен үстемелі кір тастары тенгерген масса косындысы ретінде есептейді.

Дене массасын анықтаудың екінші әдісі – жүк кабылдау құрылышына әсер ететін *ауырлық* күшін *олшеу*. Әдіс негізіне қүшті тенгерудің гигроскопиялық әсер (эффект), серпімді тенгеру сиякты тәсілдері, сондай-ақ әтемдік әдіс енгізілген. Өлшеудің бұл әдісі кезінде нәтижелер салмақ өлшеу құрылыштарының жер бетіндегі орналасу орнына байланысты, яғни таразыны градуировкалар еркін түсү үдеуіне тәуелді болады.

Серпімді тенгеруде колданылатын *қарапайым таразылық механизм* – бұл *серінте* (орамды, табакшалы, жазық).

Серпімді тенгеру әдісі тензорезисторлық, дірілөзектік, магнит-серпімдік, пьезоэлектрлік сиякты электрмеханикалық бастапқы күш түрлendіргіштер базасында тұрғызылған салмақ өлшеу құрылыштарында колданылады. Олар электрмеханикалық таразылардың үлкен тобын құрайды.

Электрмеханикалық түрлендіргіштері бар салмақ өлшеу күрылғылары жүк кабылдау күрылғысынан, бастапқы түрлендіргіштен және ақпарат еңдеу блогынан тұрады.

Жүк көтеру күрылғысы жалпы алғанда жүк кабылдау болігінің (платформа, бункер, конвейер таспасы, т.с.с.) және бастапқы түрлендіргішпен байланыс механизмінің комбинациясын білдіреді. Жүк көтеру күрылғысының функционалдық кызметі өлшенетін жүк тұгызыатын күшті бастапқы түрлендіргішке беру. Соңғысы оған әсер ететін механикалық күшті, жүк салмағы (массасы) туралы ақпараты бар электрлік белгі беруге түрлендіреді.

Күшті аналогтық түрлендірушілер арасынан тензорезисторлық бергіштер кең қолданыс табуда, олардың жұмысы серпімді элементке желімденген (оралған) сым (фольга, монокристалдық) тордың, жүктемеден болған деформация кезіндегі, электрлік кедергісін өлшеу эффектісін пайдалануға негізделген.

Біртекестендірілген бергіштер қысымды, деңгейді және шығынды өлшеудін ен көп тараған құралдары болып табылады. Олар газдар мен сұйықтықтардың абсолюттік қысымын, артық қысымын, сирексүйін, қысымдар айырмашылығын, көлемдік шығынын, сұйықтық деңгейін өлшеуға ариналған.

Біртекестендірілген бергіштер өлшеудің манометрлік немесе дифференциалдық-манометрлік әдісін қолданады. Біртекестендірілген бергіштерді қолданған кезде шығынды немесе деңгейді өлшеу үшін өлшенетін шама алдымен қысымға немесе қысым айырмашылығына түрлендіріледі, сонан кейін оның әрі карағы түрлендірілуі жүреді.

Сұйықтық деңгейін гидростатикалық қысым немесе итеру күші (деңгейдің буйлық бергіштері) бойынша; көлемдік шығынды – құбыржеліге орнатылатын жіңішкерту күрылғысына дейінгі және одан кейінгі қысымдар айырмашылығы бойынша өлшейді.

Денгейді бақылаудың қалтқылы, буйлық, сиымдылықты және ультрадыбыстық әдістері кең тараған. Қалтқылық әдісті көбінесе үлкен ашық резервуарлардағы, сондай-ақ қысымы төмен жабық резервуарлардағы сұйықтық деңгейін өлшеу үшін қолданады.

Шығынды өлшеу үшін әртүрлі шығынөлшеуштер колданылады.

Ұлғалды өлшеудің және ылғал құрамын (микрокуыстардың толтырылуын) анықтаудың көптеген әдістері негізінде ылғалға және толық сусызданған (құрғақ) қалдыққа белу жататын тікелей және жанамаға болінеді, соңғысында ылғалдықты параметрдің ылғалдыққа байланысты осы немесе басқа физикалық касиетінің езгеруі бойынша аныктайды.

Ұлғалдықты өлшеудің тікелей әдістерінің арасында термогравиметрлік (салмактық) әдіс кең тараған – бұл сынаманың езгеріссіз массасында дейінгі осы химиялық күрылымы үшін барынша шекті

температурасы кезінде сынаманы ауажылулық көптіру әдісі. Оның дәлдігі аналитикалық таразыда шағын массалы сынаманы өлшеумен шартталады.

Ылғал құрамын жылдам өлшеуді қамтамасыз ететін, қыздырғыш пен электрондық таразы комбинациясы болып табылатын шағынгабаритті приборлар да шығарылады.

Машиналар күйін *dірілді* бақылау мәліметтері негізінде диагностикалау – ең тиімді әдістердің бірі.

Жабдықтарды дірілдік диагностикалауды үш кезеңде жүргізеді: дірілдік күйді бастапқы сипаттату, белгілерді атап көрсету және шешім қабылдау.

Ақпараттық белгілерді іздеу кезеңінде дірілдін, шудың және соккының өлшенетін параметрлерінің санын шектейді. Бұл кезде дірілдік процесті сипаттайтын көтеген параметрлері арасынан нысан күйін тіkelей немесе жанама түрде сипаттайтындарын ғана бөліп алады. Осы параметрлер бойынша диагностикалау кезінде колданылатын белгілердің ақпараттық жүйесін қалыптастырады.

Дірілдің диагностикалық параметрлерін тандау зерттелетін механизмдердін типтеріне, оларда өлшенетін тербелістердің амплитудалық және жиіліктік диапазондарына байланысты болады.

Төмен жиілікті диапазонда көбінесе дірілдік жылжудың, орта жиілікте – дірілдік жылдамдықтың, жоғары жиілікте – дірілдік үдеудің параметрлерін өлшейді.

Дефектоскопия – материалдар мен бұйымдардағы тұтастықтың және әртектіліктің бұзылуын байқау үшін колданылатын кираптай бақылау әдістері мен құралдарының жынытығы.

Дефектоскопияда негізгі әдіс болып табылатындар мыналар: магниттік, электрлік, күйінды токтық, радиотолқындық, жылулық, оптикалық, радиациялық, акустикалық, етімді заттар мен ағуды іздеу әдісі.

Магниттік дефектоскопия ферромагниттік материалдардан жасалған бұйымдардағы ақаулар орнында туындастын магниттік орістің өзгеруін зерттеуге негізделген. Магниттік үнтақ (магнит-үнтақтың әдіс), магниттік таспа (магнитографикалық әдіс), индукциялық катушка, магниторезистор, т.б. индикатор қызметін атқара алады.

Магниттік дефектоскопия әдісінің сезімталдығы материалдардың, қолданылатын индикаторлардың, түрлендіріштердің, магниттену режимдерінің, т.б. сипаттарына тәуелді болады.

Магниттік дефектоскопия әдісімен макроақауларды (10 мм терендікке дейінгі кіші өлшемі 0,1 мм артық шытынауларды, күйстарды, қабырышықтануларды) анықтауға болады.

Электрлік дефектоскопия бақылау нысанымен өзара әсерлесетін электрлік өріс параметрлерін тіркеуге негізделген. Ең көп таралғаны дизлектрлік материалдардың ақауларын, нысанды конденсатордың электр

өрсіне енгізу кезіндегі сиымдылықтың өзгеруі бойынша анықтайдын электр-сиымдылықты әдіс.

Термоэлектрлік әдіс әртекті екі материалдың түйісі орнындағы қызу кезінде түйік тізбекте туындағын электркозғалтқыш күшті олшеуге негізделген. Егер бұл материалдардың біреуі этalon ретінде қабылданса, онда ыстық және сұық түйісулер температураларының берілген айырмашылығы кезінде термо-ЭҚК мәні мен таңбасы екінші материалдың әртектілігін және химиялық құрамын анықтауға болады.

Электростатикалық әдіс бұйым орналастырылатын электростатикалық өрісті қолдануға негізделген. Электр өткізбейтін материалдардан (фарфордан, әйнектен, пластмассадан), сондай-ақ осындай материалдармен жабылған металдан жасалған бұйымдардың беттік шытынауларын байқау үшін эбониттік ұштығы бар бүріккіш пен бор ұнтағын жұқалап тозандандырады (ұнтақтық әдіс). Бұл кезде бор түйіршіктепі оң заряд алады. Электростатикалық өрістің әртектілігі нәтижесінде бор түйіршіктепі шытынаудың шеттеріне жиналады.

Электрұшының әдіс электрлік разрядтың тұтастық бұзылу орнында туындауына негізделген. Құбырлардың және металдан жасалған әртүрлі тетіктердің электр өткізбейтін корғаныс жабындыларының (лак-бояулық, эмалдік және басқа оқшаулагыш жабындылардың) сапасын бақылау үшін қолданады. Жабынды бақылаудың максималды қалындығы 10 мм.

Құйындыткың әдіс дефектоскопия электр өткізетін нысанда түрлендіргіштің электромагнитті өрісі жіберетін құйынды токтар өрісі ақауының орнындағы өзгерістерді талдауға негізделген. Құйындыткың дефектоскопияны металдық бұйымдардағы (құбырлар, шыбықтар, беттер, т.б.) терендігі 0,1 мм артық беттік ақауларды (шытынаулар, құстар, талшықтанулар) байқау үшін, сондай-ақ 8...10 мм дейінгі терендікте орналаскан ірі ақауларды байқау үшін қолданады.

Радиотолқынды дефектоскопия радиотолқынды диапазонның электромагниттік саулеленуінің бақылау нысанымен өзара асерлесу нәтижелерін тіркеуге негізделген. Металл емес материалдардың (полимер, композит, резенке, әйнек, қыш, құрылым материалдары, т.б.) ішкі ақауларын, сондай-ақ металдардың беттік ақауларын байқау және тіркеу үшін қолданылады.

Жылулық дефектоскопия бақылау нысанының температуралық өрістерін тіркеуге негізделген. Сәулеленуді қабылдаушылар ретінде фотокедергілерді, фотодиодтарды, фототранзисторларды, термометрлерді, терможүптарды, пирометрлерді, т.б. пайдаланады. Бақылау нысаны жылу энергиясының сыртқы көздерінің – плазматронның, қызылару шамдарының, лазердің асеріне ұшырауы мүмкін; бұл кезде нысан арқылы откен немесе одан қайткан жылулық сәулелердің өзгеруін өлшейді. Жылу визуалдік әдіс

сияқты, жылытудың сыртқы көзін колданбайтын бәсек жылулық әдістер де кең таралған.

Жылулық дефектоскопия жылуеткізгіш материалдардан жасалған бұйымлардың беттік және бетастылық ақауларын (шытынаулар, қабыршақтанулар, т.б.) байқау үшін қолданады.

Оптикалық дефектоскопия бақылау нысанының оптикалық сәулеленумен өзара әсерлесуін талдауға негізделген. Беттік ақауларды немесе материалдардың ішіндегі толқындардың оптикалық диапазоны үшін молдір ақауларды байқаудың көзben кору едісі ен қарапайым болып табылады. Ақаудың ұлғайтылған бейнесін алу үшін проекторлар және микроскоптар қолданылады. Жетуі қын орындардагы беттік ақауларды (сызаттар, шытынаулар, коррозиялық дактар, ойыктар және артшемі 0,01 мм артық басқа ақаулар) байқау үшін арнайы оптикалық жүйе және талыштық оптика көмегімен бірнеше метр кашықтыққа дейін оптикалық бейнені беруге мүмкіндік жасайтын эндоскоптар пайдаланады.

Радиациялық дефектоскопия иондаушы сәулелерді бақыланатын нысанмен өзара әсерлескенен кейін тіркеуге және талдауға негізделген. Ренттендік, гамма және нейтрондық, альфа- және бета-сәулелер кеңінен қолданылады.

Радиациялық дефектоскопия жогары сезімталдықтағы ақауларды (куystар, қабыршақтанулар, дұрыс пісірілмеген орындар, бөгде косылystар, т.б.) анықтауды қамтамасыз етеді (сауле беру бағытындағы ақау ұзындығының төтік қабыргасы калындығына катынасы). Пісірілімді жapsарлардың (жіктердің) сапасын бақылау үшін кеңінен қолданылады.

Акустикалық дефектоскопия бақыланатын нысанда серпімді тербелістердің 50 Гц...50 МГц жайлілтегі диапазонында туындастын немесе қозатын ақаулардың пайда болуына байланысты езгерулерді талдауға негізделген. Металдан және дизлектриктерден жасалған объектілер үшін пісірілімді жіктердің сапасын бағалау мақсатында қолданылады. Тербелістерді тіркеу үшін пьезоэлектрлік, сондай-ақ электромагниттік-акустикалық және магнитстрикциялық түрлendіргіштер пайдаланады. Акустикалық дефектацияның негізгі әдістері – жанғырықтық әдіс, коленкелік, резисторлық, веллосимметриялық, еркін тербелістер, акустикалық-эмиссиялық әдістер.

Енгіш заттармен дефектоскопиялау бақылау нысанының күстарына заттардың енүіне негізделген. Беттік ақауларды сұйық заттардың көмегімен анықтау үшін капиллярық (түйішкіткі) дефектоскопия қолданылады. Керегарлықтың жасанды артуы ақауларды капиллярық күштер әсерімен толтыратын материалдар жағы нәтижесінде болады. Ақауларды байқау тиімділігі ультракүлгін сәулеленуде люминесценттенетін заттың немесе контрасталатын түсті заттың (түстік әдіс) көмегімен күшейеді. Капиллярық дефектоскопия терендігі 10 мкм жоғары және ашылу сні 1 мкм артық аса майда беттік ақауларды металдан, пластмассадан және

композициялық материалдардан жасалған тетіктерде байқау үшін колданылады.

Ағуды іздеу дефектоскопиясы газ тәріздес және сұйық заттардың тесік ақаулар арқылы бұйымның қымтаулылық дәрежесін анықтау мақсатында өтуіне негізделген, ол газ ағынымен, сұйықтық шығынымен немесе ағуының болуымен, уакыт бірлігіндегі қысымның төмендеуімен, дақ олшемімен т.б. анықталады.

Қымтаулықты анықтаудың газдық, газ-сұйықтық және сұйықтық әдістері болады.

Сұйықтық сынаулар кезінде бұйымды сұйықтықпен (су, керосин, моминофор ертіндісі) толтырады, соナン кейін сұйықтық тамшылары мен дактарының немесе беттегі жарқырайтын нүктелердің пайда болуына карай қымтаулылық дәрежесін анықтайды (компрессиялық, керосиндік, люминесценттік әдістер).

Газ-сұйықтық әдістер бұйымның ішінде газдың артық қысымын түгизуга және оны сұйықтықка батыруға немесе агатын орындарды сабындауға негізделген. Қымтаулылық дәрежесі газ түйіршіктері бойынша анықталады.

Ағуды іздеу дефектоскопиясын жоғары қысымды ыдыстардың қымтаулығын, пісіру жіктерін, көпқабатты бұйымдарды бақылау үшін көнінен қолданады. Тесік ақаулардың анықталатын сұқ кіші өлшемі 0,001 мкм және одан жоғары.

Бақылау сұраптары

1. Диагностикалаудың негізгі індегітері кандай?
2. Диагностиканың кандай түрлерін білесіз?
3. Техникалық кызмет көрсету жүйесі деңен не?
4. Техникалық кызмет көрсету жүйесінің түрлерін атапсыз.
5. Техниканы жөндеудің кандай түрлерін білесіз?
6. Жабдықтардың техникалық күйін бағалау әдістерін атапсыз.
7. Дефектоскопия деңен не?

12 МАЙЛАУ МАТЕРИАЛДАРЫ

12.1 Индустримальдық майлар

Мұнай өндіруші өнеркәсіп қазіргі күні жогары пайдаланымдық қасиеттері бар индустримальдық майлардың үлкен ассортиментін шығарады.

Индустримальдық майларға металл өндіруші станоктардың, электр моторларының, желдектіштердің, сораптардың және басқа да өнеркәсіптік жабдықтардың үйкелістегі беттерін 50°C -қа дейінгі температура жағдайында майлауга арналған майлардың үлкен тобы жатады. Сонымен катарап, индустримальдық майлар автомобиль рулінің гидрокүштікшінде, ауылшаруашылық машиналардың, станоктардың және басқа да жабдықтардың гидрожүйелерінде жұмыстық сұйықтық ретінде колданылады. Индустримальдық майлардың пайдаланымдық қасиеттерін сипаттайтын басты көрсеткіш - 40°C температурада нормаланатын тұтқырлық.

Индустримальдық майларға койылатын негізгі пайдаланымдық талаптар: коррозиялық-белсенді заттардың, түрлілі қоспалар мен судың болмауы; тұтқырлық-температуралық тұрактылық және катудың төменгі температурасы. Максатына қарай индустримальдық майлар төрт топка белгінеді (МЕСТ 17479.4-87): Л – женіл жүктелген құрама бірліктер (шпинделдер, подшипниктер және солармен байланыстағы қосылыштар); Г – гидравликалық жүйелер; Н – бағыттаушы сырғанаулар; Т – ауыр жүктелген құрама бірліктер (тісті берілістер). Көрсетілген стандарттар бойынша белгілеу ИСО 6743/0-81 жіктемесіне сәйкес келеді, онда майлар тобы тиісінше F, H, G және C әріптерімен белгіленеді.

Пайдаланымдық қасиеттері бойынша индустримальдық майларды мынадай шағын топшаларға беледі: А, В, С, Д, Е. Ауылшаруашылық өндірісінде А шағын топшасындағы майлар колданылады. Бұлар қоспасыз майлар, жұмыс шарттарына майлардың коррозияға қарсы және тотыгуға қарсы қасиеттеріне айрықша талаптар койылмайтын машиналар мен өнеркәсіптік жабдықтардың механизмдеріне арналған.

Тұтқырлығына қарай индустримальдық майлар 18 класқа болінеді.

Индустримальдық майдың белгілену үлгісі: И-ЛГ-А-15 (И-12А), мұндағы И – индустримальдық, ЛГ – женіл жүктелген құрама бірліктер мен гидравликалық жүйелерге арналған, А – қоспасыз, 15 – тұтқырлық класы, жақшаның ішінде – жалпықабылданған белгіленуі.

Кейбір индустримальдық майлардың колданылу салалары төмендегідей:

И-ЛГ-А-15 (И-12А) – ауылшаруашылық машиналардың гидрожүйелерінде, автомобиль рулінің гидрокүштікшінде жұмыстық сұйықтық ретінде, куаты төмен электр моторларының подшипниктерінде, станоктардың гидрожүйелерінде, жиілігі $10\,000\text{ мин}^{-1}$ дейінгі айналымда жұмыс істейтін металл кесуші станоктардың шпинделдерінде;

И-Г-А-32 (И-20А) – күрүлсө, жол және басқа да машиналардың гидрожүйелері, желдектіштердің, сораптардың подшипниктері, бұрғылау станоктарының шпинделдері (1500 мин⁻¹ дейін);

И-Г-А-46 (И-30А) – ауыр станоктардың гидрожүйелері, сораптар мен желдектіштердің подшипниктері, токарлық және фрезерлік станоктар (1000 мин⁻¹ дейін);

И-Г-А-68 (И-40А) – ауыр жабдықтардың және ірі станоктардың гидрожүйелері, ауыр жүктелген жылдамдығы аз механизмдер.

12.1-кестеде жалпы мақсаттағы коспасыз индустріалдық майлардың сипаттамалары берілген (МЕСТ 20799–88).

12.1-кесте. Жалпы мақсаттағы индустріалдық майлардың сипаттамалары

Көрсеткіштер	И-Л-А-10 (И-8А)	И-ЛГ-А-15 (И-12А)	И-Г-А-32 (И-20А)	И-Г-А-46 (И-30А)	И-Г-А-68 (И-40А)
20°C кезіндегі тығыздығы, кг/м ³ , артық емес	880	880	890	890	900
40°C кезіндегі кинематикалық тұтқырлышы, мм ² /с	9...11	13...17	29...35	41...51	61...75
Қышқылдық саны, мг КОН/г, артық емес	0,02	0,02	0,03	0,05	0,05
Температурасы, °C: ашық тиглдегі тұтану, темен емес	150	165	200	210	220
жату, жоғары емес	-15	-30	-15	-15	-15
Түсі, ЦНТ бірл., көп емес	1,5	2,5	2,0	2,5	3,0
Тотыгуға қарсы тұрақтылығы:					
қышқылдық санының осімі, мг КОН/г, көп емес	0,2	0,2	0,3	0,4	0,4
шайырлардың есімі, % артық емес	1,5	1,5	2,0	3,0	3,0

Е с к е р т у. Барлық майларда нормаланған: судың болуы – іздер; механикалық коспалар, селективтік ерткіштер – жок; күлділігі – 0,005 % артық емес; күкіртті мұнайлардан альянгандан майлардагы күкіртті салмактық (массалық) үлесі – 1,0...1,1 %.

12.2 Компрессорлық майлар

Қойылатын талаптарға және колданылу саласына байланысты компрессорлық майларды үш класқа бөледі: поршендік және роторлық компрессорларға арналған, турбокомпрессорлық машиналар үшін және тоназыту машиналарының компрессорларына арналған.

Поршендік және роторлық компрессорларға арналғандар. Май бұл компрессорларда жоғары температурасы бар сығылған газбен тікелей

жанасады. Компрессорлық майға қойылатын пайдалану талаптары газдың кұрамымен және қасиетімен аныкталады.

Ауалық компрессорлар шығуының әрбір сатысынан кейін ауа температурасы қолданыстағы нормативтерге сойкес жалпынеке іспіткім компрессорлар үшін 170 °С-тан, ал технологиялық максаттагы компрессорлар үшін 180 °С-тан артық болмауы тиіс. Сондыктан компрессорлық майларға қойылатын негізгі пайдаланымдық талаптар – олардың жоғары термототығушылық тұрактылығы және компрессордың айдау желісінде кокс түзілуін болдырмау кабылеті. Болінудің мұндай өнімдерінің түзілуі және майдың тығыздалуы компрессорлардағы ерттердің себебі болып есептелінеді.

Май тұтқырылығы компрессорлық майлардың негізгі сипаттамасы болып табылады. Төтіктердің үйкелістегі беттерінің тозуы, үйкеліске кететін энергия шығыны, поршень сакиналарының нығыздалуы, компрессордың іске косылу ұзактығы, үйкеліс беттерінің температурасы тұтқырылықка байланысты болады. Кокстық шөгінділердің түзілуі термототығушылық кабылетке де, май тұтқырылығына да тауседі. Тұтқырылығы төмен май компрессордың айдау трактисы бойынша женіл көзгалады, сонын арқасында айдау жүйесінде шөгінділер азырақ түзіледі. Стандарттардың халықаралық ассоциациясы (ИСО) ережелеріне сойкес кокстық шөгінділерді дер кезінде тазалаған жөн. Айдау жүйесіндегі тазалаулар арасында кокстық шөгінділер қабатының калыңдығы қысым 1 МПа кезінде 3 мм-ден аспауы, 2...3 МПа кезінде 2 мм және 3...5 МПа кезінде 1 мм болуы тиіс.

Компрессорлық майларды төрт топқа бөледі:

1 – газ сығылуының орташа режимдерінде жұмыс істейтін компрессорларға арналған, айдау температурасы 160 °С-тан төмен;

2 – дал солай, айдау температурасы 180 °С-тан төмен;

3 – айдау температурасы 200 °С-тан жоғары ауыр жағдайларда жұмыс істейтін компрессорларға арналған;

4 – айдау температурасы 200 °С-тан жоғары кезде аса ауыр жағдайларда жұмыс істейтін жоғары қысымды компрессорларға арналған.

Компрессорлық май маркасын белгілеу үлгісі: К-19, мұндагы К – компрессорлық май, 19 – температура 100 °С кезіндегі кинематикалық тұтқырылым. Бірінші топқа жатады. Май тобын К әрпінен кейінгі сан көрсетеді (бірінші топтан басқа).

12.2-кестеде ауалық компрессорларға арналған майлардың негізгі көрсеткіштері көлтірілген.

Коспасыз К-19 майын селективтік тазалау жолымен құқырттілігі төмен мұнайлардан алады. Құқырт құрамы төмен майлар талап етілетін орта және жоғары қысымды поршенді компрессорларды майлау үшін қолданылады.

12.2-кесте. Поршендік және роторлық компрессорларға арналған майлардың сипаттамалары

Көрсеткіштер	Қоспасы жок майлар		Қоспасы бар майлар	
	K-19	KC-19	K3-10	K3-10H
Кинематикалық тұтқырылығы, $\text{мм}^2/\text{с}$, температура: 100 $^{\circ}\text{C}$ кезінде 40 $^{\circ}\text{C}$ кезінде	17...21 -	18...22 -	8,8...10,5 73,7...96,2	9...13 76...130
Тұтқырылым индексі, кем емес	-	92	90	90
Қышқылдық саны, мг КОН/г, артық емес	0,04	0,02	0,2	0,2
Температурасы, $^{\circ}\text{C}$: ашық тиглдері тұтану, темен емес кату, жоғары емес	245 - 5	260 - 15	205 - 10	205 - 30
Құрамындағы, % (массалық үлесі), артық емес: суда еритін қышқылдар мен сілтілердің механикалық қоспалардың судың күкіртгің селективтік еріткіштердің	болжайды 0,07 болжайды 0,3 болжайды -	болжайды болжайды 1,0 болжайды	- болжайды іздер 0,65 -	- болжайды іздер 0,65 -
Кокстелінің, %, артық емес	0,5	0,5	0,2	0,2
Күлділігі, %, артық емес	0,01	0,005	0,005	0,005
Тотыгуға карсы тұрактылығы, артық емес: тұнбалар, %, (массалық үлесі) кокстелінің артуы, % буланудан болатын шығын, %	0,015 - -	болжайды - -	- 1,5 15	- 1,5 15
Коррозия: болат табакшаларда корғасын табакшаларда, $\text{г}/\text{см}^2$, артық емес	шыдайды -	- 10	шыдайды -	шыдайды -
40 $^{\circ}\text{C}$ кезіндегі тығыздығы, $\text{кг}/\text{м}^3$, артық емес	-	905	900	900

Қоспасыз KC-19 майын күкіртті парафинді мұнайлардан селективтік тазалау әдісімен алады. Орта және жоғары қысымды поршендік компрессорлар үшін пайдаланады.

KC-19п майының құрамында тотыгуға карсы «Ионол» қоспасы бар. Селективтік тазалау әдісімен күкіртті парафинді мұнайлардан алады. Орта және жоғары қысымды компрессорларда майлау қызметін аткарады.

K3-10 майының құрамында компрессордың айдау желісінде кокстық шогінділердің түзілүін азайттың, сондай-ақ майдың тотыгуға карсы, коррозияға карсы, майлаушы және көбікtenуге карсы касиеттерін арттыратын қоспалар болады. Айдау температурасы 200 $^{\circ}\text{C}$ -ка дейінгі поршендік және роторлық компрессорларды майлауга арналған.

K3-10Н майын кату температурасын төмөндөтү мақсатында қосымша депрессорлык коспа енгізे отырып, K3-10 майын алатын технология бойынша алады. Коршаган ауа температурасы төмөн кезде жақсы іске косу касиеттерине ие. Айдау температурасы 200 °С-ка дейінгі поршендік және роторлык компрессорларды майлауга ариалған.

Toңазыту машиналарының компрессорларына ариалғандар. Өнеркәсіптегі және ауыл шаруашылығында компрессорларды үшін аринайтын майлар шығарылатын түрлі тоңазыту кондырылыштар кеңінен колданылады. Бұл майлардың жұмыс істеу жағдайларының негізгі ерекшеліктері: сұты агентімен (фреон, аммиак, көмірқышылы) тұракты түйісу; ортаның қысымы мен температурасының үздіксіз езгеруі. Тоңазыту кондырылыштарына ариалған майлар мынадай касиеттерге не болуы тиіс: сұты агентімен эсерлеспей, түсті металдардың коррозиясын туғызыбау, тұтқырлық-температуралық қисық сыйығы жадағай және кату температурасы төмөн болу. Тоңазытқыштар компрессорларының қымтаулы болашектенбейтін агрегаттарында бүкіл пайдалану кезеңінде ауыстырылмай істейтін жогары тұрактылықтағы майлар колданылады. Көбінесе тұтқырлығы төмөн, мұқият тазартылған төттүгүа карсы коспалар мен депрессаторлары бар мұнай майларын, сондай-ақ синтетикалық негізделгі майларды пайдаланады.

12.3-кесте. Тоңазыту машиналарының компрессорларына ариалған майлардың сипаттамалары

Корсеткіштер	ХА-30	ХФ12-16	ХФ22-24	ХФ22С-16
Кинематикалық тұтқырлығы, $\text{мм}^2/\text{с}$, температура: 20 °С кезінде 50 °С кезінде	≤ 150 28...32	≥ 17 ≥ 16	- 24,5...28,4	- ≥ 16
Қышқылдық саны, мг КОН/г, артық емес	0,05	0,02	0,04	0,35
Температурасы, °С: ашық тиглдегі тұттану, темен емес кату, жогары емес	185 - 38	174 - 42	130 - 55	225 - 58
Күйділігі, %, артық емес	0,004	-	-	-
Төттүгүа карсы тұрактылығы, артық емес: тұнбалар, %, (массалық үлесі)	0,02	0,005	-	0,02
Сынаудан кейінгі қышқылдық саны, мг КОН/г, артық емес	0,5	0,04	-	0,4
Түсі, ЦНТ бірл., көп емес	-	1	-	-
Коррозия: болат табакшаларда корғасын табакшаларда	болмайды шыдайды	- шыдайды	- шыдайды	болмайды шыдайды

Тоңазытқыш кондырылардың компрессорларына арналған майларды екі топка боледі: ХА – аммиакта немесе көміркышкылында жұмыс істейтін компрессорлар үшін; ХФ – фреонда жұмыс істейтін компрессорлар үшін.

12.3-кестеде тоңазыту машиналарының компрессорларына арналған майлардың негізгі көрсеткіштері (МЕСТ 5546–86) берілген.

Тоңазыту машиналарының компрессорлары үшін төмендегідей майлар шығарылады:

ХА-30 – калдық және дистиляттық минералдық майлар коспасы;

ХФ12–16 – тотыгуға қарсы коспасы бар минералдық;

ХФ22–24 – қойытылған минералдық;

ХФ22C–16 – тотыгуға қарсы коспасы бар синтетикалық.

Тоңазыту машиналарының компрессорларына арналған май маркасының белгілену үлгісі: ХА-30, мұндағы X – тоңазыту, А – аммиак, 30 – температура 50⁰С кезіндегі кинематикалық тұтқырлық, мм²/с.

12.3 Электр оқшаулағыш майлар

Сұйық диэлектриктер бола отырып, электр оқшаулағыш майлар трансформаторлардың, конденсаторлардың, кабелдердің, т.с.с. ток жүретін беліктерін оқшаулау қызметін атқарады. Олар, сондай-ақ жылу әкетуші орта қызметін де атқарады және ажыратқыштардағы электр дөгасының жылдан сенуіне ықпал етеді. Электр оқшаулағыш майларды кабелдік, трансформаторлық және конденсаторлық деп боледі. Аудыл шаруашылығында трансформаторлардың озекшелерінде, реостаттарда, майлық ажыратқыштарда пайдаланылатын трансформаторлық майлар кеңінен таралған.

Трансформаторлық майды құқірттілігі төмен және құқіртті парафинді мұнайлардан фенолдық тазалау әдісімен әрі қарайғы төменгі температуралы депарафиндеу арқылы алады. Майды мұнгият тазалау жогары диэлектрикалық қасиеттер (жоғары жарып ету кернеуі) және тұрактылық алу үшін қажет. Өнеркасіп трансформаторлық майлардың қолданылатын шикізат, алу тәсілі және қолдану саласы бойынша ерекшеленетін бірнеше сорттарын шығарады.

TKn майдын құқірттілігі төмен мұнайлардан қышқылдық-сілтілік тазалау әдісімен алады. Оның құрамында «Ионол» коспасы бар. 50⁰С кезіндегі кинематикалық тұтқырлығы 9 сСт артық емес, кату температурасы -45⁰С-тан аспайды. Оны кернеуі 500 кВ дейінгі жабдықтар үшін қолдану ұсынылады.

Селективтік тазаланған майды құқіртті парафинді мұнайлардан фенолдық тазалау әдісімен алады. 50⁰С кезіндегі тұтқырлығы 9 сСт артық емес, кату температурасы -45⁰С-тан аспайды. Оны кернеуі 220 кВ дейінгі жабдықтар үшін қолданады.

T-150 майын күкіртті парафинді мұнайлардан «Ионол» қоспасын енгізе отырып алды. Өндіру кезінде селективтік тазалау және гидрирокшаулау процестерін колданады. 50 °C кезіндегі тұтқырылығы 8 сСт артық емес, кату температурасы -45°C-тан аспайды. Ол кернеуі 1500 кВ дейнінгі электр жабдықтарына ариналған.

ГК майын күкіртті парафинді мұнайлардан, «Ионол» қоспасын енгізе отырып, гидрокрекингпен алды. Майдың жоғары диэлектрикалық қасиеттері және тотыгуға тұрақтылығы бар. Оны жоғары класты электр жабдықтарында колданады.

12.4 Пластикалық жақпамайлар

12.4.1 Жақпамайлардың пайдаланымдық қасиеттері

Пластикалық жақпамайлар әртүрлі механизмдер мен машиналардың үйкеліс тораптарын майлау үшін кеңінен колданылатын койыртпак түрдегі өнімдерді білдіреді. Бұл жақпамайлар сұйық минералдық майлардан едәуір айырмашылықта болады. Механикалық қасиеттері бойынша пластикалық жақпамайлар қатты заттармен сұйықтықтардың ортасындағы аралық жағдайды алды. Тәмсін жүктемелер есерінен олар өздерін қатты денслер ретінде, ал жылжудын үлкен кернеулері кезінде – сұйықтық ретінде көрсетеді, яғни ағымдылыққа ие.

Пластикалық жақпамайларды карастыру, олардың коллоидты жүйелер екендігін көрсетті, ал сондагы коюлатқыш кристалдары, ішкі колемінің 80...90%-н сұйық май құрайтын құрылымдық канка (каркас) түзеді. Пластикалық жақпамайлардың сипатты ерекшелігі – құрылымдық канка бұзылуы процесінің кайтарылымдылығы: үлкен жүктемелер есерінен канка бұзылады да, жақпамай сұйықтық ретінде жұмыс істейді, ал жүктемені алып тастағанда канка жылдам қалпына келіп, жақпамай қайтадан қатты дene қасиетін алды.

Жақпамайлардың басқа майлар алдындағы басты артықшылықтары: үйкелістің қымталмаған тораптарында ұсталып тұру кабылеті, яғни шағын және орташа жүктемелер кезінде ағымдылықтың болмауы; майлау мен корғау қасиеттерінің жақсылылығы; жоғары үнемділігі. Үйкелістің ашық және элсіз қымталған тораптарында ұсталып тұру кабылеті пластикалық жақпамайлардың кең колданыс тапқанын айқындауды. Оларды сұйық майлар колдану мүмкін емес жерлерде пайдаланады. Пластикалық жақпамайлармен майланатын механизмдер мен үйкеліс тораптарының саны, басқа майлармен майланатындарға караганда, бірқатар жоғары. Сұйық майлардың орнына жақпамайлар колдану үйкеліс торабының массасын шамамен 25% төмөндөтүге мүмкіндік береді. Пластикалық жақпамайлардың кемшіліктері –

үйкелістегі беттерді салқыннату қабылетінің нашарлығы, тозу өнімдерін үйкеліс аймағынан әкетудін болмауы, үйкеліс торабына беру кыныдығы.

Пластикалық жакпамай екі компоненттен тұрады: майлыш негіз (минералдық, синтетикалық, осімдіктік немесе басқа майлар) және катты қоюлатқыш (сабындық немесе сабындық емес). Жақпамайлар құрамында, әдетте құрылымды тұрақтандырығыш пен қосалар, кейде әртүрлі толықтандырығыштар (графит, молибден дисульфиті, ұнтақ тәріздес металдар немесе олардың оксидтері, т.б.) болады. Қоюлатқыш, ішінде май болатын құрылымдық канка (каркас) түзеді. Мұндай жақпамайларды құрылымданғандар деп атайды. Құрамында жұмысақ металдар немесе олардың оксидтері бар жақпамайлар плакирленгендер деп аталауды. Жақпамайлардағы қоюлатқыштар құрамы 10...20% құрайды. Ен көп таралған қоюлатқыштар – жоғары молекулярлы майлыш қышқылдардың немесе табиги майлардың металдық сабындары. Бұл қоюлатқыштарды пайдалана отырып, сабындық жақпамайлар алады.

Сондай-ақ, құрамындағы катты көміртектер және бейорганикалық заттар қоюлатқыш қызметін аткаратын көміртектік, бентониттік, силикағелдік және басқа да жақпамайлар болады. Бұлар сабындық емес жақпамайлар деп аталауды. Жоғары температуралар мен қысымдар кезінде қолданылатын катты жақпамайлар кеңінен таралған. Оларға коскуйртті молибденнен, байланыстырығыш заттан және ұшқыш ертіндіден тұратын антифрикциондық жақпамайлар кіреді. Мұндай жақпамайды тетік бетіне жағады да, оны қыздырады. Ертінді ұшып кетеді де, тетік бетінде, оны жұмыс барысында тозудан сактандыратын берік үлдір қалып кояды. Катты жақпамайлар 250...350 °C температура кезінде де жұмысқа қабылетті.

Пайдаланымдық қасиеттері. Пластикалық жақпамайлардың негізгі пайдаланымдық қасиеттері – жылжуга деген беріктік шегі, тұтқырлық, механикалық тұрақтылық, термиялық тұрақтылық және термиялық бекіту, коллоидтық және химиялық тұрақтылық, суға беріктік және фреттингті болдырмау қабылетті. Жақпамайлар сапасын бағалау үшін, реологиялық (беріктіктік және тұтқырлықтық) сипаттамалармен катар, трибологиялық сипаттамаларда, яғни жүктеме мен пісірілу жүктемесінің де маңызы зор.

Жылжуга деген беріктік шегі жылжудың пластикалық жақпамайдың құрылымдық канка бұзылатын және ол ағымдылық қабылдайтын минималды кернеуімен сипатталады. Пластикалық жақпамайдың жылжуга деген беріктік шегі дегеніміз, қаштің шекті мәнінің жақпама май қабаттары жылжсу ауданының бірлігіне қатынасы. Жылжуга деген беріктік шегінің мәні қоюлатқыш сапасымен және оның жақпамайдың құрамымен (концентрациясымен) анықталады. Беріктік шегі температураға тәуелді: температура арткан кезде, ол томендейді. Дегенмен, кейбір жақпамайларда (мысалы, кешенді қалыңийліктерде, силикағелдіктерде) кері құбылыш, яғни температураларың көтерілуімен беріктік шегінің артуы байқалады. Беріктік шегі нөлге тен болатын кездегі температура, пластикалық жақпамайдың

көлданылуын шектейтін, оның пластикалықтан сұйық күйге етуінің шынайы температурасы болып табылады. Пластикалық жакпамайдың жылжуға деген беріктік шегі негұрлым жогары болса, ол бетте соғұрлым жаксы ұсталады және азырақ ағып түсетін болады.

12.4-кестеде кейбір пластикалық жакпамайлардың жылжуға деген беріктік шегінің мәндері көрсетілген.

12.4-кесте. Пластикалық жакпамайлардың жылжуға деген беріктік шегтері

Жакла май	Жылжуға деген беріктік шегінің мәндері,	
	Па, температура ... кезінде	
	20 °C	50 °C
Солидол С	300...700	200...350
Пресс-солидол	70...200	60...180
Графиттік	300...700	200...300
Литол-24	500...1000	400...600
Фиол-1	≥250	200...250
ЦИАТИМ-221	250...450	120...300
ЦИАТИМ-201	350...500	250...350
№158 жакпамай	150...500	150...300

Пластикалық жакпамайдың жылжуға деген беріктік шегін К-2 пластометрінде анықтайды (13.1-сурет). Ол электр пеші 8 вертикаль орын ауыстыратын тіректі негізден, май құйылған ыдыстар (резервуардан) 7, манометрден 5, өнезден 6 (приборға майды үстемелей үшін) және краннан 4 (өнезді прибордың ішкі күсымын жалғастыру үшін) тұрады. Пластометр корпусы 1 прибордың ішкі күсымын тұтқыш арқылы жалғасады. К-2 приборының барлық ішкі күстарды, манометрді қоса алғанда, ауаны ығыстырып шығару мақсатында тұтқырлығы аз маймен толтырылады.


Арапастырылған жақпамаймен капилляр астауының екі жартысын да толтырып, оны калышаша 2 кояды. Пластомерді маймен толтырады, ол үшін өнезд 6 кранын 4 ашып, оны май деңгейін калышашының 2 жоғарғы ернеуіндегі ойыкка жеткенге дейін ашық үстайды. Май құйылған резервуарды кыздыратын электр пешін косып, манометр бойынша қысымның осуін бақылайды. Жүйедегі қысым қандайда бір максимумға жетіп, қайта төмендей бастағанинан кейін электр пешін ажыратады да, өнезд 6 кранын 4 ашып, калышашыны 2 капиллярмен бірге корпустан 1 баяу шығарады, сонан соң кранды жабады.

Тәжірибе аяқталған сәтте капиллярдан жақпамай итерліп шығады.

Сынақтағы жақпамайдың беріктік шегін келесі формуламен анықтайдағы

$$\tau = 100 \ 000 \ pr / (2l), \quad (12.1)$$

мұндағы: r – манометр 5 бойынша анықталатын максималды қысым (12.1-суреттің кара), r және l – капиллярдың радиусы және ұзындығы. Әдетте $l = 5$ см немесе $l = 10$ см.



12.1-сурет. К-2 пластометрі:
 1 – корпус; 2 – кальыша; 3 – корғау айнегі; 4 – кран; 5 – манометр;
 6 - озел; 7 – майга ариалған резервуар; 8 – электр пеші.

Жақпамайдың тұтқырлығы – деформация температурасы мен жылдамдығына тәуелді айнымалы шама. Деформация температурасы мен жылдамдығы негұрлым жоғары болса, жақпамай тұтқырлығы соғұрлым төмен. Тұракты температура кезіндегі деформация жылдамдығы негұрлым үлкен болса, жақпамайдың тұтқырлығы соғұрлым жылдамдық кемиді және ағымдылыны артады. Жақпамай тұтқырлығы, оның құрылымдық канкасының бұзылу жылдамдығына тәуелді болғандыктан, «*тиімді тұтқырлық*» ұғымы енгізілді. Бұл ағудың осы режимі кезінде ньютондық сұйықтықтың тұтқырлығы жылжуга жақпамай сиякты қарсылық корсетеді дегенді білдіреді.

Жақпамай тұтқырлығы сондай-ақ қоюлатқыш түрі мен концентрациясына да байланысты, ал жақпамайдың айдалымдылыны, майланған тетіктердің салыстырмалы жылжуына, әсіресе іске косу кезеңінде, жұмсалатын энергия шығындары тұтқырлыққа тәуелді болады. Екі жақпамайдың, беріктік шегінің бірдей мәндері кезінде, қайсысының тұтқырлығы төмен, сол сапалық болып есептеледі.

Пластикалық жақпамайдың минималды жұмыс температурасы және деформация жылдамдығы $10 \text{ } \text{с}^{-1}$ кезіндегі динамикалық тұтқырлығы $1500...2000 \text{ Па}\cdot\text{с}$ аспауы керек.

Механикалық тұрақтылық – бұл жақпамайдың киравуға қарсы тұру кабілеті. Жұмыс процесінде жақпамайлар үнемі механикалық әсерлерге үшірайды, соның нағажисінде олардың құрылымдық канкасы бұзылады. Демалыс кезінде жақпамайдың құрылымдық канкасы өз бетінше калпына келеді. Жақпамайдың бұл касиеті *тиксотроптық* деп аталады. Ол қоюлатқыштың типі мен концентрациясына, майдың химиялық құрамына,

жакпамай температурасына, механикалық әсер ету жиілігіне едәуір тәуелді болады. Жакпамайлардың тиксотроптық түрленулері кезінде олардың сапа көрсеткіштері (бірінші кезекте беріктік қасиеттері) өзгермеуі тиіс. Үйкеліс торабының жұмыссыз күйіндегі тұрактылығы мен беріктік шегі өзгермейді немесе арта туреді.

Термиялық тұрактылық және термиялық бекіту. Термиялық тұрактылық деп жакпамайлардың жоғарылатылған температуралар кезінде өздерінің пайдаланымдық қасиеттерін өзгерісіз сактау кабылеттін айтады. Контеңен жакпамайлардың оларды 50...100 °С-ка қыздыру кезіндегі қасиеттері балқу температурасынан төмен және әрі қарай салқыннату кезінде өзгермейді. Бірақ, кейбір жакпамайлардың, қыздырганнан және әрі қарай салқыннатқаннан кейін тығыздығы, беріктік шегі мен тұтқырлығы икемділігін жоғалтқанға дейін артады. Термиялық бекіту жакпамайлардың пайдаланымдық қасиеттеріне кері әсер етеді, ейткені термобекітілген жакпамайлардың, беріктік шегі мен тұтқырлықтың үлкен мәндеріне байланысты, жұмыстық беттерге келуі токтайды.

Пластикалық жакпамайдың термиялық бекітілуін, оның жоғары температуралар кезінде ұстасу алдындағы және сонан кейінгі беріктік шегін өлшей отырып анықтайды. Жакпамайларды сактау және колдану кезінде одан сұйық май буланып кетуі мүмкін. Дисперстік ортасын (майдын) буланымдылығы жакпамайдың қызмет мерзімін анықтайды. Майдың майланатын бет бірлігінен булануының шекті жылдамдығы шамамен 10^{-7} г/(см²·с) күрайды.

Тамши таму температурасы – бұл жакпамайдың пластикалық (жартылай катты) күйден сұйыққа ауысатын температурасы. Пластикалық жакпамайлардың балқуы олардың қасиеттерінің едауір өзгеруімен катар жүреді. Тамши таму температурасын анықтау кезінде, арнағы приборда қыздырылған жакпамай, сұйық тамшының тұзіліу мен оның тамуы жүретін жағдайға дейін жұмсарады.


12.5-кесте. Пластикалық жакпамайлардың тамши таму температурасы

Жакпамай	Тамши таму температурасы, °С
Солидол С	85...105
Пресс-солидол	85...95
Графиттік	77...85
Литол-24	≥ 185
Фиол-1	≥ 185
ЦИАТИМ-221	≥ 200
ЦИАТИМ-201	≥ 175
№158 жакпамай	≥132

Жакпамайдың тамши таму температурасы бойынша (12.5-кесте) оның жоғарылатылған температура кезіндегі жұмысқабылеттілігін шамамен

бағалауға болады. Үйкеліс тораптарын сенімді майлау үшін, олардың жұмыстық температурасы пластикалық жақпамайдың тамшы таму температурасынан $10\ldots20^{\circ}\text{C}$ төмен болуы кажет.

Пластикалық жақпамайлардың тамшы таму температурасын анықтауга ариалған прибор 12.2-суретте көрсетілген. Бұл жерде Уббелоде типтес стандартты термометрді колданады. Термометрдің 2 төменгі белгінде тесігі бар металл түтікшесі бұралатын металдық гильза монтаждалған. Тесікке стандарттық өлшемдегі капсюль (табакша) 5 кояды. Термометрді пробиркаға 3 тығын комегімен бекітеді. Пробирканы штативке орнатады және су немесе глицерин құйылатын стакан-мониша 1 қыстырады.



12.2-сурет. Тамшы таму температурасын анықтауга ариалған прибор:

1 – су немесе глицерін бар стакан; 2 – гильзали аринайым термометр; 3 – пробирка; 4 – араластырыш; 5 – синалатын жақпамайға ариалған капсюль (табакша); 6 – электрлік плитка

Синалатын пластикалық жақпамайды табақшаға шпателмен, бетінде ауа түйіршіктеп болмаудын кадағалай отырып, нығыздап жағады. Соңан кейін табақшаны термометр гильзасына, онын үстіндегі ернеуі гильза бүртігіне тірелетіндегі етіп қыстырады. Бұл кезде термометрдің төменгі үшімен жақпамайдың артығы тесіктен итеріліп шығады. Құргак таза пробирканың түбіне дөнгелек ак кағаз салады және пробиркаға термометрді, табақшаның төменгі ернеуі дөнгелек кағаздан 25 мм кашыктықта болатындағы етіп орналастырады. Глицеринді тамшы таму температурасы 80°C -тан жоғары жақпамайлар үшін қолданады. Суды немесе глицеринди, күтілетін тамшы таму температурасынан 20°C төмен температурага жеткен соң, қыздыру жылдамдығы минутына 1°C болатындағы етіп қызырады.


Бірінші тамшы тамған немесе табақша тесігінен шықкан жақпамай бағаншасы пробирка түбіне тиген кезде температуралының сыйалатын жақпамай үшін тамшы таму температурасы деп кабылдайды.

Коллоидтық тұрактылық жақпамайдан сактау және пайдалану кезінде дисперсиялық органдың (майдың) боліну мүмкіндігін сипаттайтын. Белінетін майдың мөлшері температура мен қысым арткан кезде көбейеді. Жақпамайдан майдың болінүіне оған біржакты жүктеме, мысалы, ортадан тепкіш күштер мен қысым, түсіру ықпал етеді. Температура арткан сайын, дисперсиялық орта тұтқырлығының азаюы нәтижесінде, коллоидтық тұрактылық нашарлайды.

Пластикалық жақпамайлар белгілі бір стандарттық жағдайларда сыйнау кезінде майдың шамалы мөлшерін ғана болуі тиіс. Аса тұракты жақпамайлар үйкеліс тораптарын нашар майлайды. Тракторды немесе автомобилді орнынан қозгалту сәтінде тетіктердің интенсивті тозуын болдырмау үшін жақпамайдан шамалы мөлшерде май болініу аса маңызды.

Сактау кезінде жақпамай бетінде май кабатының пайда болуы (*синерезис құбылысы*) жақпамайдың «картауын», яғни оның пайдаланымдық қасиеттерінің нашарлағандығын білдіреді. Мұндай жақпамайларды бірінші кезекте пайдалану керек. Коллоидтық тұрактылық жақпамайда қоюлатқыш сөлшері кебейгенде артады және минералдық май тұтқырлығы темендергенде кемиді. Коллоидтық тұрактылының темен жақпамайларды (мысалы, ЦИАТИМ-201 жақпамайын) майда ыдыстарға бөліп салады.

Коллоидтық тұрактылыкты жүктеме, уақыт және температура берілген кезде КСА приборында анықтауды (12.3-сурет). КСА приборы штативтен және тақтадан 1 тұрғады. Штатив тірегіне жүкті 7 бекітүге арналған шток 6 орналасатын кронштейн бекітілген. Металл шарик 5 поршень құйрықшасына қысым беру қызметін атқарады. Тақтага 1 ішіне поршень 4 орналасқан, сыйалатын жақпамайға арналған табақша 3 кояды. Штоктың, шариктің поршень мен жүктің массасы 1 кг құрайды.



12.3-сурет. Коллоидтық тұрактылыкты анықтауға арналған КСА приборының жұмыстық белгі:

1 – тақта; 2 – сұзғы кағаз; 3 – табақша; 4 – поршень; 5 – шарик; 6 – шток; 7 - жүк

Поршени бар табақшаны аналитикалык таразыға өлшейді, соナン кейін оған сыналатын жақпамайды жағады, өлшейді және сынауга алынған жақпамай массасын есептеп шығарады. Сүзгі қағаздың бір дөнгелекшесін майға дымқылдан алып өлшейді. Сүзгі қағаздың бунасы (7...9 дөнгелекшесі) бар әйнекті штатив үстеліне орналастырады. Табақшадагы жақпамайға сүзгі қағаздың май сінірлігендегелекшесін жақпамай мен қағаз арасында құыс калмайтындағы етіл төсейді де, табақшамен әйнекке койылған сүзгі қағаз бунаны бастирыады.

Іске косу түймесін баса отырып, штокты босатады да, оны шарикпен жана сканга дейін түсіреді. Соナン кейін штокқа жүк іліп, тағы да іске косу түймесін басады және сынаудың басталу уақытын белгілейді. 30 минут еткеннен соң жақпамай және сүзгі қағаз дөнгелекшесі бар табақшаны өлшейді.

Пластикалық жақпамайды престегениен кейін болінген майдың мөлшері (%) онын коллоидтық тұрактылығын сипаттайтын болады. Пластикалық жақпамайдан неғұрлым көп мөлшерде май престелініп шықса, онын коллоидтық тұрактылығы соғұрлым темен болады (12.6-кесте).

Пенетрация (ену) пластикалық жақпамайлардың консистенциясын немесе жұмсақтық дәрежесін сипаттайты. Пенетрацияны зертханалық ЛП пенетрометрде формасы мен массасы стандартты деңгешін (конустың немесе иненің) сыналатын жақпамайға, берілген жүктеме мен температура кезінде, 5 с ішінде бату терендігі бойынша аныктайды. Пенетрация санын конустың немесе иненің жақпамайға бату терендігіне тен, миллиметрмен беріліп, 10-ға кобейтілген бүтін сандармен корсетеді.


12.6-кесте. Пластикалық жақпамайлардың пенетрациясы және коллоидтық тұрактылығы

Жақпамай	25 °С кезіндегі пенетрация саны	Коллоидтық тұрактылық, %
Солидол С	260...310	5
Пресс-солидол	310...340	10
Графиттік	250...280	5
Литол-24	220...250	12
Фиол-1	280...320	7
ЦИАТИМ-221	265...310	26
ЦИАТИМ-201	240...365	20
№158 жақпамай	310...340	23

Пластикалық жақпамайлардың пайдалану жағдайларында сактау кезіндегі пенетрациясының өзгеруі онын құрылымының өзгеруін корсетеді.

Кейбір пластикалық жақпамайлар үшін 25 °С кезіндегі пенетрация сандары 13.6-кестеде корсетілген.

Зертханалық ЛП пенетрометрі (12.4-сурет) штативтен бұл және жағдайын биіктік бойынша реттеуге болатын үстел орнатылған тақтадан 8 тұрады. Тақтаға дөңгелек деңгейлешегіш монтаждалған. Штативке плунжері бар кронштейн 7, индикатор 4 және айна (суретте корсетілмеген) бекітілген. Плунжер кронштейнің бағыттауыш төлкесінде еркін жылжиды және қысқыш қөмегімен бекітіледі. Іске қосу түймесі 2 плунжерді босату қызметін аткарады. Плунжерге конус 1 немесе жүгі бар ине бекітілген. Индикатор тегершікпен ілінісетін кремальверден 3 тұрады. Тегершік өсі тілшемен 5 жалғаскан.



12.4-сурет. Пенетрометр:
1 – конус; 2 – іске қосу түймесі; 3 – кремальвер; 4 – индикатор;
5 – тілше; 6 – штатив; 7 – кронштейн; 8 – тақта.

Сыналатын жақпамайы бар стаканды үстелге орналастырады. Қысқыш қөмегімен кронштейнді тірек бойымен конустың 1 ұшы жақпамай бетіне тиетіндей етіп жылжытады. Өлшеудін алдында, сфералық үштікпен жабдықталған кремальверді 3 орнатылған және қысқышпен бекітілген плунжерге жақындалады, соナン кейін индикатор тілшесін 5 шкала бойынша (ұлес бағасы 0,1 мм 360 белік) нөлге келтіреді. Соナン соң бірмезгіде секундомерді қосады және іске қосу түймесін 2 басады. Конус жақпамайға 5 с бойы еркін батырылады, соナン кейін түймені жіберіп батырылуы тоқтатады. Индикатормен конустың батырылуу терендігін миллиметрдің ондық үлестерімен анықтайды.

Химиялық тұрактылық – бұл жақпамайлардың сақтау мен пайдалану кезінде тотығуға карсы беріктігі. Жақпамайлардың тотығуы олардың коррозияға карсы және беріктік қасиеттерін төмendetеді, коллоидтық тұрактылығын, майлау және қорғау қасиеттерін нашарлатады. Температура көтерілген кезде жақпамайлардың тотығуы жеделдейді.

Жакпамайлардың химиялық тұрақтылығына қоюлатқыш түрі мен дисперсиялық орта сапасы ықпал етеді. Қөптеген бейорганикалық және органикалық жакпамайлардың химиялық тұрақтылығы сабындықтарға қараганда жогары. Сабындық жакпамайларда май және қоюлатқыш тотыгуға ұшырайды. Кейбір металдардың (мысалы, қорғасының) сабындары тотығудың күшті катализаторлары болып табылады.

Химиялық тұрақтылық үйкеліс тораптарына 10...15 жыл ішінде бір-екі мәрте немесе бүкіл пайдалану кезеңінде бір рет толтырылатын ұзак істейтін және «мәңгілік» жакпамайлар үшін, сондай-ақ 100 °C-тан артық температура кезінде жұмыс істейтін жакпамайлар үшін өте манызды. Сақтау кезінде жакпамай бетіндегі қатты қабыршақтың пайдада болуы оның терен тотыққанын билдіреді. Мұндай жакпамай пайдалануға жарамайды.

Қазіргі кездегі жакпамайларды жогары сапалы майлардан және химиялық берік қоюлатқыштардан тотыгуға карсы қоспалар мен металдың дезактиваторларын үстемелеу арқылы дайындаиды.

Ылғалтұрақтылық үйкелістің қынталмаган немесе сүмен жанасатын тораптарында колданылатын жакпамайлар үшін манызды. Жакпамайлар сүмен жұылып кетпеуі немесе оларға ылғал тиген кезде өзінің касиеттерін өзгертуеу тиіс. Үлғалтұрақтылықты бағалау кезінде жакпамайлардың гигроскопиялылығын назарга алады. Суланған жакпамайлардың касиеттері нашарлайды.

Жакпамайлардың ылғалтұрақтылығы ең алдымен қоюлатқыш түріне тәуелді болады. Жакпамайлардың негізгі массасы ылғалтұрақты. Натрийлік жакпамайлардың ылғалтұрақтылығы төмен, литийліктердің – жогары консервациялықтардің (коргаушылардың) – жогарылатылған болады.

Пластикалық жакпамайлардың **түрлігекарсы қасиеттері** олардың үйкелістегі беттердің түрпілерін және жогары жүктемелер кезінде тістесін қалуын болдырмай қабылеттімен шартталады. Тайғанау жылдамдығы есken кезде тетіктердің тозуы артада және жакпамайлардың түрлігекарсы әсерінің тімділігі азаяды. Түрлігекарсы қасиеттерді арттыру үшін жакпамайларға қоспалар қосады. Түйіспелік кернеулер жогары болғанда (500 кН дейін) молибден дисульфиті немесе графит тиітес антифрикциондық қоспалар колданады.

Пластикалық жакпамайлардың **консервациялық қасиеттері** олардың металл беттерді ылғал мен оттегі әсерінен корғау қабылеттің қамтамасыз етеді. Атмосфераның зиянды әсері еліміздің өнеркәсіптік аймақтарындағы аудада күкіртті газ белсенді қосылыстарады болуы натижесінде едәуір арта түседі. Пластикалық жакпамайлар консервациялық қасиеттері бойынша минералдық майлардан едәуір артық болады. Қалындығы миллиметрдің жүздік үлесіндегі жакпамай қабаты 100% ылғалдық жағдайында қоптеген айларбойы металдар коррозиясын болдырмайды.

Фреттингті болдырмау қабылеті пластикалық жакпамайдың үйкеліс беттеріне жenіл снуімен байланысты. Фреттинг немесе фреттинг-

коррозия – бұл үйкелістегі беттердің шамасы бойынша аз циклдік ығысуларына байланысты тозуның ерекше түрі. Подшипниктердің тербелісті қозғалысы кезінде шариктің тербеліс жолымен түйсү орындарында осы беттерде тырналулар пайда болуына соктыратын темір оксиді түзіледі. Жұктеменің, тербелістер жиілігі мен амплитудасының есүне карай фреттинг күшіне түседі. Дегенмен тербелістер амплитудасы арткан кезде жақпамай материалының үйкеліс аймагына енүі жақсарады және тозу темендейді. Жақпамай үйкеліс аймагына қызылсытын, түрпілі беттер және арықшалар арқылы енеді.

12.4.2. Жақпамайлардың жіктелуі және маркалануы

Жақпамайлар топтары. Арналуына карай жақпамайларды төрт топка бөледі: антифрикционный, консервационный, арқандық және нығыздауыш (МЕСТ 23258–78).

Антифрикционный жақпамайлар жапсарлас тетіктердегі тозу мен тайғанау үйкелісін төмендедуге арналған. Бұл топтың жақпамайлары бірнеше топшаларға бөлінеді: қалыпты температурааларға арналған қалыпты мақсаттагы (жұмыстық температураалар 70°C -ка дейін); жогарылатылған температурааларға арналған жалпы мақсаттагы (110°C -ка дейін); көпмақсаттағы (жұмыстық температураалар -30 -дан $+130^{\circ}\text{C}$ -ка дейінгі кезде және жоғарылатылған ылғалдық жағдайлар үшін); термотұракты (жұмыстық температураалар 150°C және одан жоғары); аязға тұракты (жұмыстық температураалар -40°C және одан төмен); түрліекарсы және тозугакарсы (түйсү кернеуі 2450 МПа-дан артық болғанда тербеліс подшипниктері үшін); химиялық тұракты (жемірлі ортада жұмыс істейтін үйкеліс тораптары үшін); приборлық; редукторлық (трансмиссиялық); үйкел келтіруші (дисульфитмолибдендік, графиттік және басқа да сықпалар); тармамандандырылған (үйкеліс тораптары арналған косымша талаптарды қанағаттандыратын); брикеттік.

Консервационный жақпамайлар металдық бұйымдар мен механизмдердің сактау, тасымалдау және пайдалану кездеріндегі коррозиясын болдырмауға арналған.

Арқандық жақпамайларды болат арқандардың, тростардың, болат арқандардың органикалық өзектерінің тозу мен коррозиясын болдырмау үшін колданады.

Нығыздауыш жақпамайлар саңылауларды қымтауға, арматураны жинау мен болшектеуді жеңілдетуге, түрліекарсылық құрылғылар, бұрамалық, ақырамалы және кез келген жылжымалы косылыстарға, соның ішінде вакуумдық жүйелерге арналған. Нығыздауыш жақпамайларды арматуралық, бұрамалық және вакуумдық деп беледі.

Жакпамайлардың маркалануы. Эрбір жакпамайдың шартты белгіленуі оның атауынан (солидол, литол, графиттік, т.б.) және кыска түрде жакпамайдың қызметі, оның сипаттамасы мен құрамы туралы мәлімет беретін индексінен тұрады. Индектік белгі келесідей ретпен орналасқан бес әріптік және цифрлық индекстерден тұрады: жақпамай қызметіне сәйкес топ немесе топша көрсеткіші; қоюлатқыш; колданудың температуралық интервалы; дисперсиялық орта; жакпамай консистенциясы. Кейбір индекстер жиберіліп қояы мүмкін. Жақпамай маркасының тиісінше графиттік, молибден дисульфидінін, корғасынның, т.б. қатты коспаларын білдіретін г, д, с және басқа индекстер енгізуі мүмкін.

Қоюлатқыш типін (индексін) орыс алфавитінің әріптермен белгілейді (12.7-кесте).

12.7-кесте. Қоюлатқыш типінің индексі

Қоюлатқыш	Индекс	Қоюлатқыш	Индекс
Сабын:	M	Органикалық заттар:	O
алюминийлік	Ал	пигменттер	Пг
барийлік	Ба	полимерлер	Пм
кальцийлік	Ка	уреаттар	Ур
литийлік	Ли	фторкомірсулар	Фу
натрийлік	На	Бейорганикалық заттар:	Н
корғасындық	Св	топырактар (бентониттік)	Бн
мырыштық	Цн	күйе	Сж
кешендік	К	силикатель	Си
сабындар коспасы	M ₁ - M ₂	Қатты көмірсүттер	T

Кешендік сабынды жолдық *к* әріпімен белгілейді, сонан кейін тиісті сабынның индексін көрсетеді, мысалы *кKa*, *кBa*. Екі және одан артық қоюлатқыштар коспасын құрама индекстермен белгілейді: Ка-На, Ли-Ба, т.с.с., мұнда бірінші орынға жақпамай құрамында көп мөлшердегі қоюлатқышты қояды. Қоюлатқышты білдіретін M, O, Н индекстерін (тиісінше сабын, органикалық және бейорганикалық заттарды білдіруші) қоюлатқыш тізімде қарастырылмаған жағдайда қояды.

Колданудың температуралық интервалын цифры 10 ессе кішірейтілген температураға сай бөлшекпен белгілейді. Мысалы, 3/13 белгісі бұл жақпамайдың -30-дан +130 °С-ка дейін жұмыс істей алатынын білдіреді. Жақпамай тұтқырлығы 2000 Па·с аспайтын кездегі температуралы минималдық деп есептейді. Дисперсиялық орта типін келесідей индекстермен белгілейді: мұнай майы – *н*, синтетикалық көмірсүттер – *у*, курделі эфирлер – *э*, фторсилоксандар – *ф*, кремнийорганикалық сүйіктықтар – *к*, перфторалкилполиэфирлер – *а*, галогенкөмірсұлық сүйіктықтар – *ж*, басқа майлар мен сүйіктықтар – *п*.

Жақпамайдың қатты коспалардың болуын мынадай әріптермен белгілейді: графит – *г*, молибден дисульфиті – *д*, корғасын ұнтақтары – *с*, мыс ұнтақтары – *м*, мырыш ұнтақтары – *ү*, басқа қатты коспалар – *т*.

Майлардың екі және одан көп коспаларын НК, уә, т.с.с. индекстермен белгілеп, бірінші орынға дисперсиялық орта құрамына үлкен мөлшерде кіретін майды қояды. Дисперстік орта құрамына кіретін синтетикалық немесе басқа май тізімде болмаган жағдайда «п» индексін колданады. Жақпамайды мұнай майында дайындау кезінде «и» индексін көрсетпейді. Оны жақпамайды мұнайлық және қандай-да бір басқа май коспасынан дайындаған кезде енгізеді.

Пластикалық жақпамай консистенциясының класын араб цифрымен белгілейді. Пенетрация саны бойынша жақпамайларға консистенцияның 9 класы берілген (12.8-кесте).

12.8-кесте. Жақпамайлардың консистенция класына байланысты пенетрациясы

25°C кезіндегі пенетрация саны	Консистенция класы
400...430	00
335...385	0
310...340	1
265...295	2
220...250	3
175...205	4
130...160	5
85...115	6
70-тен темен	7

Үш жақпамайды белгілеу үлгілері және олардың талдауы:

МЛи4/13-3 жақпамайы,

мұндағы M – көпмаксатты жақпамай; $Ли$ – коюлатқыш – литийлік май; 4/13 – колданудың температуралық диапазоны -40-тан +130 $^{\circ}\text{C}$ -қа дейін; 3 – консистенция класы (пенетрация 25°C кезінде 220...250 болады);

СКа2/7-2 жақпамайы,

мұндағы C – жалпы мақсатты, температура 70 $^{\circ}\text{C}$ -қа дейін кезде колданылатын антифрикционный жақпамай (солидол); $Ка$ – коюлатқыш – кальцийлік май; 2/7 – колданылуы ұсынылатын температуралық диапазоны -20-дан +70 $^{\circ}\text{C}$ -қа дейін (жақпамайдың -20°C кезіндегі тұтындырылғы 2000 Па-с жакын; дисперсиялық орта индексі көрсетілмеген, демек жақпамай мұнайлық майдан дайындалған; 2 – жақпамай консистенциясының класы (пенетрация 25°C кезінде 265...295 болады);

КТб/5к-ε4 жақпамайы,

мұндағы K – арқаңдық жақпамай; T – коюлатқыш катты көмірсүтектер; 6/5 – пайдаланудың температуралық интервалы -60-тан +50 $^{\circ}\text{C}$ -қа дейін; $κ$ – жақпамай кремнийорганикалық сұйықтық негізінде дайындалған; $ε$ – коспа ретінде графит колданылған 4 – жақпамай консистенциясының класы (пенетрация 25°C кезінде 175...205 болады).

12.4.3 Пластикалық жақпамайлардың ассортименті

Жақпамайлардың басты компоненті – оның негізгі пайдаланымдық касиеттерін аныктайтын қоюлатқыш. Біздің елімізде жақпамайлардың келесі типтерін (коюлатқыш бойыниша) өндіреді: **сабындық** (литийлік, литийлік кешенді, натрийлік және натрий-кальцийлік, сусыз кальцийлік, кальцийлік кешенді, алюминийлік, т.б.); **сабындық емес** (бейорганикалық және органикалық); **комірсүтектік**.

Пластикалық жақпамайлардың қоюлатқыш бойыниша шығарылу күрьымы олардың тұтастай алғандағы сапасын анықтайды. Шығарылатын жақпамайлар күрьымы бойынша біздің еліміз АҚШ пен суропалық елдерден қалып келеді, оларда литийлік жақпамайлар негізгі болып табылады. Литийлік жақпамайлардың улесі оларды шығару көлемінің АҚШ-та 60%, Батыс Еуропада – 70, Ресейде - 24% күрайды. Ресейде шығарылатын пластикалық жақпамайлар ассортиментінің негізін (шамамен 45%) ескірген гидратирленген кальцийлік жақпамайлар құрайды, мысалы олардың АҚШ-та шығарылуы 4% аспайды. Натрийлік және натрий-кальцийлік жақпамайлардың біздің елдегі өндірісі олардың жалпы көлемінің шамамен 31% күрайды. Бұл жақпамайлардың пайдаланымдық касиеттері мен қолданылу саласы карастырылады.

Әрі қарай әртүрлі маркадағы (антифрикционный: жалпы мақсаттағы, көпмақсаттағы және автомобильдік; приборлық және корғаныстық) жақпамайлар, олардың құрамы, негізгі пайдаланымдық касиеттері мен қолданылу саласы карастырылады.

Әдеттегі температураларға арналған жалпы мақсаттағы жақпамайлар:

Синтетикалық солидолды парафинді тотыктандыру арқылы алған синтетикалық май қышқылдарының кальцийлік сабындарымен индустримальдық майды қоюлата отырып дайындаіды. Солидолдар құрамына, негізгі міндетті екі компонент – дисперсиялық орта (май) және дисперсиялық фазадан (коюлатқыштан) басқа, үшінші компонент – күрьымды тұрақтандырығыш кіреді, оның қызметін су аткарады. Сондыктan солидолдарды қолданудың максималды температурасы 66 °C. Әлдеқайда жоғары температураларда олар қайтарымсыз бұзылады.

Синтетикалық солидолдарды екі маркада шығарады: солидол С және пресс-солидол С. Солидол С температура -10 °C-қа дейінгі, ал пресс-солидол С температура -30 °C-қа дейінгі кезде жұмыс істейтін машинадардың үйкеліс тораптарына толтырылады. Солидолдардың артықшылықтары – жоғары ылғалтурактылық және жақсы қорғауын касиеттері. Солидолдарды автомобилдердің, тракторлардың, комбайндардың, ауылшаруашылық машинадардың, фермалар жабдықтарының құрама бірліктерінде және

станоктык жабдыкта қолданады. Ауылшаруашылық өндіріске жіберілетін жакпамайлардың жалпы санындағы солидолдың үлесі шамамен 80% құрайды. Солидолдардың кемшіліктеріне жұмыстық температуралардың томендігі және механикалық тұрактылықтың нашарлығы жатқызылады.

Майлық солидол табиги майлардың құрамына кіретін майлық қышқылдарды кальцийлік сабындармен қоюлату арқылы алынады. Бұл солидол екі маркада шығарылады: Солидол Ж және пресс-солидол Ж. Майлық солидолдардың кейбір жаксы тұтқырлық-температуралық қасиеттері оларды синтетикалыктармен салыстырганда әлдеқайда кеңірек қолдануды шарттандырады. Дегенмен көп жағдайларда синтетикалық пен майлық солидолдар өзараауыстырылымды. Майлық және синтетикалық солидолдарды кез келген катынаста араластыру кезінде олардың пайдаланымдық қасиеттері өзгермейді. Литол-24 жакпамаймен ауыстыруға болады.

Графиттік жақпамай кара түсті жақпа түрінде болады. Бұл 10% жұмсак қабыршақты графит косылған кальцийлік гидротирленген жакпамай. Теменгі температуралық қасиеттерінің нашарлығына қарамастан, жакпамайды барлық маусымда, жақпамай тұғызытын кедергі артының ешкандай мәні болмайтын, ауыржүктелген бәсендүрісті механизмдерде (автомобиль рессорларында, ашық тегершіктерде, шинжыртабанды машиналардың торсиондық аспаларында, т.б.) пайдаланады. Дағ қосылыстар мен тербеліс подшипниктеріне ол жарамайды. Жақпамай -20...+70 °C температура кезінде жұмыска жарамады. Оны ауыстыратындар – солидол С, солидол Ж немесе 10% графит косылған Литол-24.

Жоғарылатылған температураларға арналған жалпы мақсаттағы жақпамайлар:

Консталин (әмбебап УТ қынбалқымды жақпамай) екі маркада шығарылады: Консталин-1 және Консталин-2, айырмашылығы тамшы таму температурасы мен пенетрация санында. Майлық консталиндерді тазаланған немесе сілтісінен айырган минералдық майды натрийлік сабындармен қоюлату арқылы алады. Оларды 110 °C-қа дейінгі температураларда жұмыс істейтін тербеліс подшипниктерінде (донғалақ күшшектерінде, карданың біліктерде, басқару басқыштарының өстері мен топсаларында, электр моторларында). Ауыстырыштары – Литол-459/5, Литол-24.

1-13 – кастролық майдың май қышқылдарын натрийлік сабынмен қоюлатқан теменгі және оргаша тұтқырлықтағы мұнай майларының қоспасы. Жақпамай -20...+110 °C температура кезінде жұмыска жарамады. Оны электр моторларының тербеліс подшипниктерін, ескірғен автомобилдердің донғалақ күшшектерін майлау үшін қолданады. Ауыстырышты – Литол-24.

Литин-2 – 12-оксистеариндік қышқылдардың литийлік сабынмен және аэросилмен қоюлатылған минералдық май. Жақпамай құрамында тотығуфакарсы, тұрпіліккеқарсы, тозуғакарсы, адгезиондық және коррозияға

карсы қоспалар бар, жоғары трибологиялық және адгезиондық қасиеттері бар. Жакпамай $-40...+120$ °C температура кезінде жұмысқа жарамды. Автомобилдердің кардандық топсаларының инетәрізdes подшипниктерін және басқа да үйкеліс тораптарын майлауга арналған. Аудыстырышы – Литол-24.

Көпмақсатты жақпамайлар:

Литол-24 – стеариндік қышқылдың литийлік сабынмен қоюлатылған минералдық майды білдіретін, коныр немесе шие түстегі жақпамай. Жақпамай құрамына тұтқырлықтық және тотығуғақарсы қоспалар кіреді. Литол-24 жоғары ылғалтұрактылыққа ие және тиксотроптық термобекітуге ұшырамаған. Жоғары коллоидтік, химиялық және механикалық тұрактылығы бар. Сугаберік, қайнап тұрган суда ерімейді. Жақпамай $-40...+120$ °C температура кезінде жұмысқа жарамды.

Жақпамайды автомобилдердің, тракторлардың, шынжыртабанды, электрлік, жолқұрылыштық, ауылшаруашылық және басқа да машиналардың үйкеліс тораптарында пайдаланады, кардандық топсалардың инетәрізdes подшипниктерінде табысты колданылады.

Kip мен судан коргалмаған қосылыштарда Литол-24 жақпамайын, басқа да жоғарысапалы жақпамайлар сияқты, колданбаган жөн. Литол-24 көптеген жақпамайларды, яғни солидолларды, кардандық МА, т.б. аудыстыра алады. Егер Литол-24 жабық құрама бірліктерде (донгалақ күпшектерінде, су сораптарының подшипниктерінде, т.б.) жалпы максаттағы жақпамай орнына колданылса, онда майлау жұмыстарын еткізу мерзімі екі еседен артық еседі. Аудыстырышы – Литол-24РК.

Литол-24РК – гидроксистеариндік қышқылдың литийлік майымен қоюлатылған минералдық майлар қоспасы. Жақпамай құрамына коррозияғақарсы, тұтқырлықтық, тотығуғақарсы және корғауыштық қоспалар кіреді. Жақпамай сугаберік, үйкеліс торабының консервациясын 10 жыл бой қамтамасыз етеді, $-20...+70$ °C температура кезінде жұмысқа жарамды. Донгалақты және шынжыртабанды көлік құралдарының барлық түптеріндегі, электрлік машиналардағы тербелу және тайғанай подшипниктерін майлау қызметін атқарады. Аудыстырышы – Литол-24.

ЛКМтранс-2 – кешенді литийлік сабынмен қоюлатылған минералдық майлар қоспасы. Суға берік, құрамында көнфункционалды қоспалар бар. Жоғары термиялық және механикалық тұрактылыққа, сондай-ақ коррозияғақарсы және майлаудың жақсы қасиеттеріне ие. $-40...+150$ °C температура кезінде, кыска мерзімде 170 °C-ка дейін жұмысқа жарамды. Көлік құралдарының және өнеркәсіптік жабдықтардың үйкеліс тораптарын майлау үшін колданады. Аудыстырышы – Литол-24.

Таврол-2 – майлық қышқылдардың литийлік сабынмен қоюлатылған минералдық майлар қоспасы. Құрамында тұтқырлықтық және коррозияғақарсы қоспалар бар. Жоғары термиялық және механикалық

тұрактылыққа. Жакпамай $-40...+150$ $^{\circ}\text{C}$ температура кезінде, қыска мерзімде 170 $^{\circ}\text{C}$ -ка дейін жұмысқа жарамды. Көлік құралдарының және өнеркәсіптік жабдықтардың үйкеліс тораптарын майлау үшін қолданады. Ауыстырығышы – Литол-24.

Автомобилдік жакпамайлар:

Фиол-2У – литийдің гидроокислеартымен қоюлатылған мұнай майы. Құрамында тотыгуғақарсы коспа мен антифрикционлық үстеме бар. Тотыгуғақарсы, механикалық және коллоидтық жоғары тұрактылықтарға, тозуғақарсы және түрлігекарсы жақсы қасиеттерге ие. Сугаберік, $-20...+70$ $^{\circ}\text{C}$ температура кезінде жұмысқа жарамды. Автомобилдердің кардандық білігінің инетәріздес подшипниктерін майлау үшін қолданады. Ауыстырығыштары – ШРУС-4, №158 жакпамай.

Литол-459/5 – стеариндік және 12-гидроокислеариндік қышқылдардың литийлік майларымен қоюлатылған минералдық май. Құрамында тотыгуғақарсы коспа бар. Сугаберік, $-40...+120$ $^{\circ}\text{C}$ температура кезінде, қыскамерзімде 130 $^{\circ}\text{C}$ -ка дейін жұмысқа жарамды. Автомобилдердің оталдыру жүйесіндегі үзгіш-таратқышты майлауға арналған.

ЛСЦ-15 – гидрирленген кастрорлық май қышқылдарының литийлік сабынымен қоюлатылған минералдық майлар қоспасы. Құрамында тотыгуғақарсы және тұтқырлықтық коспалар мен мырыш оксиді бар. Жеткілікті түрде жақсы термиялық, коллоидтік және тотыгуғақарсы тұрактылыққа, сондай-ақ консервациялық және адгезиялық қасиеттерге ие. Сугаберік, $-40...+150$ $^{\circ}\text{C}$ температура кезінде жұмысқа жарамды. Акселератор топсалары мен кептіру остерін, косу рычагтарын, шлицалы қосылыштарды, автомобилдердің әйнек көтеру механизмдерін майлау үшін қолданады. Ауыстырығышы – Литол-24.

ШРУС-4 – литий гидроокислеартымен қоюлатылған минералдық май. Құрамында тотыгуғақарсы және түрлігекарсы коспалар, сондай-ақ антифрикционлық үстемелер бар. Сугаберік. Тотыгуғақарсы, механикалық және коллоидтық жоғары тұрактылықтарға, тозуғақарсы және түрлігекарсы жақсы қасиеттерге ие. $-40...+120$ $^{\circ}\text{C}$ температура кезінде жұмысқа жарамды. Толықжетекті автомобилдердің тен бұрыштық жылдамдықтары топсаларын және басқа да үйкеліс тораптарын майлауға арналған. Ауыстырығышы - № 158 жакпамай.

№ 158 жакпамай – кастрорлық май қышқылдарының литийлік-кальцийлік сабынымен және канифольмен қоюлатылған минералдық май. Құрамында тотыгуға қарсы коспа бар. Тотыгуға қарсы және механикалық жақсы тұрактылыққа, тозуғақарсы жоғары қасиеттерге ие. Суга беріктігі қанағаттанарлық, $-30...+110$ $^{\circ}\text{C}$ температура кезінде жұмысқа жарамды. Автотракторлық жабдықтың тербеліс подшипниктерін, бұрыштық жылдамдығы тұрактысемес кардандық топсалардың инетәріздес подшипниктерін майлауға арналған. Жакпамайды жабық подшипниктерге

(мысалы, жүк автомобилдерінің ілінісүндегі қысу подшипнігі) салады және олардың бүкіл қызмет мерзімі бойы үстен толтырмайды. Ауыстырышы – ШРУС-4.

МА кардандық жақна майы минералдық және касторлық майлар мен канифольді кальцийлік сабынмен қоюлату арқылы алады, автомобилдердің алдыңғы жетекші белдіктерінің кардандық топсаларын майлауга арналған. Бұл жақпамай үйкеліс торабынан жуылып кететіндікten, оның колданылуының температуралық диапазоны -20-дан +100 °C-ка дейін. Ауыстырыштары – Литол-24, ШРУС-4.

Приборлық және қорғауыш жақпамайлар:

ЦИАТИМ-201 – вазелиндік приборлық май түріндегі (МВП), стеариндік қышқылдың литийліксабынмен қоюланырылған және тотығугақарсы коспасы бар приборлық жақпамай. Жақпамай -40...+150 °C температура кезінде жұмыска жарамды. Оны тербеліс және тайганau подшипниктерінде, бағыттауштар топсаларында, тракторлар мен автомобилдердің жүктеме жоғары емес кездегі ығысадың шағын күшімен жұмыс істейтін үйкеліс тораптарында колданады.

ПВК – тұтқырлықты қалдық майы бар петролатумды 5% церезин мен коспаларды косымша енгізе отырып, балқыту арқылы алатын сары мен коныр түс аралығындағы көмірсутектік қорғауыш жақпамай. Бұл жақпамайды кез келген формалар мен өлшемдердегі кара және түсті металдар үшін колданады. Ол жоғары сугаберіктікке және тұрактылыққа ие, суда ерімейді. Металл тетіктерді балқытылған жақпамайға батырады немесе ПВК-ны 10 °C-тан томен емес температурада тетікке щеткамен, кистімен жағады. Жақпамай -50-ден +45 °C-ка дейінгі температура кезінде жұмыска жарамды. Осы жақпамаймен консервіленген тетіктердің сакталу мерзімі 10 жыл.

12.5 Мұнай өнімдерінің шығындары және оларды азайту тәсілдері

Мұнай өнімдері шығындарының негізгі түрлері – сапалық, сандық және аралас.

Мұнай өнімдерінің сандық шығындары төгіп алу, артық қую, ағып кету, тамшылау нағијесінде болады. Оларға, сондай-ақ мұнай өнімдерін күйіп алғаннан кейін ыдыста калып қоятын қалдықтар да кіреді.

Сапалық шығындар – мұнай өнімдерінің физикалық-химиялық касиеттерінің механикалық коспалармен ластануынан болатын озгерісі, сулану, басқа мұнай өнімдерімен араласуы және тотытуы.

Аралас шығындар мұнай өнімінің саны мен сапасының бірмезгілде төмендеуінен болады. Мысалы, бензинді сактау кезінде женіл фракциялар

буланып кетеді де, бұл оның іске косылу қасиеттерінің нашарлауына және санының азояның соктырады.

Жаңармай мен майлау материалдарының сапасын бакылау тракторлар мен автомобилдерді ұзак мерзім бойы пайдалануды қамтамасыз сту үшін қажет. Оны келесі максаттар үшін жүргізеді: мұнай өнімдерінің физикалық-химиялық көрсеткіштерінің колданыстағы стандарттар мен техникалық шарттардың талаптарына сәйкестігін анықтау; кондициялық емес мұнай өнімдерін анықтау және олардың сапасын дер кезінде түзету; тасымалдау және сактау кезінде мұнай өнімдері қасиеттерінің нашарлауының алдын алу; жаңармай мен майлау материалдарының ұсынылған сұрыптарын колдану және осыған байланысты ауылшаруашылық техникасы мен автомобилдерге техникалық қызмет көрсетуді өз уақытында жүргізу; жабдықтаушы үйімдарға стандарттарға немесе техникалық шарттарға сай емес немесе ассортимент бойынша талаптарға дәл келмейтін мұнай өнімдерін жеткізгені үшін кіно тагу.

Тасымалдаудың, кабылдаудың, сактаудың, жіберудің, құюдың және машиналарда колданудың барлық кезеңдерінде жаңармайлар мен майлау материалдарының қасиеттерінің езгеруі жүреді, бұл кей жағдайларда олардың пайдаланымдық қасиеттерінің нашарлауына соктырады. Мұнай өнімдері сапасының барлық езгерістерін шартты түрде келесі топтарға бөлуге болады: тотығу, булану, сулану және ластану.

Біздің енеркәсіп шыгаратын мұнай өнімдерінің көпшілігінде химиялық тұрақтылық жоғары. Дұрыс сактау кезінде моторлық отындар мен майлардың пайдаланымдық қасиеттері бірнеше жылдар бойы (жаңармайлардікі – 5 жылға дейін және одан жоғары, майлардікі – 10 жылға дейін) нашарламайды.

Мұнай өнімдерінеге деген стандарттарда, сактау кезінде ең күшті езгеретін көрсеткіштер бойынша *сапа қоры* карастырылған. Бұл көрсеткіштер бойынша сапа қоры мен олардың езгеру жылдамдығы жаңармайлар мен майлау материалдарының сакталу мерзімін анықтайды. Жаңармайлар мен майлау материалдарында жүретін химиялық езгерістерді карастырайык.

Бензинді ұзак сактау кезінде оның октандық саны 1...2 бірлікке төмендейді. Бензиндерде нақты шайырлар едәүір жылдам жинақталады. *Нақты шайырлардың құрамы – бензинді сактаудың шекті мерзімін анықтайтын басты көрсеткіш..* Дайындаушы зауыттар нақты шайырлардың шекті құрамын ендірісте де, тұтыну орнында да көрсетеді. Бензинде шайырлар неғұрлым аз болса, моторда ақау пайда болғанға дейінгі автомобилдің мұмкін жүрісі согұрлым көбірек болады. Стандарттарда бензиндердің әрбір маркасына өндіріс орнындағы индукциялық кезең көрсетілген. Сакталу кезінде бензиннің қышқылдығы артады. *Бензиндердің қышқылдылығының артуы олардың коррозиялық жемірлілігін арттырады.*

Халыкаралық стандарттардың жоғары талаптарына сай бензиндерде қышқылдық, нақты шайырлар құрамы төмендетілген және индукциялық кезең ұлғайтылған, бұл олардың пайдаланымдық касиеттерін едәуір арттырады.

Дизелдік жанаармайларды сақтау кезінде қышқылдық неи нақты шайырлар құрамының өсуі байқалады. Дизелдік жанаармайлар қышқылдығының артуы нақты шайырлар құрамының артуына қараганда әлдеқайда мәндірек. Мысалы, *дизелдік жанаармай қышқылдығына 5 мг КОН/10 мл аспауы рұқсат етілсе, дәл осы жағдайда нақты шайырлар құрамы салыстырмалы түрде жоғары деңгейде – 30...40 мг/100 см³ рұқсат етіледі*.

Моторлық майлар мен арнайы сұйықтықтардың тұрақтылығы жоғары, сондыктan да ұзақ сақтау кезінде оларда едәуір химиялық өзгерістер байқалмайды.

Жанаармайлар мен майлау материалдарының химиялық өзгерулерінің жылдамдығы мұнай өнімдерінің температурасына, түсті металдардың каталитикалық әсеріне, резервуарлардың толтырылу дәрежесіне, т.с.с. байланысты болады. Мұнай өнімдерін сақтау кезінде химиялық процестер жылдамдығына температура ең үлкен ықпал етеді. Осыған байланысты *мұнай өнімдерін жерастылық немесе жартылай жерастылық сақтау тәсілі жер бетіндегі қараганда басымырақ болады*. Резервуардағы жанаармай температурасын оны ашық түстерге бояу арқылы төмендегуте болады. Ашық бояу резервуар қабыргаларынан сәулелік энергияның үлкен белігін кайтарады.

Техникалық шарттар жанаармайлар мен майлау материалдарында судың болуына рұқсат етпейді. Бірақ, практикада сақтау нашар болғанда су мұнай өнімдеріне жиі түседі. Резервуарлarda жинақтала келе, олар жанаармаймен эмульсиялар түзеді. Су автомобилдік немесе трактордың багында да, онда жанаармай аз болған кезде, жинақталуы мүмкін. Бак құрамында су булаты бар ауамен толады, ауа салқындаған кезде булат конденсацияланады да, су тамшылары жанаармайға ағып түседі. Жанаармайға түскен су отындық аппаратураның, майлау жүйесінің, резервуарлардың, бактардың, т.б. металдары мен қорытпаларының коррозиялық тозуын арттырады. Резервуарлар мен бактардың қабыргалары, әдетте су жинақталатын орындарда коррозияланады. Өте күшті коррозия су мен мұнай өнімдерінің жанаусызында туындаиды.

Жылдың сүзік мезгілінде су кристалданады, мұздың катты белікшелері сүзгіштер мен жанаармайлық аппаратураны бітеп тастайды. Шайырлық заттармен және органикалық қышқылдармен бірге, су жанаармайдың пайдаланымдық касиеттерін, әсіресе оның сүзілудің нашарлататын бос түнбалар түзеді. Осы себепке байланысты күо колонкаларының сүзгіштері жұмыс істемейді. Судың моторлық майға түсін аса қауіпті, олармен өзара әсерлесе келе, резервуарлар түбіне түсетін

шөгінділер түзіледі. Суланған моторлық майлардың пайдаланымдық касиеттері нашарлайды. *Салыстырмалы түрде судың шамалы молшері (0,1...0,2%) мотор майы сақталуының бірнеше күні ішінде оның құрамындағы қоспалардың едәуір болігін жайып жіберуі мүмкін.* Соңыктан атмосфералық жауын-шашиның мотор майына түсіне жол берілмейді. Моторлық майларды тығындары нығызы бұралатын және төсемдері акаусыз құрғак, ері таза ыдысқа ғана қойған жөн.

Тракторлар мен автомобилдерді пайдалану кезінде міндетті түрде жанаармай бактарынан және коректендіру жүйесінен су тұнбасын тогу, соңдай-ақ жанаармайсактау резервуарларынан тұнбаларды оқтын-оқтын тазалап тұру кажет.

Жанаармайлар мен майлау материалдарының сапасы оларға механикалық қоспалар түскен кезде едәуір нашарлайды. Қоспалар мұнай енімдеріне лас ыдысты, ақауы бар шлангтерді колданғанда, ашық ағынмен қойғанда, нашар жабылған резервуарларда сактаганда түседі. Механикалық қоспалардың құрамы, елшемдері мен шамасы (саны) едәуір мәнге ие. Жанаармайдың механикалық қоспалардың құрамы шамамен мынадай: үштен бірі – шаммен бірге енетін кремний, үштен бірі – коррозия енімдерімен түсетін темір. Басқа қоспалардың құрамы жыл мезгіліне және тракторлар мен автомобилдерді пайдалану жағдайларына байланысты қатты өзгеріп отырады. Жазғы кезеңде жанаармайлардың ластануы қыстагыға қараганда едәуір жоғары.

Зауыттар шығаратын жанаармайларда түрлі механикалық қоспалар болмайды, бірақ әрбір тасымалдау және кайта қую кезінде оның ластануы үнемі болып тұрады. Трактор багындағы жанаармайда шаң мен күмның құрамы 0,01% жетіу мүмкін. Сонымен, құю кезінде трактор багына, оның сымдылығына байланысты, 15...20 г түрлі белікшелер енеді. Бұл белікшелердің көшілілігі жанаармайды ірі және мұқият тазалау сұзгіштерінде тұтылады, ал шамалы белігі мотор цилиндріне еніп, цилиндрлік-поршендік топ тетіктерінің жоғарылатылған тозуын туғызады.

Моторлардың жанаармай беру жүйесінің ерекшеліктерінен байланысты жанаармай тазалығына әртүрлі талаптар қойылады. *Дизелдік жанаармайлар құрамында олшемі 8 мкм артық, ал бензиндерде – 15 мкм артық болікшелер болмауды керек.* Дизелдік жанаармайдың тұтқырлыны мен тығыздығы едәуір, онда механикалық болікшелер бағу шөгеді. Егер механикалық қоспалар бензинде 2...3 сағаттан кейін шөксе, ал дизелдік жанаармайдың шөгу жазғы кезеңде 10 тәулікке дейін созылады. Соңыктан тракторлар мен автомобилдерге құю ушин дизелдік жанаармайды жоғарғы әлдекайда таза қабаттардан алу керек. Бұл максат ушин дизелдік жанаармай бар резервуарларды қалқымағы жанаармайқабылдауыштармен жабдықтайтынын мүмкін. *Дизелдік жанаармай құрамында болатын механикалық қоспалар жанаармайлардың аппаратуралық істен шыгуының негізгі себептерінің бірі болып табылады.*

Тракторга немесе автомобилдерге күю алдында жанаңмайды міндетті түрде сұзу кажет. Механикаландырылған күю құралдары, техникалық қызмет көрсету агрегаттары және жанаңмай тарату колонкалары мұқият тазалайтын жанаңмай сұзгіштерімен жабдықталған. Моторда жанаңмай бак оңешіндегі тор мен ірі және мұқият тазалау сұзгіштерінде тағы да сұзіледі.

Моторлық майлар құрамында түрлі механикалық қоспалар болмауы тиіс. Дегенмен шаруашылықтардың мұнай коймаларындағы майларда түрлі болікшелер саны жекеленген оқиғаларда 0,03% жетеді. Моторлық майлар негізінен мотор жұмыс істеген кезде ластанады, сондықтан бұл өнімдер мотордағы майды тазалау кезінде жетілуі тиіс. Майда жинақталатын өнімдер негұрлым жылдамырақ және толығырақ жетілсе, ол моторда соғұрлым ұзағырақ істейді, оның жұмысы соғұрлым тиімді және мотор тетіктерінің тозуы тәмен болады.

Жанаңмайлар мен майлардың артық шығыны кондициялық емес отын мен майларды колданудың немесе оларды арапастырудың, мысалы теменоктанды бензиндерді жогарыктандыру қосудың, бензиндердің керосинмен немесе дизелдік жанаңмаймен, әртурлі маркадағы майлармен арапасуының нәтижесі болуы мүмкін. Бұл қоспалар пайдалануға жарамсыз. Пайдалану жағдайларында бензинде керосиннің немесе дизелдік отынның болуын жедел-талдау комегімен анықтауга болады. Бұл ушін сұзгіш қағазға жанаңмайдың бірнеше тамшыларын диаметрі 60..80 мм болатындақ дақ түрінде тамызады. Шамамен 20 °С температура кезінде жанаңмайдың 30..40 мин ішінде булануына мүмкіндік береді. Егер бензинде керосиннің немесе дизелдік отынның қоспасы болса, онда қағазда «майлы» дақ қалады. Бензинде керосиннің және дизелдік отынның қоспалары болмаган кезде қағаз таза күйінде қалады.

Бензинді қабылдау, сактау және жіберу кезінде оның булану нәтижесіндегі шығындары болады. Дизелдік отындар, моторлық майлар мен арнайы сұйықтықтардың көшілігі жогары қайнайтын қосылыстардан тұрады, сондықтан олардың буланудан болатын шығындары шамалы және пайдаланымдық қасиеттердің өзгеруіне ешқандай ықпал етпейді.

Сактау кезіндегі бензиннің булануы қашанда резервуардың «шагын тынысы» деп атаптын процесс нәтижесінде жүреді, ал оның мәні төмендегідей. Резервуарда бензин бетінің үстінде бензин буының ауамен қоспасы болатын еркін кеңістік қарастырылған (1 м^3 шамамен 1 кг бензин буы болады). Күндіз қоспа қызды, кеңейеді және тыныс алу клапаны арқылы атмосферага шамалы белігі үшіп кетеді. Тұнгі мезгілде қоспа көлемі азая отырып салқындаиды. Резервуарда сирексу пайда болады да, тыныс алу клапаны арқылы оған таза ауа еніп, сонынан бензин буларамын канығады. Эрі қарай барлығы қайталаңады. Бұл процесті «шагын тыныс» деп атайды. Егер резервуар қымтала жабылған болса, онда салқындау кезінде інте терең вакуум туындаиды да, ол жапсырылып қалады, ал қызған кезде қысымның артуына байланысты ол жарылып кетеді.

Бензиннің «шагын тыныс» кезіндегі шығынының шамасы тәуілдік температуралың ауытқуына байланысты болады. Мысалы, газдық кеңістіктің температурасы 10-нан 40 °C-ка дейін артқанда, сиымдылығы 25 м³ резервуардан тәулігіне атмосферага шамамен 2 кг бензин булаңып ұшады.

Сондай-ақ, резервуарлардың «үлкен тынысы» да болады, ол келесі түрде жүреді. Бензинді резервуардан жіберген кезде сұйықтық мөлшері азаяды, ал булар көлемі тиісінше артады. Бензинді толық ағызып алғанда резервуар тек бензин булаты және ауамен ғана толтырылады. Резервуарды бензиннің жаңа партиясымен толтыру кезінде коспа тыныс алу клапаны арқылы сыртқа ығысып шыгады. «Үлкен тыныс» кезіндегі шығындар едәуір мөлшерде болады: мысалы, сиымдылығы 25 м³ резервуарға 25 м³ бензин құю кезінде шамамен 25 кг жанармай бірден жоғалады.

Бензиннің булаңудан болатын шығының резервуардың газдық кеңістік көлемін томендешту арқылы азайтуға болады. Резервуар өз көлемінің кем дегенде 90...92% шамасында толтырылуы тиіс. Егер резервуар 90% толтырылса, онда бензиннің булаңу шығыны 0,3...0,4%, 50% болғанда 3...4%, 20% толтырылса – 10...14% құрайды.

Газдық орамасы бар резервуарлар шығарылады, олар «шагын және үлкен тыныстар» кезінде булаты ұстап қалуга мүмкіндік береді. Бұл резервуарларда коспа «тыныстар» кезінде атмосферага емес, аринайы ыдыстарға кетеді. Дағ осы коспа резервуардағы қысым томендеңген кезде оған кайта келеді. Сондай-ақ құю-ағызу операциялары кезінде газдық орама арналған құрылғысы бар кабылдаутарату тұркіттері да шығарылады.

Резервуарларды бояу – бензиннің «шагын тыныстан» болатын шығындарын азайтудың ең тиімді тәсілі. Резервуарларды ашиқ түстерге, мысалы ак, сарғыш, ашық көгілдір түске бояйды. Ақ бояудың қайтару кабылете ең жоғары. Резервуарларды бояу үшін 10 жылға дейін шыдайтын фосфатбояулық ертінді қолданады. Резервуарлардың маңына отырығызылған жалпақ жапыракты агаشتардан корғаныс экрандарын жасауды мұнай қоймаларында кеңінен қолданады. Біздің еліміздің онтүстік аудандарында резервуарлардың, экран-шатырдан және шиферден жасалған бүйір кабыргалардан тұратын, қайтарымдық оқшаулагыштарын пайдаланады. Резервуарларға күн сәулеесінің жылулық әсерінің томендеуі нәтижесінде мұнай өнімдерінің шығындары 2...3 есе азаяды. Резервуарларды сумен салқыннатуды еліміздің онтүстік аудандарында сиымдылығы 75 м³ артық вертикаль резервуарлар үшін қолданады. Бұл кезде булаңу шығындары 2 есе азаяды. Шагын резервуарларды әйнекмактамен, көбікбетонмен, кобікәйнекпен жылулық орау мұнай өнімдерінің булаңудан болатын шығындарымен құресте оң нәтиже береді.

Мұнай өнімдері шығының томендетудің ең жақсы тәсілі – резервуарларды жерастына орналастыру, ейткені оларда температуралың тәуілдік ауытқулары болмайды. Жерасты резервуарларындағы

орташажылдық шығындар жербестіндегілермен салыстырғанда 2...3 есе төмендейді.

Жанаармайлардың үнемделуі келесідей қураушылардан жинақталады: тасымалдау, сактау және құю кезіндегі агулардан болатын шығындардың азауы; машиналардың тиісті техникалық қүйі және оларды пайдаланудың жоғары деңгейі; машиналарды пайдаланудың дұрыс ұйымдастырылуы. Жанаармайдың тасымалдау, сактау және құю кезіндегі агулардан болатын шығындарын толыктай жоюға болады. Ағудан болатын шығындар негізінен мұнай қоймаларындағы жабдықтардың техникалық қүйінің нашарлығына, оны пайдалану ережелеріндең бұзылуына және қызмет көрсетушілердің техникалық мәдениетінің төмендігіне байланысты орын алады.

Бензин мен дизелдік отынның тамшы түріндегі ағуы үлкен шығындар тұгызады. Егер нығыздалмаған қосылыстан секундина бір тамшы таматын болса, онда тәуліктері шығындар 4 кг, ал жылдан шамамен 1,5 т болады. Егер тамшы таму мезгілімен жанаармай ағынына айналса, шығын әлдекайда көп болады. Бұл жағдайда тәуліктері шығындар 6...7 кг, ал жылдан – 2...2,5 тоннаны құрайды. Бензин мен дизелдік отынның төмен тұтқырлығы олардың резервуар бетіндегі көзге корінбейтін микроскопиялық санылаулар арқылы ағып шыға отырып, булануына соктырады. Яғни, «терлеу» жүреді. Бензиннің 1 м «терлеуші» жаптар арқылы шығыны айна 60 л-ге дейін жетеді.

Жанаармайдың тасымалдау, сактау және құю кезіндегі агулардан болатын шығындарын жою үшін күн сайын резервуарлардың ақаусыздығын тексеру, ақауларды тез арада жою, резервуарларды жанаармаймен аса толтыруды болдырмау, олардың қакпактарын (люктерін) нығыздап жабу, айдау құралдарының ақаусыздығын тексеру кажет.

Машиналарга құю кезіндегі шығындар құю жабдығы болмаған немесе оны дұрыс қолданбаған кезде орын алады. Машиналарға құнды жанаармайтарату колонкаларымен немесе қабылдаутарату тіректерімен жабдықталған стационарлық құю посттарында жүргізу кажет. Бензинді автомобилдерге шелек және өнеш көмегімен құю кезінде оның шығыны 1%, ал жанаармайтарату колонкаларымен құйған кезде – тек 0,06% құрайтыны белгілі болды. Мұнай қоймаларының жабдықтары ақаусыз қүйде болуы тиіс. Ақауы бар жабдықты тасымалдау, сактау және құю үшін қолдану мұнай ойнамдері шығындарының күрт артуына соктырады.

Машиналардың техникалық қүйі мен оларды пайдалану деңгейі жанаармай шығынына едәүір ықпал етеді. Мысалы, форсункалардың біреуінің гана ақауы болса, онда дизелдік мотордағы жанаармай шығыны 15...20% артады. Мотордың салқыннату көйлегендегі салқыннату сұйықтығының температурасы 30...40 °C-ка томендеуі жану процесінің нашарлауына байланысты отын шығынын 5...10% арттырады. Форсунканың дизелдік отынды беруінің басталуы 3...5 °C-ка ауытқыған кезде жанаармай шығыны

4...8% ұлғаяды. Бензиндік моторда бензин шығыны ен алдымен қоректендіру жүйесінің реттелуіне байланысты болады.

Моторлардың жанаармайлыш-экономикалық көрсеткіштерінің нашарлауы негізінен жанаармайберу аппаратурасының, оталдыру жүйесінің қанағаттанарлықсыз жұмысъына, газтарату механизмінің реттеулерінің бұзылуына және цилиндрпоршендік топтың жоғарылатылған тозуына байланысты жүреді. Сонымен қатар, жанаармай шығыны басқа жүйелер мен механизмдердің техникалық күйіне де тәуелді. Мысалы, дизелдік мотордың салқындану тойлелітік кабырғасындағы 1,1 мм қалындықтағы как жанаармай шығының 7...8% арттырады, ал цилиндрпоршендік топтың 0,01 мм-ге тозуы жанаармай шығының 0,5% ұлғайтады.

Ауылшаруашылық жұмыстар кезіндегі сокалар мен культиваторлардың жұмыс органдарының мұқалуы жанаармай шығынының 15...25% көбеюіне соктырады. Пайдалану кезінде жанаармайды үнемдеу мақсатында машиналардың құрама бірліктері мен агрегаттарын үнемі ақаусызың күйде ұстап отырыган жөн. Келесідей шаралардың еткізілуіне айрықша назар аудару керек: техникалық диагностика әдістерімен мотордың қуаттық-экономикалық көрсеткіштерін үнемі бакылау; тежегіштерді реттеу, алдыңғы донғалақтардың кірігүін және шиналардағы қысымды бакылау; мотордың онтайлы жылулық режимін ұстап тұру; салқындану жүйесін қақтардан, құбыржелілердің ыс пен шайырлық шеғінділерден жүйелі түрде тазалап отыру; жылдың сүйек мезгілінде мотордың іске қосылуын женилдететін құралдар колдану; машиналарға дер кезінде техникалық қызмет көрсетуді жүргізу; тіркемелі және аспалы машиналарды техникалық пайдалану ережелерін сактау.

Машина-трактор агрегатының жанаармай шығынына ауылшаруашылық машиналарды пайдаланудың шарттары мен үйымдастырылуы ықпал етеді. Агрегаттың жанаармай шығының төмөндеу үшін өндірімділікті арттыруға ықпал ететін шаралар жүргізу, жанаармайдың сағаттық және үlestік шығындарының онтайлы мәндеріндегі мотор жұмысын, сондай-ақ мотор жұмысының онтайлы жылдамдықтық режимін қамтамасыз ету, токтау және бос жұмыс уақытын азайту есебінен негізін жұмыс уақытын арттыру қажет.

Моторлық және трансмиссиялық майларды тасымалдау, сактау мен қую кезінде келесідей шығындар байқалады: қую кезінде майлардың бөшкелер, шелектер, ожаулардың сыртқы беттерімен жайыла агуы байқалады; шлангтердегі, жандардегі және тарату шүмектеріндегі май калдықтары; бөшкелер мен ыдыстардағы май калдықтары; тұнбаларды қўйып алу және резервуарларды тазалау кезіндегі ережелердің бұзылуы. Машиналарға олшемдік ыдыс немесе шелекпен қую кезінде май шығыны 4,6%, ал механикаландырылған әдіспен қуйғанда – 0,2% құрайды.

Майлардың жалпы шығындары мұнай өнімдерінің резервуардан машинаға дейінгі козғалыс сұлбасына да байланысты және ол моторлық

майлар үшін 0,5...6,5%, ал трансмиссиялықтар үшін 1,2...17,5% құрайды. Қөптеген жағдайларда моторлық және трансмиссиялық майларды бөшкелермен тасымалдайды және сактайды, дегенмен оларды автоцистерналармен жеткізген және колемі 3 немесе 5 м³ резервуарларда сактаган дұрыс.

Моторлық майлардың үнемделуіне үстеп қюо («ыстану» мен агулар) шығындарын төмендету, оқтын-оқтын ауыстыру шығындарын азайту, сондай-ақ уақытынан бүрін алмастыру және техникалық қызмет көрсету есебінен қол жеткізуге болады. Мотордағы майдын «ыстану» шығындарын азайту – осы шығындарды азайтудың інегізгі бағыты, ейткені моторды пайдалану кезінде «ыстануга» майдың жалпы шығынының шамамен 80% жұмсалады. Моторлардың май «ыстануының» жоғарылатылған шығыны цилиндр мен поршень арасындағы санылаудың ұлғаюынан, мотор картеріндегі май деңгейінің жоғары болуынан, мотордың қызып кетуінен және салқыннату койлегінде қақ түзілүінен болады.

Пластикалық жақпамайлардың ыдыс кабыргалары мен түбінде қалған шығындары 0,8...1,1% құрайды. Үлкен шығындан жақпамайлардың жағу қалакшаларына, пресс-майайдағыштарға, штуцерлерге, тұтішлерге, т.с.с. жабысын қалуынан болады. Пластикалық жақпамайлардың сактау және жағу кезіндегі жалпы шығындары қозғалыс сұлбасына байланысты 16% дейін жетуі мүмкін. Пластикалық жақпамайлардың шығындары қымтаулы ыдыста сактау кезінде және оны майланатын тораптарға айдау үшін арнағы құрылғылар қолданған кезде едауір төмендейді. Мысалы, пластикалық жақпамайды үлеспен (порциямен) беретін пневматикалық пистолет-нұғызаудың қолданған кезде шығын 0,2%, ал қол шприцин пайдаланғанда – 10,9% құрады.

Жанармайлар мен майлау материалдарының слеулі үнемделуіне тасымалды оңтайлы үйімдастыру, жүргізушилердің кәсібілігін арттыра, мұнай өнімдерін үнемдеу, жанар-жағар майларды беру мен шығындарын накты есепке алуы үйімдастыру, аткарылған майларды жинау, оларды регенерациялау және регенерацияланған майларды ері қарай қолдану арқылы қол жеткізді. Регенерацияланған майлардың сапасы едауір шамада аткарылған майлардың жинауын үйімдастыруға байланысты болады. Майларды катан түрде топтар бойынша, ең болмаса – қызметі бойынша, яғни моторлық майларды бір болек, трансмиссиялық майларды бір болек жинау қажет. Аткарылған майлардың сапасын төмендетпеу үшін оларды жанармайлармен, техникалық сүйкіткіштермен, жақпамайлармен араластыруға болмайда. Регенерацияға тапсырылатын майлардың барлық түрін араластыру регенерацияланатын өнім сапасының күрт төмендеуіне соктырады. Мұндай қоспа тек казандық отынын ретінде ғана қолданылуы мүмкін.

Регенерацияның мәні майлардан механикалық қоспалар мен суды түндирып алада, жанармай фракцияларын айдан шыгуда, тазалау арқылы

органикалық қышқылдарды, шайырлар мен басқа да тотыгу онімдерін жоюда, сондай-ақ регенерацияланған май құрамын қажетті нормаларға дейін жеткізуде. Регенерация – күрделі технологиялық процесс, оны арнайы регенерациялық зауыттарда немесе жогары ондірімді кондырыларда орталықтандыра жүргізген тиімді. Регенерацияланған майларға жоғалтқан пайдаланымдық касиеттерін қалыпта көлтіру үшін коспалар кешенін үстемелейді. Регенерацияланған майлардың сапасы мен қызмет (ауыстыру) мерзімі сол марказдағы жаңа майдан тәмен. Сондыктan экономикалық және техникалық тұрғыдан алғанда, регенерацияланған майларды жаңа маймен 1:4 қатынастагы қоспа түрінде қолданған жөн. Регенерацияланған майларды қолдану еліміздің майлау материалына деген қажеттілігін 20% дейін үнемдейді.

Жанармайларды, майлау материалдарын және арнайы сұйықтықтарды тиімді пайдалану, жанармайлар мен майлау материалдарын тасымалдауга, сактауга, жіберуге және қолдануга қатыс бар барлық қызметкерлердің жогары касибиілігі – оларды үнемдеу кепілі.

12.6 Мұнай онімдерінің үйттылығы және өртқауіттілігі

Мұнай онімдерінің экологиялық қасиеттеріне оларды қолдану, тасымалдау, сактау және қою жағдайларында адаммен және коршаған ортамен жанасу кезінде байкалатын қасиеттерін жатқыздады.

Жанармайлардың, майлау материалдарының және арнайы сұйықтықтардың басты экологиялық қасиеттері – бұл үйттылығы, өртқауіттілігі және электрлену қабылеті.

Жанармайлардың, арнайы сұйықтықтардың және майлардың үйттылығы. Жанармайлардың, майлау материалдары мен арнайы сұйықтықтардың барлық түрі үйтты. Мұнай онімдері адам организміне тыныс алу жолдары, тері, аскориту органдары және көздің сілекейлі қабабы арқылы енім мүмкін. Мұнай онімдерінің адам организміне екпе арқылы енім аса қауіпті, ойткені у бүйрек кедергісінен айнала етіп, қан айналымының улken шеңберіне туседі.

Улану екі түрлі болуы мүмкін: бірнеше секундтар немесе сағаттар ішінде дамитын – ауыр; адам организміне аз мөлшерде ұзак та жүйелі түрде асер ету інтижесінде дамитын – созылмалы.

Бензин буларымен улану әлдекайда жиі кездеседі. Егер бензин буларының концентрациясы ауда 0,3мг/л артпаса, онда ауа денсаулық үшін қауіпсіз болып саналады. Әлдекайда жогары концентрацияларда улану жүреді. Құрамындағы бензин концентрациясы 5...10 мг/л ауамен қыска мерзімде дем алғанда ауыр улану, ал концентрациясы 35...40 мг/л болғанда өмірге қауіп төнеді.

Этилденген бензиндердің уыттылығы ете жоғары. Бұл бензиннің теріге тиоі кезінде тетраэтилкорғасын адам организмінә еніп, нәтижесінде онда корғасын жинақталады. Этилденген бензинмен улану ыдысты тазалау, моторларды жондеу кезінде, бензиннің теріге тиоі және оны организм ішіне кездейсоқ қабылдау кезінде, сондай-ак бензинді жабық жайда төгіп алу кезінде болуы мүмкін. Этилденген бензинді пайдаланған кезде бензиннің жара мен теріге тиоіне жол бермеу, бензинді жабық жайларда төгіп алмау, ас қабылдау алдында колды сабынмен мүкіят жуу, терінің бензин тиген белігін сабынды жылы сумен жуу, бензинді мотор тетіктері мен кол жууга колданбау керек.

Дизелдік отынның булары бензиннің буларына қарғаңда алдекайда улы. Бірақ дизелдік отынның булануы бензинге қарғаңда алсіз. Сондыктан дизелдік отынмен улану октагалары сирек кездеседі. Дизелдік отын күйилған резервуарларды тазалау кезінде қызметкерлердің қауіпсіздік ережелерін сактамауынан олімші болып уланған оқигалары кездесіп қалады. Жанаармай буларының ауадагы шекті мүмкін құрамы 0,3 мг/л болып есептелінеді. Дизелдік отынның теріге ұзак уақыт әсер етуі созылмалы аурулар (дерматиттер, қышыма жаралар) туғызады.

Жағу майлары олардың құрамында бензин болғанда немесе олар бу тәріздес күйде және май тұманды түрінде болған кезде қауіпті. Май тұмандымен жиі демалу кейбір адамдардың екінші рагімен науқастануына соктырыды. Маймен жиі жанасу қышыма жара, дерматиттер, т.б. туғызы мүмкін.

Негізгі компоненттері этиленгликоль болып табылатын салқыннату сұйықтықтары мен тежегіш сұйықтықтары аса уытты. Қызмет көрсетушілерге улылық жайлы ескерту үшін салқыннату сұйықтықтары бар ыдысты ашық түстерге бояйды.

Жанаармайлар мен майлардың ортқауіптілігі. Бензиндер мен дизелдік отындар ортке және жарылыска қауіпті. Бензин температура 480⁰C, майлар шамамен 300⁰C кезінде өздігінен тұтанады. Жанаармай булары үлкен орттік қауіптілікте білдіреді. Бензиндік коспалар ауадагы бензин буларының колемдік үлесі 1,1...5,4% болғанда өздігінен тұтанады.

Өндіріс жағдайларында жарылыска қатысты ен үлкен қауіптілікті бос ыдыс туғызады, ейткені оның ішінде жарылыска қауіпті бензин-ауа коспасы түзілуі мүмкін. Үйдысты жондеу кезінде мұнай онімдері буларының жарылысын болдырмауға ариналған қауіпсіздіккің барлық шараларын қабылдау кажет.

Сондай-ак ауамен қосылыштағы май булары да ұшқын немесе ашық от көзі болған кезде жарылыска қауіпті.

Жанаармайлардың электрленуі. Бензинді қайта айдау, ағызу, толтыру және автомобилдерге қую кезінде, кейде статикалық электрлere байланысты орттер мен жарылыстар туындаиды. Жанаармайлардың электрленуі келесідей жағдайларда болуы мүмкін: жанаармайды

құбыржелілер бойымен айдау кезінде; жанармайдың ауда шашырауы кезінде; отынның сүзгіштер арқылы өту барысында; ауаны жанармай арқылы өткізу кезінде; жанармайды сүмен арапастыру кезінде; жібек және жұн маталарға үйкеу кезінде.

Жанармайдың электрленген бөлшектері электрлік зарядтарды резервуар бетіне береді, ал онда үлкен кернеудегі (бірнеше ондаған мың вольтта дейін) статикалық электр жинақталады. Тіпті 300...500 В кернеу кезіндегі разрядталу сатындағы ұшқын жанармай буларының аумен коспасын тұтандыруға кабылдetti.

Статикалық электр туғызылатын разрядтардан шығатын өрттің алдын алу үшін келесідей шараларды сактаған жөн: барлық резервуарларды, құбыржелілерді және айдау құралдарын жермен жалғау; резервуарлар қалтқыларын жермен жалғау; жанармайды ашық ағынмен құюға жол бермеу; жанармайдың ауамен арапасуына жол бермеу. Жанармайға антистатикалық коспалар косу кезінде электрлену қауіпшілігі күрт төмөндейді.

Бақылау сұрақтары

1. Индустримальдық майлардың кайда колданады?
2. Ауыл шаруашылығы өндірісінде колданылатын майлардың негізгі маркаларын атапыз.
3. Компрессорлық және электр оқшаулагыш майлар не үшін колданылады?
4. Пластикалық жакпамайлардың кұрамы қандай?
5. Қызметі бойынша жакпамайлардың қандай тонтарға боледі?
6. Мұнай өнімдерінің негізгі түрлерін атапыз.
7. Мұнай өнімдерінің сапасын бақылау қандай масштабта жүргізіледі?
8. Жанармайлардың, арнайы сұйықтықтардың және майлардың уыттылығы және ортқауіпшілігі туралы не белсесіз?
9. Қандай жағдайларда жанармайдың электрленуі жүреді?

ТЕРМИНДЕР ЖӘНЕ НЕГІЗГІ ҰФЫМДАР

Агрегат – толыктай өзарауысымдылыққа, бұйымның басқа құраушы боліктерінен жеке жиналу мүмкіндігіне және бұйымның белгілі бір функциясын орындау қабылеттіне ие немесе өз бетінше жұмыс істей алатын құрама бірлік.

Ағынды өндіріс – технологиялық жарактандыру құралдарының орналасуымен, технологиялық процесс операцияларының орындалу тізбектілігімен және бұйым шыгарудың белгелі бір интервалымен сипатталатын өндіріс.

Атқарым – бұйым жұмысының кез-келген уақыт сәтіндегі сағатпен, мото-сағатпен, өндірілген өнімнің килограмымен және басқа да бірліктермен өлшешнетін ұздықтығы немесе қолемі. Келтірілген анықтамаға сай бұйымның калдық ресурсы – бұл оның техникалық күйі параметрін бақылау сәтінен оның шекті мәніне дейінгі атқарымы.

База – дайындаудаға немесе бұйымға тиесілі және базалау үшін колданылатын бет немесе сол функцияны орындаудың беттер құрамы, ес, нүкте.

Базалау – дайындаудаға немесе бұйымға таңдалған координаттар жүйесіне катысты талап етілетін жағдай беру.

Базалық тетік – құрама бірліктерді немесе басқа тетіктерді жалғай отырып, бұйымды жинауды бастаудың тетік.

Бұйым – кәсіпорында дайындалуы тиесі өндірістік зат немесе заттар жиынтығы.

Бұйымның техникалық ресурсы – пайдалану басталғанин нормативтік құжаттамада белгіленген шекті күйге ауысуға дейінгі атқарым.

Дайындауда – материалдың формасын, өлшемдерін, бет қасиеттерін өзгерте отырып тетік дайындаудың еңбек заты.

Даралық өндіріс – кайта шығару немесе жондеу әдетте қарастырылмайтын бірдей бұйымдарды шыгарудың шагын қолемімен сипатталатын өндіріс.

Диагностикалық параметрлер – бұл машинаның техникалық күйін, (температура, шу, діріл, қымтаулық дәрежесі, қысым, тетіктер қозғалысының параметрлері, т.с.с) анықтау үшін колданылатын, негізінен машина элементтерінің құрылымдық параметрлерін жанама сипаттайтын параметрлер.

Жанама өндіріс – негізгі өндірістің қызметтің қамтамасыз стуғе қажетті құралдар шығару.

Жаппай өндіріс – ұзақ уақыт бойы үздіксіз дайындалатын немесе жонделетін бұйымдар шыгарудың үлкен қолемімен, он бойында жұмыс орындарының көпшілігінде бір гана жұмыс операциясы орындалуымен сипатталатын өндіріс.

Жинақтау – бұйымның құраушы беліктері косылышының түзілүі.

Жұмыс орны – кәсіпорын құрылымының жұмыс аткарушылары, қызмет көрсетілетін технологиялық жабдығы, конвейер белгі, жарктар мен еңбек заттары орналаскан элементтік бірлігі.

Күйге келтіру – технологиялық жабдықты және технологиялық жарактарды технологиялық операциялар орындауга дайындау.

Күрделі жондеу – бұйым ақаусыздығын және ресурсын толыктай немесе толыққа жакын калпына келтіру үшін орындалатын жондеу.

Қайтарым (акаулық) – бұл нысанның жұмысқабылеттілігінің бұзылғанынан көрінетін оқиға. Көптеген жағдайда ол нормативтік-техникалық құжаттамада белгіленген жұмысқабылеттілікті, шекті мәндерді анықтайтын техникалық күй параметрлеріне жетуден көрінеді.

Құрылымдық параметрлерге қосылыстардағы сандылаулар, кептей тартулар, машинаның қуат, өндірімділік, электр энергиясы шығыны сияқты шығымдық сипаттамалары кіреді.

Негізгі ондіріс – тауарлық онімді ондіру.

Майлай – майлайтын материалдың нәтижесінде беттердің тозуы және (немесе) үйкеліс күші азаятын үйкеліс бетіне асері.

Материал – бұйым дайындау үшін колданылатын бастапқы еңбек заты.

Машина жасау ондірісі – бұйым дайындау кезінде машина жасау технологиясы әдістерінің басым колданатын өндіріс.

Монтаждау – технологиялық машинадарды жинау және орнату.

Ондіріс түрі – өндірістің бұйым дайындаудың колданылатын әдіс белгісі бойынша белгілілік категориясы.

Ондірістік процесс – осы кәсіпорында онім дайындау мен жондеуге қажетті адамдардың және еңбек құралдарының барлық іс-кимыл жиынтығы.

Ондірістік құрылым – кәсіпорын цехтары мен қызметтерінің өзара байланысы көрсетілген курамы.

Ондірістік технологиялық дайындығы – кәсіпорында конструкторлық және технологиялық құжаттаманың толық жиынтығы мен технологиялық жарактандыру құралдарының болуы.

Ондірістік учаске – заттық, технологиялық немесе заттық-технологиялық принциптер бойынша ұйымдастырылған жұмыстық орындар тобы.

Өңдеу – техникалық процесті орындау кезінде еңбек затының қасиеттерін өзгертуге бағытталған іс-кимыл.

Пайдалану – технологиялық машинадарды қандай да бір мақсаттар үшін колдану.

Параметрдің номиналдық мәні – параметрдің функционалдық қызметтімен анықталған және ауытулардың есептеудің басы болып табылатын мәні. Номиналдық мән жаңа және күрделі жондеуден откен құраушы болшектерде болады.

Параметрдің шекті мүмкін мәні (ауытқуы) оның шекаралық мәнімен сипатталады, бұл кезде машинаның құраушы болігін бакылаудан кейін пайдалануға техникалық қызмет көрсету немесе жөндеу операциясының рұқсат береді. Бұл мәнді машиналарға қызмет көрсету және жөндеудің техникалық құжаттамасында келтіреді. Параметрдің шекті мүмкін мәні кезінде құраушы болік келесі жоспарлы бакылауға дейін сенімді жұмыс істейді.

Параметрдің шекті мәні – машинаның жұмысқа қабылетті құраушы болігінде болуы мүмкін ең үлкен немесе ең кіші мәні, яғни бұл жағдайда оны оңтайлы тиімділікпен қалпына келтірген жөн.

Сайман – еңбек затына оның күйін өзгерту мақсатында әсер етуге арналған технологиялық жарак.

Сапалық белгілер – нысанның техникалық күйін аныктайтын белгілер. Оларға май мен судың агуы, корпустың тетіктердің шытынауларының болуы немесе болмауы, қымтаулылықтың жоғалуы, өзіндік айрықша иіс, тус, тағамдық шикізаттың шығыны, т.б. кіреді. Сапалық белгілерді сандық елеуесіз аныктайды.

Сериялық ондіріс – кезеңді түрде кайталағанын партиялы бұйымдарды дайындаумен немесе жөндеумен сипатталатын өндіріс.

Техникалық диагностикалау - технологиялық машиналардың, жөндеу бірліктерінің техникалық күйін белгілі бір дәлдікпен анықтау процесі.

Техникалық күй – нысанның пайдалану процесі кезінде өзгеріске үшірілген, оның уақыттың берілген сәтіндегі құрамы техникалық құжаттамада белгіленген параметрлерінің және сапалық белгілерінің мәндерімен анықталатын қызметі бойынша пайдалануға жарамдылығын сипаттайтын касиеттерінің жынтығы. Техникалық күйдің келесі түрлері болады: ақаусыз, ақаулы, жұмысқабылетті және жұмысқабылдатсиз.

Техникалық күй параметрлері - бұл нысанның жұмысқабилеттілігінде немесе ақаусыздығын сипаттайтын әртүрлі физикалық шамалар. Оларды санды түрде анықтауга болады. Машина күйінде күрьылымдық және диагностикалық параметрлері болады.

Техникалық пайдалану – бұйымды пайдаланудың тасымалдау, сактау, техникалық қызмет көрсету және жөндеуден тұратын болігі.

Технологиялық машина - болшектері келісімді жұмыс істейтін, энергияны немесе материалдарды түрлендіру үшін белгілі бір мақсатты қозғалыстарды жүзеге асыратын механикалық күрьылғы.

Технологиялық операция – технологиялық процестің бір жұмыс орнында орындалатын аяқталған болігі.

Технологиялық процесс - ондірістік процестің еңбек заты күйін өзгерту және (немесе) анықтау жоніндегі мақсатты бағытталған іс-кимылдан тұратын болігі.

Технологиялық режим – технологиялық процесс параметрлерінің белгілі бір уақыт аралығында өзгерулер жиынтығы.

Тозылу - катты дене бетінен материалды алу мен бұзу және (немесе) үйкеліс кезінде дененің олшемдерінің және (немесе) формасының бірте-бірте өзгеруінен байқалатын қалдық деформациясының жинақталу процесі.

Топтық өндіріс – конструктивтік белгілері әртүрлі, бірақ технологиясы жалпы бұйымдар тобын бірлесе шығарумен немесе жондеумен сипатталатын өндіріс.

Торап – бұйымның өзге қураушы боліктерінен жеке жиналуы және бір мақсаттағы бұйымда белгілі бір функцияны тек басқа қураушы боліктермен бірге ғана аткаруы мүмкін құрама бірлік.

Функционалдық параметрлер – шекті мәннен шығып кетуі қураушы боліктердің жұмысқабылеттілігінің жоғалуын немесе ақаулылығын шарттандыратын параметр.

Цех - өндірістік участкерлердің жиынтығы.

Электрлік жетек - механизмді немесе механикалық энергия көзі электр моторы болып табылатын машинаны қозғалысқа келтіруге арналған кешенді құрылғы.

Элемент – тиесті шарттарға байланысты бет, сызық, нұкте түсінілуі мүмкін жалпылама термин.

БЕЛГІЛЕУЛЕР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР

АӨК – агронеркәсіптік кешен
АСӘ - ағымды сәйкестендірілген әдіс
АШМ – ауылшаруашылық машиналар
ЖӘЖ – жұмыс өндіру жобасы
КНЖЕ – құрылыштық нормалар және ережелер
КҮЖ – құрылышты үйымдастыру жобасы
МЕСТ – мемлекеттік стандарт
МТА – машина-тракторлық агрегат
ӘДУ – өндіруді дайындау участкесі
ПӘК – пайдалы әсер коэффициенті
ПХВ – поливинилхлорид
РКС – ревизия-қүйге келтіру және сыйнау
ТҚҚ – техникалық қызмет көрсету
ТМ – технологиялық машина(лар)
ТП – технологиялық процесс(тер)
ЭҚҚ – электрлік козгаушы күш
ЭМЖ – электрлік монтаждау жұмыстары

ҚОЛДАНЫЛГАН ӘДЕБИЕТ

1. Аллилуев В.А. и др. Техническая эксплуатация машинно-тракторного парка. – М.: Агропромиздат, 1991. 367 с.
2. Илюхин В.В., Тамбовцев И.М. Монтаж, наладка, диагностика и ремонт оборудования предприятий мясной промышленности. – СПб, ГИОРД, 2005. – 456с.
3. Кузнецов А.В. Топливо и смазочные материалы. – М.: КолосС, 2004. – 199 с.
4. Монтаж, эксплуатация и ремонт технологического оборудования/ А.Н.Батищев, И.Г.Голубев, В.В.Курчаткин и др. – М.: КолосС, 2007. – 424 с.
5. Яцков А.Д., Романов А.А. Диагностика, монтаж и ремонт технологического оборудования пищевых производств. – Тамбов, издат. Тамбовского Гос. Технол. Унив., 2006. – 120 с.